

А 2011
28222к



ТЕЛҒОЖА ЖАНҒЗАҚ

ТАРИХИ ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ ТҮПТӨРКІНІ

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ
ИНСТИТУТЫ

ТЕЛҒОЖА ЖАНҰЗАҚ

Тарихи жер-су аттарының түптөркіні

«Сөздік-словарь» ЖШС
Алматы, 2010

ББК ~~81Т.512.122~~

УДК 81.2 Қаз.

Ж 26

**Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалды.**

Ж 26 Телғожа Жанұзақ.

Тарихи жер-су аттарының түптөркіні.

Алматы: “Сөздік-словарь” ЖШС, 2010.—356 бет.

ISBN 9965-822-61-1

Ғалым бұл кітабында еліміздегі жер-су атауларының шығу төркінін тереңнен зерттеп жазған.

Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып білуде де бұлардың атқарар рөлі аса зор. Өйткені ол атауларының бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі осы кітапта талданып жазылған.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен оқытушыларға, студенттерге арналған.

ББК 811.512.122

УДК 81.2 Қаз.

© ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, 2010

© Т.Жанұзақ, 2010

© “Сөздік-словарь”, 2010

АЛГЫ СӨЗ

Бұл кітап тіліміздегі халық атауларының, яғни жер-су аттары (топонимия) мен адам аттары, тек-фамилияларының (антропонимия), халық, ел, тайпа аттары (этнонимия) мен аспан әлемі және жарық жұлдыз атауларының (космонимия, астрономия) сыр-сипаты мен шығу, пайда болу жолдарын, олардың тек-төркінін жан-жақты баяндан. түсіндіруге арналып отыр. Сол атаулардың қай-қайсысы болса да тіліміздің тарихы, мәдениеті мен этнология. тарих мәселелері жөнінде көптеген құнды деректерге ие. Олардың құрамында қазіргі әдеби тілімізде кездеспейтін. мән-мағынасы ұмыт болған, мүлдем құпия сырға айналған ескі сөздер мен тұлғалардың ізі сақталған.

Халқымыздың өткен дәуіріндегі тарихын, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатысын және әдеп-ғұрпын танып білуде де бұлардың атқарар рөлі аса зор. Өйткені ол атауларының бәрі – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке басы, іс-әрекетімен біте қайнасып, ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял. данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы, барша болмысының көрінісі. Бұл кітапты оқын шыққан адамның әрбір атаудың мән-мағынасы, ұзақ тарихы, дүниеге келу сыры барына толық көзі жетіп, ынтыға түсері сөзсіз.

Әсіресе кең-байтақ, ұлан-ғайыр жеріміздегі миллиондаған жер-су атауларында халық тарихының ізі, халықтың дүниеге көзқарасы, тіршілік қаракеті, тұрмыс-күй. шарушылық кәсіптерінің көріністері, әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жобаның көрік бейнесі айқын зерделенген. «Қайда барсаң, Атамекен, көкейіңде жатады екен», – деп ақындар жырлағандай, әр адамның атамекен – алтын бесігі жаһандағы барша асылдан қымбат. Өйткені туған Жер-Ана тұнған қазына, ен байлық, таңғажайып тарих. Осы орайда халқымыздың абзал ұлы Ш.Уәлихановтың: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптын қаймағы бұзылмаған

казактарда өмірдің бір саласын камтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тауы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», - деген болса, Мұхтар Әуезов: «Біздің казак жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына карай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлак атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - деп орынды да нақты суреттегені кімнің де болса есінде.

Олай болса, осынау қасиетті де құдіретті жеріміз тұтас бір шежіре – оның беті құпиясы ашылмаған кітап, ғаламат сырлы сөз. Бұл сөздердің бәрі де халықтың өзі таққан, аялап қойған атаулар. Бұл қат-қабат атаулардың баршасы тарихи ескерткіш – ғасырлық мұрамыз. Табиғат көрінісіне, халқымыздың тыныс-тірлігі, кәсіп-шарушылығына, тұрмыс күйіне байланысты төл сөздерімізден қойылған атаулар қыруар мол. Республикамызда тек қана өзен аты 85 мың болса, 50 мыңнан аса көл атының болуы ғажайып нәрсе ғой.

Жалпы көлемі 2717.3 мың шаршы шақырым жерімізде ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, жетіп келген осындай атаулар талай өмірдің қарт шежіресі дерлік. Нақтылы тарихи деректер мен археологиялық қазбалар көрсеткендей, Қазақстанда ежелгі сақтар (б. з. д. IV ғ.), Қаңлы мемлекеті (б. з. д. IV-II ғғ.), Үйсін мемлекеті (б. з. д. III, II ғғ.), Батыс түркі қағанаты (б. д. VI-VIII ғғ.), Қарлұқ мемлекеті (IX-X ғғ.), Оғыз мемлекеті (X-XI), Қыпшақ одағы (XI-XIII ғғ.) болып, Монғол империясының (XIII-XIV) үстемдік еткені тарихтан белгілі. Осыншама ұлан-ғайыр жерімізді Шығыс пен Еуропа, Орта Азияны жалғастырған әйгілі Жібек жолы да басып өтті. Сөйтіп, әртүрлі сенім мен нанымдағы халықтар мен ұлыстар бұл өлкеге келіп, сауда-саттық жүргізіп, өз тілдерінде сөйлеп, мәдени қарым-қатынас жасады. Бұл жағдай жергілікті халық тіліне әсер еткендей, жер, адам, ел аттарының қойылуына да ықпал етпей қоймады. Осы жайттарды ескерер болсақ, сан мың атаудың бір тобы шығу тегі бойынша ежелгі дәуірлерге

сайса, екінші бір мол легі орта ғасырға (ерте және кейінгі орта ғасырлар) қатысты, ал соңғы тобы жана заман – ХІХ-Х ғасырларға тән. Осы атаулардың ішіндегі ең көнелері де, көп өзгеріске ұшырамай, берік сақталғандары да – ірі өзендер мен көл, теңіз және тау қала аттары.

Ол атаулардың басым көпшілігі ана тіліміздің байырғы етене сөздерінен қойылғандықтан мән-мағынасы анықта ашық, жалпыға түсінікті, жүрекке жылы да жақын. айдай айқын келеді. Әйтсе де кейбір атаулар ескі, ежелгі дәуірлерге тән болғандықтан көпшілікке түсініксіз. шығу жайы, тек-төркіні мән-мағынасы белгісіз. құпия болып тұрады. Мәселен, *Каспий, Хантәңірі, Іле, Алтай, Ертіс, Жем, Есіл, Ойыл, Сырдария, Ақсан, Аиқаты, Арқа, Арыс, Асы, Балқаш, Күршім, Бүйен, Быжы, Зайсан, Текес, Жеменей, Елек, Жем, Қарқара, Қаскелең, Қастек, Маңғыстау, Күрті, Кордай, т.т.*

Өздеріңізге ұсынылып отырған бұл кітапта ежелгі заманғы ескі тарихи атауларға талдау жасап, мән-мағынасын анықтап, түсінік беруге тырыстық.

Халық атауларының бір саласы – этнонимдер, яғни ел, халық, ұлыс, тайпа аттары. Бұл ретте оқушылар халқымыздың аты қазақ жайында, бұл сөздің сыр-сипат мән-мағынасы туралы, сондай-ақ атам заманнан келе жатқан *жүз, үйсін, қаңлы, арғын, алшын, қытшақ, албан, найман, жалайыр, қоңырат, адай, ғұлат, абзал*, т.б. атаулардың шығу төркіні, мән-мағынасы жайлы толық мағлұмат алатын болады.

Адам аттары мен тек-фамилиялардың бәрі бірдей жалпы қауымға түсінікті, мән-мағынасы айқын бола бермейді. Олардың кейбірі көне, ескі дәуірлерге тән болғандықтан да көбіне түсініксіз, мән-мағыналары күнгірт тұрады. Біздің бұл жұмысымызда Абай (-ев, -ева), Абак (-ов, -ова), Абдал (-ов, -ова), Аламанов, Алпамыс, Алпаров, Алтай (-ев, -ева), Бағай (-ев, -ева), Байбарак (-ов, -ова), Барлыбай (-ев, -ева), Батыраш (-ов, -ова), Бүкеев, Дархан (-ов, -ова), Домбай (-ев, -ева), Жабай (-ев, -ева), Қарасай (-ев, -ева), Қарағай (-ев, -ева), Мамажан (-ов, -ова), Шорабай (-ев, -ева) сияқты

есім-фамилиялардың мән-мағынсын ашып, тек-төркінін айқындап, халық талқысына ұсынып отырмыз.

Аспан әлемінің аттары, қазіргі кезде жиі айтылып, күлаққа сіңімді болып кеткен ғарышпен байланысты атаулар да көпті қызықтыратын көкейтесті мәселенің бірінен саналары сөзсіз. Әл-Фарабидің «Ғылымдарды таптастыру» атты еңбегінде аспан әлемінің атаулары, жалпы жұлдыздар туралы ғылым жайындағы ой-түйіні, оны кейінгі кезде жалғастырған Абу-р-Райхан әл Берунидің «Жұлдыздар жайлы ғылым» атты еңбектері көпке мәлім. XI ғ. өмір сүрген атақты ғалым Махмуд Қашқари еңбегінде де жұлдыздар мен аспан әлемі туралы деректер де аз емес. Ал Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, А.Диваевтардың еңбектерінде де көптеген мағлұматтар бары аян. Әйтсе де біз бұл еңбегімізде аспан әлемі атаулары мен жарық жұлдыз атауларының біразына, атап айтқанда, *Ай, Күн, Жұлдыз, Үркер, Темірқазық, Жетіқарақшы, Шолпан, Жетіген* сияқты атаулардың мән-мағынасын ашып, сырсинатын түсіндіруді мақсат еттік.

Біз талдау жасап, жан-жақты қарастырып отырған атаулар жайлы бұрын пікір айтқан авторлар еңбегіне сүйене отырып, өз тарапымыздан тың ой, соны пікірлерді ұсынып отырмыз. Сондай-ақ әрбір атаудың шығу жолы мен тек-төркінін анықтау барысында туыстас түркі тілдері материалдарымен қатар туыстас емес тілдер материалдарына да жүгініп, салыстыра, салғастыра қарастыруды жөн көрдік.

КІРІСПЕ

Қазақ онимдері (жалқы есімдер) құрамы мен құрылысы және шығу тегі – этимологиясы жағынан алуан түрлі. Олардың құрамында ежелгі заман мен ерте орта ғасыр, ортағасырлық және жаңа замандық топонимдердің бары тарихи құбылыс. Бұл атаулардың кейбіреулері Сак, Қаңлы. Үйсін, Ғұн дәуірлеріне тән болса, біразы Орал-Алтай тіл бірлестігі кезеңіне, енді бір тобы көне түркі тіліне, ал басым көпшілігі қазақ тіліне, байырғы сөздерімізге хас болса, шағын тобы араб, парсы, монғол, славян (орыс, украин, поляк, т.б.) тілдерінен енгендер.

Ежелгі заманға тән көне онимдердің мән-мағынасы, шығу төркіні бұл күні жалпы қауымға белгісіз, тіптен түсініксіз келеді. Сондықтан да олардың шығу төркінін-этимологиясын анықтап, ғылыми тұрғыдан зерделей ашудың орны ерекше. Аса күрделі де қажетті бұл мәселеге тіл мамандарымен қатар әдебиетші, тарихшы, этнографтар және жағрапия мамандары да мейлінше қызыға ден қоюда.

Онимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу мәселесі-жалпы тіл біліміндегі бұрыннан қалыптасқан этимологиялық зерттеулердің әдістері мен тәсілдерін басшылыққа алу барысында орындалуға тиіс. Ал этимологияның өзі тіл білімінің күрделі саласы ретінде соңғы ғасырларда ғана пайда болып, қалыптасқаны мәлім.

XIX ғ. бірінші жартысында этимология деп грамматиканы (морфология) айтып келген болса, XIX ғ. соңында ғана Еуропа тілдерінде ғылыми негізде түзілген этимологиялық сөздіктердің жарық көруі бұған толық дәлел бола алады.

1950-2000 жылдары жарық көрген В.И.Абаев, Г.А.Климов, В.Е.Егоров, В.И.Лыткин, О.Н.Трубачев, В.И.Циннус, М.Фасмер, Э.В.Севортян, т.б. ғалымдардың этимологиялық сөздіктері бұл саладағы соны жаңалықтар еді. Ал Батыс Еуропа ғалымдары шығарған этимологиялық сөздіктер тізбесі бұдан да көп екендігі даусыз мәселе.

Ал этимологиялық зерттеулердің теориясы мен прак-

тикасы жайлы – «Теория и практика этимологических исследований» (М., 1985), «Теория и методика ономастических исследований» (М., 1986), «Проблемы этимологии норских языков» (А., 1990) жан-жақты қарастырылса, казак тіл білімінің этимологиясы Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, О.Қайдаров, Ш.Сарыбаев, Н.Қарашева, Ғ.Әнесов, казак ономастикасы бойынша А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаевтар өз көзқарастарын білдірді [1]. Ғ.Әнесовтың казак ономастикасының этимологиясын зерттеу жайлы: «Біздіңше, казак топырағында ономастика саласында этимологиялық ізденістердің практикалық жақтары (сөздіктер) көп алға озып, біршама табыстарға қол жеткенімен, теориялық тұрғыдан этимологиялық талдаудың нәтижелі принциптері мен тәсілдерін іздестіруде, саралауда көп артта қалушылық бар» [2] деуі орынды пікір. Сөздіктерде (екі тілдік, бір тілдік) жалқы есімдерді беру едәуір қолға алынғанмен олардың саны жалпы есімдерден тым аз, өте жұтан болып келеді. Соңғы кездерде жарық көрген этимологиялық сөздіктерде жалқы есімдерді беруді қысқарту немесе мүлде енгізбеу мәселесі де сөз болғаны мәлім. М.Фасмердің «Этимологиялық сөздігінде» жалқы есімдердің барлық түрі: топоним, антропоним, теоним, мифонимдер қамтылған болса, В.Махтың «Чех және славяк тілдері этимологиялық сөздігінде» жалқы есімдер мүлдем қамтылмаған. Бұл жаңдай казак тіл білімінде де бар құбылыс. «Абай тілі» сөздігінде жалқы есімдердің барлық түрі қабылданғанмен, «Қазак тілінің түсіндірме сөздігінде» (бір томдық түсіндірме сөздік) жалқы есімдер тұтас қамтылмай, тек эпонимдер, космонимдер мен астронимдер ғана алынған. Айтылмыш жайт, жалқы есімдер ерекшелігін ескере отырып, этимологиялық зерттеуді жөнге келтіріп, реттеп жолға қоюды меңзейді.

Жалқы есімдердің қайсы түрін сөздікке беру, қайсысын қамту дегенді анықтау ісі де ерте кездегі этимологтар алында тұрған күрделі мәселенің бірі болған. Ономастиканың түрлі салалары бойынша сөздіктер жасау, сөздіктерде атаулардың қара бастарын ғана көрсетіп

қоймай, этимологиясын ашып түсіндіру, болмаса тарихи түрде сипаттап түсіндіруді орынды санау мәселесінің де жолға қойылғаны дұрыс болмақ. Бұл ретте жалқы есімдерді этимологиялық тұрғыдан талдап түсіндіру, жалпы есімдерге қарағанда олардың көптеген ерекшеліктерге ие екендігін анықтай түсудің де маңызы аса зор.

Жалқы есімдердің, олардың ішінде, топоним, антропоним, этноним, космонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеудің өзіндік сыр-сипатқа ие екендігі нақтылы жағдайлармен байланысты қаралуға тиіс.

Бұл ерекшелік қасиет – жалпы есімдер мен жалқы есімдердің лексика-семантикалық дихтологиясына, яғни лексикалық жүйенің екі жақтылығына, атап айтқанда, лексикалық мәнді сөз (апеллятив) бен лексикалық мәнсіз сөз (оним) қатысына байланысты болып отырады.

Сөз туралы ілімде жалқы есім мен жалпы есімнің ара жігін ажырату принциптеріне аз мән берілген жоқ. Олардың өзара байланыс шегі мен межесін анықтаған теориялық пайымдаулар да аз емес. Жалқы есім бойында денотативтік мағынаның басым екендігі, оның есесіне сигнификац жоктығы анық байқалады. Яғни атаудың бойында нақты заттық мағына жоқ деген пікірге бой ұру үрдісі көбірек сөз болады. Сондықтан да жалқы есімдер этимологиясын зерттеу жайында әртүрлі болжам, екіұдай пікір бары аян. Кейбір ғалымдардың пікірінше, этимологиялық зерттеу барысында әдістемелер жеткілікті десе, басқалары кешенді әдіс пен тәсіл тым қолайлы дегенді бетке ұстайды. Ал шынтуайтқа келгенде, жалқы есім этимологиясы, жалпы есімдер – апеллятив этимологиясынан, көбіне, ерекше айырмасы бар, ғылыми тұрғыдан қарағанда, өзіндік қасиетке ие келеді.

Жалқы есімдерді талдау барысында, олардың этимологиясын ашу, айқындауда жалған, халықтық этимологияға бой ұру жайы ұшырасады. Түркі тілдеріндегі жалпы есімдер этимологиясын зерттеу туралы айтылған ой-пікірлер мен пайымдаулар да әр алуан. Бұл ретте В.В.Радлов, Е.Д.Поливанов, В.А.Гордлевский, С.Е.Малов,

Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Э.Р.Тенишев, Э.В.Севортян, В.Г.Егоров, А.А.Юлдашев, Қ.Қ.Жұбанов, І.К.Кенесбаев, Ғ.Ғ.Мұсабаев, А.Ы.Ысқақов, Ә.Т.Қайдаров, А.Әбдірахманов пікірлері тіл мамандарына жыға таныс.

Э.В.Севортян пайымдауы бойынша, этимологиялық зерттеудің негізгі мақсаты мен нәтижесі зерттеліп отырған сөздің бастапқы морфо-семантикалық құрамы мен құрылымын анықтау болып табылады. Олар: 1) белгілі бір сөздің не атаудың жасалуындағы айырмашылық белгісін анықтау; 2) сөз не атаудың ішкі мазмұнын яки семантикасын анықтау; 3) негіз сөздің (атаудың) түбір морфемасын анықтаумен тікелей байланысты екендігін көреміз [3]. Қазақ тіл білімінде этимологиялық зерттеудің әдістері, белгі (критерия) мен зерттеу принциптері туралы айтқан акад. Ә.Т.Қайдар пікірлері мен ұстанымдары; салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық, семантикалық тәсілдер де зерттеу жұмыстарын да басшылыққа алыну керек [1]. Діттей келгенде, этимологиялық зерттеу лексикалық жүйедегі аппелятив пен жалқы есімдерді ажыратудан басталуы тиіс. Бұл бірден-бір орынды да дұрыс мәселе болмақ. Өйткені этимологиялық ізденіс бағығы үшін ол аса қажетті де сенімді уәж болып саналады.

Алайда бұл жайында мүдделі ортақ пікір болмай, А.П.Дульзон мен Б.А.Серебренников арасында, жалқы есімдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу принциптері туралы талас ой-пікірдің орын алғаны бар.

А.П.Дульзон топонимдер этимологиясының негізгі принциптері: «Топонимдер әрқашанда тілдегі ерекше сөз табы болып саналатындықтан, оларды этимологиялық тұрғыдан зерттеудің басты шарты – топоним болған сөздің морфологиялық құрамын анықтап, мағынасын толық ашу болып есептеледі» – [4] десе, Б.А.Серебренников: «Түрлі деректерді кешенді түрде сенімді қолданған этимология ғана нақты, сәтті деуге болады» – деп түйеді [4].

А.Әбдірахманов бұл екі ғалымның айтысы төңірегінде туындаған өз пікірін айта келіп, екеуінің де «топонимдер

тілдің ерекше бөлігі» деген ойларын қуаттай отырып Б.А.Серебренников пікіріне толық жүгінеді. Сөйтіп, топонимдердің жасалу және қалыптасу ерекшеліктерін этимологиялық зерттеулерде мұқият ескеру керек деп қорытады [5].

Тіл біліміндегі ономастиканың антропонимия, топонимия, космонимия, астрономия, зоонимия, фитонимия, этнонимия салаларының этимологиясын зерттеудің әдістері мен тәсілдері туралы арнайы еңбектерде жан-жақты айтылған пікірлер бары белгілі.

Ономастиканың барлық салалары сөз ретінде тілге тікелей қатысты болғандықтан, оларды зерттеудің әдістері мен тәсілдері тұтастай алғанда, ортақ тәсілге бағынышты келеді. Яғни тіл білімінің лексиканы зерттеуде қолданатын әдістері мен тәсілдері ономастикалық этимология зерттеулерінде де дерлік, тұтас қолданыс табады. Атап айтқанда, лингвистикада кеңінен қолданылып жүрген негізгі әдістер ономастикалық зерттеуде дерлік қолданылады. Олар: 1) дескриптивтік (сипаттама), тарихи-салыстырмалы (компаративтік), тарихи-салғастырмалы (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық [7].

Алайда ономастикалық материалдарды зерттеудің әдістері мен тәсілдері бірнеше бағытта болып, талдау тұрғысынан көп қырлы болатыны да белгілі. Олардың ішінде – этимологиялық талдау, сөзжасамдық талдау, тұлғалық (форманттық) талдау, статистикалық талдау, дифференциалдық-генетикалық талдаулардың орны бөлекше [6].

Б.А.Серебренников топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеудің ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Түркі тілдеріндегі топонимдер мен гидронимдердің жасалуында құрылымдық типологияны ескеруді, атаудың құрамды бөлігі ретінде қай тілдегі сөздердің басым келетінін анықтау керек» – дегенді айтады да фин-угор және түркі тілдерінің материалдарында жиі қолданылатын топонегіз (индикаторларды) (мыс.: Шуваш тілінде *каса* «ауыл», *ял* «хутор», *э* және *ва* «өзен» мәніндегі коми-

зырян) келтіреді [4]. Бұл сияқты әдістің топонимдер мен детерминативтерге, субстраттық топонимдер мен көне топонимдерге этимологиялық талдау жасағанда мәні арга түсері даусыз. Реликтік және субстраттық тілдердегі тоно және ономо негіздерге сүйенген этимологиялық страгигграфияны пайдалану белгілі бір субстраттың таралу шегін айқындап қана қоймай, кей ретте, оның құрамды бөліктерін анықтауға да септігін тигізеді.

Бұл ретте А.К.Матвеев Ресейдің Еуропалық бөлігінің түстік жағындағы топонимдердің форманттарын: *-вара*, *-курья*, *-ламба*, *-лахта*, *-луда*, *-павна*, *-пермь*, *-салма*, *-янга*, т.б. салыстыра отырып, оларды фин-угор тілдерінен енген *вара* «тау», *курья* «өзен бұғазы», *ламба* «кішкене көл», «көлшік», *луда* «су астындағы тас», *павна* «сыз жер», *янга* «саз» сөздері этимологиялық апеллативтер деп көрсетеді. Олай болса, статистикаға жүгіну немесе бастапқы апеллативті іздеу, этимологиялық зерттеудің бір жағы ғана деп дұрыс айтқан [8]. Бұл ретте Э.М.Мурзаевтың топонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу жайлы макалалары мен «Словарь народных географических терминов» атты еңбегіне [9] жүгінудің де жөні бар. Өйткені онда туыстас және туыстас емес тілдерге ортақ терминдердің шығу тегі тарихи-типологиялық тұрғыдан талданған. Сондай-ақ Иллич-Свитычтың «Опыт сравнения нестратических языков: сравнительный словарь» (М., 1971) атты еңбегінің де этимологиялық зерттеу жұмыстарына тигізер пайдасы аса мол.

Жалқы есімдерді, оның ішінде топоним, антропоним, этнонимді этимологиялық тұрғыдан қарастырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін еркін қолдануға болады. Егерде жалпы есімнің (апеллативтің) этимологиясын анықтаудағы ізденістің басты мақсаты этимон реконструкциясын анықтау әрекеті болса, жалқы есімдер этимологиясын талдау жайы мүлдем басқаша. Бұл ретте апеллатив қана қарастырылып қоймай, тұтас бір тіркес, тіпті сөйлем танылады. Бұның өзі ономастикондардың (топонимдердің де) жасалуы жағынан синтаксиске де

катысы бар екенін, белгілі дәрежеде семантикалық байланысқа да ие екенін байқатады. Бұл жайт бойынша кейбір тіл мамандарының топонимиялық жүйе мәтін құрамайды деуінің ақиқаттан алыстығын, ономастикалық материалдар, оның ішінде топонимдердің этимологиялық реконструкциясын анықтауда мәтін құрайтыны, көбіне топонимдер мен антропонимдердің етістік тұлғада келіп, қолданылу барысында қысқарып ықшамдалып отыруын (эллипциялануы) айқын көреміз.

Этимология – тарихпен тығыз байланысты, диахронологиялық құбылыс. Сондықтан тарихи фонетикасыз және алуан түрлі атаулардың түбір тұлғасын анықтап алмайынша нақты нәтижеге ие болу мүмкін емес. Топоним, антропоним, этнонимдердің этимологиясын айқындауда дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қоса кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, құрылымдық-морфологиялық, семантикалық, компоненттік талдау және де басқа амалдарды қолдану нақты нәтижелерге қол жеткізеді.

Қазақ топонимдерінің этимологиясын зерттеу барысында жалпы тіл білімінде, сондай-ақ түркітану мен қазақ тіл білімінде жарық көрген ғылыми-теориялық еңбектерге үнемі сүйеніп, оларды басшылыққа алып отыру абзал іс болмақ [10]. Осымен қатар, халық аңызына сүйенудің де өзіндік орны барын ескерген жөн. Алайда жалған этимологияның да сырына назар аударуды естен шығармау керек. Мәселен, *Самсы* атауының нысанын (объектін) бұлақ аты деп дұрыс көрсете отырып, «ескі түркі тілдеріндегі чам//шам (лай, құрым) мәніндегі атаудың с дыбысы арқылы айтылуы, қырғыз тілінде ол сипатты өзен-бұлақты *Чамбыл аққан су* дейді. Бұл атаудың - сы формасы көне түр., су тұлғасының ықшамдалған түрі. Лепсіні қараңыз» деп түсіндіруі бар (Е.Қойшыбаев, Қазақстан жер-су аттары сөздігі. 1985, 204-б.). Бұл этимологияға бой ұрғанымызбен атаудың талдануының тарихи-салыстырмалы әдістен алшақ жатқанын көреміз. Самсы атауының өзен, село атының Самсы аталуының тарихи сыры бары жоғарыдағы талдауда ескерілмеген. XVIII ғ. осы жерде өмір сүрген

казактың атақты батыры Самсы есімінен қойылғанын, оның тарихи құжаттарда сақталғанын көрсету орынды болар еді. Яғни Самсы – антропотопоним деп көрсету жалған этимологияға апармас еді. Сол сияқты Ташкенсаз атауын Ташкент қаласымен байланысты қойылған деп қарау, оның қалыптасу, қолдану жайын ат үсті шешу де жалған этимологияға соқтырған. Өйткені бұл атаудың Ташкент қаласы атына еш қатысы жоқ. Бұл Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл аты. Атаудың құрамындағы *ташкен* сөзінің ұйғыр тіліне тән *тешкен* сөзі екенін, қазақ тіліндегі *тескен* деген сөзбен дыбыстық тұрғыдан сәйкес әрі мағыналас екенін байқаймыз. Ауыл маңайы кең жазық әрі шилі болып келеді де жер астындағы су әр тұстан жерді тесіп шығып жатады. Сөйтіп су жайылған жер сазға айналады. Сондықтан да тұрғын халық ол жерді *Тешкенсаз* атаған. Ал орыс тілінде азаматтар ол атауды өз тілдеріне бейімдеп, өзгертіп Ташкенсаз деп атап кеткен. Демек, *теш* түбіріндегі жіңішке дауысты *e* дыбысы ашық дауысты *a* дыбысына ауысқан. Атаудың «су тесіп шыққан маңайдағы саз», «сазды жер» мәніндегі атау екенін көреміз.

Сол сияқты Қапал атауын Қопа өзен атынан қойылған деген пікір бар. Шындығында бұл жер аты XVII ғ. өмір сүрген белгілі қазақ батыры Қапал есімінен қойылғанын, оған қаты деректі Ш.Уәлиханов еңбегінен көреміз. Жетісуға екінші рет 1864-1865 жылдары келгенде Ш.Уәлиханов Қапал қаласының тарихын зерттеген. Қапал батырдың өмір сүрген кезеңін, оның денесінің Қарамола деген жерге қойылғанын, «Қозы Көрпеш» кесенесі маңайында көп бейіт барын, оның есімінің өзен мен сол кездегі бекініске берілгенін жазды [11]. Бұл айтылған жайттар топонимдер этимологиясының үстірт жақтары ғана. Ал нағыз, ғылыми терең этимологиялық зерттеулер жоғарыда атап өткен әдістер мен теориялық пайымдауларды қолдану нәтижесінде ғана жүзеге аспақ. Бұл ретте зат пен ұғым (яғни атау мен ұғым) және таңба арасындағы бірлік,

байланыс арқылы атаудың мәні, шығу тарихы, тегі жан-жақты ашылып, анықталары сөзсіз.

Аталмыш процестің негізгі амал-тәсілі болып есептелетін ономасиологиялық жайттар атаудың мағынасы мен этимологиясын айқындауда үлкен рөл атқарады. Жалпы алғанда, онимдер этимологиясын зерттеуде жалпы тіл біліміндегі когнитивтік лингвистикаға және ұлттық этномәдени табиғатына көңіл аударуды да назардан тыс қалдырмау керек. Әсіресе фоносемантиканың, атаудың дыбыстық тұрғыдан құбылып, өзгеруінің себептерін анықтау барысында тарихи фонетикаға сүйенудің орны ерекше болмақ.

Тіліміздегі онимдердің пайда болу, жасалу, қойылуы мен аталу, шығу тегі – этимологиясының бірнеше жолы бары белгілі. Оларды жіктей қарағанда:

1) тіліміздің сөздік қорындағы жалпы есім сөздерден-апеллятивтерден жасалғандар;

2) басқа тілдерден енген топонимдер, яғни сол тілдердегі жалпы есімдерден жасалғандар;

3) белгілі бір саладағы атаулардың – онимдердің жер-су аттарына, кісі аттарына ауысу нәтижесінде жасалғандары (трансантропонимизация, транстопонимизация);

4) тілдің сөздік қорындағы сөздерден жасанды түрде жасалған топонимдер. Мәселен, Қызылұйым, Қызылмектеп, Кімасар (Комисаровский тау), с. Бірқалқа – с. Фикалка, с. Алтыауыл – с. Ялта т.б.

Онимдер құрамында мағынасы беймәлім, түсініксіз, болмаса субстрат онимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеудің ғылыми маңызы зор. Сондықтан жүздеген, мыңдаған онимдердің шығу тегін және ескірген, күнгірт тартқан, бұл күнде жалпы қауымға түсініксіз онимдердің де этимологиясын ашу құнды жұмыс болмақ. Оларды компоненттік талдау тәсілімен, болмаса дыбыстық өзгеру тұрғысынан, фоносемантикалық, сөзжасамдық, лексика-семантикалық, құрылымдық, т.б. бағытта зерттеп талдау айтарлықтай нәтиже берері сөзсіз.

Кіріспе бойынша пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы казахского языка. Алматы, 1998.
2. Әнесов Ғ. Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары // Қазақ тілі тарихи лексикасының мәселелері. Алматы, 1988.
3. Севортян Э.В. Некоторые теоретические и методические вопросы этимологических исследований // Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974. т.
4. Дульзон А.П. Вопросы этимологического анализа русских топонимов субстратного происхождения // Вопросы языкознания. 1959. №4. Серебренников Б.А. О методах изучения топонимических названий // Вопросы языкознания. 1959. №6.
5. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975.
6. Методы ономастических исследований // Общее языкознания. М., 1973.
7. Теория и методы ономастических исследований. М., 1986.
8. Матвеев А.К. Некоторые вопросы лингвистического анализа субстратной топонимии // Вопросы языкознания. 1965. №5.
9. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических герминов. М., 1984.
10. Теория и практика этимологических исследований. М., 1985. Абдрахманов А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана // Научный доклад по опубликованным трудам, представленный к защите на соискание ученой степени доктора филологических наук. А., 1991.
11. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. А., т. 1. 1984.

Мысалға алынған тілдердің шартты белгілері

- абх. – абхаз тілі
- ав.– абестин тілі
- авар. – авар тілі
- адыг. – адыгей тілі
- азерб. – азербайжан тілі
- алт. – алтай тілі
- анат. – ағылшын тілі
- араб. – араб тілі
- арам. – арамей тілі
- ассир. – ассирия тілі
- балк. – балкар тілі
- башк. – башқұр тілі
- бурят. – бурят-монғол
- венг. – венгер тілі
- гр. – грек тілі
- груз. – грузин тілі
- иран. – иран тілі
- к.т – көне түрік тілі
- каз. – қазақ тілі
- қалм. – қалмақ тілі
- қар. – қарайым тілі
- ққ. – қарақалпақ тілі
- қарач. – қарачай тілі
- қырғ. – қырғыз тілі
- қыт. – қытай тілі
- құм. – құмық тілі
- монғ. – монғол тілі
- ор. – орыс тілі
- осм.түр – осман түрік
- сван. – сван тілі
- слав. – славян тілі
- тәж. – тәжік тілі
- тат. – татар тілі
- тел. – телеут тілі
- тиб. – тибет тілі

түркі. – түркі тілі
өзб. – өзбек тілі
ұйғ. – ұйғыр тілі
укр. – украин тілі
фин. – фин тілі
чув. – чуваш тілі
шор – шор тілі
як. – якут тілі

Жинактар, журналдар мен сөздіктердің шартты түрде қысқартып берілген тізімі

- ГЭС – Географический энциклопедический словарь, М. 1983.
- Диал.С. – Диалектологиялық сөздік. А., 1969.
- ДТС – Древнетюрский словарь. Л., 1969.
- КРС – Киргизско-русский словарь. Сост. проф. К.К.Юдахин. М., 1965.
- КТРС – Краткий таджикско-русский словарь. М., 1955.
- ҚГАС – Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған обл. 1990.
- ҚСЭ – Қазақ Совет энциклопедиясы.
- ҚТДС – Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1969.
- ҚТТ – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974-1986.
- МҚ – Махмуд Кашқари. Диван ливатит турк. Тошкент, I-II-III, 1961-1965.
- МҚС – Монғолша қазақша сөздік. Уланбаатор, 1954.
- Русско-чув. Словарь-Русско-чувашский словарь. М., 1957.
- СТ – Советская туркология.
- РЯС – Русско-Якутский словарь. М., 1968.
- КРПС – Караимо-русско-польский словарь. М., 1974.
- ҚСЭ – Қазақ Совет энциклопедиясы. 1972-1976.
- ОРС – Ойротско-русский словарь. М., 1947.
- РТС – Русско-тувинский словарь. М., 1980.
- РТС – Русско-турецкий словарь. М., 1946.
- СТБ – Словарь топонимов Башкирской АССР, Уфа, 1980.
- ТИИАИЭ – Труды Института истории археологии и этнографии АН Каз ССР. т. 8., 1960.

**Жер-су агтары бойынша сілтеме жасалған
әдебиеттер.**

Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и Туркмен Средней Азии IX-XIII вв. 1969.

Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. А., 1979.

Акишев К.А., Байпаков К.М. и др Древний Отрар, А., 1972.

Аманжолов С.А. Вопросы истории и диалектологии казахского языка. А. 1959.

Атаниязов С. Қәбир географик атларын дәрейши/ «ТЯ», 1973.

Атаниязов С. Сөз мүлкіне саяхат. Ашхабад, 1984.

Атаниязов С. Түркменстанның географик атларының дүшүндиришли сөзлуги. А., 1980.

Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975.

Әділхан Байбатша. Қазақ даласының ежелгі тарихы. А., 1998.

Багдарыын Сюлбэ. Топонимика якутии. 1985.

Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. Уланбатар – 1977.

Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. А. 1986.

Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. А., Ғылым, 1998.

Бақбергенов С. Қазығұрттың басында кеме қалған. А., 1984.

Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Л., 1924.

Бартольд В.В. Собр. соч. М., 1963-1973. 1-8 (в 9 книгах).

Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. т. 1. 1963.

Баскаков Н.А. Географическая номенклатура в топонимии Горного Алтая // Топонимика востока. М., 1969.

Баскаков Н.А. Северные диалекты алтайского (ойротс-

- кого) языка. Диалект черновых татар (туба-кижи) // Грамматический очерк. М., 1972.
- Баяндин Н. Сарыарқа // Білім және еңбек. 1984.
- Бектасова Б.К. Краткий топономический словарь Костанайской области. Костанай, 1996.
- Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Спб. Т.П. 1971.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. А., 1984-1985.
- Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. СПб. 1865.
- Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI в. О долине реки Талас и смежных районах. ТИИАИЭ АН Каз.ССР. т. 8. 1960. Дмитриев Н.К. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика, Морфология (под ред. Н.К.Дмитриева) ч. 1-2 М., 1955.
- Еверенов А. «Внутренняя или Букеевская, Киргиз-Казачья Орда // «Современник» 1851, №10
- Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.
- Жакыпов Ә. Байырғы атаулар айтқан сыр. 1993.
- Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары. Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін жазылған докторлық диссертация. Алматы, 1974.
- Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. А., 2005.
- Жартыбаев А. Об этимологии некоторых топонимов Карагандинской области // Проблемы этимологии тюркских языков. А., 1990.
- Жұбанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата. 1966.
- Иванин М. Внутренняя или Букеевская Киргизская Орда // Эпоха, 1864, №12.
- В.М.Иллич-Свитыч. Опыт сравнения ностратических языков. М., 1971.
- Казакевич В.А. Современная Монгольская топонимика // Тр. Монгольской Комиссии АН СССР, 1934.

Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.

Камалов А. Урало-алтайская гидронимия на территории Башкирии // Некоторые вопросы Урало-алтайского языкознания. Уфа, 1970.

Каримова Л. Узбек тилида топонимларнинг урганилиши, Тошкент, 1983.

Кармышева Б.Х, Кармышева Дж. Что такое Арка – Юрт// Ономастика Востока. М., 1980.

Керімбаев Е. Атаулар сыры. А., 1984.

Кизласов И.Л. Новые материалы по Енисейской рунической письменности // СТ. 1981, № 4

Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964.

Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. А., 1974.

Конкашпаев Г. Географические названия монгольского происхождения // Изв. АН КазССР. Серия филол. вып. 1. (II) Алма-Ата. 1959.

Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата. 1963.

Конкашпаев Г. Некоторые мало понятные географические названия в Казахстане // Вопросы географий Казахстана. 1962, вып. 9.

Конкашпаев Г. По поводу названия Урал // Вопросы топонимики. №5, 1971.

Конкобаев К. Топонимия Южной Киргизии. Фрунзе, 1980.

Кононов А.Н. О Семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // ИООН АН Тадж. ССР, вып. V, 1945.

Корнилов Г.Е. Почему по русски Чебоксары, по Чувашски Шубашкар? // Ономастика Поволжья. 1971.

Красовский М. Область Сибирских Киргиз. СПб. 1888.

Қазақстан географиялық атауларының сөздігі. Жезқазған обл. А., 1990.

Қазақ ономастикасының мәселелері. А., 1986.

Қазбек бек Тауасарұлы. Түп-түқияннан өзіме шейін. А., 1993.

Қожанұлы Манасбай. Атырау облысының жер-су аттары. Астана, 2005.

Қойшыбаев Е. «Сарыарқа» сөзінің этимологиясы /Вестник АН ҚазССР, 1974, №12.

Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985.

Қораев С. Географик номлар маъносини биласизми? Тошкент, 1963. Құламанова З.А. Жамбыл облысының елдімекен атаулары. Тараз, 2005.

Левшин А. Описание Киргиз-Кайсацких орд и степей. ч. I, ч. II. 1832.

Лыкошин Н.С. Догадка о прошлом Отрара//ПТКЛА. 1899, №4.

Матвеев А.К. О происхождении названия «Урал»//Вопросы истории Урала. вып. 39. I. 1961.

Матвеев А.К. Финно-Угорские заимствования в русских говорах Северного Урала // уч. зап. Гос. Ун-та им. А.М.Горького. вып. 72.

Матвеев А.К. Географические названия Урала. Свердловск. 1980.

Махмуд Қошқари. Девону лугатит турк. Тошкент, I, II, III томдар. 1961-1964.

Мельхеев М.Н. Топонимика Бурятии. Улан-Удэ, 1980.

Михайлов В. Маркаколь. А., 1984.

Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979.

Мурзаев Э. Средняя Азия, 1957.

Мурзаев Э.М. Словарь местных географических терминов. М., 1959.

Мурзаев Э.М. Краткий топонимический словарь /- Природа Синьцзяна. М., 1966.

Мурзаев Э.М. Очерк топонимики. М., 1974.

Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. М., 1984.

Мұсабаев Ғ. Маңғыстау сөзінің этимологиясы // Қазақ

СССР Ғылым академиясының хабарлары. 1946, 4 (29) шығуы.

Наджиб Э.Н. Историка-сравнительный словарь тюркских языков. XIV. 1979.

Нафасов Т. Узбекистон топонимларининг изохли луғати. Тошкент, 1988.

Никонов В.Н. Краткий топонимический словарь. М., 1966.

Нұрмағамбетов А. Жер-судың аты – тарихтың хаты. Алматы, 1994.

Нұрханов С. Этнолингвистикалық этюд // Қазақстан мектебі; №1. 1967.

О.Қаз. – Орталық Қазақстанның жер-су аттары. А., 1989.

Пацевич Г.И. Гончарная печь на городище Сарайчик // Тр. ИИАЭАН КазССР, 1956, т. 1, с. 221-226.

Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. В 3 томах. М., 1959.

Попова В.Н. Словарь географических названий Казахстана. Павлодарская область. ч. I. М., 1994. ч. II. М., 1994.

Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб, 1888-1911 (в 4 томах, 8 книгах).

Рамбандеева Е.И. Основные типы Мансийских географических названий // Всесоюзная конференция по топонимике СССР. Л., 1965.

Рамстед Р. Этимология имени Ойрат // Сб. в честь столетия Г.А.Потанина. М.Л. 1909.

Риттер К. Землеведение Азии. В 4-х ч. пер. П.Семенова; изд. Голубкова.СПб., 1886-1895.

Розенфельд А.З. Название Лангар в топонимике Таджикистана // ИВГО. т. 22, вып. 1940.

Рысбергенова К.К. Историко-лингвистический анализ топонимов Южно-Казахстанской области. Алматы, 2000.

Рысқалиқызы Ұлдай. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі. Орал, 2001.

Сағидолдақызы Г. Түркі (казак) және монғол халықтарының тарихи-мәдени байланысының топонимияда бейнеленуі. А., 2000.

Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974; 1978, 1-2 (издание и окончено).

Семенов А.А. К вопросу о происхождении слова «Сельджук»//Бюллетень АН Узбекской ССР. 1996, №3.

Семенов П.П. Россия. т. 18, гл. 1, 1903.

Словарь топонимов Башкирской АССР. Уфа, 1980.

Тадыкин В. О некоторых топонимах Горного Алтая // Проблемы этимологии тюркских языков. М., 1990.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса И Яксарта. М., 1962.

Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. А., 1988.

Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. М., 1971.

Юшко С.В. Родословная древнейших албанцев//Исторические записки. №6, 1937.

Языки и топонимия Сибири. 1. Томск, 1966.

Glauson, An etymological Dictionary of Pre Thirteen-th-Century Turkish. Oxford. 1972.

New pronouncing dictionary of plant names. Chicago, 1944.

Vasmer Max. Russisches Geographisches Namenbuch. Wiesbaden, 192, 1; 1965, 2.

Адам аттары мен фамилиялардың тек-төркіні бойынша сілтеме жасалған әдебиеттер

Абаев В.И. Историко-этимологический словарь Осетинского языка. Т.1, М., Л., 1958, Т.II, Л., 1973.

Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. М., 1958.

Белоусов Я.П., Жанұзақов Т. Қандай есім ұнатасыз? Какое выбрать имя?. Алма-ата, 1968.

Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. т. 1, СПб, 1869, т. 2, 1971.

Vambery H. Etymologisches Wörterbuch der turko-tatarischen sprachen. Leipzig, 1878.

Вамбери Н. Первопытная культура тюрко-татар. народов // Зап. Э.С.А. ир. ГО кн. 6, Омск, 1884.

Гафуров А.Г. Лев и Кипарис. М., 1971.

Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая и средневековая история. М., 1972.

Гордлевский В.А. К личной онамастике у османцев // Древности восточные. т. 4, 1913; Рождение ребенка и его воспитания // «Этнограф. обозрение», №3-4, 1910.

Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. М., 1962; «Арабские элементы в башкирском языке» // Записки коллегии Востоковедов», М., ч. II, 1930.

Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1954.

Жанұзақов Т. Есімдер сыры. Тайны имен. 2004.

Жирмунский В.М., Зарифов Х.Ш. Узбекский народный героический эпос. М., 1947.

Кононов А.Н. Родословная Туркмен. М., Л., 1958; Тюркские этимологии // Уч. зап. (ЛГУ), №179, Сер. Востоковед. наук, вып. 4, 1954.

КТРС – Краткий турецко-русский словарь. М., 1940.

ҚТҚЭС – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.

Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л.,1951; Енисейская письменность тюрков. М.-Л., 1952.

ТРС – Татарско-русский словарь. М., 1965.

Хабшай С., Минис А. Монголша-казакша сөздiк. Құраст. С.Хабшай. Уланбатаар, 1954.

Щербак А.М. О характере лексических взаимосвязей тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков // Вопросы языкознания, №3, 1966.

Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. М., 1965.

Цыдендамбаев Ц.Б. Бурятские исторические хроники и родословные. Улан-Удэ, 1972.

ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ СЫРЫ

Айтағы (Айтагы) – тау, биік. 499,9 м. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауданында. Е.Қойшыбаев бұл атаудың шығу жайын: «Көне түр. *ай* этнониміне *тағ* («тау») терминін жалғау арқылы жасалған атау. Этим. «Ай тауы», – деп түсіндірген (Е.Қойшыбаев, 1985, 29). Біз бұл пікірге қосылмаймыз. Ерте заманда, түркі халықтары шаман дінін ұстанған кезде Ай «сұлулықтың», «көркемдік пен әдеміліктің» символы болған және Айға табынған, «әулие», «пір» тұтқан. Сондықтан да балаларға: Айтолды, Айтуды, Айкүміс, Алтынай деген есімдер қойып отырған. Әлі күнге дейін ел арасында: «Ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа», – деп, жана туған айға карап сыйыну дәстүрі бар.

Демек, *Айтағы* атауы «қасиетті тау», «сұлу тау» деген мағынаны білдіреді. Атаудың екінші құрамындағы *тағ* // *тағы* – қазіргі тіліміздегі *тау* сөзінің көне тұлғасы, сөз соңындағы *ы* – тәуелдік жалғау қосымшасы.

Ақасық (Ақасык) – тау, биік. 366 м. Қарағанды обл. Жезді ауданында. Атаудың бірінші сыңарындағы «ақ» сөзі географиялық термин ретінде «ақ түс», «мөлдір», «үлкен, кең, жазық» мәндерінде жиі қолданылады. Ал екінші сыңарындағы *асық* сөзі көптеген түркі тілдерінде «өзен алаптарының кең де жазық тұсын» білдіреді. Алт. диалект *ажык* – «асу», хакас. – *азых* – «жазық, жайдақ асу» (Э.Мурзаев, 1984, 40). Бұл мағұлұматтарға және таудың аласа болуына (366 м. ғана) қарағанда, *Ақасық* атауы «жайдақ, аласа асу» деген мағынаға ие екенін көреміз.

Ақбас (Ақбас) – сай, с., Баянауыл ауд., Павлодар обл. Баянауыл ауданының Жосалы с/о қарасты село. Атаудың бірінші сыңарындағы *ақ* сөзінің топонимдік мағынасын бұған дейін де талай рет айтқанбыз. В.Н.Попова Павлодар облысының солтүстік аудандарында қыпшақтар тұрғандығын, оның бір атасы айбас-ақбас аталғанын, ал

сай атының сол атаумен аталуы мүмкіндігін, олай болса. *Ақбас* «этнотопоним болуы мүмкін» екенін топшылайды (В.Попова, 1994, 24 б.). *Ақбас* деген атаудың басқа облыстарда кездесетінін ескерер болсақ, пікір жанасымды сияқты.

Ақдомбак (Ақдомбак) – сай, с., Май ауд., Павлодар обл. Бұл елді мекеннің осы сай атымен аталғаны белгілі. Атаудың бірінші сыңарының мағынасы белгілі болғанмен, екінші сыңарындағы *домбақ* сөзінің түркі, фин-угор, үндіеуропа тілдеріне ортақ *домба*, *томба*, *тумб*, *тумп* тұлғаларында кездесетін сөз екенін, оның «жота, төбе, биіктік, шоқы» мағыналарында қолданылатынын сол тілдердің сөздіктерінен анық көреміз. Э.Мурзаев көрсеткендей, әзербайжан тілінде де солай, қазақ тіліндегі *толмақ*, *төбе* сөздері де осы мағынаға ие. Демек, Ақдомбак атауы – «ақ төбе, ақ шоқы» деген мағынаға ие деп білеміз. Тіліміздегі Ақтөбе. Ақшоқы атауларымен тәркіндес, мағыналас.

Ақдым (Ақдым) – *тар.*, *тау*, биік. 879 м. Ер.-тау ауд. Тура, дұрыс тұлғасы, бастапқы қалпы Ақдің не Ақдын болуы керек. Мағынасы: «ақ шоқы», «ақ биік», «ақ төбе». Бұл атау орысша *Белая сопка* деп аталып, одан кейін қазақтың «*дін*», «*дың*» сөзі орысша «*дым*» сөзіне айналып, қазақша Ақдым болып өзгеріске ұшырап қалыптасып кеткен. Осы жасанды Ақдым атауы қайтадан орысшаға аударылып *Белодым* түрінде қолданып жүр. Ал дің. дың сөздері түркі, иран тілдерінде *дын*, *тын*, *тон*, *тум* тұлғаларында кездеседі де – «тау, дөң, шоқы, жота, биік. төбе» мағыналарын білдіреді. Ғ.Қонқашбаевтың пікірінше: *дің* сөзі – *дөң*, *биік жота* дегенге сай (Ә.Қайдар. Т.Жан.).

Ақешкі ауылы (а. Ақешки) – Алматы обл. Ақсу ауданындағы елді мекен. Ауылдың Ақешкі аталуы жайлы халық аузында мынандай аңыз айтылады: «Бір бай кісі бір жылы Ақешкі маңындағы таудың жанынан жайлауға көшіп бара жатады. Ол сол жайлауда жігіттеріне шөп

шапқызып күзде қыстауына қайта көшеді екен. Байдың мыңырған малы көп бопты. Ол қыстауға барып, малын түгендегенде, 4-5 ешкісінің жоқ екенін байқайды. Малың іздемейді. Келесі жылы көктемде көшіп бара жатқан бай сол таудың беткейінен жайылып жүрген ешкілерін көреді. Қалып қойған 4-5 ешкісі лақтап, 10 шақты болып қалыпты. Оны көріп қуанған бай, достарына: «Мынау ешкі өлмейтін берекелі өлке екен», – депті. Содан тау *Ешкіөлмес* атанып, оның баурайы, яғни қазіргі ауыл *Ақешкі* аталыпты».

Аққұлақ (Аккулак) – Қызылорда обл., Арал ауданындағы елді мекен. Атаудың бірінші сыңарындағы *ақ* сын есім топонимдер құрамында келгенде «кең-байтақ, үлкен, зор», «таза», «мөлдір», «тұнық» мағыналарын білдіреді. Ал атаудың екінші сыңарындағы *құлақ* географиялық термин әрі жалпы есім (апеллятив) ретінде түркі тілдерінде гидронимдік мәніндегі атаулар құрамында жиі қолданылады. Яғни *құлақ* – «арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа». Бұл географиялық термин басқа түркі тілдерінде түрлі мағынаға ие келеді. Мәселен, балқар. *қулак* – «жыра, сай, аңғар»; хакас. *хулак* – «биік шың», «көлдің, өзеннің жағасындағы шығанақ», қырғ. *қулак*, өзб. *қулок* – «арық суын бөліп байлайтын тұсы», болгар. диал. *қулак* – «төбелер мен жота, дөңдер арасындағы ашық алаң», «шұңқыр», «жыра», «жылға», «аңғар», «сай» (Э.Мурзаев, 1984, с. 310-311). Бұл салыстырмалы тілдік материалдарға карағанда *Аққұлақ* атауы *Ақсай*, *Ақтөбе* немесе *Ақшығанақ* атауларымен синонимдес сияқты.

Осы жерде дене тұрқы 13-28 см., күйрығының ұзындығы 4 см., салмағы 150-200 гр. сусар тұқымдас, көбіне құмдауыт, шөлейт не өзен, көл жағасындағы камыстар мен жықпыл тастар арасында жүретін кішкентай жыртқыш аң болады екен. Жер аты сол аң атынан қойылып, кейін сол жерге орналасқан елдімекен атын иеленуі де мүмкін.

Ақмола (Акмола) – тарихи қала, ірге тасы 1832 ж. қаланған. Бұрын Қараөткел атанған. Қазір Қазақстан

Республикасының астанасы, Елбасының 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығына сәйкес Астана атауына өзгертілді. Ақмоланың шығу төркіні мен мағынасы туралы әртүрлі пікір, халық аңыздары бар. Жергілікті тұрғындардың айтуынша: «Бір кісіні жерлегенде, астынан ақ балшық шыққан. Осы ақ балшықпен мәйіттің басына орнатылған моланы майлаған. Содан соң, мола алыстан ағарып көрініп тұратын болғандықтан, бұл жер *Ақмола* атанған. Ал одан бұрынғы аты Қараөткел».

Қазақ Совет энциклопедиясында: «Ақмола – ақ қайрақ тастан әдемілеп жасалған. Оның табаны (қабырғасы) 4 бұрышты тікше түрінде қаланып, үстіне шардың жартысына ұқсаған не кигіздің төбесі тәрізді күмбез орнатқан. Күмбез жолаушының көзіне алыстан жарқырап көрініп, Есіл өзенінің жағасынан 5-6 ғ. бойы сұлулыққа бөлеп тұрған. Сондықтан оның даңқты аты Ақмола болып, көп ғасыр бойы сол төңіректегі Есіл өлкесінің аты болады» (ҚСЭ. I том, 1972, 212 б.), – деп жазылған.

Ақмола – кейбіреулердің таяз түсінігіндей құбыжық атау емес, қазақ даласында кеңінен тараған *Ақтобе*, *Аққала*, *Ақкент*, *Ақтау*, *Ақкөл*, *Аққұм*, *Ақсу* тәрізді топоним. Бұл арадағы ақ сөзі тек түр-түстік мағынаны ғана емес, әлеуметтік символикамен шектелетін ауқымы кең «ақ», «аппақ», «таза», «адал», «қасиетті-қастерлі» деген ауыспалы метафоралық, бейнелеу мағынасында да кеңінен қолданылады. Ал *Ақмола* атауы болса, «қабырстан» мәнінде ғана емес, «көне мекен-жайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті белгі, нышан», ал орысша, кейбіреулерше аударылған «светлый погост» емес, «белый мовзoley» деген мағынаны білдіреді.

Ақсан (Аксан) – сай, село, Баянауыл аул., Павлодар обл. Бұл атауды жергілікті тұрғындар Аксан есімді кісі атынан қойылған десе, В.Н.Попова: «Ақ – «белый», *сан* – «бедро» – «белое бедро» (яғни ақ жамбас), бірақ бұл топоним мағынасын ашпайды», – деп Ғ.Қонқашбаевтың пікіріне сүйенеді. Ғ.Қонқашбаевтың пікірінше: «Компонент сан

в конце сложного названия означает «крутосклонную возвышенность, состоящую из твердых пород» (Г.Конкашпаев, 1963, с. 138). Демек, *Ақсан* – «ақ (өсімдігі жоқ, таза, тақыр), қатты тау, жынысты, тік қабатты биік бет» деген мағынаны білдіреді (В.Попова, 1994, с. 30).

Біз атаудың екінші құрамындағы *сан* сөзін парсы, әзербайжан тілдерінен енген *санг // сенг* – «тас» сөзі болар деп ойлаймыз. «Сеңгір-сеңгір таулар» тіркесіндегі жіңішке тұлғалы *сеңгір* де әдеби тілде қолданылады. Санг, сенг сөздерінің соңындағы *г* дыбысты тіліміздегі *сын* сөзінде түсіп қалғанымен, *сеңгір* сөзінде сақталған. Ал компонентінде *санг* сөзі атау тәжік, әзербайжан, өзбек, қазақ тілдерінде көптеп кездеседі. Мысалы: Кухисанг тауы, елді мекендер – *Сангистан*, *Санглох* – Тәжікстанда: *Сангачалы* елді мекені, *Сенгярчай* өзені, *Қарасенгяр* жотасы – Әзербайжанда, *Санг* – Наманган обл-да, *Сангзар* жазығы Самарканд маңында бары белгілі.

Демек, *Ақсан* атауының мағынасы «ақ тас» дегенге толық сай келеді. Республикамызда *Ақтас* елді мекен аттары Оңтүстік, Шығыс, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында, ал *Ақсеңгір* (тау, шоқы, төбе) Ақмола, Алматы өңірлерінде бар.

Ақсенгір (Акенгир) – Қарағанды обл., Шет ауданда-рындағы село; тау – биік. 617,9 м. Атаудың бірінші құрамындағы *ақ* сөзі тау, төбе, жота басындағы бор, кварц, мәрмәр сияқты ұсақ тас жыныстарының алыстан жылтырап, жарқ-жұрық етіп жатқан түсін білдірсе, екінші құрамдағы *сеңгір* сөзі иран, түркі тілдерінде *зеңгір // заңгар* тұлғаларының варианты ретінде қолданылады да, «биік, қыр, жота» мәнін білдіреді. Тәжік тіліндегі *Сингистон* – «жартасты тау, таулар» сөздеріндегі *санг* – «тас» болса, азерб. *сенг* – «тас», «жартас», *сенгяр* – «құз, қия жартас». Демек, *Ақсеңгір* «ағарып көрінген биік төбе, тау» деген мағынаны білдіреді.

Ақсирақ (Ақсирақ) – жер, Астр. ауд. *Ақ* (сын есім) + *сирақ* (зат есім) сөздерінен жасалған. Атаудың екінші сыңарындағы *сирақ* сөзі хақ. *Сырах* – «тау ешкі, таутеке», алт. *сарадак* – «бір жасар марал», тув. *сарадак* – «бір жасар марал» сөздерімен байланысты екені байқалады. Сонда *Ақсирақ* – «ақ марал, ақ ешкі» мәніндегі атау деп караймыз.

Аксиыр (Аксиыр) – тар., *жер*, 4-ауыл, Жарқайың болысы, Атб. уезі. *Ақ* (сын есім) + *сиыр* (зат есім) сөздеріне жасалған. Атаудың екінші сыңарындағы *сиыр* монғолдың *сайыр* «құрғаған өзен арнасы, малта тас» деген мәндегі сөзі. Олай болса, толық мағынасы: «ақ сай, құрғаған өзен арнасы» дегенді білдіреді.

Ақсу (Ақсу) – Алматы облысындағы өзен, ұзындығы – 305 км. Су алабы – 7750 км. Балқаш көліне құяды. Осы өзен атынан қойылған ауыл, село, аудан бар. Қазақстанның су, өзен кадастры бойынша, бұл өзен алабына 50-ге тарта өзен тән. Олардың ішінде: Қызылағаш өз. ұзындығы 109 км., Бүйен – 93 км., Сарқан – 89 км., Қапал – 44 км. болса, калғандарының ұзындығы 12 км-ден 40 км-ге дейін ғана.

Ақсу атаулы өзен, елдімекен. аудан аттары, қала аты республикамыздың әр облысында кездеседі. Сонымен қатар туысқан түркі халықтарында да жиі ұшырайды.

Зерттеушілердің пікірінше: «*Ақсу* атауы судың ақ түсін білдірмейді, оның ағынын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді» (Э.Мурзаев, 1959, с. 22). «Ақсу» атауын талдай келіп, А.Кононов та ақ – «течь», «протекать», «литься» дегенді айтады (Кононов А.Н, 1945, 5).

Біздің пікірімізше, атаудың негізгі мағынасы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне» байланысты.

Ақсүмбе (Ақсүмбе) – Оңтүстік Қазақстан обл. Қаратаудың солтүстік беткейінде орналасқан көне қала. Бұл археотопоним туралы деректер араб тарихшылары

мен орыс ғалымы Н.Ремезовтың «Книга большого чертежа» атты картасында, В.В.Бартольд, К.М.Байпақов еңбектерінде, Қазақстан тарихында кездеседі. Созақтық шежіреші Е.Өмірбеков мағлұматтары да бұл атаудың мән-жайын толықтыра түседі. Олакын Асқар Токмағанбетовтың дерегіне сүйеніп: «*Ақсұмбе* батыр болғанға ұқсайды», – дейді. Егерде қаладағы мұнара *Ақсұмбе* аталып, кейінен қала атына ауысканы рас болса, онда оны кісі есіміне телу дұрыс болмайды. Қазақстанда Сұмбе деген тау аттары бар. Оның мағынасы – «төбесі үшкір келген биік, тіп-тік». Олай болса, мұнараның *Ақсұмбе* аталуы оның «биіктігіне, тіп-тік, найзадай шаншылған тұрпатына» сай келеді. Демек, бұл да *Ақсеңгір* атауымен мәндес.

Ақтау (Ақтау) – қала. 1964 жылдан Шевченко аталып келді де, 1992 жылдан тарихи әділдік жеңіп, қайтадан Ақтау аталды. Маңғыстау обл-ның орталығы. Каспий теңізі жағасында орналасқан, онда порт та бар. Қала 1963 ж. мұнай газ қазба байлығын игеруімен байланысты пайда болған. *Ақтау* атауы Каспий теңізі жағасындағы ұлу тастардың үйіндісінен ғасырлар бойы жиналып, сығымдала топталып пайда болған шағаладай аппақ тау жыныстарының түсіне сай қойылған.

Ақтоғай (Актоғай) – Қарағанды обл., Шет ауд-да, Алматы обл-ң Райымбек, Енбекшіқазақ ауд-да, Жамбыл обл-ың Сарысу ауданындағы село, ауыл аттары.

Ақтоғай атауының бірінші сынарындағы ақ сөзі топонимдерқұрамында келгенде «таза, мөлдір, тұнық» және «кең, үлкен» деген мағынаға ие екендігі көп айтылды. Ал тоғай сөзін талдау барысында, оның Орта Азия, Қазақстан, Кавказ, Оңтүстік Орал, Оңтүстік Сібір, Еділдің төменгі ағысындағы халықтар тілдерінде кеңінен қолданылғанмен әртүрлі мағынаға ие екендігі сөздіктерде анық көрсетілген. Бірақта: «Қазақ тілі нормасына келтіргенде, бұл сөздің төлеуі, жобамен, «сай-сала» немесе «екі арна» мәндес ұғым береді», – деген пікірмен келісуге болмайды (Е.Қой–

шыбаев, 1985, 37). В.В.Радловтың сөздігінде (1905, 3 т.) *тогай, тогаі, токоі, токаі, токкоі* тұлғаларына беріліп, «шалғын», «орманды алқап», «ағаштар мен бұталар қалың өскен өзен ...арал не жарты арал», «өзен түбектеріндегі қалың ағаш» деген мағыналарға ие екендігі көрсетілген (Э.Мурзаев, 1984, 562). Қалайда «*тогай*» – географиялық термин ретінде түркі тілдерінде ерте заманнан қолданып келе жатқан лексема. Ол түркі тілдерінен орыс әдеби тіліне де еніп, *тугай* тұлғасында жиі қолданысқа түсуде.

Демек, республикамыздың көптеген облыстарында ұшырасатын *Ақтагай* атауы «су, өзен жағасындағы орман» мәніне ие деп қаруға болады.

Ақтөбе (Актобе) – бекініс ретінде іргетасы 1869 ж. қаланған, 1891 жылдан қала. Елек өзені бойында. Ақтөбе облысының орталығы. Жер көлемі – 298,7 км². Бұрын облыста 16 аудан болса, қазір 12 ауданға біріккен. Олар: Алға, Байғанин, Әйтеке би, Ырғыз, Қарғалы, Мартұқ, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Хромтау, Шалқар.

Ауданға бағынысты қалалар саны алтау – Алға, Ембі, Қандыағаш, Темір, Хромтау, Шалқар. Облыс жерінің біразын Мұғалжар тауы мен оңтүстік-шығысында Арал Қаракұмы, Арал теңізіне сұғына жатқан Үлкен және Кіші Борсық құмдары алып жатыр.

Қаланың Ақтөбе аталу себебі алыстан «аппақ боп көрінетін, ақ топырағы, ақ тас, кварцы шығып жатқан биік төбемен байланысты» болса керек.

Ақшағат (Акшагат) – Қарағанды обл., Жанаарқа ауданындағы село. Атаудың бірінші сыңарындағы ақ сөзі тура мағынасында «аппақ, шаңқай, таза» деген мағынаны білдірсе, *шағат* сыңары *шақат* сөзінің дыбыстық тұрғыдан сәл өзгеріске түскен нұсқасы – «ашы соры шығып жататын, өсімдік нашар өсетін жер». Демек, Ақшағат – «аппақ боп шаңқиып, соры шығып жататын жер» деген мағынадағы атау.

Алакөл (Алаколь) – Алматы облысының Балқаш–Алакөл ойпатының шығысындағы бұрынғы Семей облысымен екі арадағы тұзды көл. Алабы – 2650 м²., тереңдігі – 45 м. Бұған Емел өзені, Тарбағатай тауынан Қатынсу өзені құяды. Алакөл, Қошқаркөл және Сасықкөл – жалпы атаумен Алакөл аталады. XI ғ. Әл-Идриси қазіргі Алакөлді Гаган деп жазған. Б.Көмеков Гаган көлін Алакөл жүйесіндегі көлдермен бірдей деп санайды. Алакөл Тарбағатай тауы жақтағы шығыста, ортасында Қошқаркөл, батыс жағында Сасықкөл, оның батысында Ертой көлі мен Қызылтұз көлі көлбей созылып жатыр. Қошқаркөлдің шығысында Қаракөл, Алакөлдің шығыс жағында Итішпестің Алакөлі (Рыбачье). Ал Сасықкөлдің солтүстігінде Мыккөл, оңтүстігінде Қарамойын, Байбала, Жабықкөлдері, солтүстігінде Батровка, Бол, Гужы көлдері жайғасқан. Ал Степное көлі батыс жағында. Сасықкөлдің жағалауындағы бұл көлдер топографиялық карталарда көл деп көрстелігенімен, көлемі, суының мөлшері жағынан көлшікке тән.

Алакөл атаудың мағынасы жайлы Е.Қойшыбаевтың: «Ала + көл» (түр. монғ.) – «Ұлы көл» немесе (сөзбе-сөз) одан көнелеу «тау көлі», – деген түсінігі әлі де толықтыра түсуді қажет етеді. Біздің байқауымызша, жоғарыда аталған Алакөл құрамына енетін көлдердің географиялық, табиғи бітім-пішіндері (көлемі, су деңгейі, аумағы, т.б.) әртүрлі. Алакөл Сасықкөлге қарғанда көлемі жағынан кішірек болса, ортада жатқан Қошқаркөлдің аумағы тым шағын. Ал олардың төңірегінде аталған көл-көлшіктер тіптен кішкентай. Олардың суларының түр-түстері де ала-құла. Алакөлдің суы қара қошқыл, қара көк болса, Сасықкөлдің су түсі көкшілдеу, ал Қоржынкөлдің суының түсі бозғылт, Ертой (тұз), Қызылтұз көлдерінің сулары сарғыш түсті.

Демек, бұл көлдердің аумағы, орналасқан жер жайы, көлемі мен суларының түстері ала-құла, алуан түрлі. Осы жағдайды жете білген халық көл атын Алакөл деп орынды атаған.

Алатау (Алагау) – тау, басы Хантәңірі тауынан басталып, аяғы Шымкентке дейін созылып жатқан асқар биік, заңғар тау. Түркілер ежелгі заманнан-ақ биік шынды, басында мәңгілік мұздар мен аппақ қар жататын тауларды Алатау деп атағаны – Кузбас Алатауы, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы, Тяньшань Алатауы атауларынан белгілі. Осы атаулардағы ала сөзінің төркіні, қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің аралас келген түсіне /орысша пестрый/ қатысты емес, ұлу немесе одан да көнелеу оло тұлғасында артатындай» (Е.Қойшыбаев, 1985, 42). Бұған қарағанда, Алатау – «ұлы, аса зор, биік тау» деген мағынаға ие екені байқалады.

Алматы (Алматы) – тарихи қала аты. IX ғ. Алматы Қидан мемлекеттің, одан кейін Найман ұлысының астанасы болады, ірі сауда-саттық орталығына айналады. Монғолдардың «Құпия тарихында» Шыңғысхан Алматыға екі рет шабуыл жасап, ала алмай, наймандармен он жыл бойы арпалысып, ақыры үшінші мәрте шабуыл жасағанда тізе бүктіріп, содан кейін Отырарға қарай аттанған. 1339 ж. Алматы Шағатай ұлысының астанасы болып тұрған шағында, Рим папасының епископ Ришард бастаған өлкелері опат болады. Оның XIII – XIV ғасырларда Алматы деген атпен көп жерге белгілі болғандығы, археологиялық қазба кезінде сол заманның теңгесі табылғандығын, XIV – XV ғасырларда Алматы қаласы туралы жазбалар Бабыр, Мұхаммед Хайдари еңбектерінде кездесетіні тарихшылар зерттеулерінен мәлім. Қаланың көнелілігін Алматы атауындағы түркі-монғол тіліне ортақ көне көптік жалғау көрсеткіші (*ты*) де дәлелдейді. Қазіргі тіліміздің грамматикалық заңына бой ұрсақ, ол жалғау лы болып айтылады. Демек, Алматы қазіргі тіліміздің грамматикалық заңына сай *Алматы* болады. Бірақта көне ты жалғауы берік сақталған.

Атаудың негізгі лексикалық әрі топонимдік мағынасы, Ғ.Қоңқашбаев, А.Әбдірахмановтар көрсеткендей, «алмасы көп», «алма көп өсетін (жер)», «алматы». Е.Қойшыбаев бұл

«*ты* қосымшасын өз алдына жеке компонент – көне түр, *тау* ұғымын беретін *-ту* тұлғасының келе-келе, қазақ тілі базасында, *-ту* немесе *-ты* формасын қабылдауы. Бұл – заңды құбылыс», – деген пікір айтады (Е.Қойшыбаев, 1985, 44). Автордың бұл пікірін қолдар болсақ, Өлеңті, Шідерті, Тобылғыты сияқты атаулардың соңғы компоненттеріндегі *ты* (*ti*) қосымшаларын қалайша тау деген сөз деп айта аламыз? Өйткені *Өлеңті*, *Шідерті* жазықтағы өзендер, ал тобылғы да жазықта өседі ғой. Е.Қойшыбаевтың бұл пікірі А.Голубевтің: «Алматының көне атын Алмату дейді. Верныйды Алматы деп те айтады; бұл қырғыздың Алматау, яғни алма өсетін тау деген сөзі» дегенін қуаттау (аталған сөздіктің 45 бетін қараңыз). Шындығында XIX ғ. Алмату деп атаудың кейбір түркі тілінде, әсіресе ұйғыр тілінде басым болғанын тарихи деректерден анық көреміз. Алмату формасы Ш.Уәлиханов еңбектерінде де кездеседі. Демек, сол кездерде *-ты* (*ti*), *-ту* форманттары жарыса қолданса керек. Одан «тау» деген мағына шығару әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді.

1850 жылдары бұл жерде Ресей патшалығының әскери бекіністің іргесі қаланып, 1854 ж. қала әу бастағы тарихи атымен аталмай, 1921 жылға дейін Верный аталып келді. Оны Жетісу облревкомы 1921 ж. 5 ақпандағы № 12 қаулысымен орыс тілінде Алма-Ата деп өзгерткен-ді. Жұрттың айтып та, жазып жүргеніндей, Алма-Ата қазақ тіліндегі Алматы атының бұрмаланып жүрген орысша транскрипциясы емес және оның орысша баламасы «отец яблоки» де емес. Бұл атаудың кісінің төл атынан қойылғанына иланбасқа болмайды. Оған дәлел ретінде Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты XVIII ғ. еңбегінде тамаша адам Алма ата жайлы толық жазып көптеген мағлұматтар берді. Алма атамыздың өмір тарихына зер сала бағдарлап отырсақ, ол кісіні қазақтың «Мичурині» болған екен ғой деп еріксіз мойындайсыз. Өзі әрі селекционер-бағбан, әрі шипагер ретінде халық жүрегінен ерекше орын алып, зор құрметке бөленіпті. Ол кісінің тұрақ, мекен-қонысы: қыс қыстауы

Алмаарасанға барар жолдағы Аюлы өзеніндегі Алматы көліне барар сайды (бұрынғы ГРЭС тұрған жер) қыстаса, жазда қазіргі Алмаарасанды жайлап, суық күзге дейін ауруларға Арасан суымен ем-дом жасайды екен. Алма ата қыстаған сай ол кезде Алма ата сайы аталып, жаз жайлауға ем-дом жасаған Арасан Алмаарасан аталыпты. Бұл күнде Алма ата сайы ұмыт болып аталмағанмен, Алмаарасан атауы сақталып, бүгінге кейін адамдарды емдейтін Республикамызға белгілі ірі санаторий болып отыр.

Алма ата жүзден аса сүйекті өсімдіктерді будандастырып, алманың жана сорттарын шығарыпты. Өсімдіктер жайлы өз байқаулары мен іс-тәжірибелерін көпшілікке айтып, түсіндіріп отырса керек.

Сондай-ақ Алма ата аса атакты шипагер де болған кісі екен. Ол кісінің өсімдіктерден жасаған дәрілері, өсімдіктердің қандай дертке ем болатыны жайлы сөздері мен дауа болған ем-домдары жайлы да аталмыш кітапта кеңінен сөз болған. Бұрынғы Верный қаласының Алма-Ата аталуының себебі -- сол кездегі зиялылар Алма атаның есімін мәңгі есте қалдырып, сол атакты адамды құрмет тұтудан болса керек. Тарихи Алматы қаласының Алма-Ата аталуының біз айтып отырған қысқаша тарихы осымен шектелмек емес. Ол жайында әлі де пайымдаулар мен нақты ой-пікірлер қалың жұршылықтан шыға берері сөзсіз.

Қазақ тарихында қасиетті, киелі, әулие ата-бабалар есімдерімен байланысты жер-су аттарының бары көпке айқын. Мәселен, Қорқыт Ата, Шақпақ Ата, Асық Ата, Бекет Ата, т.т. Алма Ата атауының орысша Алма-Ата деп сызықша арқылы жазылуы сол тілдің орфографиялық заңына байланысты жайт.

1993 ж. Қазақстан Республикасының Ата Заңы – республика Конституциясында ол Алматы деген тарихи атына қайтадан ие болды. Енді қазақша да, орысша да Алматы қалпында айтылып, дұрыс жазылуда.

Алтай (Алтай) – терістік жағы Ресей, шығысы Қытай, оңүстік-шығысы Қазақстан Республикасындағы биік таулы аймақ. Ресейдің Алтай өлкесі Таулы Алтай автономиялық облысын қамтиды. Алтайдың терістігінде, Таулы Алтайда Катунь, Чуй, Би өзендері Обь өзеніне құйса, Бұқтырма өзені Шығыс Қазақстанға қарай ағады. Алтай атауының этимологиясы туралы В.В.Радлов, В.В.Владимирцов, Ғ.Қоңқашбаев, В.А.Никонов, Г.И.Рамстедт, М.Рясенен, А.Әбдірахманов, т.б. ғалымдар пірілері әр алуан. В.В.Радлов *Алтай* – *ал* (биік) + *тай* (тау) сөздерінен жасалғанын, Ғ.Қоңқашбаев бұл монғолдың *алт* (алтын) сөзі мен *тай* («*та*» + «*сы*») жұрнағының қосылуынан туындағанын, Э.Мурзаев *алтай* монғ. «таулы ел», «бай тау» деген сөз екенін пайымдайды. Осы пікірлерді қуаттай отырып, А.Әбдірахманов: «Алтай» атауы көне түркі-монғол тілдеріндегі *алтын* (н) > *алта* (н) түбіріне *ай/й* жұрнағы қосылу арқылы жасалған. Сонда көне *Алтай* атауы *алтын* (тау) деген мағананы білдіреді», – дейді.

Біздің ойымызша, Э.Севортян айтқандай Алтай атауының *ал* сыңары көне түркі тілдерінде «қызыл», «алтын» мағынасындағы лексикалық бірлік, дербес сөз болған (Э.Севортян, т. 1, 1974, с. 142-143). Атаудың екінші сыңарындағы *тай* сөзі көне түркі тіліндегі *таг* (тау) сөзінің кейінгі кезеңдерде дауыссыз *г* дыбысының жартылай дауысты *й* дыбысына алмасуынан туған. Демек, *Алтай*– «қызыл, қызғылт», яғни «алтын тау».

Алтуайт (Алтуайт) – тау, биік. 560,1 м. Қарағанды обл., Жанаарқа ауданында. Е.Қойшыбаев бұл атауды көне түркі тіліндегі *ал-ту-ай* [*m*] элементтерінен құралған «алтай айлары» этнопонимі мәнінде екенін жазады (1985, 46). Ал жергілікті халық аңызы бойынша, Ақтоғай ауданы жеріндегі биік құз, терең аңғарлы осы таудың озық бір сайында Алтуайт деген батырды жаулар өлтіріп, тау сол батырдың атымен аталған көрінеді (Эксп. мат. 1982 ж. ақпар беруші Ахметов Қабыл, 81 жаста).

Біздің байқауымызша, халық аңызы материалы шын-

дыкка жанасымды әрі анық, нақты сияқты. Біз бұл пікірді «Қазақстан географиялық атаулардың сөздігі» атты еңбекте бұрын да жазған едік.

Алтынемел (Алтынэмель) – тау, Кербұлақ ауданы. Осы таудағы Емел өзені Алакөлге құяды. Бұл сөзді тіл мамандары монғол (бурят, калмақ) тіліндегі *эмэл* – «ер» мәніндегі сөз деп қарайды. Оны тұңғыс-мәнжүр тіліндегі *эмэген* – «ер» сөзімен де төркіндес деп есептеуге болатын сияқты. Монғолияда *эмэл* сөзі тау асулары мен бел-белестердің атау-терминдері ретінде қолданылатыны да мәлім. Мәселен, *Эмэл асуы* Қырғызстанның Қабактауында, біздің жерімізде Жоңғар Алатауында, Чита облысында *Алтын-Эмель* тауы барын картадан анық көреміз.

Атаудың бірінші сыңары – күллі түркі тілдері мен монғол тіліне ортақ сөз. Ал екінші сыңардағы монғолдың *эмэл* // бэл (седло; седловина; склон горы) сөзінің мағыналары жақын (А.Әбдірахманов, 1975, б.).

Бірақта көне түркі тілінде *altin (ын) aldan* + «төмен, төменгі»; «төменде, төменгі жақтан» деген сөз барын есепке алу қажет сияқты (ДТС, 1969, с. 40.). Синонимдағы Алтын-Артуш – «төменгі Артуш» мәніне ие екенін көреміз (Э.Мурзаев, 1984, 48 б.). Демек, Алтынемел атауындағы *алтын (алдын)* сөзін – «төменгі, төменгі жақ» деп ұғатын болсақ, онда атаудың мағынасы «төменгі, аласа асу, бел» деген мәнге ие екені байқалады. Көлбей созылып жатқан тау ортасындағы ерге ұқсас аласа асу жер бедеріне толық сәйкес келеді.

Анқаты (Анкаты) – Батыс Қазақстан обл., Сырым, Ақжайық аудандарынан өтіп, Шалқар көліне құятын өзен, Ақжайық ауданындағы елді мекен аты. Сырым ауданында Есен Анқаты деп аталса, Ақжайық ауданындағы өзен аты Шолақ Анқаты аталады. Ал Анкаты елді мекені сол өзен атынан қойылған. Анқаты – Жымпиты атауы сияқты көне түркі, монғол тілдеріне тән атау. Осы өзен атауының

орта ғасырдағы араб саяхатшысы Ахмед Ибн Фадлан жазбасында кездесетінін ғалымдар сан рет айтқан.

Атаудың бірінші құрамындағы *анга* географиялық термин ретінде тұңғыс-мәнжүр, моғол тілдерінде бары және оның жеке топонимдік атау ретінде Байқал, Лена өңірінде кездесетіні жайлы да Э.М.Мурзаев дәйекті түрде баяндайды. Осы *анга* сөзі бурят, эвенкі тілдерінде «сай, жыра, су қазған шұңқыр» мәнінде айтылса, Томск облысында «өзеннің ескі арнасы», «екі өзенді жалғастырған мойын», «өзеннің тармағы, саласы» мәнінде қолданылады екен.

Анга өзені Ленаның бір саласы болса, Байқал көлінің тармағы да Анга деп аталатынын көреміз (Э.М.Мурзаев, 1984, с. 50.).

Демек, Анқаты атауының мағынасы «екі өзенді жалғастырған мойын», «өзеннің тармағы, саласы» дегенге толық сай келетіндей. Шындығында, Есен Анқаты өзен мен Қарағанды, Алғабас ауылдары тұсынан аққан өзен мойындары төменгі ағысында бірігіп, жалғасып жатса, Шолақ Анқаты өзені мен Құспанкөл ауылы жанынан ағып жатқан өзен Шалқар көлі жанындағы балық зауытынан жоғары жерде мойындары түйісіп, біріне-бірі косылып, Шалқар көліне кеп құяды.

Аңырақай (Анырақай) – жер, с., Жамбыл ауд., Алматы обл. Бұл атау – түркі-моңғол тілдеріне ортақ. Атаудың негізгі түбірі *аңга* + *р*, *-ра*, *-қай* көне жұрнақтар, яғни «аңқиған, арсиған» деген мағынаны білдіреді (Э.Мурзаев, 1984, с. 50.). Ғ.Қоңқашбаев пікірінше: *ангарқай* – «тау ішіндегі сай, шатқал».

А.Әбдірахманов бұл атаудың түркі-моңғол тілдеріне ортақтығын айта келіп, *оң* // *онг* түбіріне *ыр-а*, түркі тілдерінде етістік жұрнақтары мен қай жұрнағы арқылы жасалып, «ашық, аңырайған» деген мағынада қолданылған деп болжайды.

Ә.Қайдаров атаудың бірінші сыңарын түбір сөз ретінде танып, оның мән-мағынасын былайша түсіндіреді. Яғни

аң – «жарық, сызат», *аңқай* < *аң* + *қай* «*аңыраю, айқара ашылу*». *Аң* – «дала, алаң, алқап»; оңт. диал. *аң жер* – «егіндік дала» (А.Қайдаров, 1986, 187). Демек, *Аңырақай* топонимінің мағынасы «тау ортасындағы ашық алан, кен жер, алқап» дегенге саяды. Жердің жағрапиялық объектісі, кескін-көркі, бедері сол атауға толық сәйкес келеді.

1729 жылы Балқаш бойындағы Далатау – Итішпес көлі деген жердегі қазақтардың калмақтармен шайқасы тарихта Аңырақай шайқасы аталып кеткен. Осы ірі шайқаста қалмақ батыры Аңғырық пен қазақ батыры Шапырашты Сағай батырдың ұлы Бөлек батыр жекпе-жекке шығып, Бөлек батыр Аңғырықты өлтіреді. Қазақтар оның есімін өз тіліне бейімдеп *Аңырақ*, *Аңырақай* атап кетіпті.

Бұл жөнінде Қазыбек бек Тауасарұлы: «*Аңырақ* – қалмақшасы Аңғырық Далатаудағы «*Аңырақай* өлген жер» деп жүріп, Аңырақай атанып кеткен» -- дейді.

«Халқымыздың Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ең ірі жеңісі – Балқаш бойындағы Аңырақай айқасы. Ойраттың аңыраған дауысын күллі қазақ түгел естігендей болған соң шайқастан кейін ұрыс даласы Аңырақай аталып кеткені белгілі» деген Елбасы Н.Назарбаев сөзі де халық аузында ғасырлар бойы айтылып келе жатқан аңызды құптай түседі («Егемен Қазақстан», 2001).

Арал (Аральск) – Қызылорда облысы, Арал ауданының орталығы, 1938 жылдан облысқа бағынышты қала. Қала аты Арал теңізі атынан қойылған.

Арал теңізі (Аральское море) – Өзбекстан және Қарақалпақ жерлерімен шектес. Жалпы алабы 51,1 мың км², ең терең жері 61 м. болған тарихи теңіздің бұл күнде құрғап, жоғалуға айналғаны жер жүзіне белгілі болып отыр. Сырдария мен Амудария суларының соңғы жылдары көбеюімен байланысты су тасқындарды арнасына құйылу үстінде. Осыған қарағанда, басқа да ұйымдастыру жұмыстарының істеліп жатқанын ескергенде, болашақта Арал

теңізінің арнасы толып, қалпына келуі мүмкін деген үміт пен сенім халықты қуанта түсуде.

Тарихи жазба ескерткіштерінде біздің заманымыздың III ғасырына дейін ол Оксин көлі аталған.

Клавдий Птолемей «Альмагестаның» 22-ші картасында Арал және Каспий теңіздерін көрсетеді. Жаңа дәуірден 138 жыл бұрын Қытай империясының елшісі Чжан-кянь: «Кангюй мемлекеті үлкен теңіздің жағасында. Бұл түстіктегі Арал теңізі», – деп жазған. Бұл дәуірде Кангюй мемлекеті қазіргі Ферғана облысынан Ауғанстанға дейінгі жерді иемденгені тарихтан мәлім.

Арал теңізі болса, ол кезде көне Сармат көлінің тармағы еді. Қайназой дәуірінде Арал теңізінің Каспий теңізімен жалғасып жатқаны да тарихи деректерде айтылған. Бұрын Амудария (Оксус) өзені Каспий теңізіне құйған болса, Сырдария өзені Арал теңізіне құйған. Арал теңізінің бірнеше атауға ие болғанын түрлі елдерінің саяхатшыларының жазбаларынан кездестіреміз. Арабия саяхатшылары Ибн-Хордадбектің мәлімдеуіне қарағанда, Арал теңізі 865 жылы **Курдер** аталса, Әл-Масуди өзінің 943 жылғы еңбегінде оны **Куржани** деп көрсеткен. Әл-Истархи 961 жылы оны **Казбин**, Әл-Хафизі 1339 жылы Абруда, Бекрон XIII ғасырда **Женут** деп жазған.

Көптеген зерттеушілер арал сөзін орал-алтай тілі бірлестігіне жатқызады. А.К.Матвеев венгер тіліндегі *ar/er* – «су ағысы, таскын» десе (А.К.Матвеев, 1959, с. 185), Е.И.Рамбандеева оның манси тіліне тән *ara* – «өзен» деген сөз екенін айтады (Е.И.Рамбандеева, 1965, с. 205).

Ар компонентті топотерминдер түркі тілінің көбінде бар. Өзб., *орал*, шор. *аргы* – «арал», «өзенінің иіні, түбегі», тув. *арыг* – «жайылымдардағы ағаштар», як. *арал* – «өзен алабы», хак. *арал* – «өзен қолтығы, ағысы».

Бұл тілдердің көбінде ол топотерминдер жеке атау, өзен аттары ретінде де айтылады. Қаз. *Арал* (теңіз), башк. ар – Танап өзенінің сол жақ тармағы; *Эри* – Буй өзенінің тармағы, *Эрйылга* – Усен өзенінің сол жақ тармағы» (А.А.Камалов, 1970, с. 41). Якут тілінде *Арыы* – «арал», *Улу*

Арыы – «үлкен арал», *Уон Арыы* – «он арал» (Багдырыын Сютбэ, 1985, с. 54-56.).

Қорыта келгенде, *арал* сөзінің негізі, тура мағынасы – «су, өзен, бұлақ, көл», «арал, өзен, көл аралы» дегендер қосымша, ауыспалы, екінші мағына. Ал қазақ тіліндегі Арал атауының тура мағынасында қолданылып келгенін, «көл», «теңіз» сөздерінің кейінгі дәуірлерінде, көл аумағының ұлғаюымен байланысты қосылған үстеме мағына екенін байқаймыз.

Қызылорда өңірінде осы теңіз атына қойылған қала бар (1938 жылдан облысқа бағынышты), Арал ауданының орталығы. Теміржол стансасы, «Аралтұз» өндірістік білестігі жұмыс істейді. Оренбург-2 – Ташкент темір жолын 1985 ж. салумен байланысты кеме жөндеу, жасау зауыты дүниеге келген.

Арғанаты (Арганаты) – тау, Ұлытау ауд., Қарағанды обл. Атаудың шығу төркінін талдаған ғалымдар халық этимологиясындағы: 1) «арғын ата»; 2) «арыған ат» сияқты болжамдарды көрсетеді де, ғылыми этимология бойынша: «монғол тілі негізіндегі *арга* // *аргалын* тұлғасына түркі тілінің *ты* (*ты* < *ту* < *тау*) морфемасының қосылу нәтижесінде жасалған «арқартау» мағынасындағы атау» ретінде пайымдайды (Қойшыбаев, 1985, 50). Бұл пікір бұдан он жыл бұрын айтылған А.Әбдірахмановтың ой толғамын қайталау сияқты. Онда: «Атаудың түбірі *арғана* көне алтай заманында «арқар», «тау ешкі» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде «арғал», ал түркі тілінде «арқар» түріне көшсе керек. Ал *-ты* жұрнағы – осы заттың бар екендігін білдіретін, Алматы, Бұғыты, Ырғайты тәрізді атауларда сақталған туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ», – деген еді (А.Әбдірахманов, 1975, 64). Тау аты арқар сөзімен байланысты да болуы мүмкін. Бірақта тау атының, оның табиғи құбылысына, көрік-кескініне де байланысты аталу жиі кездесетін жайт екенін ескеру қажет сияқты. Мәселен, Алатау, Қаратау. Біздіңше, атаудың *арған* сыңарының түп төркіні – «арқа». Оның тура

мағынасы – «ту сырт, арқа» болса, географиялық термин ретінде түркі тілдерінде: *арға*, *арқа*, *арқан* тұлғаларында келіп, бірнеше мағынаны білдіретінін көреміз. Мысалы: тува, хакас тілдерінде: *арға* – «тау орманы», «тайга», «көлбей созылған қыр, қырат, жота», алт. *арқа* – «тау етегі», «орманның терістік жағы», ноғай, құмықша *ар-ка* – «қорған», «шын», «таудың ұшар басы», «тау тізбегі», «таулар», башк. *арқа* – «тау жылы», «биікті», эвен. *ар-кан* – «арқа», «иін». Бұл дәлелдерге сүйенгенімізде, *Арғанаты* атауының бірінші сыңарындағы *арған* (арқан, арқа) сөзін «тау қыраттары, сілемі, тізбегі» деген мағыналы сөз деп білеміз, ал екінші құрамдағы *ат* тұлғасын көне түркі алтай дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші деудің реті бар. Ол жалғауды Арқат, Дарат, Нұрат және Дулат Керейіт тәрізді жер-су, ру аттары құрамынан көреміз. Ал атау соңындағы *ы* – кейінгі кезеңдерде қосылған қосымша.

Демек, *Арғанаты* атауы «бір-бірімен жалғасқан тау тізбектері, қырат-жоталар, тау сілемдері» деген мағынаға жуық.

Арқа (Арқа) – республикамыздағы ірі географиялық объект. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақстанды білдіреді.

Арқа туралы осы өңір түлегі, оның географиясын, ел-жұртын жетік білген Құрбанғали Халидтің 1910 ж. жарық көрген «Таварих-и Хамса-йи шархи» атты еңбегінде деректер бар. Ал Б.Х.Қармышева мен Ж.Х.Қармышева мына төменгі үзіндіні келтіреді: «Алтай ман Орал аралығын алып жатқан, қашықтығы 2500 км. зор аймақ: Оң Арқа және Сол Арқа (Оңтүстік Арқа және Солтүстік Арқа) боп екіге бөлінеді. Осы аймақта көшіп-қонып жүрген тайпалардың бәрі Арқа елі аталады. Және де олар өзара тау елі, ой елі деп бөлінеді» (Б.Х.Қармышева, 1980, с. 110-111).

Әбілғазы Бахадурдың «Түркімен шежіресі» атты еңбегінде Арқа //– Дешті //– // Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде қолданған. Осы көрсетілген Арқа

сөзін А.Н.Кононов әуелде «северный», соңынан «север» деп аударған.

Арка – Орталық, Шығыс және Солтүстік Қазақстанды қамтитын ірі де үлкен аумақ (территория).

Арка сөзі түркі тілдерінде көбіне географиялық термин ретінде қолданылады. Қарақалпақ. *арқа* – «арқа тұс, сырт жақ», түркімен. *арға* – «солтүстік», тув. хакас арго – «тайга», «тау орманы», «созылып жатқан жон», якут. *арга* – «арқа», «сырт жақ», «батыс», башқ. *арқа* – «тау жалы», «биіктік», монғ. *ар* – «арқа», «арт жақ», «солтүстік», қырғ. *арқа* – «солтүстік». Бұл дәлелдерге қарағанда, «*арқа*» сөзінің түркі тілдерінде ерте замандардан барын көреміз. Осы көрсетілген мағыналардың ішінде, Ә.Нұрмағамбетовтың байқауынша, *Арқаға* сәйкес келетіні «батыс» немесе «солтүстік» ұғымдары. Демек, *Арқаның* алғашқы мағынасы қазіргі кездегі «батыс» не «солтүстік» ұғымы болмақшы» (Ә.Нұрмағамбетов, 1994, 9 б.). Бұл өлкедегі Жаңаарқа, Сарыарқа, Арқалық атауларының жасалуына да осы «ар-қа» сөзі негіз болған.

Арқалық (Арқалык) – 1963 жылдан Қостанай облысындағы қала. Оның ірге тасы 1956 ж. поселке ретінде Торғай боксит кенін игерумен байланысты қаланған еді.

Жағрапия маманы Ғ.Қонқашбаевтың айтуына қарағанда, «арқалық – жалдары тегістеу, бірдей, аласа келген жота, қырат» (Ғ.Қонқашбаев, 1951).

Сол жерде туып-өскен, жер жағдайын өте жақсы білетін Ә.Нұрмағамбетовтың «Арқалық» атауына берген анықтамасы ғылыми тұрғыдан тиянақты да нанымды деп бағалаймыз. Түркі тілдері материалдарын салыстыра келіп, олардың көбіне *арқалық* сөзі «таулы», «таулы жер», «жоталы», «биік», «үстірт жер» деген мағына беретінін көрсетеді. Арқалық өз атауы орналасқан жердің бедеріне байланысты иеленген, дәлірек айтқанда, түркі тілдерінде ертеректе жоталы, үстіртті жерлер *арқалық* сөзімен аталған деуге болады», – деп пайымдалған (А.Нұрмағамбетов, 1994, 9-10 б.).

Арыс (Арысь) – Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұзындығы 346 км., су алабы 13870 км² ағынды өзен. Арысқа бірнеше өзен құяды. Олар: Аксу – ұзынд. 130 км., алабы – 907 м², Бадам – ұзынд. 141 км., алабы – 4329 км²., Машат – ұзынд. 60 км., алабы 561 км²., Жабағылысу – ұзынд. 38 км., алабы 221 км²., Қарағашты – ұзынд. 29 км., алабы 231 м²., Орбұлақ – ұзынд. 18 км., алабы 56 км²., Сарыбұлақ – ұзынд. 34 км., алабы 233 м²., Шұбарсу – ұзынд. 28 км., алабы 206 км²., Қабылсай – ұзынд. 45 км., алабы 1700 км².

Осы өзен бойындағы Арыс қаласы 1956 жылдан бері өсіп, көркейіп келеді.

Қызылорда облысында, Бетпақдаланың батысында ащы-тұзды, алабы 173 км² көл аты да Арыс.

Арыс атауы – көне заманнан келе жатқан тарихи атау. Оның мән-мағынасын, шығу тегін тіліміздің сөз байлығына тән лексикадан іздеу өте қиынға соғады. Атаудың бірінші құрамындағы *ар* сөзі үндісуропа және орал-алтай тілдерінде *ar* – «өзен» мағынасын білдірсе, екінші құрамындағы *ыс* тұлғасын да сол тілдердегі *ос* (*-ус, -ас, -ыс*) – «өзен, су» мәніндегі сөз екенін ғалымдар айтқан. Олай болса, Арыс атауының мағынасы «су, өзен» дегенге саятындай. Әлбетте, бұл болжам ғана. Оны анықтау, нақтылай түсу болашақ мамандарың борышы болмақ.

Әділхан Байбатшаның айтуынша: «Арыс тайпасы б.д.д. V-IV ғасырлар шамасында Қазақ даласының қастерлі ұлдарының бірі Үйсін бытыраңқы сақ тайпаларын біріктіріп құраған Ұлы одақтың (жүздің) құрамына кірді.

Сырдарияны Эллиндер *арыс* тайпасының атына байланысты Аракс деген. Ал солтүстікте *Арысқұм, Арыс көлі* арқылы Ұлытау, Көкшетау өңіріне дейінгі аралықтағы аймақты мекендеген Сақ тайпасы. Қазіргі Арыс өзені, Арыс көлі, құмы осы тайпа мекендеп, атын қалдырған жер-сулар.

Геродот Сырдарияны *Аракс* өзені деп осы аймақты мекендеген *Арыс* тайпасына байланысты атаған» (Әділхан Байбатша, 63, 64, 65). Бұл құнды пікірдің маңызды екенін

ескере отырып, болашақ зерттеушілердің өз жұмыстарында пайдаланары сөзсіз.

Асы (Асы) – жер, жайлау, өзен. Еңбекші қазақ ауд., Алматы обл. Биік таудағы өзен аты да, жайлау аты да осылай аталады. Негізгі мағынасына зер салсақ, көне түркі тілінде *jazi* – «дала», «жазық», «кең алқап», өзб. *yasi* – «жазық», түркім., әзерб. *язы, язи* – «дала», «жазық». Бұған қарағанда, Асы атауы әуел бастағы *jazi, язы* сөздерінің замандар бойы тіліміздің дыбыстық өзгерісіне ұшырап, тұлғалық жағынан түрленген қалпы деп қарауға болады. Осы Асы өзені ағып жатқан тау етегінің кең жазық екені де жер-су атының қойылу себебін дәлелей түскендей.

Алайда Ә.Байбатша ғалым Ю.Зуев пікіріне сүйене отырып, оның сөзін: «Ассақтар, яғни *асы* тайпасы б.д.д. V-IV ғ. құрылған ұлы жүз одағының бірі болып, үйсін мемлекетінің құрамына кірген» – деген сөзіне жүгінген. Асылардың Сарыарқаны мекендегенін Ә.Марғұлан айтса, Жетісу өлкесінде, Асы өзенінің бойынан осы тайпаның ерте кездерден бергі қоныстарын археолог Т.Сенигова тапты. Демек, бұл пікірлерге қарағанда *Асылар* қазақ даласын мекендеген сақ тайпаларының үлкені. Бұған қарағанда жеріміздегі Асы атымен байланысты жер-су аттарының сол тайпа атынан қойылғанын байқауға болатындай.

Атасу (Атасу) – өзен, жұм. кенті, ауыл, ауд. орт. Жаңаарқа ауд., Қарағанды обл. Атасу өзенінің ұзындығы 184 км, алқабы 5715 км².

Әуел баста осы атау өзенге, кейінен сол жерде пайда болған ауыл, жұмысшы кенттеріне қойылған болу керек. Мағынасы, өзі айтып тұрғандай, «басты, негізгі, үлкен өзен» дегенді білдіреді.

Атырау (Атырау) – облысқа бағынысты қала, Атырау облысының орталығы. Ерте кезде бұл жерде Үйшік атты шағын ғана балықшы қыстағы болған. 1645 ж. оның орнына орыс патшасы Михаил Федоровичтің әмірімен

Гурьев деген көпес тас қалашық салған. Бұл жер соның есімімен Гурев қаласы аталып келеді де, 1992 жылдан Атырау қаласы аталады. Осы *атырау* – лексикасы көбіне топонимдерде сақталған ескі термин. Үлкен айдынды көлдің не теңіздің сала-салаға бөлініп, тармактанып, шығанақтар мен арал, саға, мүйістер пайда болатын жағалауы. Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауын, теңіздің алабын қоса, жергілікті тұрғындар күні бүгінге дейін *атырау* деп атайды дегенді Э.М.Мурзаев еңбегінен оқимыз (Э.Мурзаев, 1984, с. 59.). «Атырау» туралы айтқан Ә.Нұрмағамбетов сөзі де көкейге қонымды. Бұрын «арал» мағынасын берген *атыраудың* «саға» сөзінің ұғымына жармасуында да табиғи заңдылық бар. Қандай өзен болмасын, мұхитқа немесе теңізге құйылар жерде арнасы сала-салаға бөлініп, әр саланың арасында кішігірім құрлықтар пайда болады. Міне, осы құрлықтар өзіне ертеден тән атау «атыраудың» талап еткендей болады. «Атыраудың» сағамен қосарлана қолдануының басты себебі осы деп ойлаймыз (Ә.Нұрмағамбетов, 1994, 10 б.).

Ғалымның бұл пікірін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі»: «*Атырау* – араб тілінде өзеннің теңізге құятын сағасы», – деген (ҚТТС, I том, 1974, 449 б.) түсінік дәлелдеп әрі толықтыра түскендей.

Аягөз (Аягөз) – 1913 ж. Түркісіб темір жол құрылысын салумен байланысты дамып, 1931 жылдан қала болды. Аягөз өзені бойына салынған. Аягөз өзенінің ұзындығы 253,3 км., су алабы 7340 м². Аудан орталығы.

«Аягөз» атауының шығу төркіні туралы ғалымдар пікірлері әр ұдай. С.Нұрқанов пен Е.Қойшыбаевтар: «*Ай* – «тайпа аты», *гөз* < *гүз*, *үзүз* – «өзен» мәніндегі атау», – десе (Н.Нұрқанов, 1967, 7 б.; Е.Қойшыбаев, 1975, 55 б). А.Әбдірахманов пікірінше: «*Ай* (ай, жақсы, кіші) + *үзүз* (өзен, су) > *Айүзүз* > *Аягөз*» (А.Әбдірахманов, 1975, 67б.). Атаудың екінші құрамындағы *гөз* сөзінің < көне түркі тіліндегі *үзүз* < *гүз* < *гөз* – «өзен» деген сөз екендігін қолдаймыз. Ал оның бірінші құрамындағы *ай* – «тайпа» (ай

тайпасы) дегеннен гөрі, тіліміздегі *ая* – «жақсы», «әсем». «әдемі» сөзіне етене жақын деп білеміз. *Аягөз* «жақсы, әдемі», «ерекше өзен» деген мәнде қойылса керек.

Аяктуайт (Аяктуайт) – тау, биік. 692,4 м. (Бастуайт тауының сілемі) Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. Бұл тауды «*аяқ-ту-ай*» (*m*) тұлғасындағы этнотопоним» деп түсіндіру бар (Е.Қойшыбаев, 1985, 56 б.). Атаудың бірінші сыңарындағы «*аяқ*» сөзі «төменгі жақтағы» деген топонимдік мағынаға ие деп қарасақ, оның «*туайт*» сыңарын Таулы Алтай, Шығыс түркі тілдеріндегі «*табат*» топонимінің параллелі, ол негізінен монғолдың *давтай* (<*dobutai*) – «жоталы, төбелі, қыр, қыратты» сөзінің дыбыстық тұлғадағы өзгерген түрі деп қарауға болады. Демек, атаудың «*туайт*» сыңары монғолдың *dobutai* сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп білеміз. Олай болса, «*Аяқтуайт*» – «төменгі жақтағы төбелер мен жота. қырлар» деген мәнге ие деп жорамалдаймыз.

Аят // Әйет – с., өзен; көл; Денисов ауд., Қостанай обл. және Солтүстік Қазақстандағы жұмысшы кентінің аты. Әйет өзені – Тобыл өзенінің сол жақтағы ірі тарамы. Ресей Федерациясының Свердлов облысында Аят деген көл, одан ағып шығатын өзен және осы көл мен өзен атынан қойылған жұмысшы кенті бар. Біздің байқауымызша, осы Аят атауы мен Қостанай облысындағы Әйет атауы, фонетикалық тұрғыдан жуан әрі жіңішке тұлғада айтылғанымен, бір атау, яғни Аят екені анық та айқын. Бұл атаудың түркі тіліне тән екендігін XVII ғ. Ресей ғалымдары дәлелдеген. «Юрт в поле на озере на Аяте, живут татаровя и остаки», – пікір барын тілге тиек ете отырып, А.К.Матвеев: «*Аят* – «құран қағидасы» дегенді білдіретін араб сөзі екендігін айтқан В.А.Ложкин», – деп жазды (А.К.Матвеев, 1980, с.24).

Е.Қойшыбаев бұл атау жөнінде: «*Аяз* тұлғасындағы көне түр. Қазақ тілінің аякқы (тіс алды еріндік) *dz* дыбысты тіс алды қатаңға айналып, *аят* формасын қабылдаған түрі.

Мағынасы «алаң, жазық», – деп жазды (Е.Қойшыбаев, 1985, 56 б.).

Б.Илиясовтың: «Әйет жеті тармаққа бөлінеді: Аршалы Әйет, Қарағайлы Әйет, Қамысты Әйет, Мұқыр Әйет, т.б. «Жеті көл» мәніндегі түркі сөзі», – деген пікірін Б.К.Бектасова өз еңбегінде келтіргенмен, осы Аят/Әйет/ атауы жайлы өз пікірін айтпаған (Б.К.Бектасова, 1966, с. 16).

Біздің пікірімізше, бұл атау көне түркі-монғол тілдеріне тән. Өйткені оның «Аян» тұлғасы өзен, көл аттары ретінде якут, бурят тілдерінде бары, Таймырда Аян атты өзен, көл, Байкал көлінің солтүстігінде, Иркут облысында Аян өзені, Колымада Аян-Юряк өзені, Камчаткада Аянка өзені бары географиялық картада көрсетілген. Якут тілінде аян – «кұрғап қала беретін шағын көл, кететін су арнасы» деген мағынаға ие (Мурзаев, 1984, с. 61).

Біздің пікірімізше, Әйет (Аят) ру атынан не кісі атынан қойылған атау болса керек.

Әуликөл (Аулиеколь) – Қостанай облысындағы көл; елдімекен. Халық аңызында: «Көл бір күнде аяқ астынан құрғап, жоқ болып кетіпті де, түнде қайтадан пайда болыпты. Содан соң оны *Әуликөл* атап кетіпті».

Атаудың құрамындағы *әулие* сөзі – арабтың «қасиетті, киелі адам, қыдыр» дегені, «көл» – төл сөзіміз.

Көлді халықтың бұлайша атауы – оның басқа да қасиеттеріне, әсіресе емдік, шипалық ерекшеліктеріне де байланысты болса керек.

Байдалы (Байдалы) – көл, Аршалы ауд., Ақмола обл. Абылай хан билерінің ішіндегі білгір де шешен, ақылды да алғыр биі екен. Кезінде ел ішінде «Абылай аспас асқар бел» деген лақап аты да жайылыпты. «Бірде Абылай хан бір жас батырын жасаған қылмысы үшін айыпқа бұйырып, жазаламақ болыпты. Содан оны жан-жағынан қоршаған төленгіттер үш тағанды ағаш қыспаққа отырғызып, бүрістіріп қояды. Батыр жігіт Байдалы биге жүгінгендей

бақырая қарайды. Өйткені ол Байдалы бимен рулас екен. Қатты намыстанған би жігітке қарап: «Неменеге бақырайып қарайсың, ешкі құрлы қаукарың жоқ па, соятын кезде ешкі де бақырады ғой!» – деп ашуланыпты. Содан соң Абылай ханға бұрылып: «Хан! Сен қалың қазақтың ішінде отырған ат төбеліндей ғана төресің, қалың қазақ қаптап кетсе, қайда барарыңды білмей қаларсың. Халық қаһарына ілінбей, мына батырыңды босат!» – деген екен. Байдалы бидің қаһарынан сескенген хан жас батырды босатып жіберген», – деген халық аңызын «Ана тілі» газеті 1991 ж. бір санында «Абылай аспас асқар бел» деген тақырыппен жариялаған еді.

Байқоңыр (Байқоныр) – ғарышкер қаласы, Шұбартеңіз көліне құятын ұзындығы 207 км. өзен, Жезді селосынан 96 км. жердегі село. Топоним «бай» және «қоңыр» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Тіліміздегі «бай» сөзі көп мағыналы: 1) ауқатты, әлді, мол, көп, көл-көсір; 2) шексіз көп, ұлан-асыр; 3) ауыс. Ұшы-қиыры жоқ, шексіз. Қоңыр: 1) қоңырқай, сұрғылт (түс); 2) ауыс. (дауыс туралы) қоңыр, майда, жұмсақ дауыс, үн; 3) ауыс. (жайлы мінез) тыныш, біртоға, жайлы; 4) ауыс. (ауа райы туралы) салқын, қоңыр күз, т.б. «Қоңыр» сөзі арқылы жасалған топонимдердің де мағыналарының басқа тілдерде әртүрлі екендігі сөзсіз. Мәселен, монғолша хонхорхой – «шұңқыр, ойпат, үңгір, сай, жыра» (МҚС, 1954, 262 б.). Осы тілдегі *хон-гур* – «сарғыш, қоңырқай», *хонор* – «төбе, төбешік, қырат»; «күштілік» мәндегі сөз.

Шексіз өлкені алып жатқан Байқоңыр жерінің бет-бедері де әр алуан. Кең-байтақ осы сар даланың, оның ойпаттары мен құмды-құмайт жерлерінің түсі де, жер бетіндегі шөптесін өсімдіктерінің түсі де сарғыш тартып, күн күйдіруінен «қоңырқай, сұрғылт та сарғыш түске бай өлке» болуына байланысты осы атау қойылса керек.

Бақай (Бақай) – тау, Еңбекші казак ауд., Алматы обл. XVIII ғ. жоңғар қалмақтарымен жаугершілік заманда

казактан шыққан Бақай батыр осы тауды бекініс, қорған еткен екен. Содан бастап бұл тау батыр құрметіне Бақай тауы деп аталыпты. «Батыр осы таудың басына шығып, Талдықорған жеріндегі Матай тауындағы бекініс құрған Матай батырмен шартты белгілер арқылы тілдесіп отырыпты. Сондықтан осы екі тау екі батыр атымен Бақай, Матай таулары атанып кетіпті», – дейді халық аңызы.

Бақанас (Баканас) – өзен, с., Балқаш ауд., Алматы обл. орталығында Бақанас атты өзен, Солтүстік Қазақстан обл.-ның Аягөз ауд.-да және сол облыстың шығысында Нарын, Бақанас, Іле өзенінің бойында Орта Бақанас, Шет Бақанас тұлғаларында да кездеседі. Ғ.Қоңқашбаев: «*Бақанас* – монғолдың *баганьус*, яғни «келте су» мағынасындағы атау», – десе, А.Әбдірахманов: «*Бақанас* атауы бақан(*a*) + *c* элементтерінен жасалып, «бақандар», яғни «өзен салалары» дегенді білдіреді», – дейді (А.Әбдірахманов, 1975, 71 б.). Ал Е.Қойшыбаев: «Түр. *бақан (бақай)* – «айыр» және көне *ас (аш > уш > ус > үс > үш)* варианттас «су» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау. *Бақанас* – «тарам су» ұғымын береді», – деп түйеді (Е.Қойшыбаев, 1985, 61 б.).

Біздіңше, атаудың бірінші сыңарындағы бақан сөзі – түркі-монғол тілдеріне ортақ, көне тұлға. Топонимдер құрамындағы *бақ, бақа, бақан* сөздерінің түп мағынасы «кішкене, қысқа, келте, шолақ» дегенге саятындай. Өйткені тіліміздегі *бәкене* – «аласа, тапал», «кішкене» сөзі бақана сөзінің жіңішке тұлғасы болса керек. Демек, *Бақанас* «тарам, айрық» деген мәннен гөрі, «кішкене, қысқа, келте, шолақ өзен» деген мағынаға бейім тұрғандай.

Бақсұк (Баксук) – өзен, Ақмола обл. Атаудың бірінші сыңарындағы «*бақ*» сөзі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы (бұрынғы Жезді ауд.) «Баксай» топонимінің де құрамында кездеседі. Ол монғолдың «*бага*» – «кішкене, кішкентай» (МҚС, 1954, 31 б.) мәніндегі сөзінің тілімізге бейімделіп, «бак» боп қысқарған түрі. Оны араб тілінен

енген «бақ» (бахыт) сөзінің қысқарған тұлғасы деп қарау оғаштау. Ал екінші сыңарындағы «сұқ» – қазіргі «су» сөзінің көне тұлғасы, яғни «Баксұқ» атауының мағынасы: «кішкене су, қысқа өзен».

Баладересін (Баладересин) – с., Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. Топоним құрамындағы *бала* сөзі «кіші», «кішкентай» деген мағынаға ие. Ал екінші құрамындағы *дересін* сөзінің түбірі *дере* (варианты – дара) түрік, тәжік тілдерінде «сай, жар, тау қыспағы, тау өзені» деген мағынаны білдірсе, қырғыз тіліндегі *дере* (иран тілінен енген) – «тау қыспағы, қылтасы», «сай», «жыра»; қырым татарларында *дере* – «жыра», «тар соқпақ»; лақ, лезгинде – «сай», «жыра»; ауғанда *дара* – «сай», «өзек»; парсыда *дере* – «сай», «өзек»; деген мән-мағыналарға ие (Э.Мурзаев, 1984, 171). Олай болса. *Баладересін* атауының «кішкене сай, жыра, қыспақ» деген мағынаға ие екенін көреміз.

Балқаш (Балхаш) – Балқаш-Алакөл ойпатындағы ақпайтын тұйық көл. Бұрынғы замандары Атырау көл, Көктеңіз деп те аталған. Тереңдігі 26 м-ге дейін, алабы 17-ден 22 мың км-ге дейін ауытқып тұрады. Көптеген шығанақтары мен жайылымдары бар. Сарыесік жарты аралы оны екіге бөліп тұрады. Батысына Іле өзені құяды да, шығысынан Ақсу, Қаратал, Лепсі өзендері кеп құяды. Оның суы жартылай тұщы (батыс жағының суы тұщы да, шығыс жағы – тұзды). Қараша айында қатып, сәуір айында ериді. Негізінен балық шаруашылығына пайдаланылады. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әртүрлі пікір бар. Әуел баста ол *Балықаш* аталып, кейіннен *Балқаш* боп қалыптасқан болу керек. Өйткені көне түркі тілдерінде *балық* – «су, өзен» деген сөз болғаны тарихи деректерден мәлім. Сол бал – «балшық, батпақ», «су» мәніндегі түбірден өрбіген сөздер: *бал + быр*, *бал + дыр*, *бал + шық*, *бал + ық*. Жоғарыдағы айтылған бал түбірінің варианттары семит-хамит тілдерінде: *b (w) l* – «дымқыл, су»; алт. *bul* (лайлау, былғау), монғ. *bul* – «балшық, лас, былғаныш», калм. *bula*

– «кір, балшық», эвенкі тілінде *bu (ca)* – «батпақ, саз». Ә.Қайдаров пікірінше де: *бал [ba]* – «сулы, балықты, батпақты, балқаш < *бал + қаш* – «балшықты жер», «саз», *балшық* < *бал + шық* – «сұйық, жабысқақ батпақ, балшық», *балжыр* < *бал - жыр*» – «сулы, дымқылданған, былжыраған», салыстыр.: *мал//мали* (Ә.Қайдаров, 1986, 191 б.). Сонымен, *бал (ba)* («балшық, батпақ, су») түбірі жайлы Ә.Қайдаров пікірін қолдай отырып, оның *қаш* компонентін ескі қосымша (*қ + аш*) деп саралап, *аш* қосымшасын орал-алтай тіліне тән топонимдік формат (қазіргі кезде) деп қараймыз. Алайда оның ерте замандарда «су, өзен» деген мағынадағы дербес сөзкендігі де ғалымдар тарабынан дәлелденіп отырғаны мәлім. Бұл *аш // ас* сөзі республикамыздағы Қорғас, Текес, Келес, Ертіс, Құяс атаулары құрамдарында күні бүгін де ұшырасады. Олай болса, «*Балқаш*» – «жағасы балшықты, батпақты, суы көп, мол көл» деген мәнді білдіретін атау деп білеміз. Алайда К.Ш.Хусайынов айтқан: «Балқаш гидронимінің құрамы *бал* түбірлі морфемаға етістік тудырушы қосымша *-қ-*, оған дауысты *-а-*, және есім қосымшасы *ш-*ның қосылуы арқылы жасалған... Оның қойылу уәжі дыбыс еліктеуіш б/п...дыбысы негізінде келіп Балқаш гидронимі жасалған» деген пікірін де ескеру абзал болмақ (Хұсайынов К. 1988, 183, 184).

Бұл көл атын алған шаһар – іргетасы 1937 ж. қаланған, Балқаш көлі жағасындағы, Қарағанды обл-на қарасты қала. Балқаш көлінің солтүстік жағында кеме тоқтайтын орын (пристань) – айлақ және де қалада темір жол стансасы бар. Түсті металлургия орталығы, тау-кен металлургия комбинаты, балық шаруашылығы, Ғылым академиясының ботаника бағы орналасқан.

Қала аты Балқаш көлінің атымен аталады. Алматы облысындағы бір аудан аты да Балқаш аталады.

Басбайтал (Басбайтал) – тау, биіктігі 631,8 м. Ұлытау ауд. Барақ көлінің оңтүстігіндегі көл аты. Басқа облыстарда Алабайтал, Байтал тектес топонимдер жиі ұшырасады. Бұл

атаулардағы *байтал* сөзінің тіліміздегі жалпы есім *байтал* сөзімен байланысы жоқ сияқты. Өйткені оның *байса* тұлғасы бурят тілінде «тау» деген мәнді білдірсе, монғол тіліндегі «*байқ, байқа*» сөздері «жартас» мәніндегі сөзбен байланысты болуы мүмкін. Ал сөз соңындағы дауыссыз л монғол тіліндегі көптік жалғаудың көрсеткіші скендігі сөзсіз. Демек, *Басбайтал* – «жоғарғы жартас, басқы тау» дегенді аңғартса керек.

Басқамыр (Баскамыр) – мазар, Жез. ауд. *Бас* (зат есім) + *камыр* сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бірінші компоненттегі *бас* «басқы, жоғарғы», «алдыңғы» мағынасын білдірсе, екінші компоненттегі *қамыр* түркі, иран тілдерінде *қамар* ~ *кямер* ~ *кемір* тұлғаларында кенінен қолданылып «тау етегі, еңіс», «төбе, жота, шоқы» мағыналарын білдіреді. Салыстыр. тәж. *камар* «еңіс», «су орып кеткен арна», қырғ. *камар* «су орып кеткен жаға, жар», өзб. *камар* «ойық, ор», афғ. *камар* «төбе, жоталардың еңісі, етегі». Сондай-ақ монғ., бур. тілінде *хамар* «тұмсық», «мүйіс», «тау беткейі» деген сөздер де мәндес (Әбдірахманов, 1975, 185). Демек, *Басқамыр* топонимінің бірінші компоненті *бас* төл сөзіміз болғанмен, оның екінші компонентінің *камар* иран немесе монғол тіліне тән екендігі шүбәсіз болса керек. Олай болса, *Басқамыр* «басқы, жоғарғы тау бөктері, беткейі» немесе «басқы, жоғары тұмсық, мүйіс» деген мәндегі атау екенін байқаймыз. Ал иран, монғол тілдеріндегі *қамар* ~ *кямер* ~ *хамыр* сөздерінің дыбыстық өзгеріске түсіп *қамыр* тұлғасында қалыптасуы тіл заңына байланысты белгілі құбылыс.

Басқасауын (Баскасауын) – тау, Жанаар. ауд. *Бас* (зат есім) + *қасауын* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимнің бірінші компоненті *бас* «басқы, жоғарғы, алдыңғы, бастапқы», «негізгі» мағынасын білдірсе, оның екінші компоненті *қасауын* сөзінің этимологиясы белгісіз. Көне түркі тілінде *Qasuj* деген өзен аты болғаны

белгілі (ДТС, 430). Соған қарағанда ескі замандарда осы тау етегіндегі өзен аты Qasuj аталып, тау аты сол өзен атымен Басқасауын аталуы мүмкін. Ал Qasuj атауы кейінгі этаптарда *қасауын* формасына бейімделіп кетуі тарихи құбылыс болса керек.

Басойнақ (Басойнак) – тау, биік. 341 м., Жез. ауд. *Бас* (зет есім) + *ойнақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған тау аты. Бұл атаудың екінші компонентіндегі *ойнақ* сөзінің ойна-етістігімен ешбір байланысты болмаса керек. Өйткені хакас, тува, шор тілдерінде ол *оймак* тұлғасында айтылып «ой», «ойпан» мағынасын білдірсе, алтай тілінде *ойбок* тұлғасында айтылады да «шұңқыр, ойпат, ойпан» мәнінде қолданылады. Бұған қарағанда, *Басойнақ* топонимі «терең, үлкен ой, ойпат, ойпаң жер» дегенге жуық. Екінші бір тұрғыдан қарасақ, бұрын ойын-той, жастар жиналатын жерді *ойнақ* деген. Осыған байланысты болуы да мүмкін.

Бастуайт (Бастуайт) – тау, биік. 789,4 м, бұр. Приоз. ауд. Е. Қойшыбаев пікірінше: «*турр. басту*» (< *бас* + *тау*) + *ай* + *т*: *бастуайт*, яғни «бастаудағы айлар» мағынасын беретін этнопоним. Біздің ойымызша, бұл түсінік жансақ, шындыққа жанаспайды. Атау *бас* және *туайт* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Оның бірінші компоненті *бас* «басқы, негізгі, жоғарғы» мәнін білдірсе, екінші компоненті Таулы Алтай, Шығыс түркі тілдеріндегі *табат* топонимінің параллелі, негізінде монғолдың *давтой* (< *dobutai*) «жоталы, төбелі, қырлы» сөзінен болуға тиіс. Демек, Бастуайт топониміндегі туайт сол *dobutai* сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген түрі. Олай болса, топонимнің мағынасы: «негізгі, басты төбелер мен жота қырлар» болуы ықтимал.

Батықызыл (Батықызыл) – таулар, бұр. Приоз. ауд. *Баты* (сын есім) + *қызыл* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Топонимнің бірінші компоненті баты көне түркі тіліндегі *Batij* 1) дымқыл ойпат жер. 2) ойпаң, ой (ДТС,

1969, 89) сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген түрі болса, оның екінші компоненті *қызыл* «қызылт, күрен» мағынасын береді. Сонда *Батықызыл* «аласа келген қызғылттаулар» мағынасын білдіреді. Сонда Батықызыл «аласа келген қызғылт таулар» деген мағынаға сай сияқты.

Баянауыл (Баянауыл) – Павлодар облысындағы тау, аудан орталығы және аудан аты. Село және аудан аттары тау атынан қойылған. Бұл атаудың этимологиясын дұрыс ашқан Ғ.Қоңқашбаев: «Атау монғолдың *байн (бай)* + *ола (тау)* деген сөздерінен алынған. Жергілікті қазақтар тауды *Баянаула* деп атайды, ал оның шығыс биік жотасын Жақсыаула, батыс аласа жотасын Жаманаула деп атайды. Л.Левшиннің, П.Рычковтың еңбектерінде «Баян-Ола», «Баянаула» болып жазылған. Ш.Уәлиханов өз еңбектерінің бірінде Баянаула монғол сөзі екенін түсіндіріпті. «Баян-Ола деген тау аты Монғолияда жиі ұшырасады», – деп жазды (Ғ.Қоңқашпаев, 1959, 89 б.). Одан әрі «*аула*» сөзінің не себептен *ола*, *ауыл* боп өзгергені туралы ғалым еш нәрсе айтпаған. Ал А.Әбдірахманов атаудың *Баянауыл* болып өзгеруі басқа облыс қазақтарының әсерінен деуі ғылыми дәлел емес сияқты. Оның Баянауыл боп өзгеруі – тіліміздің ішкі заңдылығына сәйкес, өз тіліміздің айтылу әрі жазылуына бейімделуден болған құбылыс. Сөйтіп айтыла, жазыла келіп, *Баянауыл* тұлғасында қалыптасып кеткен. Атаудың мағынасы «тауы-қыры көп, таулы жер» дегенді білдіреді.

Беғазы (Бегазы) – тау, елді мекен, Ақтоғай ауд., Қарағанды обл. Акад. Ә.Марғұланның айтуынша, *Бегазы* атауы көне түркі тіліндегі *биік* және *азы* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Мұндағы *биік* сөзі дыбыстың құбылуымен «бек», «бегі» болып өзгерген. Ал аз сөзі сол жерде мекен еткен тайпаның аты. Бұл төңіректегі тауларды жинақтап Бесқазылық деп айтатынын, оған Қызыларай, Қарқаралы, Кент, Балқан (Қу), Бакты таулары жататынын жергілікті халық жақсы біледі.

Біздің байқауымызша, тіліміздегі *биик* сөзі көне түркі тіліндегі *begik* (ДТС, 1969, 91) сөзінен өзгеріп қалыптасқан. Ол сөз әзербайжанша – *bejuk* – «үлкен, ұлы, зор»; түркм. *beguk* – «жота, төбе», «құм жоталарының қыры, биігі»; тува. *beguk* – «тау»; хак. *позак* – «биіктік», «биік»; қырғ. *бийик* – «жоғары», «биік»; түрік. *b < yig* – «үлкен», «биік». Бірақ дағыстан тіліндегі бек – «басты», «негізгі», «биік» деген топонимдік мәнге ие (Мурзаев, 1984, 78).

Бұл нақтылы дәлелдерге қарағанда, *Бегазы* топонимінің *бег* компоненті (сыңары) – «биік, үлкен, зор» деген мағына білдіретіні анықтала түседі. Ал оның екінші сыңарындағы *азы* көне түркі этнонимі *аз < (haz)* дегенге жанаспайтын сияқты. Өйткені көне түркі тілдерінде (алтай, хакас, тува) *азых* – «асу», «бел», «ашық алаңқай», «кен дала», «алқап» деген мағынаға ие. Демек, *Бегазы* топонимінің екінші сыңарындағы *азы* сол *азых* сөзінің соңғы *х (g)* дыбысын түсіріп, қысқарған түрі деп білеміз. Олай болса, *Бегазы* топонимінің толық мағынасы: «биік асу, үлкен тау».

Бектауата (Бектауата) – тарихи тау, биіктігі 1215 м., с., Қарағанды обл. Халық аңыз бойынша: «Бектау ата және Бегазы деген екі әулие болған. Олар қашып келіп, осы тауды паналаған». Балқаш қаласының оңтүстік шығысында 60 км. жерде *Әулиетау* деп аталатын тау бар, жергілікті халық оны *Бектауата* деп атайды. Оның жанында Ұранқай деген шоқы бар. Әулиетау деп аталуы – тауға сыйыну, табынумен байланысты қойылса керек. Балқаш маңайын зерттеген ғалым П.Сарычев былайша жазады: «Бектауата-оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған «шамшырақ». Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдің астынан жарып шыққандай сұстиып тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында үлкен үңгір бар. Ол мөп-мөлдір тұщы суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бір қалыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді. Табиғаттың осы жұмбағының көріністері дала жұртының сезімін билеп, атаудың постпозитивтік

компоненті боп тұрған «ата» сөзін қостырғандай» (орысша текстен аударған Е.Қойшыбаев). Қазақстан жерінде ата тіркесімен аталатын жерлер (мәселен, Әулиеата, Сунақата, Асықата) көбіне сол жердің «киелі», «қасиетті», «әулиелік» құдіретіне байланысты халық нанымына сай қойылып отырған.

Демек, осы себептен *Бектауата* «қасиетті», «әулие», «киелі Бектау» деген мәнді аңғартады.

Белеуті (Белеуты) – өз., Жез. ауд. Қарасире өз.-нің оңт. шығ. жағ.-да. *Белеу* (зат есім) + көне аффикс *-ті* арқылы жасалған өзен аты. *Белеу* сөзі қазіргі әдеби тілімізде кездеспейді. Сондай-ақ көне түркі тілінде де осы формалы сөзді ұшыратпадық. О.Т.Молчанованың (1979) көрсетуінше Таулы Алтай жерінде *Беле* (*Беля, Белэ, Пеле, Пелэ*) тұлғалы топоним (тау, сай, жер, пос.) бар. Алтай тілінде *беле* «шетен» деген сөз екен. Бұған қарағанда өзен жағасында шетен көп, қалың өскендіктен «шетенді» аталуы мүмкін, яғни «шетені көп, қалың» деген мағынаны білдіреді. Ал сөз ортасындағы «у» дыбысы кейінгі кездерге қосылса керек. Географиялық көне формант *-ты, -ті* негізінде жасалған топонимдер республика жерінде аз емес. Мысалы: *Алматы, Бұғыты, Шідерті, Өлеңті, Сөгеті*, т.б.

Белкөл (Белколь) – Қызылорда обл., бұрынғы Сырдария ауданындағы елді мекен. Атаудың бірінші сыңарындағы *бел* – «асу, кезең», «аласа асу» мәніндегі географиялық термин. Бұл жайтты ескерер болсақ, *Белкөл* атауы «бел, асу» астындағы, «белді асқан жердегі көл» деген мағынаны білдіреді. Егер де *бел* сөзінің «басты, негізгі, үлкен» деген ауыспалы, қосымша мағынаға да ие екенін еске алсақ, *Белкөл* – «басты, негізгі, ең үлкен көл» деген мағынаға да ие.

Бестамақ (Бестамак) – село, Қарағанды обл., Жаңаарқа, Шет ауд.-да, п., Қостанай обл.-н Наурызым ауд.-да. Осы атаудың құрамындағы *тамақ* сөзі арқылы жасалған

географиялық атаулар баска түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы: Сібірде Стерлитамак, башқұртта Менеузтамак, Түмен облысында Кактамак (өзен), Қарғайтамак, Қырымда Тамак (жер аты), Солт. Кавказда Бештамак (бұл жерде Малка, Баксан, Чечем, Черек, Терек деген 5 өзен құяды), Қырғызстанның Ош облысында Түйе-Тамак өзен бар. Түркі тілдеріндегі *тамақ* сөзінің топонимдік термин ретінде мағынасы – «өзен сағасы, сай аңғары, кішігірім сайлар» (Мурзаев, 1984, 542). Бұған қарағанда, *Бестамақ* топонимінің «кішігірім бес сай. бес аңғар» деген мағынаны білдіретінін көреміз.

Бетпақдала (Бетпақдала) – республикамыздың Сарысу, Шу өзендері мен Балқаш көлі аралығындағы шөл дала. Жалпы аумағы 75 мың км².

Шығысы – Сарыарканың жалғасы, батыс жағы – балшықты, батпақты, тұзды-жусанды ен дала, шығысқа беттеген жағы – тасты, тастак келген, тек мал жайылымына пайдаланатын құба жон, қуаң дала. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы проф. Қ. Жұбанов: «Бетпақ – жалқы есім емес, сын есім тұлғалы жалпы есім, мағынасы: «*бақытсыз*» (иранның *бад, бах* сөздері)», – десе (Х.Жұбанов, 1966, 46 б.), А.Әбдірахманов: «Иран тілдеріндегі *бадбахт* сөзінің екі мағынасының бірі – «бақытсыз». Бетпақдала атауын жасаған да екіншісі – «оңбаған, бетсіз, арсыз» деген мағынада және ұрысу ретінде «*бетпақ*» түрінде әдеби тілге енген. Сонымен, сөздің этимологиясы мынадай: *бадбахт* (иранша – «бақытсыз») + *дала* (түрікше – жазық жер) – Бетпақ дала», – деп пайымдайды (А.Әбдірахманов, 1975, 80-81 б.). Біздің ойымызша, бұл атау *бет (bad)* + *бақ* + *дала* деген үш сөзден бірігіп жасалған. Оның үнді еуропалық *bad* – «жаман, нашар», *bake* – «жандыру, күйдіру» және казак тіліндегі *дала* сөзінен жасалғанын көреміз.

Сонымен, Бетпақдала атауының мағынасы «аса ыстық, жаман шөл дала, жаһан дүз, қуаң дала» дегенге толық сай келеді.

Бозашы (Бозашы) – Маңғыстау обл., Каспий теңізінің жалғауындағы түбек. Қазақстан Республикасының орысша жарық көрген әкімшілік-аумақтық картасында «Полуостров Бузагчы» деп жазылған. Ол арал ретінде теңіз ішінде немесе жағасында емес, одан алшақтағы жазықта жатыр.

Каспий теңізі, оның Маңғыстау түбегінің тарихы әріден басталады. Біздің дәуірімізден бұрынғы VII-IV ғасырларда бұл өңірлерді сақтар, оның сармат тайпасы мекендесе, біздің дәуіріміздің ерте орта ғасырында, VIII ғасырда Хазар-Хорезм одағына (Хорезм патшасы Ас-Тархан кезінде) енген. Ал X-XI ғасырларда оғыздар, XI-XII ғасырларда: кыпшақтар (қазақтар) иемденсе, XVII ғ. түрікменнің кейбір рулары да мекендегені тарихтан мәлім.

Бозашы түбегінде ескі қалалардың орындары, әлі де көненің көзіндей, бар байлығы мен мәдени мұрасын қойнында сақтап жатыр. Бұл жерде ерте заманға тән Қабақты қаласы, оған таяу жерде Қызылқала орны, одан жер бетіне шығып қалған қызыл кірпіштер көрінеді. Онда керамика шығарып, темір, мыс қорытылғаны да анықталып отыр.

Бозашы түбегінің жер көлемі мен табиғи байлығы, жер бедері, оның флорасы жайлы Қазақ совет энциклопедиясы біршама толық жазды: «ұзындығы батыстан шығысқа қарай 210 км-ге, ені солтүстіктен-оңтүстікке қарай 100-110 км-ге созылып жатқандығы, сортаңды келген солтүстік батысы мен шығыс жағалауында құм төбелер мен шағылдар жатқаны, жері қыркалы құм болып келетіні айтылған». Шөптесін өсімдіктердің алуан түрі бар. Жусан, бұйырғын, балықкөз, мырзасора, сарсазан, құмды шағыр, қияк, ак селеу, сүттіген және ажырық, т. б. өседі.

Бұл жерде мұнай өндіретін бірнеше кәсіпорындар, атап айтқанда, Қаламқас, Қаражамбас және осы екеуінің ортасында Солтүстік Бозашы мұнай кәсіпшіліктері бар.

Атаудың шығу төркін мен мән-мағынасы жайлы пікірлер әртүрлі. Тарихи деректер мен жергілікті елдің айтуынша, XVII ғ. бұл жерде шәудір тайпасы болған, соның

бір руы бозашы деп аталған екен. Бұл пікірді түрікмен ғалымы С.Атаниязовтың Бозажы атауы жайлы айтқан пікірі дәлелдей түскендей: «*Бозажы*» – тайпа аты. Каспий теңізінің жағасындағы жарты арал Бозажы (картада Бузачы) аталады. Човдурлардың бозажы руы сол жерде болған екен. Бозажылардың басты рулары қазір Дашиховуз (Ташауыз) облысының аудандарында тұрады. Тайпа аттарындағы *-чы, -чи* қосымшасының көптік тұлғадағы *-жы, -жи* нұсқасында да қолданылатынын (бозажы, гуланжы), қазақтармен қарым-қатынас, жақындық тығыз байланысын ескерсек, онда бұл рудың аты «*боза жасаушылар*» деген мағынаны білдіреді», – деп жазды (С.Атаниязов, 1984, 46-47 бб.). Ғалымның бұл пікіріне зейін қойғанымызбен, атаудың қойылу себебі мен нақтылы мағынасын әлі де зерттей түсу қажет деген ойдамыз.

Бірақта атаудың негізі Бозашы емес, *Бозашы* екені даусыз болса керек.

Боралдай (Боралдай) – жұм. кенті, Іле, Қарасай аудандарында. Орыс тілінде бұрмаланып *Бурундай* нұсқасында қате жазылып келіп, соңғы кезде қалпына келтірілді. Біреулер бұл атау қалмақ батыры Боралдай есімінен қойылған деп те пайымдайды. Қалмақ тілінде *боралда* «сусыз, қуан боз жота, сусыз боз қырқа» екендігі рас, ал сөз соңында жартылай дауысты *й* дыбысы қазақ тіліндегі айтылу ыңғайына қарай қосылған қосымша.

Демек, *Боралдай* атауының топонимдік мағынасы: «сусыз қуан боз жота, көлбей созыла жатқан боз изенді қырқалар». Бұны жердің бет-бедері де растағандай.

Бұл Боралдай атауының бұрынғы тарихи аты Көкдөң екендігін айта келіп, Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы: «Қалмақтар Боралдай деген батырын жекпе-жекке шығарды. Оны қазақтар да, қалмақтар да Өгіз қалмақ дейтін. Мен өзімнің (ұлым) Қасқарымды жұмсадым. Ол майдан ортасында Өгіз қалмақтан әлдеқайда кіші көрінеді. Қасқары найзасының қымы енді білем, Боралдай ат сауырына қарай жылжып бара жатты. Қасқары қалмақ

денесінен сүнгісін шығара алмай сәл тұрып қалды. Кейін қалмақтың Боралдай жері аталған Көкдөңнің үстінде үш жарым мың өлігі қалды» (Қазыбек бек Тауасарұлы, 1993, 27-282 бб.).

Боржактысай (Боржактысай) – *сай*, Жез, ауд. *Бор* (зат есім) + *жақ* (зат есім) + *ты* (қосымша) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі тұлғалы топоним. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы *бор* монғол тілдерінде: бурятта *боори* – «биік жер, төбе», халха - монғолда *буур* – тау баурайы, етегі, ал О.Т.Молчанованың (1979) айтуынша: «алтай диалектісінде *буре*, *пуре* – «қатпарлы таулар», немесе «ұсақ шоқылар мен төбелер». Ал екінші сыңарындағы жақты сөзі алтай тіліндегі *жуука* – «сай, жыра», ал *жуукалу* – «сайы бар, жыралы» сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген нұсқасы болу керек. Яғни жақты < *жуукалу* (жак < жуук) < ты < лу ~ лы. Демек, атаудың топонимдік мағынасы «қатпар тасты таулар» немесе «ұсақ шоқылы, төбелі жердегі терең сай» дегенге саяды. Топонимдер құрамындағы бор сөзінің басқа да түркі тілдерінде «көтеріңкілікті, биіктік пен жоғарылықты білдіретіні жайлы деректер аз емес. Мәселен, бор – «ісіп – кебіну», *борби* < *бор* + *бий* – «ісіну» (Қайдаров 1986, 194), осман түркі тілінде *борбос* – «мұнара», «кабырғасы биік қорған» (Радлов, IV. 1664).»

Борсеңгір (Борсенгир) – тау, биік. 401 м, Шет ауд., сс орт. Жез. ауд. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы *бор* – «ақ топырақ, балшық», екінші сыңарындағы *сеңгір* түркі тілдеріне ортақ сөз. М.Қашқаридің XI ғ. сөздігінде *сенгир* – «тау қыраттары», «шыңдары» жартастардың шынар басы, қазақта *сеңгір* – «биік жер, тау шоқылары». *Борсеңгір* аталуы сол жердегі беріш боп қатып қалған ақ топырақ қырлар мен жоталардың серейіп, әр жерде шошайып тұруымен байланысты болу керек.

Боршау (Боршау) – жер, Жез. ауд., Қараадыр қыстаның жанында. Атаудың бірінші сыңары *бор* «ақ топырақ, балшық», «екінші сыңары *шау* тіліміздегі шағыр (тас) «ұсақ қиыршық тас» сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген түрі екені байқалады. Оны Ә.Т.Қайдаров (1986, 228) еңбегінен анық көреміз. *Шай* (*šaj*) (шақ > шағыр): шайыр < *шай* + *ыр* «ұсақ тас, қорым». Қара. шак VII (ақшыл, шаңқан): шақырай < *шақ* + *ыр* + *ай* – «әппақ боп жарқырау», *шағала* < *шақ* + *ала*. Салыстыр. *шаң* > *шаңқай*, *шал*, *шай*. *Шағырай*, *шағала* сөздерінің көне тілде қысқарып айтылу барысында *шағ* түбіріндегі соңғы дауыссыз *г* дауысты *й*, *у* дауыстысымен ауысып, алмасып отырған. Демек, атаудың негізгі мағынасы: «қиыршық ақ тас» дегенге саяды.

Бөген (Боген) – Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында өзен және елді мекен аттары. Бұл атаудың тым көне екендігін, тарихы тереңде жатқанын ескерсек, оның бірінші сыңарындағы *бо* морфемасы көне түркі, тұңғыс-манжұр, фин-угор тілдеріндегі *бо* < *би* < *бу* – «су, өзен» сөзі болуы ықтимал, оны Э.Мурзаевтың тұңғыс-манжұр тілдерінің солтүстік тобына тән негидал тіліндегі *bija* – «өзен, бастау, қайнар», *бу* – «су», «өзен», «көл» сөздерімен салыстырыла қарауы да орынды.

Ғалымның осы Бөген атауы сияқты атаулардың құрамындағы «ген» гидронимдік «қан» терминінің өзгерген тұлғасы болар деген жорамалы да құптауға тұрарлық

Демек, *Бөген* атауының ескі замандағы айтылу тұлғасы *Буген*, *Биген* немесе *Беген* болуы да мүмкін. Бұған қарағанда, *Бүйен*, *Бөген* атауларының түптөркіні бір – «өзен, су» болса керек.

Бөдеті (Будуты) – с., Ұйғыр ауд., Алматы обл. Бөдеті аталатын тау және кішкене өзен Ұйғыр ауданының Кетпен тауы мен Қытай Халық Республикасының шекарасында. Бұл *Бөдеті* аталатын елді мекеннің бұрынғы аты – Кепебұлақ. Бөдеті аталу себебі – 1920 жылдары селолық советтер құрылғанда, неге екені белгісіз, сол аймақ Бөдеті

сельсоветі аталыпты. Содан барып ол жер кейіннен *Бөдеті* селосы атанып кеткен көрінеді. Мәлімет беруші Қожахмет Құрманның айтуына қарағанда: «Бұл жердің табиғаты керемет, суы мол, құрақты, камысты, айнала-төңірек шилеу келеді. Бұнда бөдене көп болады. Сол себепті бөдене, бөдеті ұшқан жер деп аталып кеткен». Алайда *Бөдеті* атауының бөдене сөзінен шығуы екі ұштылау сияқты. Өйткені тіліміздің заңына сай атау сөз бөдене сол қалпында айтылып, оған көптік, молдықты көрсететін *-ты, -ті* жалғауы жалғанар еді. Бірақ мәселе *Бөдеті* атауындағы *бөде* сөзінде болып тұр. Атаудың негізгі төркіні қалмақ тілінен екенін ескерер болсақ, онда бөде сөзі қалмақтың *богда-богде* – «құдай», «әулие» сөзі екенін байқаймыз, ал *-ті* жалғауы монғол, түркі тілдеріне тән бір нәрсенің молдығын, көптігін көрсететін көптік жалғауының көне көрсеткіші екені белгілі. Тіліміздің ішкі заңына бейімделе келе, *богда-богде*, одан *бөде* тұлғасы туындаған. Ал атаудың Бөдеті атауы – сол Бөдеті аталған таудың жартастарында қашалып салынған, қалмақ боғдаларының суреттерінің көп болуымен байланысты болса керек. Ал орыс тілінде *Будуты* болып жазылуы сол тілде *богда* сөзінің *буда* тұлғасында айтылуымен байланысты да, сөз соңындағы дауысты *а* дыбысының *у* дауысты дыбысына ауысуы ауыз тілдегі айтылу ыңғайына байланысты құбылыс.

Бурабай (Боровое) – Солтүстік Қазақстан обл., Шортанды ауданындағы көл, елді мекен. Бурабай деп аталуы жайлы халық аузында аңыз бар. Оны ақын С.Сейфулин «Көкшетау» поэмасында былай деп жазды:

*Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрі елдің аты.
Бурабай атаныпты содан бері,
Ақ бура мекен қылған көлдің аты.*

Бурабай көлі жағасында емдеу-сауықтыру санаторийі бар. Қалың орманның оңтүстік жағында биіктеу төбеде

Кенесары үнгірі, ал көлдің батыс жағында Балуан Шолақ үнгірі, көлдің жиегінде оқтай шаншылып Оқжетпес тауы тұр. Көлдің батыс жағында Көкшенің қыр жотасында мәңгі ұйқыда жатқан Жеке батыр, көлден екі шақырым батыста Абылай аланы.

Бурабай көлінің жағасындағы жайқалған көк желекті карағайлар көркемдігімен көз тартса, жұпар иісті таза ауасы дертке шипа.

Бұлдырты (Булдырты) – Батыс Қазақстан обл-ң Сырым ауданындағы ұзындығы 162 км., алқабы 4141 км², Жалтыркөлге құятын өзен және елді мекен аты.

Е.Қойшыбаев бұл атауды: «Түр. *«бұлдыр»* және *«ту»* тұлғаларынан түзілген атаулар. Қазіргі қазақ тілінде *«бұлдыртау»* немесе *«бұлыңғыр тау»* мағынасын береді», – деп қарайды (Е.Қойшыбаев, 1985, 85 б.). Монғолша-қазақша сөздікте *бұлдруу* – «қал» деп берілсе (1954, 46 б.), Б.Базылхан сөздігінде *бұлдруу* – «бұдыр жер, бұжырлы жер» деп түсіндірілген. Көріп отырғанымыздай, бұл екі сөздікте *«бұлуриу»* сөзі екі түрлі мағынада көрсетілген. Атау жердің табиғат ерекшелігіне, бедер, көрінісіне орай қойылатынын ескергенімізде, Б.Базылхан көрсеткен атаудың *«бұдыр жер, бұдырлы жер»* мағынасын дәлелді де нанымды деп ойлаймыз.

Бұлдырты атауының құрамындағы бұлдыр сөзі тіліміздегі «буалдыр, сағым тәрізді, бұлыңғыр», «көмескі», «дүдәмал» мәндегі сөзден гөрі, географиялық ұғымдағы жер бедеріне сай «тегіс, жазық жердегі адыр-бұдыр, шоқылы-төбелі жер» мәндегі сөзге әлдеқайда жуық.

Ал *Бұлдырты* атауының құрамындағы *-ты* – туындысы есім жасайтын, бір нәрсенің көптігін, молдығын білдіретін көне жұрнақ. Бұл дәлелдерге қарағанда, *Бұлдырты* – көне түркі, монғол тілдеріне ортақ *бұлдыр, бұдыр* сөздеріне көне тұлғалы *-ты* қосымшасының қосылуы арқылы жасалған «тегіс, жазықтағы адыр-бұдыры, шоқы-төбешігі көп жер» деген мағынадағы атау деп пайымдаудың жөні бардай.

Бүйен (Буйен) – Алматы обл., Ақсу ауданындағы басын Жонғар Алатауынан алатын өзен аты. Башқұрт Республикасындағы Кама өзенінің сол жақ тармағы және Ресей Федерациясының Пермь облысында да *Буй* аталатын өзен бар. Және де Тагиль, Тура өзендерінің тармақтары да *Вья* өзені деп аталатынын топокарталардан анық көреміз. Таулы Алтайдағы Обь өзенінің бір тармағы да *Би* өзені аталады. А.К.Матвеев, Э.М.Мурзаев, т.б. Ғалымдардың пікірлеріне қосыла отырып, бұл *Буй*, *Вья*. *Уй* атауларын түркі-монғол, тұңғыс-манжұр және фин-угор тілдерімен салыстыра қараудың жөні бар. Өйткені ол тілдер тобына бұл сөздер түрлі фонетикалық тұлғада айтылғанмен, жеке дербес сөз екенін байқаймыз. Мәселен, орочин тіл. *bija* – «өзен, көл»; эвен. *bird* – «өзен»; самод. *ба* – «өзен, бұлақ»; казак тіл. *бүйен* – «өзен».

Бұлардың бәрінің синкретикалық түбірі – *буй* (< *бу* < *ти* < *туй*). Бұл айтылғандардан аңғаратынымыз: Бүйен атауындағы *буй* – «өзен, су» мағынасын білдіретін сөз болса, атаудың соңындағы *ен* қосымшасы бір нәрсенің молдығын білдіретін көптік жалғау көрсеткіші болуы мүмкін. Онда Бүйен – «өзендер, бірнеше өзен» деген мағынада. Оған бұл өзенге Балабүйен, Сұнқарбүйен, Бүркітбүйен өзендерінің құйылуы дәлел боларлықтай.

Быжы (Биже) – Алматы обл., Көксу ауданындағы Көксу өзеніне құятын өзен. Кейбір зерттеушілердің атауды «көне тілдер көрінісі – *бажа* формасының казак тіліне бейімделген түрі», мағынасы: «саз» немесе «саздау жер» деген анықтамасын үстірттеу деп қараймыз.

Өйткені түркітанушы ғалымдардың бұл атау туралы пікірлері көкейге қонымды әрі жіті назар аударарлықтай. К.Риттер Пічі өзенін (варианттары *Бажуи* – *Бжуи*, *Бижса*) «жазулар» деп аударған (К.Риттер, 1886-1895 гг.). А.П.Дульзон Сібірдегі *Бечиш* (*Бетипши*) – «өзен» деген атау, XVIII ғ. кет тіліне тән десе, И.Л.Қызыласов бұл гидронимді көне түркі тіліне тән *betig* // *Besig* – «суреттер», «жазулар» деп білген (Кизласов И.Л. 1981, N 4. с. 86-96.).

Ал Енесей өзенінің сол жақ тармағы *Пічі / Пизи / Бижи / Пижи / Пытжа* аталса, тау басы (осы өзеннің басы) – *Пічі Пазы* (Биджа биігі, сол арадағы Енесей өзенінің сол жақ ағысы Кічіг – Пічі) *Кічіг – Пытжа* – «жазулы, жазуы бар кіші өзен» аталады екен.

Хакас Республикасының Орджоникидзе ауданындағы гидроним *Печище*: Первый Печище, Начальный Печище, Крайний Печище, Средний Печище А.П.Дульзонның пікірінше XVIII ғасырдағы кеттін *Бечии / Бетии* – «өзен» сөзінен десе, И.Л.Кизласов бұл гидронимге көне түрік тіліндегі *Betig / besig* – «жазулар», «суреттер» деген сөз» ретінде қарайды.

Біздің пікірімізше, Көксу өзеніне құятын Быжы өзені шығыс түркі тілдеріндегі *Betig / besig* – «суреттер», «жазулар» деген сөзімен төркіндес. Сол Быжы өзені бойындағы жартастарда да «жазулар» мен «суреттер» болуы мүмкін.

Бірұйық (Бируюк) – теміржол стансасы, Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. Атаудың екінші сынарындағы *ұйық* сөзі «жерұйық» сөзімен тіркесе келіп, «жер жанаты, қасиетті жер» мағынасын білдіреді. Соған қарағанда, *Бірұйық* – «қасиетті, киелі жер» деген мағынада қойылғаны байқалады. Өйткені көне түркі тілінде *йық, ыдық, ызық* – «қасиетті», «құдіретті» деген сөздер. *Бірұйық* – «өзі бір тұрған қасиетті, құдіретті, киелі жер» деген мағынаға толық сай келеді.

Далқоңыр (Далқоңыр) – *құд.*, Жаңаар. ауд. *Дал* (сын есім) + *қоңыр* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл екі сөзден құралған атаудың бірінші сынары түркі-монғ. *дал* ~ тал – «үлкен кең дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сынарыдағы *қоңыр* «қоңырқай түс» және географиялық термин ретінде «әр түрлі ұсақ бұталы өсімдіктер өскен» құмдауыт төбе, төбешіктер», яғни атау мағынасы «Кең алқаптағы қоңырқай түсті құмдауыт төбе, төбешіктер».

Дамсы (Дамсы) – Есіл өзеніне құятын өзен, тж-ст., Шортанды ауд., Ақмола облысы. Бұл атауды орысша *Дамса* тұлғасында жазып та жүр. Білдірер мағынасы жайлы Е. Қойшыбаев: «Дамсы» топонимін *дам (дъем)* және *-сы* варианттарынан құралған «*жемсу*» мағыналы көне түркі тілдеріне тән тұлғалар деп ажыратуға болады, – деп екіұштылау пікір жазды (Е.Қойшыбаев, 1985, 89).

Атаудың бірінші сыңарындағы *дам* сөзі өзбек, түрікмен тілдерінде күрделі тұлғалы топонимдерді жасауға катысады. Мәселен: Дамарик, Дамжуй, Дамсой, Дамшохарик (өзбек тілінде), Дамдам, Дамдамчешме, Дамжалыой (Түркіменстанда). Өзбек тілінде *дам* – «судың жай, баяу сылдырлап ағу қалпы» мәніндегі сөз болса, түркімен тілінде *дам* – «тар арықпен ағатын бұлақ» деген мәндегі географиялық термин. Демек, *дам* «су, су ағысымен» байланысты географиялық термин ретінде түркі тілдерінде кеңінен қолданылатынын көреміз. Бұған қарағанда, Дамсы «ағысы баяу су, өзен» деген мағынаны білдіретін сияқты. Атаудың екінші сыңарындағы *-сы* компоненті тіліміздегі «су» сөзінің ерте кездегі өзгеріске түсіп айтылған түрі болуы керек.

Данблан (Данблан) – құрғ. өз., Приоз. ауд. Бесшоқы тауының баурайында ағады. Бұл атау иран тіліне тән. Иранның *Данги* < *танг* + *баланди* сөздері арқылы жасалған атау. Тіліміздің дыбыстық заңына сай *данблан* боп өзгерген. Демек, *Дан* < ир. *танг* – «каньон», «шат», диал. *данги* – «таудың тар қысылшаң жері», «асу», «бел», «тау аңғары» *блан* < ир. *баланди* – «жота», «дөң», «биік», салыстыр. тәж. *Сангибаланд* – «тау жотасы», «тас шоқы».

Дансары (Дансары) – көл, сай, Ұлытау ауд., Қарағанды обл. Атау құрамындағы *дан* (ир. *танг*) – «шат», «арна», диал. *данги* – «тау асуы, бел, белес», «тау аңғары», *сары* – бұл жерде түстен гөрі «үлкен, кең» деген мағынаны білдіріп тұр. Демек, атаудың мағынасы «үлкен, кең шат, шатқал, аңғар» дегенге саяды.

Дардамты (Дардамты) – тау, биіктігі 3410 м., с., Ұйғыр ауд. Алматы обл. Дардамты с/о қарасты. Атау түрк., монғ., ир. *дар* – (варианттары: *дара* – *дере*) «шатқал, сай», «тау аралығы», және *дам* – *том* – *томб* – «жота, төбе», «тау» мағыналы сөздеріне көне түрік, монғ. тілдеріне тән *-ты* жалғауының жалғануы арқылы жасалған. Атаудың топонимдік мағынасы «тау аралығындағы сай, тау етегіндегі төбе», «шоқы» дегенді білдіреді. *Дар* сөзі бар топонимдер Орта Азия, Кавказ, Ауғанстан, Иран жерлерінде жиі ұшырайды (Дарбанэ, Даранод, Акдере, Шардара, т.б.).

Дария (Дария) – поселке, темір жол стансасы. Мұнда ерте кезде «Дәрі» атты бекет болған. Антропоним болуы мүмкін. Иран тіліндегі «*дарья*» – «теңіз, көл» сөзінің тіліміздің ішкі заңына сай «дария» боп өзгеріп, қалыптасып кеткен түрі. Орта Азияда және біздің республикада *дария* «үлкен өзен» мәнінде айтылады.

Дастар (Дастар) – тау, биік. 938,8 м, Ақтоғ. ауд. Бұл атаудың бірінші сыңары *дас* тәж., парсы, әзерб., қаз., арм., түркм. тілдерінде *даш*, *таш*, *тас*, *дашт*, *дешт* тұлғаларында келіп – «тастақ, тас жер» деген мағынаны білдіреді. Армян тілінде топонимдер құрамында кездеседі. Мәселен, *Даштавайр* – «жазық», *саррқадашт* – «мұзарт» (Мурзаев, 1984, 173). Екінші сыңардағы *-тар* көптік жалғауы. Яғни атаудың топонимдік мағынасы: «қиыршық тасты немесе мұздай суық тау».

Дегелең (Дегелен) – Семей өңіріндегі тау, кеңестер кезінде атом бомбаларын жер астында сынау орталығы болды.

Е.Қойшыбаевтың бұл атауды: «Көне түр. *деге* («теке») және *йелең* («қылаң-қараң») компоненттерінен құралған атау мағынасы: «теке қаптаған жер», – деп түсіндірумен келісу қиындау (Е.Қойшыбаев, 1985, 91 б.). Көне түркі сөздігінде деге сөзін кездестіре алмадық, XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Девону Лугатит түрк» атты сөзді-

гінде *така* – еркек киік – горный козел (III т. 248 б.), *така* – козел (III т. 248 б.) сөзі көрсетілген. Сол сияқты, *йелең* («кылаң-қараң») сөзі де көне түркі жазба ескерткіштерін дене Махмұд Қашқаридың еңбегінде кездеспеді. Бұған қарағанда, Дегелең атауының этимологиясы іздене түсуді қажет еткендей.

Біздің пайымдауымызша, атаудың бірінші құрамындағы *дег* сөзі – *дог//дог* сөздерінің дыбыстық варианты, ал *дог, дог* сөздері – *даг, таг* сөздерінің өзгерген түрі, яғни тіліміздегі тау сөзінің дыбыстық көне варианты екені сөзсіз. Оның *доба* – «төбе, жота, қорған» мәндегі сөзін бурят тілінен кездестіреміз. Әңгіме боп отырған «Дегелең» атауының жуан тұлғалы варианты – «Доғалан» атауы (тау, елді мекен аты) Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында бары белгілі. Бұл сияқты жуан-жінішке тұлғада қолданыла беретін, жарыспалы атаулар тілімізде жиі кездеседі (Дәркембай, Дарқамбай, Сәбира, Сабира, Шәріп, Шаріп – кісі аттары). Сонымен, атаудың бірінші құрамындағы *дег, дог* сөздерін «тау», «төбе», «жота» деген сөздердің өзгерген түрі деп танымыз. Ал атаудың екінші құрамындағы *лең//лаң* морфемасы тәжік тіліндегі *данг//танг* – «таудың тар шатқалы», «тар, сай», «тар, қыспақ» мәніндегі сөздің тілімізге бейімделіп, өзгерген түрі. Данг сөзіндегі *д/л* дыбысына ауысып, сөз соңындағы *г* дыбысы айтылуда түсіп қалып, *лаң/лең* тұлғасына ауысқан. Сөз басындағы не ортасындағы *д/л* дыбыстарының алмасуы тілде бар құбылыс. Мысалы: Оңдасын – Оңласын (кісі атында), т. б.

Демек, Дегелең атауының мағынасы «тар шатқалды, тар сайлы, қыспақты тау» болса керек.

Дегерес (Дегерес) – өзен, с., Жамбыл ауд., Алматы обл. Ғ.Қоңқашбаевтың Дегерес атауын монғол тіліндегі *дзэргерес* немесе *дзэрлиг герес* – «жабайы ешкі, тау ешкі, жирен» деген пікірін А.Әбдірахманов мақұлдаса (А.Әбдірахманов, 1975, 87б.), Е.Қойшыбаев атау түбірін түркі тілдеріндегі *тегер* – «айналма, айналым» деп

карайды да, ес тұлғасын зат не құбылыстың санын, касиетін көрсететін өлі жұрнақ деп таниды (1985, 91 б.). Э.М.Мурзаевтың байқауынша, эвенкі тілінде *дигири* – «шағын, аласатау, жота» (1984, 174б.), Ә.Нұрмағамбетовтың пікірінше, Дегерес жер атауына негіз болған монғол сөзі *дэгүүр* – «жоғары, үсті» болса керек (каз. оном. мәс. 1986, 36.). Біз осы пікірге қосыла отырып, *дегер*, *дэгүүр*, *дигири* сөздерінің түбірі *дег* (*дэг*) деп білеміз. Оған Текес, Қастек атауларындағы тек сөзі де сәйкес келеді. Бұған парсы тіліндегі *тиг*, *тег* – «тау шыңы», «таудың ұшар басы», тәжік тіліндегі *тег*, *тега* – «тау жалы», «тау басы» сөздері де мағыналық әрі тұлғалық жағынан жақын. Ал атаудың екінші сыңарындағы *ес* – түрік, монғол тілдерінде ерте замандарда «су», «өзен» деген сөздер орнына қолданылған көне сөз. Бұл айтылған дәлелдер Дегерес өзенінің географиялық көрінісін дәл көрсетеді. Демек, Дегерес «жоғарыдан, тау басынан аққан өзен» мағынасын білдіреді. Ал тау аты Дегерес осы өзен атымен аталған, ондай жайтты Қарқара, Қаскелең атауларынан (тау аттары) анық байқаймыз. Дегерес қазақ халық географиялық термині ретінде де кездеседі. «Тауларда кейде жазық далада көп кездесе беретін домалақ төбелер» де дегерес аталады.

Деркөл (Дерколь) – Батыс Қазақстан облысындағы Зеленовский ауданына қарасты, Шаған өзеніне құятын, ұзындығы 153 км., алқабы 2247 км² өзен.

Атаудың екінші сыңарындағы *көл* сөзі түсінікті болғанмен, бірінші сыңарындағы *дер* сөзі қалың жұртқа түсініксіз тұрады.

Е.Қойшыбаев атау мағынасы *дьер* (жер) + *кул* (көл) сөздерінен құралғанын айтады.

Атаудың бірінші сыңарындағы *дер* сөзі көне түркі тілдерінде кездеспегенмен, қырғыз тілінде *дер* – «құрт жаятын шиден тоқылған өре» мәніндегі сөз ретінде Тяньшань диалектісінде барын көреміз. Осы сөзбен түбірлес *дере* – «мал су ішетін науа» дегенді тек диалектологиялық сөздіктен (1969, 88 б.) кездестіре алдық.

Осы *дер* сөзін иран (тәжік) тіліндегі *дүр* – «інжу, меруерт» мәніндегі сөздің тілімізде өзгеріп айтылған нұсқасы болар деген ойға келдік. Өйткені Батыс Қазақстан өңірі топонимдері құрамында араб, парсы сөздерінен жасалған жер-су аттары бары көпке мәлім. Өзенді бұлайша «інжу, меруерт көл» деп атау, біріншіден, ертеректе осы асыл тастардың көл түбінде болуымен байланысты болса, екіншіден, көл суының таза, мөлдір боп, жел тұрғанда толқып, жалт-жұлт етіп құлпырып жатуымен байланысты аталса керек.

Донғал (Донгал) – *тау*, биік. 1011,2 м, е. м. Акад., Ақтоғ. ауд.-да. Бұл атау көне түркі тілінде *домба//томба* – «жота», «дөң, төбе» сөзіне көптік жалғауының көне -*т* тұлғасын қосу арқылы жасалып «жоталар», «биік таулар» дегенді білдірген.

Дүбін (Дубин) – с., Ұйғыр ауд., Алматы обл. Ұйғыр тілінде *Довун*, қазақша *Добын* тұлғасында айтылады. Атаудың бірінші сыңары монғ. *дов* – «төбе», «төбешік», бур. *добо* – «төбе», «шоқы» мәнін білдірсе, атаудың екінші сыңарындағы *үн* (*ун, ун*) – жинақтық, көптік мәнді білдіретін түрік-монғол тілдеріндегі көптік жалғау көрсеткіші. Атаудың топонимдік мағынасы «төбе, төбешігі, шоқылары көп жер» дегенді білдіреді.

Дыншоқы (Дыншоқы) – төбе, биік. 380 м. Шортанды ауд., Ақмола обл. Атаудың бірінші сыңарындағы «*дың*» сөзі – Қостанай облысы тұрғындары тіліндегі «*дің*» – «биік, үстірт, дөң» сөзінің жуан тұлғасы. «Мына дінге шыкса, алыстағыны көрер еді» (диалект. Сөздік, 1969, 96 б.). Бұл «*дың*» сөзінің түркі тілдерінде *тон(г)* – «адыр, төбе, дөң, дөңес» тұлғасы да бар. Осы сөз арқылы жасалған топонимдер де жиі ұшырайды. Таулы Алтайда Тонг-Бажы, Тонг-Тыт (О.Молчанова. 1979, 98 б.).

Демек, *Дыншоқы* – «биік төбе, дөң» деген мағынаны білдіретін атау.

Егізқара (Егизқара) – тау, биік. 883,6 м, Ұлыт. ауд. *Egiz* (сын есім) + *қара* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл атаудың бірінші сыңары *egiz* сөзін Н.А.Баскаков (1961, 27) көне түркіше *эес* (> егис) егиз «биік» деп қараса, Э.М.Мурзаев қырғ. *эгиз* – «биік», «биік таудағы жайлау», алт. *ээс* – «биіктік», ұйғ. *ediz, idiz* «төбе, шоқы, жота» және көне түркі тілінде *ebiz, ediz* – «биік шоқы», «биік жер» сөздерімен салыстырады. Сондай-ақ ол сөздің «қасиетті», «киелі» деген мағынаға да ие екендігін айтады (Мурзаев, 1984, с. 197). Ал атаудың екінші сыңары қара сөзінің негізгі мағынасынан бөлек түркі-монғол тілдерінде *хара//хыра* тұлғасында келіп, «тау сілемдері, тау шоқылары» мағынасын білдіреді (Казакевич, 1934, с. 27). Бұл деректерге сүйенгенде, *Егізқара* – «биік төбе, биік шоқы» мағынасына жуық келеді. Дегенмен, атаудың бірінші сыңары *egiz* «екі, қос» мәнінде де айтылатынын ескерсек, Егізқара – тіліміздегі «Қостөбе, Қосшоқы» атауларымен мәндес келетіні байқалады.

Егінбұлақ (Егинбулак) – тау, биік. 504,2 м, Ақад. ауд., Тақырқұдық құдығы жанында. Атау *егін* (зат есім) және *бұлақ* (зат есім) деген сөздерден жасалған. Алайда топонимнің бірінші сыңарындағы егін сөзінің тіліміздегі *егінжай*, егін сөздерімен байланысы жоқтығы байқалады. Бұл жөнінде В.В.Радлов сөз түбірінің *ік* – «ағыс, бағыт», *ікін* – «өзен бойымен ағыс», *ікіш* – «ағын» деген мәндегі сөздермен байланысты екенін көрсетсе (Радлов. 1893, 1), Э.М.Мурзаевтың айтуынша (1984), монғ. *эхин* «бастау, өзеннің басы» (жазба монғ. тілімен сал. *екіп* «бас») дегенді білдірсе, ұйғыр тілінің хотан диалектісінде *еким* – «кішкене өзен». Бұл тілдік негіздерге қарағанда, *Егінбұлақ* – «басқы, негізгі бұлақ» дегенге саяды. Ал таудың *Егінбұлақ* аталуы сол таудың терең сайында осы бұлақтың ағуына орай болу керек.

Егінді (Егинды) – көл, пос., Астрахань, Целиноград ауд.-да, Ақмола обл. Атаудың бірінші сыңарындағы *егін*

сөзін кәдімгі *егінжай*, *еккен егін* сөздері деуден гөрі, су бастаумен байланысты сөз екенін байланыстырудың жөні бар сияқты. Өйткені көне түркі-монғол тілдеріндегі *эхин* – «бастау, өзеннің басы» және түркімен тіліндегі *эгин* – «жота, төбе, дөң, дөңес» сөздерімен салыстырып қараудың реті бар сияқты. Егінді, Егіндікөл атауларындағы негізгі объект көл болғандықтан, Егінді атауының бірінші сынарындағы егін сөзін «*бастау, өзеннің басы*» деп танымыз да, *-ді* топонимдерге жалғанатын кәнігі қосымша деп білеміз. Демек, Егінді «бастаулы, қайнарлы, яғни қайнары көп, бірнеше өзен кеп құятын көл» мәнін білдіргендей.

Екібастұз (Екибастуз) – облысқа бағынысты қала (1957 жылдан), аудан орталығы, Павлодар обл.-да. Атау *екі + бас + тұз* сөздерінен бірігіп жасалған. Е.Қойшыбаевтың: «Екібастұз атауы екі объекті – *Екібас* және *тұз* объектілері біріктірілеген қос тұлғалы атау болуы ықтимал», – деген жорамалы көңіл аударарлық (Е.Қойшыбаев, 1985, 95 б.). Көлдегі тұздың екі басы болмайтынына зер салсақ, халық анызына ден қоюдың да орны бар сияқты. Көлдін төменгі және жоғарғы жағында биік боп үйіліп қалған тұздың алыстан қарағанда адам басы сияқты қалқайып көрінуіне орай, екі бас боп көрініп, содан «*екі бас сияқты тұз*» сөз тіркесі айтыла келе, Екібастұз болып аталып кетіпті.

Екіөгіз (Екиогуз) – тарихи қала, Іле өзенінің алабында орта ғасырда болған қала аты. XI ғ. Ғалымы Махмұд Қашқари еңбегінде, кейінгі саяхатшылар жазбаларында да аталады. Атаудың екінші сынарындағы өгіз көне түркі тілінде «өзен, су» мәнін білдіретін сөз болған. Демек, атаудың мағынасы «екі өзен» дегенді білдірер болса, қаланың қатарласа ағып жатқан екі өзен жағасында салынғандығын аңғартқандай.

Елек (Илек) – Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданындағы өзен. Ұзындығы 596 км., алқабы 140 км². Жайық өзеніне құяды. Бұл тарихи көне атаудың шығу

төркіні мен мән-мағынасы жайлы әрқилы пікір, жорамал бар. А.Әбдірахманов: «Геродотта Лик деп аталатын осы Елек (Илек) өзені болса керек. Өйткені Ор, Ырғыз, Елек өзендері бір-біріне жақын орналасқан. Бұл сөздің бастапқы түрі Илек болуы ықтимал», – дегенді айтады (А.Әбдірахманов. 1975, 89-б.). Ғалымның бұл пікірімен келісуге болмайтын басты жайт – Електі «Лик өзені» деу қате. «Бастапқы түбірі Илек болуы ықтимал», – деген ойы көкейге қонымды. Себебі, құрамында *il*, *ыл* морфемалары бар өзен аттары жерімізде аз емес. Мысалы: Іле, Есіл, Еділ, Ойыл, Тобыл, Қиыл, Қағыл, Ілепсі, т.б. Елек атауы мен Іле өзені атауының түбірі *il* морфемасы деп қараудың негізі – бұл атаулардың түркі тілдерінің төл сөзінен жасалғандығына дау жоқ. Көне түркі тілдерінде *ol*, *il*, *ыл* сөздерінің «ылғал, сыз, су» мәнінде қолданылғаны түркі жазба ескерткіштерінен мәлім. Олай болса, Елек (Илек) атауының бірінші сыңарындағы *el* (*il*) сөзінің мағынасы да «су, өзен» дегенге саяды, ал екінші сыңарындағы *ek* – бұл жерде топоним жасаушы қосымша.

Елшінбүйрек (Елшинбуйрек) – тау, Райымбек ауданы. Ш.Уәлиханов: «Кеген өзені өз басын Кегеннің сазы және Құсмұрын тауының батысындағы Елшінбүйрек саздарынан алады», – деп көрсеткен (Ч.Ч.Валиханов. Т.І. 1984, с. 321). Осы тектес биіктігі 1067 м. *Елшен* атауы Қарағанды облысында да кездеседі. Атаудың нақтылы мағынасы, этимологиясы ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдауды қажет етеді. Атау тұлғасы жағынан тілімізге етене жақын *el* + *шен* + *бүйрек* сөздерінің қосылуы арқылы жасалған біріккен тұлғалы атау болғанымен әрбір сөздің мән-мағынасы, өзінше құпия сырға ие. Егер осы атауды иемденген жердің географиялық сыр-сипатына, көрініс көркіне назар аударсақ, *el* сөзінің «халық», «жұрт» сөзіне, *бүйрек* сөзінің адамның не мал мен тағы хайуандардың бүйрегіне қатысы жоқ сияқты. Бұл тылсым заманнан орын теуіп, қалыптасқан тарихи атаудың сыры мен шығу тарихы басқаша сияқты. Тұңғыс-мәнжүр тілдерінде *el* – «бастау,

қайнар», ал коми тілінде *ель* «өзен», *шен* – қосымша, ал *бүйрек* сөзі көне түркі тілінде *бойрок* – «тау етегіндегі ылди». Осы сөздің өзгеріп, бүйрек тұлғасында айтылуы нәтижесінде түркі тілдерінде: Бейрек, Бейрек-Булак топонимдерінің Қырғызстанда бары белгілі. Елшінбүйрек аталған тау атының сазды, сулы жердің нысанымен байланысты болып, мағынасы: «тау етегіндегі ылдидағы өзен» екенін байқаймыз. Сол таудың етегіндегі еңісте Кеген өзенінің ағып жатуы бұған толық дәлел сияқты.

Енібас (Енибас) – тау, Ақад. ауд., Тоғайқұдық құд.-нан 15 км қашықтықта. Атаудың бірінші сыңарындағы ені сөзі монғ. *jan*дег «таз», «жалтыр», «жоғарғы бас жағына өсімдік өспейтін» деген сөздің қазақ тіліндегі қатты дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі (варианты), ал екінші сыңардағы бас тіліміздегі «адам басы, тау басы» мәніндегі байырғы сөз. Сөйтіп атау монғол және қазақ тілдері негізінде жасалған. Сонымен, Енібас «жоғарғы, бас жағына өсімдік өспейтін тақыр, жалтыр, таз» яғни «бас жағы жалтыр – таз» (тау) деген мағынаны толық білдіреді.

Ереймен (Ереймен) – Ақмола облысының шығыс жағындағы тау аты. Ұзындығы 90-100 км., ені биігі 83 м., таулы-орманды алқап.

Ғ.Қоңқашбаев бұл атауды монғол тілінің *эрэ* (*ер*, *еркек*) және *эме* (*әйел*) деген сөздерінен жасалған болуы керек деп жорамалдайды. Таудың бұлайша аталуына кейбір тастардың еркек пен әйел мүсініне ұқсастығына байланысты болуы ықтимал деп қарайды (Ғ.Қоңқашбаев, 1959, 91 б.). Жергілікті тұрғындар арасындағы аңызда: «Қазақ батыры мен қалмақ батыры жекпе-жек соғысқанда, қазақ батыры жеңіп, қалмақты атынан аударып түсіріпті. Қалмақ аты тау ішіне ерімен қашып кетіпті де, ешкім ұстай алмапты. Содан Ереймен (Ереймен) аталыпты-мыс». А.Әбдірахманов лингвистикалық заңдылыққа сүйене келіп: «*Ере//ер*, *еме//ем* компоненттері монғол-түркі тіл ортақтығын көрсетеді. Ер сөзіне *е* дыбысының қосылуы

монғол тіліне тән қасиет. Бұл фактілер атаудың түркі-монғол тіл ортақтығы алтай дәуірінде жасалғанын көрсетеді. *Эре + эме + н* қосылысында екі сөз аралығындағы екі *e* дыбысы қазақ тілінде ей тізбегіне көшкен: *эре + ме + н > ерей-мен*», – деген қорытындыға келеді (А.Әбдірахманов, 1975, 90 б.). Бұл Ерейментау атауы – пайда болу, қойылу шарты жағынан ескі атау. Сондықтан да оның шығу тәркіні мен мән-мағынасы әлі толық анық емес. Біздің пайымдауымызша, бұл атау жалпы есім сөздерден жасалмаған, атакты батыр немесе белгілі ру атынан (этноним) қойылған болу керек. Атаудың бірінші сыңары *ер* – «батыр», ей және ман – қосымша тұлғалар. Салыстыр.: Көб + ей, Кер + ей; Ер + ман, Бек + ман, т.т. Ақмола облысында іргесі 1965 жылы қаланған осы аттас қала бар. Онда темір жол стансасы, май, әк зауыттары жұмыс істейді. Ереймен тауы атынан қойылған.

Ертіс (Иртыш) – өзен. Ұзындығы 4248 м. (Қазақстан шеңберінде 1700 км.), бас алабы 1643 мың км².

Ертіс атауының шығу тәркіні мен мағынасы жайлы айтылған пікірлер аз емес.

Атау тарихына зер салсақ, VI-VIII ғғ. Тән түркі жазба ескерткіштеріндегі көрсетілуінен бері 15 ғасыр бойы аталып, бізге жетіп отыр. Егерде ол атаудың сол жазба ескерткіште көрсетілген мерзімнен әрмен, яғни б. д. д. IV–III ғғ. болған шығар деп жобаласақ, онда Ертіс атауының кем дегенде екі мың жылдан асары сөзсіз. Осы атаудың желісін үзбей, XI ғ. Махмұд Қашқари еңбегінде *Ertis* тұлғасында аталуы да тарихи шындық. Бұл атау таза қазақ (түркі) лексикасынан жасалмаған, ерте заманғы сақ, ғұн не үйсін тұсында жасалуы да мүмкін. Осы ретте сол тілдерде кездесетін бұл атаудың нұсқаларын көрсетудің орны бар сияқты. Мысалы, монғолша – Ирцис, анығында Хар эрчис гол (қытайша танбалануында – Эрцис) (Э.Мурзаев. 1974., с. 283), көне түрікше – *Ertis* (ДТС. 1969, с. 182), қазақша – Ертіс (орысша жазылып, айтылу нұсқасы Иртыш).

Осы Ертіс атауының шығу тәркіні жайлы айтылған

пікірлерге зер салсақ: алғаш рет П.П.Семенов: «Иртыш – кырғыз (қазақ) тілінде ир – «жер», ал тыш (тіс) – «қазу», – деп жазса (Россия 1903. т. 18. гл. I. с. 19.), В.Бартольд: «Артуш (Эртюш) Гардизи айтуындағы халық этимологиясы бойынша – «адам, төмен түс», – деп жазады (В.Бартольд. т. 3., с. 435-436). Ал А.П.Дульзон: «Бұл атау кет тілінің «Ир-сес > (өзен) > Ирчис сөзінен өзгерген», – деген пікір айтты. Э.М.Мурзаевтың: «Бұл гидронимнің түбірі түрікше – *ир* болуы мүмкін. Қазақша *иірім*, түрікше *ирмак* (өзен), өзбекше *ирмок* (өзеннің сағасы) бір түбірден шығып, Ертіс гидрониміне қатысты болуы мүмкін. Батыс Сібірде тараған *сес*, *шеш* (өзен) деген кет тілінің сөзі түрікше *тиши*, *цис* болып өзгереді. Сондықтан *ир* деген түркі сөзі мен кеттің *цис* (өзен) деген екі сөзі қосылып, Ертіс гидронимінің атына айналуы мүмкін», – деген ой қозғаған (Э.Мурзаев, 1984, 288 б.).

Р.Рамстедтің айтуынша, Ертіс – «катал, ашулы, таскынды» (Р.Рамстедт, 1909. с. 547). А.Әбдірахманов: «Иир // Иир > Ер (түрікше) + сес // шеш // тес // тыш (кетше – өзен, су) > Ертіс. Атаудың иір бөлегі өзеннің ирендеп, ирек-ирек болып ағатын көрінісін дәл береді. Сонда гидронимнің мағынасы иір өзен, иір су дегенге келеді», – деген жорамал айтты (А.Әбдірахманов. 1975. 93 б.). Атаудың *ар* // *ер* және *тыш* // *тіс*, *сес*, *ас*, *ес* компоненттерін А.К.Матвеев, Е.И.Рамбандеева, В.Н.Попова, Е.М.Поспелов, т.б. ғалымдар талдай келіп, индоеуропа тілдеріне тән деп пайымдайды.

Алайда *ар*, *ер*, және *ас*, *аш*, *ес*, *ис* сөздері арқылы жасалған гидронимдердің түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де барын нақты деректерден анық көреміз.

Қазақстан Республикасында Балқаш, Талас, Келес, Текес, Қорғас атаулары, апеллятивтер: *арық*, *арна*, *арын*, т. б.; Башқұртстанда Ар (Танып өзенінің тармағы), *Әриылғы* (Өзен өзеннің сол жақ тармағы), сондай-ақ башқұрт диалектісінде *әр* – (өзеннің құрғақ арнасы), якут тілінде *арын* – арал (Ули-Арыы – үлкен Арал), *Уон* – *Арыы*

– он арал, т. б. Демек, бұл *ар // ер*, одан туындайтын *арық*, *арна* сөздерінің ортақ мағынасы да – «су, өзен».

Топонимдік формант – *ас // аш / ус / өс / ес* туралы пікір айтқан ғалымдардың қай-қайсысы болмасын, оның орал-алтай (түркі-монғол) тілдеріне қатысы бар екенін айта алмады. Шынтуайтқа келгенде, Ертіс гидронимиялық атауын Хун империясы кезінде, біздің дәуірімізден бұрынғы III – II ғ.ғ пайда болған, түркі тайпалары тіліне тән атау деп қараудың негізі бар. Өйткені ол кезде сол аймақты мекен еткендер, кейбір монғол тектес дүрбіт, Ойрат, сібелер мен кеттерден басқа басым топ түркі тектес татар, арғын, найман, коңырат, керей, уақ, таулы, алтай, оранкай, хакас, қырғыз, ұйғырлар болғаны тарихтан мәлім. Ертіс атауына негіз болған негізгі тірек сөз *ер* болса, оның бастапқы негізгі айтылу түрі түркілердің *jer, jer(suv)* – материк, земля, *jerimi subum* – менің жерім сияқты сөз бен сөз тіркестеріндегі *jer* сөзі екені айдан анық. Ол сөз атақты Күлтегін, Могилян, Мойынчор, Онгон, Тоныюкөк ескерткіштерінде көрсетілген. Бұған қарағанда, Ертіс атауының бірінші сыңарындағы *ер* сөзін көне түркі тіліндегі *jer (uer)* сөзінің көршілес тұрғындардың айтуына орай қысқарып, өзгерген нұсқасы, ал *tic < ic* түркі т.б. тілдерде «өзен» мәніндегі сөз деп білеміз. Демек, Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен», түркі тілдерінде жиі кездесетін *Қарасу* атауына сәйкес келеді. Оның Шығыс Қазақстан тұрғындары тілінде *Қара Ертіс* аталуы да осымен байланысты болса керек. Мұның негізгі себебі – Ертіс өзенінің өз басын таудан алмай, қазіргі Монғолия жеріндегі ойпаң жазық жерде жатқан Хара-Нұр көлінен алатыны, демек, ол өзеннің төмендегі жер суынан бас алып ағуымен байланысты болса керек. Әдетте түркі тілдес ұлыстар тау етегінен, жазықтағы қайнар, бастау, тұмалардан, яғни жер суынан бас алатын өзендерді әуел бастан ақ *Қарасу* атаған. Осыған ден қойсақ, *Қара Ертіс* аталуы да шындыққа саятындай. Мұнымен қатар *қара* сөзінің «үлкен, зор» деген мәнге де ие екенін естен шығармауымыз жөн. Өйткені

Қара теңіз, Қаратау, Қараөзен, Қарасаз, Қарабұйрат сияқты атаулар да бұған толық айғақ болары сөзсіз.

Есік (Есиқ) – 1968 жылдан қала, ауд. орт., өзен, ескі көл, Еңбекшіқазақ ауд., Алматы обл. Бұл атаудың шығу төркіні туралы: «Көлдің суы асып жатқан гранит блок қаттары тас есіктің елесін береді. Осы себептен көлдің аты Есікті («есігі бар») атанған», – деген пікір бар (Е.Қойшыбаев, 1985, 99-100 бб.). Көл суының тұнық кара көк, қыста қатпайтынын, тағы да басқа жайларын ескеріп, халық оны «қасиетті, киелі» санаған. Бұған қарағанда, Есік атауы көне түркі тіліндегі (– «ыстық», «ыссы») (ДТС, 220) сөзінің бізге дыбыстық тұлғадан өзгеріп, мүжіліп жеткен нұсқасы деп қарауға болатындай. Бұл сөз туыстас түркі тілдерінің көпшілігінде «қасиетті, киелі» деген мағынаға ие боп, түрлі тұлғада кездеседі. Мәселен, тува тілінде *Ыдык-көм*, *ыдык* – «қасиетті», *көм* – «өзен», яғни «қасиетті өзен». Таулы Алтайда *Ыдык-көл* – «қасиетті көл», *Ыйык-Таг* – «қасиетті тау» (О.Молдчанов, 1979, 350-351 бб.).

Біздегі *Жерұйық* атауының екінші сыңарындағы *ұйық* сөзі де «қасиетті, киелі» деген мағынаны білдіреді. Демек, Есік көлінің мағынасы «қасиетті, киелі көл» дегенге толық сай келеді. Ол атауды Қырғызстандағы Ысыккөл атауымен байланыстырудың да реті бар сияқты.

Есіл (Ишим) – Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерін басып өтетін тарихи өзен. А.Әбдірахманов бұл атаудың шығу төркінін көне түркі тіліндегі, атап айтқанда, Күлтегінге қойылған ескерткіштегі *Йашыл* уғуз атауымен түбірлес деп болжайды. «Есіл атауының фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасуы төмендегідей түрде болған: *Йашыл // йасыл > йешіл // йесіл > Есіл*. Сөйтіп, бұл – жасыл (өзен) деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде *йашыл*, *йешіл* сөзі осы күні де кездеседі» (А.Әбдірахманов, 1975, 95 б.). Алайда ешбір түркі тілдерінде *Йашыл* көл деген атаудың жоқтығын ескеріп, Ақкөл, Сарыкөл, Каракөл, Ақсу.

Көксу тәрізді гидронимдік атаулардың мол ұшырайтынын мойындасак, Есіл атауының төркіні мен мән-мағынасы әлі де зерттей түсуді қажет етері даусыз. Біздің байқауымызша, құрамдарында *ыл ~ іл ~ ел* формалары бар – *Ойыл, Қиыл, Қағыл, Еміл, Елек, Іле* сияқты гидронимдік атаулар көне замандардан келе жатқан топонимдер. Олардың құрамындағы аталмыш морфемалары әуел баста, орал-алтай тіл бірлестігі кезінде, «өзен, су» мағыналарындағы дербес сөздер болғандығын дәлелдеп отыр. Олай болса, *Есіл* атауының бірінші сыңарындағы *ес* сөзін көне түркі тіліндегі *jasi* «дала» (ДТС, 1969, 251), *jazi* «тегіс, жазық» (МҚ, III, 24) өзбек тілігегі *яш* «жазық», түркімен, әзербайжан тілдеріндегі *язи, язын* «дала», «жазық» сөздері ғасырлар бойы айтыла келе тілімізде *ес* тұлғасында қатты дыбыстық өзгеріске түссе, екінші құрамдағы өзгеріске түссе, екінші құрамдағы оның *-ыл, -іл, -ел* сыңарларын морфема деп карамай, «ылғал», «саз», «су» мәніндегі көне сөз ретінде қабылдап, *Есіл* «кең дала, жазық жердегі суы мол, үлкен өзен» деген мағынада қойылған атау деп білеміз.

XIV ғ. Оңтүстік өңірдегі Шавғар төңірегіндегі бір қыстақ болып келген *Иасы* қаласының кейіндер орталық қалаға айналып, Түркістан қаласы аталғаны тарихымыздан мәлім. Қазіргі жазба таңбамыз (кирилица) бойынша *Йасы* болып жазылып жүргенмен сол ерте кезде *jasi, jazi* аталғаны айдан анық. Бұл атауда жер бедеріне орай, яғни «мидай жазық, сар далада» орналасқандықтан солай аталған деудің реті бар.

Жайық (Жаик) – Оралдың оңтүстігін, яғни Батыс Қазақстан облысын басып өтіп, Атыраудан асып барып Каспий теңізіне құятын үлкен де ірі өзен. Башқұрт Республикасы, Ресей Федерациясының Челябин, Орынбор облыстарында. Ұзындығы 2428 км., (Қазақстан аумағында 1082 км) алабы 231 км². Басын Орал тауынан алады. Бұл атаудың шығу, пайда болу тарихы мен мән-мағынасы жайлы әртүрлі пайымдаулар мен жорамалдар бар. Екатерина II жарлығы бойынша (Е.Пугачев көтерілісін

халық жадынан өшіру мақсатымен) ресми түрде Орал деп аталды. Жергілікті халық оны Жайық, Ақжайық деп те атайды.

Ол туралы біздің дәуірімізге дейінгі грек ғалымдары еңбектерінде мағлұмат берілген. II ғасырдағы грек ғалымы Клавдий Птолемейдің «Георафия» атты еңбегінде «Дайкс» деп аталса, ортағасырлық саяхатшы, араб ғалымдары Ахмед ибн Фадланның жазбаларында *Джайх* түрінде аталған.

Академик В.В.Бартольд: «Птолемей заманында Волга өзенінің аты фин тілінде *Ра-Урал*, ал түркі тілдерінде *Даикс (Яик)* атымен белгілі болған», – деп жазды (Бартольд В. 1924, 9).

Көрнекті түркі танушы А.А.Баскаков *Жайық* топонимінің алғашқы *Даих* нұсқасы алтай тілінің Куман диалектінде: «*Дайык* – өзен тасқыны» мәнін білдіреді деп жазды (Н.Баскаков, 1972, 209).

Атаудың мағынасы жайлы Н.К.Дмитриевтің: «Бұл атау Византия авторы Менандр Протектордың (VI ғ.) еңбегінде < *aix* түрінде кездесетінін, оны *daix* деп оқу керек екенін, бұл сөз *йай* < *йаз* < *зас* деген етістік түбірінен жасалған», – деген пікірін (Дмитриев, 1955) ғалым-топонимист А.Әбдірахманов қолдай отырып: «Сөз түбірі – *жай*: *жаю*, *жайылу* етістігінің де түп төркіні осы сөзден шығады. Осыған *-ық* жұрнағы қосылып, «Жайық» гидронимі жасалған», – деген пікір айтқан еді (А.Әбдірахманов, 1975, 95 б.). Е.Қойшыбаев «*йай* + *ик* – өзеннің кең арнасы» деп қарайды.

Жоғарыда көрсетілген нақты деректерге қарағанда өзен атының көне *дай* тайпа атымен, ерте заманнан орта ғасырға дейін, *Дайк*, *Дайкс*, *Даих* тұлғаларында аталып келуі ешбір күмән тудырмас шындық екенін көреміз. Оның қазіргі кездегі *Жайық* нұсқасында қалыптасып, тілімізге етене сіңіп кетуінің де тарихи - лингвистикалық себебі бары аян. Атаудағы дауыссыз *д* дыбысының, дауыссыз *ж* дыбысына алмасуы тілдегі заңды құбылыс болса, атау сонындағы *ық* (*қ*) қосымшасын орал - алтай тіліндегі көптік жалғаудың

көне көрсеткіші деп білеміз. Олай болса *Дайк* өзені «*дайлар* (*адайлар*)» мәніндегі ежелгі заманға тән атау деп қараудың жөні бардай.

Жалаңаш (Жаланап) – с., Райымбек ауданы. Бұл атаудың 18 ғасырда Жалағаш аталғаны тарихи еңбектерден белгілі. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегіндегі «Жалағаш мойнағында, Орта Меркідегі екі-үш рет шайқас болды» деген сөйлемді оқимыз (Қазыбек бек, 1993, 315 б.). Онда *Жалаңаш* демей, *Жалағаш* деп анық айтады. Яғни атау *жал* және *ағаш* деген екі сөзден құралған. Оның бірінші сыңарындағы *жал* – «тау қырқасы, қырат, жон», басқа түркі тілдерінде: қырғ. *жал* – «тау қырқалары», түрікм. *ял* – «тау қыраты, жалы, жотасы»; көне түр.: халх., моңғ. *дал «жал»*, топонимдік мағынасы «тау қыраты, ұшар басы, жотасы» (Мурзаев, 1984, 178), екінші сыңарындағы *ағаш* бұл жерде «таудағы қарағай, тал, ырғай, шетен, т. б. жиынтық атауы». Ж.Құлмырзаұлының «Жалаңаш емес Жалағаш» / «Қарқара», 16 ақпан, 1991 атты мақаласындағы пікір де бұл жердің бұрынғы аты Жалағаш екенін дәлелдеп: «Мұны ауылдың орналасқан жерінің өзі-ақ айғайлап айтып тұрғандай. Ауыл Жалаңаш аталатындай қу тақыр далаға емес, көрікті ағаштар көмкерген тау бөктеріне, жал-жал болып қарағай өскен көгілдір белдердің баурайына орналасқан» деуін мейлінше қолдауға болады. Бұл атау жердің бет-бедер, сұлу көркіне толық сай келеді.

Жалаулы (Жалаулы) – жер. Панфилов ауданы. Бұл жердің бұрынғы тарихи аты *Асартөбе* екен. 1643 ж. Осы жерде өткен Салқам Жәңгірханның 600 әскермен Жоңғар Қонтайшысы Батырдың 50 000 әскеріне қарсы тұрып, жеңіске жеткенін Қазыбек бек Тауасарұлы «Ғәләбка жеткен Жарбұлақ үстіндегі *Аралтөбеге* жалау тігіліп қойылды» деп жазыпты. Орбұлақ шайқасы туралы жазған «Қасиетті Орбұлақ» атты мақаласында («Егеменді Қазақстан» 9 сәуір 2002 ж.) жазушы Бексұлтан Нұржекеев Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түкияннан өзіме шейін» атты

кітабындағы (1993, 203 б.) 1643 жылғы соғыстың қай арада өткендігін айғақтайтын үш жер атының сол кітапта аталғанын көрсетеді. Олар: бірінші – *Қосқолаң* тауы, екіншісі – *Қызылқия*, үшіншісі – *Жарбұлақ* үстіндегі *Асартөбе*. Бұлардың ішінде тек Асартөбе атауының ғана бұл күнде *Жалаулы* аталатынын айта келіп, «Қазір Асартөбені жұрт Жалаулы дейді. Жеңістен кейін, Қазыбек бектің айтуынша, Жәңгір хан сол арада Асар берген екен. Сол кезде сол араға ту тігіп, жалау қадап қойған болар, ел ол араның Асартөбе аталатынын ұмытып, Жалаулы деген жанама атын сақтап қалған болар», – деген орынды пікір айтады.

Жалаулы (Жалаулы) – Павлодар облысындағы ақпайтын тұйық көл. Бассейн алабы 144 км². Тасыған су кеп құйылған кезде суы тұщыланады; Құрғақшылық жылдары тұнба көлге айналады. Оған Қарасу өзені құяды. Жалаулы деп аталуының негізгі себебін әр түрлі түсіндіреді. Ғ.Қоңқашбаев «ту тігілген жер» десе (Қоңқашбаев, 1963, 41 б.), В.А.Попова: «Тау жалына жақын көл», «жал аралығындағы + *аула / ола* «тау»; «етістік тұлғалы *жалау* + *лы* қосымшасы – бір-біріне жақын келіп түйісуші»; «мұзды көл болғандықтан, малдың тұзды жалауы мүмкін, тұз орнына түркі тілдерінде *сор* сөзі де қолданылады, оған *лы* қосымшасын қосып, *жалаулы* – «малға тұз жалататын жер» болуы да мүмкін» (Попов, ч. I. М., 1994. с. 144.), – дейді.

Әрбір атауды бергенде, сол жердің табиғат құбылысын, жер жағдайын есепке алу халық санасындағы басты да негізгі себеп екендігін ескерсек, көл жағасындағы тастар, су толқыны әбден шайғандықтан, жып-жылтыр жалақ жартастарға айналады. Сондықтан ондай тастар кейбір көл жағасында көп болуы да мүмкін. Ендеше, жағалауында жалақ тастар көп болғандықтан, бұл көл әуел баста Жалақты аталып, айтыла келе Жалаулы боп өзгеріп, қалыптасып кетуі мүмкін.

Жаманқара (Жаманқара) – елді мекен, Шет ауд., Қарағанды обл. Антропотопоним болуы да ықтимал. «Жаман» сөзі топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдірсе, топоним құрамында «қара» – «биік төбе», «биік шоқы», «қырат» мәніндегі сөз. Демек, «Жаманқара» «кішігірім төбешікті, жон-жоталы, адырлы келген жердегі елді мекен» деген мағынада қойылса керек.

Жаманқұлақ (Жаманқулақ) – тұзды тұйық көл, ұз. 4.5 км. Қорғалжын ауд., Ақмола обл. Ғ.Қоңқашбаев: «Жаманқұлақ – нашар шығанық», – деп жазды (Ғ.Қоңқашпаев, 1963, с. 45). Құрамында «*жаман*» сөзі келетін жер-су аттары республиканың барлық аймағында кездеседі. Ол «нашар» мағынасында қолданылса, кейде монғол, тәжік тілдеріндегі «*чаман*» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген күйінде жұмсалады. Біздің байқауымызша, тәжік тіліндегі «*чаман*» – «көк шалғын», «майса», «жазық алаң» сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Оған тәжік тіліндегі «Чаманбұлақ», «Чаманқулы» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы *ч/ш* дыбыстары *ж* дыбысына алмасқан сияқты. Ал атаудың екінші сыңарындағы құлақ сөзі географиялық термин әрі жалпы есім (апеллятив) ретінде түркі тілдерінде гидронимдік мәндегі атауларда жиі қолданылады. Әдеби тіліміздегі *құлақ* – «арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа» (ҚТТС. 6-т., 1982, 455-б.). Бұл сөз түркі тілдерінде географиялық термин ретінде түрлі мағынаға ие. Мысалы: балқар. *қулақ* – «жыра, сай, аңғар»; хакас. *хулах* – «биік шың», «көлдің, өзеннің жағасындағы шығанақ»; қырғ. *қулақ*, өзб. *қулоқ* – «арықтың суын бөліп байлаған тұсы»; болғ. диал. *қулақ* – «төбелер мен жота, дөңдер арасындағы ашық алаң», «шұңқыр», «жыра, жылға», «аңғар, сай» (Э.Мурзаев 1984, с. 310-311).

Жоғарыда келтірілген дәлелдерге сүйенгенімізде. «Жаманқұлақ» атауының мағынасы «терең сай, аңғардың төменгі, етек жағындағы көк шалғын, майсалы, ашық алаңдағы көл» дегенді білдіргендей.

Жаманшұбар (Жаманшұбар) – жер. шат. Атау құрамындағы *шұбар* сөзі тіліміздегі топонимдер құрамында жиі кездеседі. Мәселен, Ақмола облысында *Шұбарбұйрат*, *Шұбаркол*, *Шұбарқия*, *Шұбарсор*, *Шұбартал*, *Шұбартерек*, *Шұбартөбе*, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында да *Шұбартал* жайлау, аудан аттары ретінде кездеседі. Осы топонимдер құрамындағы шұбар сөзінің білдірер мағынасын монғол тілінде шұбар нұсқасында келіп – «саз жер» дегенді білдірсе, қазақ тілінде «тал, қайың, терек, шетен сияқты ағаштар араласа өскен тоғай, жер» мәнін білдіретіні белгілі. Жаманшұбар атауы А.Сейдімбековтың айтуынша: «Бұл жерде малдың денесін тырнап, қойдың жүнін іліп қалатын жағымсыздау өсімдік күндіқарағанның селдіреп, сирек өсуімен байланысты қойылған».

Біз осы деректі негізге ала отырып, Жаманшұбар атауы бұл өңір үшін «қайың-терегі аралас шағын шок тоғай», не «бір тұста шөбінің калың болып келіп, әнтек сорланып, ақтаңдақтанып жататын жазық» деп қараймыз.

Жамшы (Жамшы) – өз. Ақт. ауд.; а., Шет ауд. Е.Қойшыбаев *жамшы // самсы // шамсы* тұлғаларын «лай су» мәніндегі атаулар деп санайды (Е.Қойшыбаев, 1985, 237 б). Ал қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде (108 б.) жам «теңіздің терең, өзек жерлері» деп көрсетілген. Осы пікірлерді және түркі тілдеріндегі *жем // гем // кем // хем // кам // кег // кан // ком* типті лексикалық элементтердің «су, өзен» мағынасында қолданылатынын айта келіп, Ә.Сапарбекова: «Қалай болғанда да *Жамшы* атауының топонимдік мағынасы «үлкен су», «ағын су», «өзен» ұғымдарына саятыны айқын», – деген пікір ұсынады (Жезқазған обл. 1990, 104-106 бб.). Біз автордың бұл пікіріне зейін қоя отырып, Қарағанды облысындағы осы *Жамшы* атауы мен Павлодар облысындағы *Ямшы* (Лебяжі ауд-ғы с.) атауларының шығу тегі, берер мағынасы ортақ болар деп ойлаймыз. Ескі орыс тіліндегі Ямьшик сөзі 1356 жылдан қолданылғаны тарихтан мәлім болса, Ямьшина

сөзі 1578 жылдан қолданылған. Н.К.Дмитриевтің пікірі бойынша: «Түркі, монғ. *ям-чи*, *ям* сөзінен жасалып, орыс тіліндегі зеленщик, каменщик сияқты жолмен қалыптасып кеткен». Бұл сөздің этимологиясын татар ғалымы Каюм Насыри айтқаны мәлім. В.В.Радлов *јамчы* (түр. *јам* + *чы*) сөзінен *јам* + *чык* «жүннен тоқыған. ямшиктер киетін шекпен, плащ» деп көрсеткен. Бұл дәлелдерге қарағанда, *Жамшы*, *Ямыш* атаулары «пошта аттарын айдайтын көшір, яғни бекетші» мәнінде қойылса керек.

Ямыш, Ямышевское озеро атауларын талдаған В.Н.Попованың айтуынша: «*јам 1*) ұйғ. «пошта станциясы», 2) (осм. Жағат. «пошта аттары», *јамы* (алт. тел.) «жоғары лауазым атак»). *Ям* «пошта станциясы ретінде орыстарға XIII ғ. белгілі болғанын Срезневский айтқан + *су* (*ус* сөзінен өзгерген) жұрнақ, яғни *јам су* «пошташы, орыс тіліндегі *ям* > *ямщик* сөзі түркі тілінен енген *уам* деген дәлелдерге тоқтаған» (Попова В. Часть I. II, 1994. 440-441).

Жаркент (Жаркент) – Алматы облысындағы тарихи қала аты. XI ғ. белгілі ғалым Махмұд Қашқари еңбегінде *Yarkent* тұлғасында айтылады (Махмұд Қашқари. т. I., 484 б.). Бұл тектес қала Қытай Халық Республикасының Синьцзян жерінде ерте заманнан белгілі.

Атаудың шығу тегі мен мән-мағынасы жайлы түрлі пікір бар. Жалпы халықтың атауы бойынша, *Жаркент* < *жар* + *кент* – «қала», яғни «*жар бойындағы қала*». Зерттеушілер атауды иран тілінен қойылған деген пікір айтады. Э.М.Мурзаев: «*Яркент* < ир. *Каркан Кар*» – «*тас* + *кан*» – «*канал*», «*река*» > *Яркент* – «*тас канал*», «*тасты өзен*». Өзен аты бойынша – «қала аты», – деген пікірге келеді (Э.М.Мурзаев, 1996, с. 302).

В.А.Никонов болса: «*Яркент* < ир. *Яркент* «тау тарамындағы қала» немесе «бейбіт қала», – дегенді айтады (В.А.Никонов, 1966, с. 483).

Біздің пікірімізше, *Жаркент* атауының этимологиясы халық этимологиясына жуық. Өйткені республикамыздағы *Жаркент* қаласы Өсек өзенінің жарқабағы үс-

тінде шығысқа қарай созыла салынған. Атаудың екінші сыңарындағы *кент* – иран тілінен енген «қала» мәніндегі термин. Шымкент, Манкент, Өзкент тәрізді калалардың құрамындағы кент сөзімен бірдей сөз.

Демек, *Жаркент* «жар үстіндегі қала» деген мағынаға толық сай келеді.

Жарма (Жарма) – *с., т. ж. ст., бұр.* Жез. ауд. Атау сөздің негізгі түбірі *жар*, ал екінші сыңарындағы *ма* қосымша. Осы жар сөзінің қосылуы арқылы Жартас, Жартоғай, Жаршағыл, Жартасқарасу, Жартүскен, Жарық сияқты топонимдер жасалған. Ақтөбе, Ырғыз, Шымкент, Қостанай, Торғай, Қызылорда өңірлерінде Жарма «үлкен арық» мәнінде айтылады. Кей жерлерде «жарық», «жарылған», «жыра, жыралы жер» мағынасын білдірсе, «өзеннен тура тартылған ор, үлкен канал» мәнінде де айтылады. Ал омоним ретінде де түрлі мағына беретіні мәлім. Жер аты ретінде «екіге бөлінген, жарылған жер», «жыра», «жыралы жер» мәнінде де айтылатыны белгілі.

Жәйрем (Жайрем) – жұмысшы кенті (поселкесі) Жаңаарқа ауд., Қарағанды обл.-да. Ақселеу Сейдімбековтың айтуынша, бұл жерде раң шөп қалың, бітік өседі екен де, қой жайылымына бірден-бір қолайлы болған екен. Содан қойды «*раңға жай*», «*жай раңға*» деген сөздер әдетке айналыпты. Сол «*жай раңға*», «*жайраңға*» боп айтыла келе, жергілікті жерде Жайраң деген жер атына айналып кетіпті. *Жайраң* атауын орыс тілінде Жайрам кейіннен Жайрем деп бұрмалап, содан қазақша да Жәйрем деп жазылуы калыптасып кете барады. Бұны халықтық этимология деп әсте айтуға болмайтын сияқты. Атаудың қолдану аясы мен қызметіне қарай қалыптасқаны анық көрінеді.

Жекедуан (Жекедуан) – *тау*, бікт. 692,1 м. Шег ауд. Атаудың бірінші құрамындағы *жеке* сөзі «онаша, окшау, дара» мәнін білдірсе, екінші сыңардағы *дуан* сөзі түркі, монғол тілдерінде дыбыстық тұрғыдан түрлі тұлғада

айтылып «тау асуы, бел, кезең» деген мағынаны білдіреді. Мәселен, халха-монғ. *дава, давал(н)* – «таудағы биік асу», бур. *даба(ан)* – «тау асу, бел», калм. *даба* – «төбе», «шоқы», түркі тілдерінде: як. *дабан* – «тау, тау асуы», хак. *даба* – «асу, сай», тув. *дабан* – «асу», өзб. *даван* – «тау асуы», қырғ. *дабан* – «тау асуы». Демек, *Жекедуан* – «окшау, оңаша тұрған таудағы асу, бел, кезең» мәніне ие деп білеміз. Атау құрамындағы *дуан* сөзі жоғарыда көрсетілген *даваан, дабан* сөздерінің тілімізге бейімделіп, дыбысталу тұлғасынан өзгерген түрі.

Желағаш (Желагаш) – *тар.*, жер, 3-ауыл, Моншақты болысы, Атб. уезі; *шатқ*, Аккөл ауд. *Жел* (зат есім) + *ағаш* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы жел сөзін тіліміздегі кәдімгі жел «самал» сөзі деп танудан гөрі басқаша қарау керек сияқты. Көне түркі тілінде *юл*, басқа түркі тілдерінде *гүл, ул, жул, сул* формалық тұлғалары кездеседі. Салыстырыңыз: көне ұйғыр тілінде *юл, юлақ* – «бұлақ», шор. – *чул* – «бұлақ», «тау өзені», хак. *чул* – «бұлақ, қайнар», *джул (жул)* качин, сагай диалектілері. Демек, *Желағаш* топонимінің құрамындағы *жел* сөзі түркі тілдеріне тән сол *чул, жул* сөздерінің фонетикалық тұлғасы, «бұлақ», «бастау» мағынасын беретін сөз деп білеміз. Олай болса *Желағаш* топонимінің мағынасы: «бұлақ басындағы ағаш» болуы мүмкін.

Желдіқара (Желдықара) – Алматы обл., Кербұлақ ауданындағы ауыл аты. *Қара* сөзі «төбе», «жота» мәнінде жиі қолданылады. Қараныз: Жітіқара, Жаманқара, Долаңқара, Балтақара, Тастықара, т. б.

Қара сөзінің ностратикалық тілдерде кеңінен көрініс табатынын В.М.Иллич-Свитичтің 1971, 216 б. еңбегінен анық көреміз. Мәселен, араб. *qara* – «отдельно стоящая скала», «холм»; египет. *rk* – «холм»; түрк. *қыр* – «тау», «қырат», «жота»; монғ. *kira, xar, xara* – «жал», «биіктік», т. т.

Желдіқара атауы «жел үнемі қатты соғып тұратын биік жота төбе, жал» деген мағынаны білдіреді.

Желтораңғы (Желторангы) – с., Іле ауданы. Атаудың бірінші сыңарындағы жел сөзі косылу арқылы жасалған өзен, көл, тау аттарының басқа да түркі тілдерінде бары айқын. Бұған қырғыз тіліндегі *Желарык* (өзен), *Жылкөл* (көл), *Жылқуу* (тау), якут тіліндегі *Дыл* (көл), *Дыл-Юрях* (өзен) тәрізді атаулар толық дәлел бола алады. Бұл атаулардың құрамындағы *жел*, *жыл*, *дыл* сөздерінің түпкі төркіні түркі тіліндегі *йул* – «бастау, қайнар» (1969, 277, 278) екенін нақты ізденістер толық анықтап отыр.

Көне түркі тілінде сөз басында ж дыбысы айтылатын сөздердің жоқ екендігін, керісінше, *й* дыбысының басым қолданылатынын жіті байқаймыз. Сол *й* дыбысынан басталатын сөздер кейінгі кезеңдерде *д*, *ж* дыбыстарымен алмасып, ал *йул* сөзіндегі *у* дауысты дыбысы *ы* және *е* дауысты дыбыстарына айналған. Яғни *йул* < *дыл* < *жыл* < *жел* болып қалыптасқан. Демек, *Желтораңғы* атауы «бастау, қайнар» маңайында өскен тораңғы дегенге саятындай.

Жем (Жем) – Ақтөбе және Атырау облыстарындағы өзен. Ұзындығы 712 км., бассейн алабы 40,4 мың км². Басын Мұғалжардан алады да, Каспий ойпатымен ағады. Каспий теңізіне 5 км жетпей, сорға сіңіп кетеді. Бұл өзен атының орта ғасырда *Гем* аталғанын А.Левшин айтса (А.Левшин, 1832, с. 33.), В.В.Радлов шығыс түркі тілдерінде *Кем* – «өзен» екенін айтқан (В.В.Радлов, т. II. ч. 2. 1896, с. 1202-1203.). Осы пікірлерге және басқа да ғалымдар пікіріне сүйене отырып, А.Әбдірахманов. «Сібірдегі түркі халықтары Енисей өзенін *Кем* // *Гем* дейтіні де белгілі. Сондықтан, бұл өзен аты *Гем* деген сөзден, қазақ тілінде бұрмаланып, *Жем* аталып, «өзен» мағынасын білдіруі мүмкін», – деп дұрыс ұйғарымға келген. Бұл атау орыс тілінде бұрмаланып, күні бүгінге дейін *Эмба* тұлғасында қолданылып келеді. Тілімізде *Ембі*

аталуы осының салдары. Шындығында тува тілінде *Кем / Хем* – «өзен». Құрамында кем сөзі бар өзен, көл атаулары Тува мен Алтайда көп кездеседі. Мәселен, Бий-Кем, Улуг-Хем, Ак-Хем, Кара-Хем, т.б.

Жеменей (Жеменей) – Шығыс Қазақстан обл., Зайсан ауданындағы Сауыр-Сайхан тауынан бас алып, Кендірлік өзеніне құятын ұз. 53 км., алабы 526 км² өзен. Оның Үлкен Жеменей – ұз. 27 км., алабы 147 км², Кіші Жеменей – ұз. 15 км, алқабы 33 км² тарамдары бар.

Бұл өзендер Кендірлік және Үйдене өзендерінің алаптарында. Атаудың бірінші сыңарындағы *жем* сөзі арқылы жасалған өзенаттары басқа облыстарда да кездеседі. Мәселен, *Жамшы* – өзен, Қарағанды обл., Ақтоғай ауданында, *Жем* – Ақтөбе облысынан басталып, Каспий теңізіне құятын өзен, Қарагем – Шығыс Қазақстандағы өзен. Бұл *Жем* атауы түркі, монғол, иран, т. б. тілдерінде «өзен» мағынасындағы сөз ретінде *гем / кем / хем / кен / қам / қан* тұлғаларында жиі қолданылады.

А.Әбдірахманов, Жем (Эмба) өзенінің атауын *гем / кем* сөзінің варианты ретінде, ал Е.Қойшыбаевтың *Жамшы* // Самсы тұлғаларын бір морфологиялық тұлғаларда қарастырып, «лай, су» мәніндегі атау» екенін қолдайды. Ә.Сапарбекова: «Жамшы гидронимі «су» мағынасын білдіретін «*жам*» және «*шы*» сөздерінің плеонастика жолымен тіркесе бірігуі арқылы қалыптасып, «ағын су», «өзен» ұғымын аңғартады», – деп топшылайды. Э.Мурзаев *кем / хем* – «өзен» мәніндегі географиялық термин деп санайды. Ол Алтай, Монғолия, Сібір, Орталық Азия, Қазақстан гидронимдік атаулары құрамында жиі ұшырайтынын көрсетті.

Демек, *Жеменей* атауының *жем* сыңары «өзен» деген сөз екенін, оның түркі, монғол, Сібір халықтары тілдерінде *гем / кем / хем / кен / қан* тұлғаларында қолданылатынын көреміз. Ал *Жеменей* атауының екінші сыңарындағы *еней* сөзі тілімізге етене жақын байырғы *ене* (ана) сөзі болса, сөз соңында **й** – *атай, апай, әжей* сияқты туыстық

терминдерге қосылып, құрметтеу, сыйлау мәнін білдіретін көне қосымша. Олай болса, *Жеменей* атауы *Енесей* (Енесай), *Абақан* (аба – «апа, ана», қан (қан) – «өзен» деген сияқты) «ана өзен» мәнінде қойылған деп топшылаймыз. Үлкен өзендерді анаға, патша әйелге балау түркі тілдерінде ежелден бар дәстүр болғаны тарихтан мәлім. Орыстардың да «Матушка Волга» деуі Еділ бойын мекендеген түрік халықтарының әсері екені даусыз.

Жетіген (Жетиген) – с., Іле ауд., Алматы обл. Бұл атаудың шығу төркінін Жетіген жұлдыз атымен байланыстырудан гөрі, Жетісу атауымен байланысты деп қараудың жөні бар сияқты. Оның бірінші құрамындағы *жеті* сөзінің мән-мағынасы белгілі болғанмен, екінші сыңарындағы *ген* тұлғасының мәні белгісіз. Біздің байқауымызша, бұл *ген* көне түркі тіліндегі *ган* (*ген*) (дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқалары: *гем*, *хем*) – «өзен, су» мәніндегі сөзге бой ұратындай. Демек, *Жетіген* атауы қазіргі кезде айтылып жүрген *Жетісу* атауының көне нұсқасы болуы да мүмкін. Бірақта Алматы өңірінің тұрғындары жетіқаракшы жұлдызын Жетіген деп атайтынын да ескерген жөн.

Жетіқоңыр (Жетіқоңыр) – құм. ұз. 35 км. ені 20 км. бұр. Жез. ауд. Ғ.Қоңқашбаевтың бұл атауды «Жеті қарауытқан төбе» деп түсіндіруі (1963, 47) көкейге қонымдылау. Республикамызда *Үшқоңыр*, *Үштөбе*, *Жетісеңгір*, *Үшкөл*, *Үисай*, *Үштақыр* сияқты сан есімдер арқылы жасалған атаулар аз емес. Бұл атаулардың құрамындағы *жеті*, *үш* сөздері нақты санды білдірумен қатар, «киелі», «қасиетті» ұғымды да білдіретіні көпке мәлім. Ал атау сыңарындағы *қоңыр* сөзі арқылы жасалған топонимдердің мағыналары әр түрлі болып келеді. Ол сөздің монғол тілінде де бірнеше мағынада қолданылатыны белгілі. Мәселен, *Хонхорхой* «шұңқыр, ойпат, ойық жер, тау жотасындағы қазан тәрізді үлкен шұңқыр, үңгір, сай, жыра» (МҚС. 1954, 262). Осы тілдегі *хонгур* «сарғыш, қоңырқай» мәніндегі сөздерден басқа хонор 1. төбе, төбешік, қырат; 2. күштіліктің тенеуін

мензейтін сөз. Демек, Жетіқоңыр атауының мағынасы: «бұл манайдағы едәуір жерді алып жатқан құмның ішіндегі алыстан көзге көрініп тұрған жеті төбе».

Жетісу (Жетысу) – *ірі аймақ*, өлке. Жетісу – Республикамыздың оңтүстік шығысындағы «жер жәннаты» аталатын, табиғаты бай, жері құнарлы атақты өлке. Осы өлке атынан жаңа мекен аты қойылған. Жетісу – «жеті өзен» мәнінде аталған атау екендігі баршаға мәлім. Кейбір деректе жеті өзенге: Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендерін жатқызады (ГЭС.) М., 1983, с. 384). Жетісу тарихын жете білетін, жағрапия ғылымынан мағлұматы мол азамат Әшім Тұрлыбаев Жетісуға мына өзендер жатады деп мәлімдейді: Аягөз, Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле, Шу және Талас. Патшалы Ресей заманында Аягөз бен Шу аралығы Жетісу өлкесінің, кейіннен Алматы облысының әкімшілік-аумақтық аймағы болып келді.

1939 ж. Алматы облысы атанған өлкеден Красногор, Қордай, Шу аудандары жаңадан ұйымдасқан Жамбыл облысына, ал Аягөз, Мақаншы Ұржар аудандары Семей облысына берілді. Содан кейін Алматы облысынан Талдықорған облысы бөлініп шықты. 1997 жылдан бастап Талдықорған облысы қайтадан Алматы облысына қосылып, 2001 ж. сәуір айында облыс орталығын Талдықорғанға көшіру жөніндегі Республика Президентінің жарлығы жарияланды.

Бұл күнде тарихи Жетісу аты жағрапиялық нысан (объект) ретінде өз мәнін жоймай, қалпынша сақталып келеді. Осымен қоса Алакөл мен Іле өзендерінің ортасындағы тау аты да Жетісу Алатау (Жоңғар Алатауы) аталады. Оның шығыс жағы Қытайға қарайды. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа дейін созылып жатқан бұл таудың ұзындығы 450 км. Онымен қатарласа жатқан таулар: Қаратау, Басқантау, Бежіктау. Ең биік тауы Бесбасқан 4464 км. Текеліде түсті метел мен кен байлығы болса, Қапал Арасанда термальды минерал су бар. Жер табиғаты өте сұлу, таудың жоғары биік беткейлері мен жал, қырларында

шалғын соны шөп өссе, баурайлары мен етектерінде карағай, тал, ырғай, қайың, шетен т.б. ағаштар өседі. Қазір бұл тау бұрынғыша Жетісу Алатау деп аталып жүр.

Жоңғар Алатауы (Джунгарский Алатау) – таулы қырат, Іле өзені мен Алакөлдің арасында. ХІХ ғасырда Кіші Алатау деп аталғанын Ш.Уәлихановтың «Жоңғар очерктері» атты еңбегінен көреміз. Жоғар тауының шығу, пайда болу тарихын, оның төркінін (этимологиясын) қарастырған ғалымдардың пікірлеріне ден қойсақ, И.Я.Златкин «История Джунгарского ханства» (1635-1758) атты еңбегінде: «Жоңғар мемлекеті 1635 ж. құрылған» деп жазды. Ш.Уәлиханов «Жоңғария очеркі» атты еңбегінде де Жоңғар хандығы туралы деректер келтірген. Г.Сағидолдақызы монғол ғалымдарының еңбектерінде айтылған: «Монғолдың біртұтас мемлекетінің орнауына байланысты (ХІІ ғ.) Шыңғыс хан және оның мұрагерлері монғол елін *зүүнгар* «сол қанат», *баруунгар* «оң қанат» деп, жаугершілік-әкімшілік 2 бөлікке бөліп билеуінен туындаған, монғол тайпаларының басын біріктірген *зүүнгар* «сол қанат» әкімшілік атауы кейінен Жоңғария мемлекетінің аты болып қалады». 17-18 ғ. казак даласына жасалған Жоңғар шапқыншылығы кезінде *зүүнгар* сөзі жоңғар этнонимі ретінде қабылданды және бірнеше атауға негіз болып қалып та қояды», – дегенді айтады (Г.Сағидолдақызы, 2000, 203 б.). Тарихи тұрғыдан қарағанда, бұл пікірдің де орны бар сияқты. *Зүүнгар* сөзін талдап қарар болсақ, монғол тілінде *зүүн* «сол жақ», *гар* – «қол», яғни «сол қол» болса, екінші сыңардағы монғолша *гар* – «қол» (Қазақша-монғолша сөздік. Ұланбатыр, 1977, 275 б.), яғни *зүүнгар* «сол қол» деген мағынаны білдіретінін көреміз. (Бұл *гар* сөзі түркі, монғол тілдеріне ортақ, ерте заманнан бар сөз екенін байқаймыз. Айталық, казак тіліндегі *қары* – «қолдың иықпен білек аралығы, білектің ішкі жағы», *қарым талды* – «қолым ауырды» мәнін білдірсе, қоржынын қолының қарына ілді деп те айтамыз. Ал қырғыз тіліндегі *қары* – «қолдың жоғарғы

жағы (шынтақтан иыққа дейін), иық». 2. Ауыспалы мағынада «күш, қуат»: Каруусу бар киши – күшті адам (КРС. 1965, с. 355). Өзбек тіліндегі *құрб* – «күш, қуат» (УРС. 1988, с. 661) сөздері тұлғалас та мағыналас екенін байқаймыз. Бұған карағанда, *зүүнгар* «күшті, қуатты қол» дегенді, яғни жауынгерлердің ең күшті, қуатты, батыл тобы деген мағынада қолданылғаны анық байқалады.

Тарихи деректерде Жоңғарлар (ойраттар) деп кейіннен батыс монғол тайпаларының аталғаны, оны көршілес түркі тілдес елдердің қалмақтар дегені мәлім. 17 ғ. бірінші жартысында жоңғарлар ойрат мемлекетінің негізін құрса, оның Батур, Цеван-Рабдан, Ғалдан Серен есімді хандары билеген кезде, яғни 17 ғ. мен 18 ғ. бірінші жартысында Жоңғар мемлекеті күшейгені тағы да мәлім.

Осы мемлекеттің атына негіз болған жоңғардың *зүүнгар* сөзінен қалыптасқан деу біржақты сияқты. Өйткені аталмыш тайпалардың ерте дәуірде Гун (Күн) мемлекетінің құрамында болғанын, сол Гуннің айбынды да күшті мемлекет болғанын ескерер болсак, аталмыш тайпалардың шыққан тегіміз «Гун (күн), біз айбынды да күшті, қуатты елміз» дегеннен туындаса керек. Сол Гун этнониміне *гар* сөзін қосу арқылы *Гунгар* атауы қалыптасып, айтыла келе басқа елдер тіліне Жоңғар тұлғасында сіңісіп кеткендей. Атаудың бірінші құрамындағы *Гун* дыбыстық тұрғыдан өзгеріп, *жон/жоң* (*g/jə, y/o*) болып, екінші сыңарындағы *гар/гар* сөзінің ностратикалық тілдерде, ауған тілінде *гар/кар* – «тау», көне иранша *гар* «тау», ягноб тілінде *гар* – «тау», «асу», тәжікше *гардан* – «тау асуы», «бел» деп қарудың негізі бар сияқты.

Демек, Жоңғар атауы Гун тауы, Гундер тауы дегенге саяды. Ал Жоңғар Алатауы атауының 18 ғ. Жоңғар мемлекеті кезінде қойылғаны, батыс және орыс саяхатшылары мен жағрапия ғылымында Джунгария, Джунгарский Алатау боп жазылып, қалыптасып кеткені байқалады.

Жүнді (Жунды) – *е.м.*, Нұра ауд., Нұра өз-ің батысында. А.Әбдірахманов Алматы облысының Алакөл ауданындағы

Жүнжүрөк атауының бірінші сыңарындағы *жүн* сөзін монғолдың *зүүн* – «шығыс» сөзі деп караса (1975, 98), Е.Қойшыбаев жүн көне түркі тіліндегі сөз, қазіргі жон сөзінің фонетикалық түрі, ал *жүрөк* көне түркі тіліндегі *йүрек* – «таудың бір бөлігі» тұлғаларынан жасалған атау. «Жоны бар жүрөк» немесе «Жонды жүрөк» мағынасын береді дейді (1985, 120).

Алайда, атаудың бірінші сыңарындағы *жүн* < *зүүн*, *жүн* сөзінің түркі, монғол, иран тілдерінде: қырғ. *зоо* – «биік жартас» (Конкабаев, 1980, 150), «өсімдік өспейтін биік жалақ жартас» (КРС. 1965, 291), ир. *зоо* – «биік жартас, сай», монғ. *зо (дзо)* – «тау жалы» (Мурзаев, 1984, 226) екенін көреміз. Демек, *Жүнді* атауы тіліміздегі *жүн* сөзімен байланысты емес, *зоо* сөзі тілімізге бейімделіп, оған *н* қосымшасы мен көптікті, бір нәрсенің молдығын білдіретін ді қосымшасы қосылып, *Жүнді* тұлғасы қалыптасқан, сөйтіп *Жүнді* атауын «биік жартасты» немесе «терең сайлы», «аңғарлы» деген мағынаға жуық деп қараймыз.

Жүнжүрөк (Жунжүрөк) – Алматы обл., Алакөл ауданындағы ауыл, таулы жайлау және өзен аттары. Атаудың шығу төркіні туралы әртүрлі пікір бары белгілі. А.Әбдірахманов: «Бұл монғолдың *зүүн* – «шығыс», *зурраг* – «сурет» деген сөздерінен жасалған болуы керек. **Жүнжүрөк** (зүүнзураг) – «шығыстағы суретті тау» деген мағынаны білдіреді», – деп жазды (А.Әбдірахманов, 1975, 98 б.). Е.Қойшыбаевтың пайымдауы бойынша: «Көне түр. **жүн** (қаз. «жон» сөзінің фонет. түрі) және *йүрек* (жүрнек – таудың бір бөлігі) тұлғаларының тіркесінен жалғанған атау. «Жоны бар жүрөк» немесе «жонды жүрөк» мағынасын береді» (Е.Қойшыбаев, 1985, 120 б.).

Авторлардың пікірлерін саралай келіп, біз атаудың бірінші сыңарындағы *жүн* сөзін қырғыз тіліндегі *зоо* – «биік, жартас, құз»; түркім. *зов, зав* – «сай аузындағы жартас» сөздері мен тәжік. *зоу* – «жалақ жартас, сай» (Мурзаев, 1984, 226 б.) сөздерін салыстыра қарап, әрі тұлғалас, әрі мағыналас деп қараймыз. Бұған монғол

тіліндегі *zo* – «тау жалы» сөзі де төркіндес екенін көреміз.

Демек, *жун* сөзі осы *зоо*, *зов*, *зау*, *зо* сөздерінің тілімізде дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп білеміз. Ал атаудың екінші сыңарындағы *жүрек* сөзін монғолдың *зураг* – «сурет» деген мәніндегі сөзі дегенге қосыламыз.

Сонда «Жүнжүрек» атауының мағынасы «биік жартастағы сурет» дегенді білдіреді деп айта аламыз.

Жымпиты (Жымпиты) – Батыс Қазақстан обл., Сырым ауданындағы елді мекен, аудан орталығы. Орыс тілінде *Джамбейты* түрінде өрескел бұрмаланып, қате жазылып келеді. Е.Қойшыбаев: «Атау соғды-иран тілдерінің «қорған, бекініс» мағыналарындағы чим тұлғасына көне түркі тілінің «сұсты, еңселі» мағынасындағы *ни* (*m*) тұлғасын тіркеу арқылы жасалғандай», – деген жорамал айтты (Е.Қойшыбаев, 1985, 122 б.). Бұл атаудың монғол сөзінен жасалған деп дәлелсіз қалдырушылар да бар.

Біздің пікірімізше, атау жеке мағыналы үш сөзден жасалған. Оның бірінші сыңарындағы *жым* көне түркі тіліндегі *гем* / *хем* / *кем* – «өзен» мәніндегі сөздің өзгерген тұлғасы. Ақтөбе, Атырау облыстарында да Жем деген өзен бары белгілі. Осы «*жем*», «*жым*» сөздерінің «*гем*» сөзі негізінде, яғни *г* дыбысының *ж* дыбысына алмасуынан, ал «*жем*» сөзіндегі еріндік дауысты *е* дыбысының жуан дауысты *ы* дыбысына алмасу кұбылысы байқалады, айтыла келе «жем» сөзі қазақ тілінде «*жым*» тұлғасында қалыптасып кеткен. «Жымпиты» атауының екінші сыңарындағы *ни* сөзі көне түркі тілінде *бэй* – «өзен», самоди тілінде де *би*, *бу*, *ба* тұлғаларында айтылып «өзен, су» деген мағынаны білдіреді. Об өзенінің тармағы Би өзені, Енесей өзенінің бір тармағы Би-Хем аталатыны, ал атаудың соңындағы *ты* морфемасы түркі тілдерінде сын есім тудырушы, көптікті, молдықты білдіретін жұрнақ екені белгілі.

Жоғарыдағы деректерді қорыта келе айтарымыз: *Жымпиты* атауы – көне түркі тіліне тән «өзен, суы мол жер» мәніндегі атау. Мұны сол жердің географиялық

объектісі де анықтап, дәлелдеп тұрғандай.

Жымпиты елді мекені Өлеңті мен Шідерті өзендерінің құйған тұсына жақын.

Жітіқара (Житикара) – 1939 ж. негізгі қаланған, Қостанай облысына бағынысты, Шортанды өзені бойындағы қала. Атаудың мән-мағынасы туралы айтылып жүрген пікірлер әр қилы. Е.Қойшыбаев: «Жітіқара атауының этнонимдік мәні бар» (Қойшыбаев, 1985, 117 б.), – десе, Б.Ильясов: «Атау кішкентай төбенің алыстан үлкен болып көрінуіне байланысты аталған. Ол екі компоненттен тұрады: Жітіқара – жіті + қара; «төбе, шоқы» мәнін білдіреді», – деп түсіндіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *жіті* сөзі – «қырағы, көргіш, байқағыш» (4 т. 1979, 344 б.) деп берілген. Алайда оның «айқын, анық» деген мағынаға да ие екені белгілі. Атаудың топонимдік мағынасы «алыстан анық, айқын қарайып көрінетін төбе, шоқы» дегенді білдіретінін байқаймыз.

Зайсан (Зайсан) – Қазақстан Республикасының шығысындағы Зайсан ойпатындағы көл. Бұл ойпат онтүстігінде Алтай мен теріскейінде Тарбағатай, Сауыр-Сайхан тауларының аралығын алып жатыр. Биіктігі 370 метрден 1000 метрге дейін. Жер бедері негізінен таулы алаптар. Шөлейттерде өсетін өсімдіктер көп кездеседі. Зайсан бассейнінің алабы 1,8 мың км². Тереңдігі 10 м-ге дейін. Оған Қара Ертіс өзені құяды да, аяқ жағы Ертіс боп аталады. Бұқтарма ГЭС-ін салумен байланысты бөгелген оның аумағы 5,5 мың км². Уылдырық шашу шаруашылығы бар.

Бұл атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әр алуан пікір айтылады. Ғ.Қоңқашбаев: «Монғолдың *заасинг* (жақсы) деген сөзінен бұл атау ертеректе *Зайсан-нор*, кейде *Нор-Зайсан* деп те аталған. Зайсан атының қойылуына байланысты аңызда: «Бір жұт жылы қалмақтар аштан қырылып жатқанда, осы көлге келіп, балығын жеп,

апаттан аман калыпты. Сөйтіп, көлді Заасингнор (жақсы көл) атапты». Зайсан көлінің бұрынғы атауы Хонхоты да (Қоныраулы) монғол сөзі» (Қоңқашбаев, 1959, 91 б.), – дейді. А.Әбдірахманов осы пікірді жалғасатырып: «Ертеректе монғол ақсүйектері де *заасинг* деп атаған.

Қазақ тіліндегі «жақсы мен жайсаң» деген тіркестерді *жайсаң* сөзі – монғол тілінен енген көл аты осы мағынадағы сөзбен байланысты болуы ықтимал, жергілікті тұрғындар көлді осы күнге дейін *Жайсаң* деп атайды», – деген пікірін айтты (А.Әбдірахманов, 1975, 99 б.). Бұл пікірді Бақытбек Бәмішұлы «Зайсан ба? Жок, Жайсаң ба?» атты мақаласында («Ана тілі», Мешін жылы, ақпанның 11-і) жалғастырып, нақтылай түскен. Автор көл атының ежелден Жайсаң екенін, ана тіліміздің байырғы төл сөзінен қойылғанын айта отырып: «Етек-жеңін кеңге салып, жағасы жайлаудай жайылып, мамырлап жатқан тұщы көлін бабаларымыз Жайсаң атаған ғой. Қазақ жаны жаз, көңілі кең, пиғылы пәк, пейілі жазира адамды «жаны жайсаң жан» дейді. Сонымен қатар, қазақ суы мол, жағасы жайдақ, кемері кең, жиегі жадағай, жалпақ аймаққа жайылып жатқан суды жайсаң дейді. Олай болса, көл аты Зайсан емес, Жайсаң», – деген қорытындыға келеді. Біз осы пікірді дұрыс деп санаймыз. Сондықтан бұл көл де, ойпат та, ауыл-аудан да байырғы қазақ сөзімен Жайсаң атауына өзгертілгені жөн.

Зеренді (Зеренды) – Солтүстік Қазақстан обл-н Зеренді ауданындағы тау және көл аты. А.Әбдірахманов: «*Зеренді*» топонимінің екі арнасы болуы ықтимал: 1. көне түрікше *зеренде* > *зеренді*; 2. *зерен* (монғ. антилопа) + *ді* (зат есімнен туынды сын есім жасайтын қазақ тіліндегі жұрнақ). Бұл екі варианттың қайсысы дұрыс екендігі әлі зерттей түсуді қажет етеді», – дейді (Әбдірахманов, 1975, 100 б.). Ал Е.Қойшыбаев: «Осы көл атауының Зеренді топонимімен байланысы жоқ. Көлдің олай аталу себебі: иран тілі негізіндегі «*зерен*» (қайқы қылыш) мәндес сөзімен ұштасқандай», – дейді (Е.Қойшыбаев, 1985, 123 б.).

Біз бұл ғалымдардың ой-түйіндеріне дұрыс я бұрыс

деп баға бермесек те, өз ойымызды ортаға салуды жөн көрдік. Түркі тілінде осы зерен тектес топонимдердің, атап айтқанда, таулы Алтайда *Зерен* – «жирен, ала, ала-құла» мәніндегі өзен аты, кейде сай аты ретінде немесе Зерен көл – «ала көл» мәнінде айтылатынын көреміз (Молчанова, 1979, 180 б.). Республикамыздың кейбір аудандарында *зерен* «бояу жасалатын шөп, өсімдік» мәніндегі сөз екенін көреміз. Қостанай облысының Жангелдин ауданы тұрғындары тіліндегі *зерендік* – «бояу шөп» (Диалектол. с., 1969, 138 б.). Сондай-ақ көне түркі тілінде *zaganza* бот. «бояқ шөп сафлар»; *zaganza ugugı* – сафлар дәні (ДТС, 1969, с. 639), Махмұд Қашқарида *заранза* – бот. сафлар, бояқ шөп (М.Қашқари, 1-т. 420 б.).

Бұл деректерге қарағанда, тау атының өсімдік атынан қойылуы заңды құбылыс. Өйткені өсімдік атауларынан қойылған топонимдер республикамызда жүздеп кездеседі. Ал көл атының *Зеренді* қойылуы сол өсімдіктің немесе көлдің түр-түсіне байланысты болуы ықтимал.

Индер (Индер) – Атырау облысы, Каспий ойпатының солтүстігіндегі тұзды тұйық көл. Аумағы 110 км². Құрамында калий, бром бар жоғары сапалы тұз өндіріледі. Көл өзі аттас тау етегінде жатыр. Бұл сөз қалмақ. *ундер* – «биік», «қырат», «биіктік»; монғ. *ондар* – «биіктік», «биік», бур. *ундэр* – «биік қырат», «биіктік», азерб. *Һүндүр* – «биік» дегенді білдіреді (Э.Мурзаев, 1984, 234, 578). Жергілікті тұрғындар бұны *Дендер* деп те атайды. *Индер (Дендер)* атау сөз ретінде түркі, монғол және басқа тілдерде кеңінен қолданылып, бір-біріне жақын, сәйкес мағынаға ие келеді. Түркі, монғол, славян тілдерінде Индер, Индерка, Дендер, Ундэр-Хан, Ундэр-Улан, Ундэр-Хара тәрізді топонимдер жүздеп кездеседі. Көл, елді мекен аты ретінде айтылатын Атырау облысындағы Индер (Диндер) көлінің атауы «биік жота, қырат, биіктік» мәндерін білдіретінін байқаймыз.

Каспий теңізі (Каспийское море) – Жер бетіндегі ірі тұйық теңіз. Азия Еуропа шекарасында, шөлейт

далада жатыр. Бассейн алабы 368 мың км². Еділ, Орал, Терек, Кура, Сулак т.б. өзендері кеп құяды. Тарихи жазба ескерткіштерінде біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда, біздің заманымыздың IV және VI ғасырларында Гиркан теңізі, VIII–X ғасырларда оғыздар үстемдігі кезінде Хазар теңізі аталған. Көптеген жазба ескерткіштерде Каспий теңізі түрліше аталады. Белгілі ғалым П.В.Жило Каспий теңізінің 70 аты болғанын анықтаса, өзбек топонимисі Х.Хасанов оның ондаған атын тағы да анықтаған. Мәселен: Хвалин, Гуз, Хорасан, Табаристан, Алан, Дербент, Қыпшак, Козгун, Абесқун, Георгиев, Сарай, Бұхар, Хида. Каспий теңіздің осыншама көп атауға ие болуының тарихи себебі әлі күнге анықталмай келеді. Каспий атауы тілдік тұрғыдан екі компоненттен тұрады. С.В.Юшконың айтуынша: «Біздің заманымыздан бұрынғы VII–IV ғасырларда Каспий теңізінің жағалаулары мен Маңғыстау төңірегінде *кас* тайпасы өмір сүрген. Бұл тайпа әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрі, жалпы мәдениеті тұрғысынан сак пен скифтердің үлкен бір тармағы болуы керек», – деген (С.В.Юшко, 1937, с. 28). Атаудың екінші компонентіндегі (сынарындағы) *ни* сөзі тұңғыс-манжұр тіліне тән: орочин тілінде *bija* – «өзен, бұлақ, көл», эвенкі тілінде *bird* – «өзен». Э.М.Мурзаевтың көрсетуі бойынша да *би* (*бу*, *бы*) самодий тілінде *ба* – «су, өзен», негил тілігінде де *bija* – «өзен», «бастау». Қазак тіліндегі Бүйен (Ақсу ауд. Алматы обл.) өзенінің синкретикалық түбірі *бүй* (< *бү* < *би* < *ни*) + *ен* қосымша. Лингвистикалық тұрғыдан Каспий атауының *кас* сөзі (тайпа аты) және *ни* (фонетикалық варианттары *bij* // *bi* / *by* (й) / *ba* – «су, өзен, көл, бұлақ»). Құрамында *би* > *ни*, *ба* сөздері бар гидронимдер: Бия – Об өзенінің бір тармағы, Бийхем – Енесей өзенінің бір тармағы, Салба – Енесейдің сол жақ тармағы. Демек, Каспий теңізі «кас тайпасына тән көл» мағынасындағы атау деп білеміз. Көптеген еуропалық және отандық зерттеушілер осы *кас* (кас) этнонимін «казак» сөзінің төркіні ретінде қарастырады. Оның теңіз аталуы суының көлемі мен деңгейінің көтеріле асуына сай кейінгі дәуірде пайда болған.

Кеген (Кеген) – өзен, с., ауд. орт., Райымбек ауд., Алматы обл. Кеген өзені Кетпен тауының оңтүстік батыс сілемі Шалкөде тауынан басталып, батыста Кеген селосына қарай ағады. Бұл атаудың шығу төркіні туралы алуан түрлі жорамалдар айтылған. Ғ.Қоңқашбаевтың пайымдауынша, өзен аты монғол тіліндегі *геген* – «әулие, қасиетті» деген ұғымды білдірсе, (1959, 92-93 бб.). А.Әбдірахманов ол монғ., бур., *гэгээн* – «ашық, айқын», «жарық» деген сөз екенін түйіндейді (1975, 101 б.). Ал Е.Қойшыбаевтың ол атауды «көне түркі тіліндегі Көгмен («Көк тірескен») оронимінің фонетикалық көрінісі. Осымен сілемдес Кетпен (көне түрі Кетман) атауымен салыстырыңыз (1985, 127 б.), – деуі де қисынсыз.

Бұл Кеген өзенінің XI ғ. ғалымы Махмұд Қашқари еңбегінде *Кейкан* – Улуу Кейкан, кісіг Кейкан тұлғаларында беріліп, «Қияс тауынан Ыла (Іле) өзеніне қарай ағатын өзен аттары» (III т. 175 б.), – деп жазған. Атаудың бірінші сыңарындағы кей сөзі ерте замандарда кейде *кей*, *кейде күй*, енді бірде *қүй* тұлғаларында айтылып, «үңгір, үлкен шұңқыр», «өзен арнасы», «жағасы» (хакас тілінде), «терең сай», «биік, терең жар», «тік жар» немесе «беттің етегі» (қазақ, қырғызда) мағыналарын білдірген. Кейінгі замандарда айтыла келе қысқартып, *кей* сөзінің соңындағы дауыссыз *й* дыбысы түсіп қалған. Ал екінші сыңарындағы ген түркі тілдерінде *-ган*, *-ген*, *-гем*, *-хем* тұлғаларында айтылып, «су, өзен» деген мағынада қолданылған (Мурзаев, 1984, 251-252 бб.). Бұл деректерге қарағанда, Кеген өзенінің мағынасы «тік жар», «терең арнадағы өзен» дегенді аңғартады. Өзен ағып жатқаннан жердің физикалық-географиялық сипаты мен бет-бедері, терең аңғар да оның атына сай кеп тұр.

Кеңгір (Кенгір) – өзен, с., Ұлытау ауд., Қарағанды обл. Бұл Қаракенгір, Сарыкенгір деген екі салаға бөлінеді. Сарыкенгір Қаракенгірге құяды да, Қаракенгір Сарысу өзеніне қосылады. Қаракенгір өзенінің ұз. 283 км., алабы 19088 м². Сарыкенгір өзенінің ұзындығы 135 км., алабы

4052 м². *Кеңгір* ескі, көне атаулар қатарына жатады, сондықтан да халық арасында оның мағынасы белгісіз. Біз бұл атаудың мән-мағынасы, шығу төркіні туралы бұрынғы бір еңбектерімізде оның ерте замандарда *Кангар* аталып, кейінгі, кезеңдерде тіліміздің дыбыстық жүйесіне сай өзгеріп, жіңішке тұлғада *Кеңгір* болып қалыптасқанын айтқан едік (Орт. Қаз., 1989, 137-139). Өйткені оның бірінші сыңары канг үндіеуропа тілдерінде *кан//канг//ганга* тұлғаларында сақталса, Алтай, Сібірдегі эвенкі, түркі тілдері мен корей тілдерінде *кан//кен//кем//хем* тұлғаларында сақталған. Демек, *канг//кан//кен//кем//хем* және *ар//ер//ур* морфемаларына лингвистикалық талдау жасағанда ғана олардың сырын аша аламыз. Осы *кан//кен* тұлғалы өзен аттары Енесей өзенінен бастап, Охотск теңізіне дейінгі тайга мен орманды-тундралы аймақта және Алтай, Сібірден Орта Азия, Қазақстанға дейін, одан әрмен Үндістанға тараған. Бұл кан/ганг/кен формантын кейбір ғалымдар жұрнақ деп, басқаларын «ағын су, өзен» деген мағынадағы жеке, дербес сөз деп таныды. Бұл сөз шығыс түркі тілдерінде, яғни Алтай, Сібір өлкесіндегі тұрғындар тілдерінде «өзен, су» мағыналы сөз болса, иран тілдерінде кан «арық», «канал» деген мағынаны білдіреді. Ал атаудың екінші компонентіндегі *ір* (*ар*, *ер*) үндіеуропа, түркі, монғол тілдеріне ортақ екендігі анықталып отыр. Мәселен, башқұрт жеріндегі Танып өзенінің оң жақ жағасындағы *Ар* (өзен), Буй өзенінің тарамы *Эри*, Усен өзенінің оң жақ тармағы *Әриылға*, манси тіліндегі *эри* – «өзен», венгер тіліндегі *ар* – «өзен», «ағын», «тасқын» сөздеріне барып саяды.

Демек, Кеңгір атауының мағынасы «өзен-өзен» дегенге саятындай.

Кербұлақ (Кербулак) – с., Талғар ауд. Алматы обл. Атаудың бірінші сыңарындағы *кер* сөзі осы күнгі түркі-монғол тілдерінде *кір* тұласының (балшық, шалшық, лай көзі) мәнін береді деген пікірлері бары белгілі (Топ. Востока, 83 б. Мельхеев, 1969, 157 б.). Біздің

байқауымызша, кер сөзі түркі тілдерінің кейбірінде «тау», «қыр», «биік» мәнінде қолданылып, әуел бастағы *қар*, *қыр* сөздерінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі болса керек. Оны қырғыз тілінде сақталған *керүү* – «тау басы немесе биік тау етегі» деген географиялық терминнен анық көреміз (КРС., 1965, 379 б.). Бұл сөзбен түбірлес манси, коми тілдеріндегі *керас* – «жартас», «өзеннің тік жағасы» сөзінің бары мәлім (Мурзаев, 1984, 271 б.). Бұл дәлелдерге қарағанда, *Кербұлақ* топонимі «таудан, биік қырдан құлай аққан бұлақ» деген мағынаға бейім сияқты.

Керей (Керей) – өзен, көл, Акмола обл. X-XI ғғ. Керулен өзені бойында, Алтай жерінде жеке мемлекет болған, қазіргі қазақ халқының негізін қалаған ірі тарихи тайпа. Керей ханы Тоғрыл мен Шыңғысханның әкесі дос болған. Есугей өлген соң, оның інісі күреңіне (ауылына) ие боп, Темужиннің (Шыңғысханның) шешесін күн, өзін құлдықта ұстаған. Амалын тауып қашып шыққан Темужин Тоғрыл ханға мұңын шағып, бар жағдайды айтқан соң, оған 500 атты әскер береді. Осы күшпен келіп, ол күреңін басып алып, жауыз ағасын өлтіріп, кегін алады, шешесін күндіктен құтқарады. Темужин (Шыңғысхан) осы әскер күшімен татарларды, одан соң айналысындағы руларды қол астына бағындырған. Кейіннен күш жинап, наймандарға екі рет шабуыл жасап, жеңе алмай, Керей ханы Тоғрылмен келісіп, наймандарды бірге шауып, жеңіске ие болады. Бірақ Темужин опасыздық жасап, керейлерге кейіннен шабуыл жасап, Тоғрыл ханды және оның ұлын өлтірген (қараңыз: Калашников, Жестокий век).

Демек, Керей өзені мен көл атын этнотопоним деп білеміз.

Кетпен (Кетмень) – тау, с., Ұйғыр ауд., Алматы обл. Бұл атаудың мәніне алғаш рет назар аударған ғалым Е.Қойшыбаев пікірінше: «Кет шыңы // Кет қорғаны // Кет қақпасы» мәндес атау (1985, 130 б.) дейді. Оның XI ғ. ғалымы Махмұд Қашқари еңбегінде *Кетман* тұлғасында

кездесетінін көреміз (МК., I т. 444 б.). Бұған карағанда, бұл көне атаудың бірінші сыңарындағы *кет* сөзі ежелдегі алтай тілдеріне тән сөз екендігі байқалады. Өйткені оның *кад*, *када*, *кадар*, *хада*, *хад* тұлғалары тұңғыс-манжұр тілдерінде «биік» «жартас», «шың» мағыналарында кездеседі (Э.Мурзаев, 1984, 240 б.). Осыған қарғанда, атаудың бастапқы тұлғасы Кадман, одан Катман // Кетман, кейінгі кезеңдерде Кетпен боп өзгеріске ұшырағаны байқалады. Ол тілдің дамуына байланысты болған тарихи құбылыс. Бұл тектес атауларды басқа да түркі тілдерінен кездестіреміз. Мәселен, Өзбекстанның Ферғана облысында *Катманчопти*, Байсын ауданында *Кетмантуба* деген атаулар бар (Нафасов, Узбекистон топонимлари, 1988, 92-93). Демек, бұл тарихи атаудың «қат-қабат биік таулар тізбегі» деген мағынаға жуықтығы байқалады. Оған сол жердің табиғи географиялық сипаты толығынан сай келіп тұр.

Қалғұтан (Колутон) – кала типіндегі кент, тж. Ст. өзен, Астрахань ауд., Ақмола обл. Бұл – «Қалғұтан» атауының орысша транскрипциясы. Е.Қойшыбаев пікірінше, «Қалғұтан атауы» тіркесінің қысқарған түрі.

Бұл атау Таулы Алтайдағы Калгуты (Калгануты, Колгут – өзен, тау) – монғ. *хаалгат* – «какпалы»; бур. *хаалгаатай* – «жабық, бекітулі»; қалм. *хаальтата* – «жабық, бекітулі» деген сөздермен төркіндес емес деген ой келеді. Өйткені Ғ.Қонқашбаев та «Қалғұты – монғолдың «халга» (какпа) деген сөзінен алынған және тауды кесіп өтетін өзен аңғарының рельефін дәл береді», – деп жазған еді (Қонқашбаев, 1959, с. 91). Олай болса, атаудың негізгі тұлғасы Колутон, Қалғұтан әлде Қалғұты ма? Оны көптеген жазба деректерден, болмаса XVIII-XIX ғғ. топокарталардан, архив материалдарынан қарастыру ләзім болмақ.

Көкпек (Көкпек) – жер, елді мекен, Еңбекшіқазақ ауд., Алматы обл. Тұрғындардың айтуынша, «бұл жерде көкпек деген өсімдік өскен, содан осылай аталған». Біздің

байқауымызша, бұл атау жер бедеріне орай қойылған сияқты. Көкпек аталатын кең жазық – Торыайғыр тауының терістік етегінен басталып, Көкпек сайының етегіне дейін созылып жатқан, ұзындығы 20 шақырымдай жер. Осы жазықтықтың Бартоғай жағындағы ойпаң жерінен бастау алған бұлақ сай ішімен төмендей ағып, ондаған шақырым жерге барып жерге сіңіп кетеді. Ал бұлақтың бас жағындағы кең ойпат үнемі көгеріп, көкпеңбек боп жатады. Сондықтан да *Көкпеңбек* жер аталып, замандар бойы айтыла келе, ықшамдалып, сөз арасындағы пен форманты қысқарып әрі түсіп калып, *Көкбек* атауына ие болған, кейіннен ұяң дауысты «б» дыбысы үндестік заңы әсерімен «к» дыбысының ықпалына көніп, қатан «п» дауыссыз дыбысына ауысу салдарынан *Көкпек* боп қалыптасып, тұрақтанып кеткен деп те қарауға болады.

Көксүн (Коксун) – а., Абай ауд. Бір қарағанда бұл атауды Көксу атауымен бірдей, сол атаудағы *сү* сөзінің тұлғасында қалыптасып өзгерген түрі болар деуге болатын сияқты. Алайда *сун* сөзінің дербес мағыналы лексема екені сөзсіз. Өйткені таулы алтай тілінде *сығын* «марал» деген сөз бар. Бұл жерде *Сығынду* «маралы көп, маралды жер» мағынасындағы елді мекен аты деп айтылса, *Сығын + мууз* сай, елді мекен атауы кездеседі де «марал мүйізі» мәнін білдіреді. Біздің ойымызша, *Көксүн* атауының құрамындағы *сүн* сөзі сол *сығын* сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырап, тілімізде *сүн* тұлғасында қалыптасқан түрі болуы мүмкін. Сонда *Көксүн* «маралы көп, шалғынды, көкмайсалы жер» мәніндегі атау деп жорамал айта аламыз.

Көкшетау (Кокшетау) – қала, тау, Солтүстік Қазақстан обл. Қала аты Көкшетау атынан қойылған. 1824 ж. негізі қаланған.

Көптеген көлдері бар және қарағай қалың өсетін жер. Атаудың бірінші сыңарындағы «*көк*» сөзі – «аспан» және екінші сыңарындағы *ше* – үстемелі теңеу мәнді қосымша. Атаудың толық мағынасы: «көкпеңбек, әдемі, сұлу боп

көрініп тұратын тау». Оның суреті мен келбет-кескіні С.Сейфулин «Көкшетау» поэмасында тамаша берілген. Биіктігі 947 м – ге дейін келеді. Орысша: «Синюха» деп аударғанмен, ресми түрде қазақ тіліндегі тарихи Көкшетау аты берік орын алған. Е.Қойшыбаев атаудың мән-мағынасы туралы: «Көкшелі тау»; қазақтың осы тауда жайлаған (не қыстаған) ескі ру тобының (Көкшенің) атымен байланысты. Оның үстіне, қазақтың *Көкшебай*, *Байкөкше* антропонимдерімен жақсы үндеседі», – деген үзілді-кесілді пікір айтады (Е.Қойшыбаев. 1985, 136 б.). Таудың Көкшетау аталуы жер табиғатына, оның сұлу көркі мен бедеріне байланысты, тау төңірегінің, оның баурайының мәңгі жасыл, көгеріп, алыстан көкшіл болып көрінетін, жыл желең қарағай түсіне орай қойылғаны кімге болса да белгілі.

Көмірші (Комирши) – жер, елді мекен, Райымбек ауд., Алматы обл. Қазіргі қазақ тілінің сөз жүйесі жағынан бұл атау «көмір дайындаушы», «көмір жағушы» деген мағыналы сөз боп саналады. Бірақта туыстас түркі тілдерінің кейбіреуінде, атап айтқанда, Таулы Алтайда: *Комурты*, *Кумурту*, *Кумирты* аталатын өзен, сай, шатқал, елді мекен атаулары бар. Тіптен VIII ғ. тән көне түркі жазба ескерткіші, Мойынчор жазбасында да Көмур тағ (Көмір тау) топонимі бары да белгілі. Төленгіт тілінде (Алтай тілінің бір диалектісі) *комур* – «таудың биік жеріндегі тар, қылта жер» деген мәндегі сөз. Ал атаудың екінші құрамындағы *ты* – қосымша. Бұған қарағанда, сөз етіп отырған тіліміздегі *Көмірші* атауының шығу төркіні мен мағынасы сол Алтай тіліндегі, көне түркі тіліндегі атаулармен төркіндес екендігі айқын да анық сияқты. Осымен қатар, ерте замандарда бұл жерден тас көмір өндірумен байланысты қойылуы да мүмкін.

Күлтөбе (Культобе) – XVIII ғ. басында қазақ халқына кеңінен белгілі болған Сырдария бойындағы тарихи жер аты. «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген сөз тірке-

сінің белгілі бір саяси оқиғаға байланысты шыққаны да белгілі.

Ел аузында сақталған тарихи аңыз бойынша, Тәуке хан Күлтөбеге үш жүздің өкілдерін – билерді жинап алып, Қасым хан мен Есім ханның бұрынғы заңдарының кейбір ережелерін «Жеті Жарғы» нормасына енгізу жайында жиын-кеңес өткізіп отырған.

«Тәуке ханның Жеті Жарғысының» түпнұсқасының толық түрінің біздің заманымызға жетпегені мәлім.

Қазақтың тарихы мен заң дәстүрлерін зерттеуші ғалымдар көбіне А.Левшиннің еңбегінде көрсетілген «Жеті Жарғының» 33 ережесіне ғана жүгінетіні көп жерде айтылып та, жазылып та жүр. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша тараған «Заңдар жинағы» көп өзгеріске ұшырағаны «Қазақстан тарихында» орынды айтылған.

Күрен (Курен) – елді мекен. Қостанай обл-да.

Бұл атаудың монғол тілінде «ауыл» мағынасындағы сөз екенін, оның монғол, түркі және славян тілдерінде кеңінен қолданылғанын Э.М. Мурзаев жан-жақты көрсеткен (Э.Мурзаев, 1984, с. 317-318.). Монғол тіліндегі *күрен* сөзі әсіресе И.Калашниковтың «Жестокий век» атты (1985 ж.) романында кеңірек айтылған. Э.Мурзаев: «Күрен – «даладағы, ормандағы уақытша баспана», «сарай, жер үй, шалаш», – деп көрсетеді де, запорождық казактарда – «тұрғын үй, тұрақ», ал украин тілінде – «үй», поляк тілінде – осымен қатар «қоршау» деген де мәні бары айтылады. Бұл Күрен аталатын елді мекен атының, республикамыздың басқа облыстарында кездеспеуіне карағанда, тым сирек атау екені, алайда біздің тіліміздегі «ауыл» сөзіне жуықтығы байқалады.

Күрметі (Курметы) – жер, елді мекен, Райымбек ауд., Алматы обл. Зерттеуші Е.Қойшыбаев бұл атауды Күрметті тұлғасында береді де, *күрмет* деген шөп атымен байланыстырады (1985, 139 б.). Қырғызстан Республикасының Нарын және Ыстыккол облыстарында

Күрменті деген тау, өзен аттары бар. Ал Райымбек ауданындағы өзен және тау аты *Күрметі* Қырғызстандағы Күрменті аталатын өзен мен таудың терістік жағында. Демек, бұл өзеннің де, таудың да аты төркіндес.

Қырғызстандағы бұл атау Ш.Уәлихановтың «Қашқар күнделігі» атты еңбегінде *Күрмекті* және *Күрметі* тұлғаларында берілген (т. 1., 1985, 14, т. 3. 1985, 39), бірақ мағынасы көрсетілмеген. Бұл атаудың бірінші сынарындағы *Кур* түбірі орал-алтай тіл бірлестігінде, оның ішінде тұңғыс-манжұр тілдерінде: *хур* (эвенкі) – «тайға», «орман», *хурэ, урэ* (нанай) – «тау», «тайға», «орман» (Э.Мурзаев, 1984, 329, 599 бб.). Монғ. *хур* – «жар, жартас», манжұрша *куру* – «биік жота, төбе» деген сөздермен түбірлес. Бұған карағанда, *хур* түбіріндегі «х» дыбысының «к» дауыссыз дыбысына ауысқаны байқалады. Осы дәлелдерге ден қойсақ, Күрметі атауы «орманды, карағайлы таудағы өзен» деген мағынаны беретіні анық.

Күрті (Курты) – өзен, с., Жамбыл ауд., Алматы обл. Республикамыздың басқа облыстарында да ұшырасады. Е.Қойшыбаев пікірінше: «түр. *күрт* («сең») тұлғасына *ті* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау» (1985, 139 б.). Бірақта орал-алтай тілдерінде: монғ. *хур* – «жар», «жартас», манжұрда *курд* – «биік жота, төбе» екенін көреміз. (Э.Мурзаев, 1984, 320 б.). Бұл салыстыру материалдарына карағанда және Күрті аталатын жердің бедеріне ден қойғанда, *Күрті* «жарлы, жар тасты» деген мағынаны беретіндей. Ал көне түркі тіліндегі *qurt* – «қасқыр» (МК I, 342) сөзінің біздің тілімізде өзгеріске түсіп, жіңішке түрінде *күрт* боп айтылуын да есте ұстаған дұрыс.

Күршім жоталары (Куршимские хребты) – Шығыс Қазақстандағы Алтай тауының оңтүстігінде Күршім өзені мен солтүстігінде Қалғұты және Қалжыр өзендері және оңтүстігінде Марқакөл аралығындағы 150 км. жерде созылып жатыр. Биіктігі 2644 м-ге жетеді. Атау «көне түр. *күр* («от») және *гім* («жем») сөздерінен қалыптасқан.

«Мағынасы – отты-жемді (жер)», – деп пайымдайды (Е.Қойшыбаев, 1985, 139 б.). Біздің пайымдауымызша, атаудың бірінші сыңарындағы *күр* сөзі манжұр тіліндегі *күрү* – «биік», монғ. *хур* – «тік жар», тәжік. *кур* – «тау тізбегі, сілемі» сөздерімен мәндес болса, екінші құрамындағы *шім* қырғыз тіліндегі *чон* – «тау мұздағы», «тау мұзы» сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп қарауға болады. Атаудың мағынасы «биік тау сілеміндегі мұз, яғни мұзды тау» дегенге саятындай.

Қабанбай (Кабанбай) – а., Алакөл ауданы. Абылай хан кезіндегі қазақ сарбаздарының қолбасшысы, ту ұстаған атакты батыр. Бұқар жыраудың дастанында:

«Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай,
Өңкей батыр жиылып,

Абылай салды жарлықты», – деп жырлауы баршаға аян. Жонғарға қарсы күресте аса ірі ерлік көрсеткен жау-жүрек батырдың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қойылған елді мекен, мектеп аттары Республикамыздың көптеген облыстарында бар. Қабанбай батырдың өз кезінде қаракерей руының биі болғаны да тарихтан мәлім. Батырдың ерен ерлік, батырлық істеріне арналған «Ер Қабанбай» атты дастан – болашақ ұрпақтар мен жас жеткіншектерді халқын, жерін шексіз сүйеге, батырлық пен батылдыққа тәрбиелейтін мазмұны терең шығарма.

Қабанбайдың шын, төл аты – Ерасыл. Батырдың Дарабоз, Ізбасар деген де лақап есімдері болған, ал Қабанбай аталуы жайында оның замандасы, қанды көйлек майдандасы Қазыбек бек Тауасарұлы: «Осы Қарағайлыдағы он жеті күн болған соғыста Ерасыл бір күні кешке дейін майдан алаңында жалғыз тұрып, алты қалмақ батырының басын алған. Содан қалмақтың қолбасы Жамбын дұшпан: «Мынау алған беттен қайтпайтын нағыз қабан екен», – депті. Міне Ерасылдың Қабан атанатыны осыдан соң,

кейін батырға ерлікпен бірге мал да бітіп, бай болғанда Қабанбай атанды. Дұшпан болса да Жамбын аузына құдай салған шығар, шынымен Ерасыл бұдан кейін беті қайтпайтын Қабанбай батыр болды. Қазақ оны Қаракерей Қабанбай атандырды. Алғаш Аякөздегі ұрыста үйсін Ақтамберді батырдың қосында көрген едім оны», – деп жазды (Қазыбек бек. 1993, 331).

Қазалы (Казалы) – іргетасы 1867 ж. қаланған, Қызылорда обл., Сырдария өзені бойындағы қала. Қазалы темір жол стансасынан 12 км жерде. 1853 ж. кірпіш зауыты салынған. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы туралы А.Әбдірахманов: «Бұл атау, біздіңше, арабтың *«газал»* (орысша – *газел*, қазақша – *киік*) деген сөзі мен түркі тілінің туынды сын есім жасап, сол нәрсенің барлығын білдіретін *-лы* жұрнағы қосылуы арқылы жасалған. Шынында да, Қазалы қаласы орналасқан Арал теңізінің жағасы ертеде киікке, құланға өте бай болған (Ғазалкент, Қарғалы атауларын салыстырыңыз)», – деп жазды (А.Әбдірахманов, 1975, 115-116 бб.). Е.Қойшыбаев бұл пікірмен келіспей: «Арабтың *«газел»* («киік») сөзіне таңудың ешбір қисыны жоқ, ол мүмкін емес», – дей келіп, атаудың төркіні мен мағынасы жайлы екі вариант ұсынады: «Түр. – *қаз* және *алы* этнонимдерінің қосарланған түрі: каз. – *қазелі* атауының иран тілінде ассимиляцияланған түрі» (Е.Қойшыбаев, 1985, 140 б.). Әнес Жакыпов Қазалы – Сырдария ауданындағы дариямен жалғасқан көл, жыра аты екенін көрсете отырып, Қазалы атауының мағынасын былайша жазады: «Балық аулайтын, камыстан, тал шыбықшаларынан тоқылған, су тасығанда Сырдариядан көлге су қайтқанда, көлден дарияға қайта құятын сағалықтарға, дария жырларына құрылатын, арнайы балық ұстау үшін істелетін құралды қаза деп атаған. «Қазадағы балық – қазандағы балық» деген мақал бұл құралдың дәуірлеп тұрған кезінде шықса керек. Бұл құрал ежелгі замандық болғанмен, пайдалануы 1930 жылға дейін». – дей келіп, «Қазалы» атауы осы құралмен байланысты қойылғанына меңзейді

(Ә.Жакыпов. 1993, 72 б.). Алайда автор атаудың пайда болу мерзімін анық көрсетпеген. Алдымен, атаудың көнелігін, тарихи атау екендігін ескергеніміз жөн. Сыр бойында ерте орта ғасырларда баска түркі тайпаларының өмір сүргені тарихтан белгілі. Сондықтан кейбір жер-су аттары сол тайпалар сөздерінен қойылғаны, болмаса сол жерді мекендеген ру, тайпа атауларының бізге этнотопоним түрінде жеткен нұсқалары да болуы мүмкін. Олай болса, «Қазалы» атауын этнотопоним деп танудың қисыны бар-дай. Егерде қас тайпа атының Каспий теңізі атауы мен Қазғұрт, Қастек тау атауларында сақталғанын ескерсек, Қазалы атауында қаз тайпасының аты сақталғанын көреміз. Оның екінші құрамындағы алы тұлғасы түркі тілдеріндегі «биік», «шоқы, жота» сөзінің қысқарған түрі деп қарасак, Қазалы – «қаз шоқысы, жотасы» деген мәндегі атау болуы мүмкін. Бұндай топонимдер, мәселен, Қазбек (Казбек), «Қаз биігі» Қапқаз (Кавказ) – «Қаз тауы» деген мәндерге ие.

Қазығұрт (Казыгурт) – аңыз бен құпия сырға толы, қасиетті де құдіретті Қазығұрт жайлы көп айтылып, көп жазылды. Күллі казак халқына белгілі бұл көне тау мен ескі атаудың тарихы да тереңде жатыр.

Шымкенттен Ташкентке бет алған жолаушы сол жағында созыла жатқан Қазығұрт биігін бірден көзімен шолып өтеді. Жазушы С.Бакберженов: «Алыстан қарағанда, түндігін айқара ашып тастаған, әбден тозығы жеткен, он екі қанат қара шаңырақты қараша киіз үйге ұқсайды. Қазығұрт Алай тауларынан оқшау, Бадам өзені бойындағы адырлы көк жазыққа ұмсына еніп жатыр. Бұл тау жайында аңыз, ертегі көп», – деп жазған еді (С.Бакберженов, 1984, 13 б.).

Одан әрмен жазушы Қазығұрт тауының бір кезде жанартау болғанын ғалымдардың растағанын айта келіп: «Ертеде аса үлкен жанартаудан аспанға атқылаған үлкен қойтастардың мүлде алысқа түскенін, ол маңайдап қазірге дейін ап-анық көруге болады. Топырағы отқа қызып, күлгін

тартқан. Тау төбесі ойпан, жазық, опырлатып, төмен түсіп жатыр. О шеті мен бұ шетіне көз талып жететін, көлемі ат шаптырым ойынды жазық. Осындай табиғат ғажабын көзімен көрген халық оны өз киялынан не килы аңыз қылған», – деп сипаттауы (сонда, 15 б.) таудың тағы бір сырын аша түседі.

Халық аузындағы әңгіме бойынша: «Сонау ескі замандардың бірінде, бүтін жер бетін топан су қаптаған кезде, Нұх пайғамбар кемесі Қазығұрт тауына дейін жүзіп келіп, сол таудың биігінде тұрып қалыпты. Жер бетін қаптаған қызыл су қайтқан кезде, жер бетіндегі адамзат ұрпағының барлық тіршілігі сол кемеден, былайша айтқанда, Қазығұрт тауының кеме тәрізді дөп-дөңгелек басынан басталыпты.

«Қазығұрттың басында Кеме қалған,

Ол киелі болмаса, неге қалған!

Ішінде екі козы болған екен,

Шопан ата деген сөз содан қалған», – деген шумақты білмейтін ұрпақ кемде-кем. Аты аңызға айналған «Қазығұрт» топонимінің шығу тегі мен төркіні, мән-мағынасы жайлы да айтылған пікірлер бары мәлім. Ол жөнінде Қ.Өмірәлиев, А.Әбдірахманов, Е.Керімбаев пікірлері оқырмандарға жыға таныс. Қ.Өмірәлиевтің: «Қазығұрт» атауындағы қаз сыңарының бастапқы төркіні *кер* сөзінен», – деуі қисынды емес. «Қазығұрт» атауының бірінші сыңарындағы *қаз*, біздің ойымызша, Қазбек, Каспий, Қастек, Қазалы, Қазтауы, Қазан, Қаз елі сөздерімен тікелей байланысты.

Әбілғазы Бахадұр ханның «Шежре-и-Түркмени» (1660-1661) атты кітабында тау аты әрі Оғыз ханның бір тайпасының аты ретінде Қазығұрт тұлғасында кездесуі де біздің ойымызды дәлелдей түспек. Олай болса, Қазығұрт атауының бірінші сыңарындағы *қаз* сөзі этноним (көне тайпа, ел) ретінде өмірде болған, оның жалғасы қазір де кездесетінін, ал екінші сыңарындағы *ғұр* (*m*) сөзін башқұр, ұйғыр, онғұр сияқты этнонимдер құрамындағы сөздермен түбірлес деп білсек, сөз соңындағы *m* көптік

жалғаудың көне көрсеткіші екендігі тілдегі (дулат, керейіт, маңғыт, т.б. этнонимдердегі «т») жалғауы сияқты) тарихи құбылыс. Бұл дәлелдерге бой ұрар болсақ, Қазығұрт атауындағы, яғни сөз ортасындағы қысаң дауысты *ы* дәнекер ретінде қосылған, демеуші дыбыс тәрізді.

Тау атының ру, тайпа не кісі атынан қойылуы мүмкін дегенді А.Әбдірахманов, Е.Керімбаевтар өздерінен бұрынғы Әбілғазы мен И.В.Мушкетов пікірлеріне сүйене отырып айтқан-ды.

Атаудың бірінші сынарындағы *қаз* сөзін тайпа, ел аты деп білсек, екінші сынарындағы *ғұр* сөзін *ғұз* (оғыз) тайпасының ескі нұсқасы, *р/з* аламасы нәтижесінде туған тарихи (салыст. *қыр/қыз*) фонетикалық құбылыс болуы ықтимал деп қараймыз. Алғашқы атауы Қаз биігі, Қазтауы болып, ол тауды кейінгі замандарда *ғұздар* иемденгенде, *ғұр* (*ғұз*) тайпа атауы жаңадан қосыла айтылып, Қазығұрт (*т*) аталған болар деп топшылаймыз.

Қазансу (Казансу) – с., Кербұлақ ауданы. Атаудың бірінші сынарындағы *қазан* сөзі «ас пісетін шұңғыл шойын ыдыс» деген тура мағынасынан басқа «ой, ойдым, ойпат» деген географиялық, яғни топонимдік мәнде де қолданыла береді.

Осымен қатар тіліміздегі *Қазаншұңқыр* – «жер бетінің ойыс келген жері, ойдым» мағынасындағы географиялық термин де бар. Демек, сөз етіп отырған *Қазансу* топонимін «ой, ойдым, шұңқыр жердегі су (өзен)» мәніндегі атау деп қараймыз. Құрамындағы *қазан* сөзі бар атаулардың Республикамыздың басқа да аймақтарында: Қазансор. Қазанойнақ (өзен, жер Ақмола облысында), Қазаншұңқыр (мекен аты, Шығыс Қазақстан, Семей өңірінде) тұлғаларында кездесетінін көреміз.

Қақпақ (Какпак) – тау, с., Райымбек ауданы. Текес селосының жоғары жағындағы көлбей созылып жатқан тау ортасынан аққан арынды өзен осы тауды қақ бөліп жатыр.

Сол тұс алыстан карағанда кораның ашық какпасына ұқсайды. Сондықтан да бұл жерді халық *Қақпақ* атаса керек. Бұл көне атаудың о бастағы тұлғасы *Қақпағ* болуы мүмкін. Айтылуы барысында ұяң дауыссыз «г» қатаң дауысты «қ» дыбысына ауысқан. Осы таудағы биіктігі 3482 м. асу да *Қақпақ* аталады, бірақ та ауданның топографиялық картасында орысша Кокпак боп теріс, қате таңбаланған, орысша дұрыс жазылу нұскасы Какпак.

Қалба тауы (г. Калба) – Шығыс Қазақстан облысында, Ертіс өзенінің сол жағындағы ұзындығы 400 км., биіктігі 1606 м. тау және тау қыраттары. Мұнда түрлі тау жыныстары бар. Тау тастары арса-арса болып, салаланып келеді де, алтын және түсті металл кен орындарына бай болады. Тау етегінде шалғын шөп бітік, биік, келеді де, кайың, карағай, көк терек қалың өсіп, жайқалған орманды болады.

Атаудың мағынасы жайлы әртүрлі топшылау пікірлер мен пайымдаулар бар. М.Әбдірахманов пен А.Бонюховтар: «Шорияда *Қалбық* деген тау аты бар. Осы тау аты «*қалбы, қалбы*» (*черемша*) деген есімнен жасалуы мүмкін», – деп жорамалайды (Языки и топонимия, 1996, с. 160.). Ал орыс тілінде *черемша* – «жабайы сарымсак» екені белгілі. Бұл пікірді қолдай отырып, А.Әбдірахманов: «Осыған карағанда, таудың аты онда өсетін калба өсімдігіне байланысты қойылуы мүмкін. Қалба көне түркі тілінде болып, казақ тілінде өсімдік мағынасы ұмытылып, тау атына ғана сакталып қалуы ойға қонымды», – деген қорытындыға келеді.

Біздің ойымызша, атаудың мән-мағынсы, оның қойылу, аталу, уәжі, сыр-сипаты басқаша сияқты. Біріншіден, Қалба көне түркі-монғол тілдеріне тән сөзден қойылса, екіншіден, оның сол тілдерде түрлі морфологиялық құрылымда келіп, төркіндес, ұқсас мағынаға ие екендігін көреміз. Біздің тілімізде *қалбағай* – «қалқиған, делдиген», *қалбай* – «қалқию, жарбию», *қалби* – «қалқию, жарбию», *қалбаң* – «елбең», «селпен» тәрізді тұлғаларда келіп, бір-бірімен ұқсас, сәйкес мағынаны білдіретін сөздер бар

болса, Таулы Алтай тілінде де *калбак* – «ложка»; «висячий»; «мешковатый»; тув. – «широкий, расширенный, плоский; жазба монғол тілінде *holdagag* – «широкий, мешковатый» деген мағыналы топонимдер бар. Мәселен, Калбак-Кайа (Калба-Кая) – букв. «висячий чудес, скала». Калбак – Мош – букв. – «широкий кедр; Калбак – Таш – букв. «полский, расширенный, висячий камень», «сопка».

Жоғарыда келтірілген дәлелдерге карағанда, атау биік жота, қыр-қыраттарының ұзыннан-ұзақ созылып жатуына байланысты қойылса керек. Оны угро-фин тілдеріндегі *калва* – «тау жоталары», «орман арасындағы биік жер, төбе» сөзі де қуаттай түскендей (Э.Мурзаев, 1984, с. 245.).

Демек, *Қалба* топонимі «қалбиған биік жота, төбе, қыр-қырат» деген мәнге ие сияқты.

Қалғандария (Калгандария) – Қызылорда обл., бұрынғы Сырдария ауданындағы елді мекен. Атаудың бірінші сыңары *кал* – *қалу* – «қалып қойған» + *ган* – етістіктің есімше тұлғасы. Екінші сыңардағы «*дария*» сөзі – «үлкен өзен» мәніндегі, иран және түркі тілінде ерте заманнан бар сөз. Орта Азияда Әмудария, Ажидария, Кашкадария, Сырдария атаулары ретінде кездеседі.

«Қалғандария» атауының мағынасы: «Сырдария өзенінің бөлініп қалған тармағы, бөлігі», сол себептен Қалғансу, Қалғандария деп аталса керек.

Қалдығайты (Калтығайты) – Батыс Қазақстан обл., өзен, елді мекен. Бұл атау Шығыс Қазақстандағы Қалба тауының бір бөлігі *Қандағатай* атауымен тұлғасы жағынан ұқсас әрі мәндес деп карауға болады. Ғ.Қоңқашбаев: «Бұл монғолдың *қандағай* – «бұғы» деген сөзінен алынған. Бұл жерлерде ертеректе бұғы болған», деп жазған еді (Ғ.Қоңқашпаев, 1959, с. 92.). Монғолша-қазақша сөздікте *хандғай* – «бұлан, бұғының бір түрі» деп түсінік берген (МҚС, 1954, 261 б.). А.Әбдірахманов пікірінше: «*Қандағатай* атауындағы *тай* (қосымшасы) – осы жануардың барлығын білдіретін монғол тіліндегі

көне жұрнақ». Қалдығайты атауы мен *Қандағатай* атауындағы сәл айырмашылық сөздің басқы буынындағы *н/л* дыбыстарының алмасу құбылысында. Бұл *н/л* дыбыстарының алмасу ерекшелігін батыс говорына тән деген пікірді белгілі диалектолог проф. С.Аманжолов атай келіп, «*жамалдат – жамандат*», «*кандел – кандел*» сияқты сөздердегі *л/н* дыбыстарының алмасуын мысал ретінде көрсеткен еді. Ал атаудың соңындағы *–ты* қосымшасы туынды сын есім жасайтын, бір нәрсенің көп, молдығын білдіретін көне жұрнақ.

Демек, *Қалдығайты* атауының *Қалдығай* сынары монғол тіліндегі *қандағай* – «бұлан», «бұғының бір түрі» деген сөздегі *л/н* дыбыстарының алмасуының өзгерген түрі, сөз соңындағы *–ты* қосымша деп білеміз. Атаудың мағынасы: «бұланды, бұлан көп өскен өзенді жер».

Қалдырма (Калдырма) – *тау*, Шет ауд. Бұның Қалдыр тұлғадағы атау нұсқасы Жетісудың қиыр солтүстігіндегі көл аты ретінде кездеседі. Қырғыз тілінде *қалдыр* «күрсіл, тарсыл; күркіреу, сарқырау» мағынасындағы сөз (КРС, 1965, 331.). XI ғ. жазба ескерткіші М.Қашқари еңбегінде *galdıra* «сыбдырлау», «сусылдау», «судырлау» (мата) (МК, III, 447.). Ал *daldurya* «судырлағыш», «суылдағыш» (МК, III, 442.). Осы түбірлес сөздердің ішінде қырғыз тіліндегі *қалдыр* сөзіне мағыналық ұқсастық жағынан *Қалдырма* атауының мағынасы «күркіреме, сарқырама» сәйкес келетіндей. *Қалдырама* тауының сайында өзен болып, сол өзеннің сарқырап, күркіреп ағуымен байланысты тау атын қойған сияқты.

Қандықұдық (Кандықудық) – Қызылорда обл., Жаңақорған ауданындағы елді мекен. Республикамызда Қанды, Қандыағаш, Қандыарал, Қандыкөл, Қандысай, Қандышалқар тәрізді топонимдер аз емес. Бұл топонимдер құрамындағы *қан (-ды)* сөзін тура мағынасындағы кәдімгі қызыл қанмен салыстырудың реті жоқ тәрізді. Өйткені *қан (кан)* топоформанты өзбек, тәжік тілдерінде «өзеннің

ескі арнасы», «тарамы», «канал» мәніндегі термин ретінде қолданылса, парсы тілінде *хане* – «бұлақ», *ханы* – «қайнар», «бастау», «құдық», «көл» мағынасын береді. Корей тілінде *кан*, *ганг* (*г*) – «өзен», түрікменше *хана* – «арна», «тарам», цахур тілінде *хан*, *хван* – «су» деген мағынаны білдіретін көреміз (Э.Мурзаев, 1984, с. 251.).

Бұл нақты дәлелдерге сүйенгенімізде, құрамында *қан*, *қанды* сөздері бар: Қанды, Қандыағаш, Қандыкөл сияқты жоғарыда аталған топонимдердің сумен байланысты екені байқалады. Яғни *Қандықұдық* атауының топонимдік мағынасы: «суы мол құдық» дегенге толық сай келетіндей.

Қаншеңгел (Каншенгел) – с., Жамбыл ауданы. Жазушы Б.Қыдырбекұлының айтуынша: «Бұрынғы Қаншеңгел, Қалдың шеңгелі атауы айтыла келе өзгеріске ұшырап, әрі қысқарған түрде Қаншеңгел болып кеткен. Бұл манайда Қалбұлақ деген де атау болған. Мұндағы *Қал* (*Қалды*) кісі аты. Ол шапырашты тайпасының шамынан тараған екінші баласының аты». Бұл дерекке ден қойғанмен Республикамыздың көптеген жерінде: *Қанқорық*, *Қансеңгір*, *Қансу*, *Қантас*, *Қаншоқы* тәрізді атаулар жиі кездеседі. Соған қарағанда, бұл атаулардағы қан сөз «қызыл» деген мағынамен байланысты емес пе екен деген ой туады. Өйткені бұл атаулардың *Қызылқорық*, *Қызылсеңгір*, *Қызылсу*, *Қызылтас*, *Қызылшоқы* тәрізді синонимдері де бар.

Қапал (Капал) – с., Ақсу ауданы. Бұл атау туралы белгілі ғалым Ғ.Қоңқашбаев: «Қапал атауы қопалы сөзінен шыққан. Сол жерде Қопалы деген кішкене өзен бар, өзінің басталатын жері қопалы, батпақты» десе, А.Әбдірахманов: «Қопалы сөзінің Қапал формасына айналуына орыс тілі әсер еткен, яғни Қопалы-Копальское укрепление Капальский район-Қапал ауданы» дегенді айтады (А.Әбдірахманов, 1975, 119-120)

Ал атакты ғалым Ш.Уәлиханов болса: «Вокруг Козу-Курпеча также много могил. К числу их принадлежит моги-

ла Капал батыра, давшая название речке и укреплению», – деп жазады (Ч.Ч.Валиханов, том 1, 1984, с. 192). Басқа да тарихи деректерде көрсетілгендей, Шоқан Уәлиханов Қапал қаласы дулаттың жаныс руынан шыққан Қапал бекінісіне 1854 жылы Қашқария сапары қарсаңында келген. Ол кезде ол ұлы жүз аңыздарын жазып алған. Екінші рет 1864-1865 жылдары Шоқан Уәлиханов Қапал қаласының тарихын зерттеген. Қапал батырдың өмір сүрген кезеңі, оның денесінің Қарамола деген жерге қойылғанын, ол жер Қапал қаласынан 40 шақырым қашықтықта екенін жазып қалдырған. Шоқан Уәлиханов өзінің әйгілі Қашқария сапарында Алматы-Құлжа жолы бойындағы Балтабай, Қорам, Байсейіт ауылдарында да болып, ол ауылдардың белгілі қазақ батырларының есімдерінен аталғаны жайында да толық мағлұмат қалдырған болатын.

Тарихшы Марат Әлібайдың анықтағанындай, Шоқан Уәлиханов Қапал батырдың есімімен аталғанын, оның Есім ханның батыры әрі қолбасшысы болғанын, Жетісуды қарақытайлардан тазартып, халыққа бейбіт өмір сыйлағанын көреміз (Қазақ батырлары. № 5 (34) 2001 ж.).

Қапшағай (Қапчагай) – қала, Іле ауд., Алматы обл. Бұл атау түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздерден жасалған. Сондықтан мағыналары да ұқсас, бір-біріне сәйкес. Мәселен, қырғыз. *қыпчал* – «жартасты сай», сахаша (якут) *хапчагай* – «қысу, жіңішкеру», *хапчаан* – «тар сай», монғ. *хабқал* – «тар, қыспақ, терең сай», бур. *хапсагай* – «жартас», *хабсал* – «жартас», «қыспақ», қалмақ. *хавчыга* – «тар, қыспақ» (Э.Мурзаев, 1984, 253-254). Қалмақ тіліндегі *Хапчыга* деген атау Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ облысындағы «Текес ауданында Текес өзені күншығысқа қарай ағып барып, биік екі таудың ортасын кесіп, терең шатқал арқылы Күнес жазығына шыққанға дейін он шақты шақырымдай таудың терең қыспақ шатқалынан өтеді. Сол жерді қалмақтар *Хапчыга* деп атайды. Қалмақ тілінде *қ* әріпі жоқтың қасы, олар оның орнына *х* әріпін қолданады. Сол *х* әрпін біз *қ* әріпіне

ауыстырып және қалмақ сөзінің соңына *й* әрпін жапсырып айтамыз) (Тауфих Жексенбаев, Шалқар, 1993, 29 қаңтар).

Демек, бұл атаудың Алматы облысындағы және Іле Қазақ облысында кездесетінін, тұлғасы мен мағынасы жағынан ұқсас екендігін байқаймыз. Бұл сөз арқылы жасалған өзен аттары Орта Азия, Шығыс Сібір, Монғолияда кенінен тараған. Сонымен, Қапшағай топонимінің мағынасы – «екі жағы биік жартастың ортасынан өзеннің ағып өтетін тар, қыспақ тұсы».

Қар (Қар) – *дөң, бұр.* Жезді ауд. Бұл *қар* сөзінің Иран, фин-угор, араб, египет, түркі, монғол тілдерінде кездесетіні Э.Мурзаев еңбегінде жете көрсетілген (Э.Мурзаев, 1984, 255.). Индоиран. *гар* – «тау», ягнов. – *гар* – «тау», «асу», сомалий тіл. *кар* – «жартас», «құз», «тау», фин. *кар*. «жартас», «құз», египет *grr* – «төбе», түрк. *қыр*. «тау», «жота», монғ. *хара* – «жал», «биліктік». Демек, қар сөзінің иран тілінде «тау», «төбе» деген мағыналы сөз екенін көреміз.

Қарабалық (Қарабалық) – елді мекен, Қарабалық ауд., Қостанай обл. Е.Қойшыбаев пікірінше: «Қостанай облысындағы елді мекен аты (қыпшақтардың ру тобы бойынша қалыптасқан атау); Сырдария өзенінің басты саласының аты. Этимологиясы мәлім емес (Е.Қойшыбаев, аталған еңбек, 1985, 150 б.).

«Қарабалық – қыпшақтардың бір атасы, Тобылдың етек жағындағы Ой өзені жазығында; Арақарағай орманының құнарлы жерін мекендегендігін» айта келіп, Б.Бектасова: «*Балық* сөзі «балшық», «батпақ» деген мағынаны білдіреді. Ергеректе тұрғындар Қарабалшық деп атап, сөз арасындағы *ш* дауыссызы түсіп қалып, *Қарабалық* боп қалыптасса керек», деп пайымдайды. Экспедиция кезінде жергілікті тұрғындардың бұл жердің батпақты. балшықты болатынын, сондықтан да ол жерде өмір сүрген рудын қарабалық аталып кеткені туралы ақпарат бергенін айтқан (Б.Бектасова, 1996, 35 б.).

Біздің пікірімізше, атаудың бірінші сыңарындағы *қара* сөзі бұл арада, «түр-түстен» гөрі, «үлкен, ірі, зор» мәніне ие болса, *балық* «қала» мәніндегі көне түркі сөзі деп санаймыз.

Демек, Қарабалық атауы «үлкен, ірі, қала», деген мағынаны білдірсе керек.

Қараегін (Караегин) – ауыл, Қорғалжын ауд., Ақмола обл. Топонимдер құрамындағы *қара* сөзі көп мағыналы болып келетінін ескерсек, бұл атауды да (қара «үлкен, негізгі, басты» мәніне ие десек, *егін* сөзінің мағынасын «Егіндікөл» атауында көрсеткен қалпында қабылдасақ, онда Қараегін атауының мағынасын «үлкен, негізгі, басты бастау, бұлақ» дегенге саяды. Ол ауыл жанында қазір ондай үлкен бастау болмаса да, бұрын болғаны, сондықтан Қараегін аталғаны байқалады.

Қаракастек (Каракастек) – өзен, с., Жамбыл ауданы. Бұның көне атау екендігі туралы шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы былай дейді: «Қарақыстак салынғанына мың екі жүз жыл болған көне қыстак еді. Керуен жолының үстіндегі бұл қала ол кезде Бекті атанған. Кейін жұрттың шамадан тыс, мың түтінге жеткендігінен оны *Қарақыстак*, яғни «атам заманғы қыстак» атаған. Бұл кездері онда үйдің де алуан түрі болатын» (Қазыбек бек, 221 б.). Кейіннен айтыла келе Қарақыстак боп өзгеріске ұшырап кеткені байқалады. Күні бүгін де жергілікті тұрғындар оны *Қарақыстак* деп те атайды.

Қарақұм (Каракум) – республикамыздың Арал теңізінің солтүстік-шығысындағы, Арал жағалауындағы құм дала. Аумағы 35 мың км². Жер бедері иір-қиыр, ойпаңды-шұңқырлы, баранды-қыратты, жусан, изен т.б. шөптесін өсімдітерге бай. Мал жайылымы ретінде пайдаланылатын өңір.

Қарақұм (Гарагум) атты құм дала Орта Азияда, Түрікменстанда, оның солтүстігі мен солтүстік-шығы-

сында Сарыкамыш ойпаңы мен Әмудария жазығын, оңтүстік-шығысында Қарабел, Бадхыз биіктіктерін, оңтүстігінде Копетдаг тау жазығын алып жатады.

Қара және *құм* сөздерінің тура мағынасы – «қарайып жатқан құм». Алайда Қарақұм атауын басқаша *қара* – «жер» + *құм*, яғни «жер құм» деп те ұғынуға болады. Түрікмен тілінде гарагум – «ақ құмға карама-қарсы мәніндегі, құм бетінде түрлі өсімдіктері бар құмдық, құм дала». Ақ құмда ешбір өсімдік өспейді, ақ шағыл, аппақ боп жататындығын Э.Мурзаев дұрыс түсіндіреді (Э.Мурзаев, 1984, 257 б.).

Қарақыз (Каракыз) – *жер*, бұр. Ақадыр ауд. Бұндай атау Жамбыл облысында да бар. Е.Қойшыбаевтың бұл атауды: «түр. Қарак және көз сөздерінің кіріге тіркесуінен қалыптасқан атау. Келе-келе Қарақыз тұлғасына айналған» деп екі ұшты түсіндіргені бар. (1985, 155). Жер-су нысандарына әйел, бәйбіше, қатын, қыз сөздерін қосу арқылы жасалған атаулардың жерімізде бары көпке аян. Олардың берер мағыналары да әр алуан. Э.Мурзаевтың айтуынша, Тува республикасында *қызы* «сай», «тар», «қысаң» (Қызы-Хем, өзен), Таулы Алтайда *қызым* «тар», «қысаң» (Қызым-Таш, тау, елді мекен). Тіліміздегі Қарақыз атауының мағынасы: «Кең, жазық емес, қысаң жер». «шағын алқап» дегенге саятындай.

Қарақыңғыр (Каракыңғыр) – құд. Бұр. Жезді ауд. Атаудың екінші сыңарындағы *қыңғыр* сөзі монғол-бурят тілдеріндегі *хонхор* – «шұңқыр», «ойпат», «ойдым», «ой-шұңқыр» сөздерімен мәндес, сол сөздің тілімізде қыңғыр тұлғасында дыбыстық тұрғыдан қатты өзгеріске ұшыраған түрі деп білеміз. Демек, *Қарақыңғыр* атауының мағынасы: «үлкен шұңқыр», «ойпат, ойдым», «ой-шұңқырлы жер, сол жерде қазылған құдық» деп білеміз.

Қарақыр ауылы (а. Каракыр) – Оңтүстік Қазақстан обл., Мақтаарал ауданындағы елді мекен. Мақтаарал ауданындағы Нұрлыбаев атындағы кеншар жерінде.

Қарақыр – биік қырлы қыратты жер. Ол, көз ұшынан карауытып көрініп тұрғандықтан. *Қарақыр* аталса керек.

Халық арасында осы атаумен байланысты мынандай бір аңыз әлі күнге айтылады: «Ертеректе екі жас бір-бірімен тату-тәтті ғұмыр кешкен екен. Сонда екеуі әңгімелесіп отырып: «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, бұл дүниеден өтсек, тәнімізді осы қырға қоялық», – деп уағдаласыпты. Ажалы жетіп, жарық дүниеден келіншегі өтіпті. Сөйтіп, алғаш рет осы *Қарақырға* әйелдің денесі қойылған екен», – дейді көне көз адамдар.

Бүгінде *Қарақырдың* жотасы бакилыққа көз жұмған жандардың ауқымды мазарына айналған.

Қарааласиыр (Карааласиыр) – *таулар*, Шет ауд. Атау *қара+ала* және *сиыр* деген үш сөзден бірігіп жасалған. Бірінші және екінші сыңарлардағы *қара* және *ала* сөздері көпшілікке түсінікті болғанмен *сиыр* сөзінің монғол тіліндегі *сээр* «жота, қыр тізбегі», хак. *сыр* 1) жота, төбе, шоқы; 2) биік жаға, жар; 3) өр; як. *сыыр* – «қия қабақ», «тік жар» мәніндегі сөздер екендігін ескерер болсақ, *Қарааласиыр* – «биік, үлкен жота, төбе, шоқы» мағынасын білдіретінін көреміз.

Қарамыс (Карамыс) – өз., а. Шет ауд.; тау, биікт. 487,7 м. Бұр. Акадыр ауд. Қарағанды обл. топонимдер сөздігінде (1990, 160). Қарамыс атауының мағынасын «мыстың көп жері» деп түсінік берілген. Атау құрамындағы *мыс* сөзін кенмен байланыстырудың реті келмейтіндей. Өйткені таулы Алтай тілінде *мес* «таудың күнгей жағы, ағаш өспеген биік бет», тува. *мэс*. «таудың күнгейі». В.В.Радловтың көрсетуі бойынша (1911, 4), *мас* – «таудың күнгей жақ беті (ағаш жоқ)». Алтайда *Тарбагандумес* – тау, *Хайырлыг-Мес* және Тувада *Қызыл-Мэс* деген атаулар бар (Э.Мурзаев, 1984, 369.). Осымен қатар, коми тіліндегі *мыш* – «төбе, шоқы, дөң» сөзі де сәйкес екенін көреміз. Ал орыс тіліндегі *мыс* – «скала, утес», сондай-ақ шығанақ, ағыстарда да *мыс* сөзі қолданылатыны белгілі. Демек, *Қарамыс* - *Қаражота*,

Қаратобе, Қарадоң атауларымен сәйкес те мағыналас деп қарауға болатындай.

Қарамұр (Карамур) – *тар.*, жер. 3-ауыл, Жарқайың болысы, Атб. уезі. Біріккен сөзден жасалған атаудың екінші сыңарындағы *мұр* сөзі түрікмен тілінде *мор* – «тоғай, қыр» (Атаниязов, 1980, 211.), якут тілінде *муран* – «жота, жар, орман өскен жер» (Э.Мурзаев, 1984, 380.). Бұл тілдік фактілерге қарағанда *Қарамұр* атауының мағынасы: «калың өскен ну орман» дегенге саятын сияқты.

Қараой (Караой) – с., Балқаш ауд., Алматы обл., жер, Жезді ауд., Қарағанды обл. Бұл атаудың мән-мағынасы жөнінде Е.Қойшыбаев тарихи деректерге сүйене отырып, жан-жақты түсінік берген. Алматы облысының үлкен Қараойы Е.Қойшыбаев пікірінше: «өзінің геоморфологиялық сипаты жағынан, ой болудан гөрі, Жоңғар Алатауының батыс сілемінің, атап айтқанда, Малайсарының сүйірленген тұсы. Біз бұл атаудағы *қара* компонентін ежелгі «қыр, жон» мәніндегі көне қабаттардан деп айта аламыз. Ал *ой* компоненті қазіргі қазақ тілі негізінен тұлға, яғни қатысты түрде «төменгі, төмен жақ» деген ұғымын береді» (1985, 163 б.).

Біздің ойымызша, атаудың бірінші сыңарындағы *қара* сөзі біріккен тұлғалы топонимдер құрамында тұрғанда үнемі «үлкен», «зор», «ірі» мағыналарын білдіреді. Мәселен, Қара теңіз, Қаратау, Қара Ертіс, т.т. Бұл дәлелдерге қарағанда, Қараой атауы «ұзыннан-ұзақ тізбектеле созылып жатқан үлкен ой, ойпат, ойпаң» дегенге саятындай. Оның үстіне, бұл жер «алыстан көзге қарайып көрінетін ойпаң» болса керек.

Қарасай (Карасай) – с., Жамбыл, Еңбекшіқазақ. Райымбек аудандарында. Саты асуы тұсында сай аты. Жоңғар басқыншыларына қарсы қанды жорықтарда ерлікпен аты шыққан, қазақ жерін жаудан азат етуде ереп еңбек еткен, шапырашты тайпасынан шыққан атақты

Қарасай батыр құрметіне қойылған жер аты. Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданында, Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында және Қарағанды облысының Жаңаарқа, Шет аудандарында Қарасай батыр есімінен қойылған өзен аттары бар. Бұның бәрі – халықтың өзінің ардақтаған батырына деген шексіз құрмет, қадір-қасиет, зор сүйіспеншілігінің белгісі екені сөзсіз.

1993 жылға дейін советтік идеология күшімен сол Қарасай деген тарихи атын ұмыт қалдырып, Куйбышев селосы аталып келді. Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі Төралқасының қаулысымен 1993 жылғы мамырдың 4-інен Куйбышев селосы бұрынғы тарихи атауы бойынша Қарасай селосы аталды. Қазыбек бек Тауасарұлының жазбасы бойынша: «Жетісуда Қарасай атымен аталатын жеті сай, үш қыстақ, бір тау, бір шоқы бар. Қаратаудағы бір үлкен үңгір бар. Мен бұл үңгірді өзім көрдім. Үңгір бірнеше тармақ. Бір үлкен ұрыста, қыста боран болғанда Қарасай батыр мың кісілік қолымен осыған кіріп паналаған. Алатауда-Теріскестеде Қарасай деп аталатын шұңқыр бар. Батыр қара жорғасымен осыған түсіп кетіп, бір апта жатқан» (Қазыбек бек Тауасарұлы, 1993, 206, 207, 208 бб.).

Қарасейір (Карасейр) – *тар.*, жер. 11-ауыл, Нұра облысы, Атб. уезі. Бұл атау *қара* (зат есім) + *сейір* < *сайыр* (зат есім) сөздерінің бірігуімен жасалған. Топонимнің бірінші сыңары – *қара* көне түркі тілінде «жер» ұғымын, екінші компоненті – *сейір* < *сайыр* монғол тілінде «құрғаған өзен арнасы, малта тас» мағыналарын білдіреді (Базылхан, Қазақша-монғолша сөздік, 1984, 406). Ол қазақ тіліндегі *сай* сөзімен мәндес. Карасейір түркі-монғол сөздерінің бірігуінен жасалған көне атау. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне орай айтылатынын *сайыр* > *сейір* тұлғасына айналған. Топонимдік мағынасы: «құрғаған өзен арнасындағы жер немесе сол жердегі елді мекен».

Қарасенгір (Карасенгир) – тау. Ер.-тау ауд. *Қара* (сын есім) + *сеңгір* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «өркеш-өркеш биік тау». Түрік тілдерінде *сеңгір*, *шыңқыр*, *чоң*, *шоң*, *сұңғақ* тұлғаларында «биік» деген ұғымды білдіреді.

Қарасире (Карасире) – өз., бұр. Жезді ауд. Атаудың екінші сыңарыдағы *сире* сөзі алт. диал. *сеер* – «сәл ғана өр. адыр», хак. *сыр* 1) дөң, төбе, жота; 2) тік жар, құлама жар; 3) яқ. *сыыр* – «кия жак, тау баурайы», монғ. *сээр* – «төбе, төмпешік, тау тізбегі». Демек, атау құрамындағы *сире* сөзі алтай, хакас, якут, монғол тілдеріндегі *сеер*, *сыр*, *сыыр*, *сээр* сөздері сияқты фонетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған сөз деп білеміз. Сонымен қатар *сире* сөзін чуваш тіліндегі *сирма* «жар, өзен, өзенше» мәніндегі сөздің тіліміздегі дыбыстық заңына сай өзгерген тұлғасы болар деп те ойлаймыз. Онда *Қарасире* – «кара су, өзен, үлкен өзенді» деген мәнге ие сияқты.

Қарасныр (Карасиыр) – а., Ақтоғ. ауд.; бұр. Жезді ауд. Атаудың екінші сыңарындағы *сиыр* сөзінің кәдімгі *сиыр* малына қатысы жоқ сияқты. Түркі, монғол тілдерінде *сай*, *сайр*, *чай* тұлғаларында айтылып, «құрғаған өзен, сайдағы өзен» мағыналарын береді. Махмұд Қашқари еңбегінде *saj* «тасты өзен», «тасты жер», *saj jazi* – «жазық, тасты ойпат»: *sajram*, *sajram suv* – «терең емес, саяз су». Бұл дәлелдерге қарағанда көне түркі, монғол тілдеріндегі *сайр* сөзі айтыла келе тіліміздің дыбыстық заңына сай *сиыр* тұлғасына айналып, тілімізде берік қалыптасқан. Сонда *Қарасиыр* атауы: «Құрғаған өзен, сайдағы үлкен өзен» мағынасында қойылған. Кейінен бұл өзен жағасына орналасқан ауыл осы өзен атымен аталған.

Қаратал (Каратал) – Алматы облысындағы өзен, ұзындығы 321 км. Су алабы 16780 км². Осы өзен атымен қойылған поселке, аудан аты бар. Бұл өзен Балқаш көліне құяды. Қазақстанның су, өзен кадастры бойынша Қаратал-

Көксу өзен алабына жатады. Осы алаптағы 120-ға тарта өзендері Көктал, Быжы – 102 км., Кескентерек – 50 км., Жанғыз – 41 км., Қара – 71 км., калғандары 11 км-ден 40 км-ге дейігі өзендер. Осылардың ішіндегі Қараталға құятын өзендер: Теректі – 26 км., Сарыбұлақ – 33 км., Көксу – 154 км.

Қаратал атты өзендер республикамыздың басқа жерлерінде де ұшырасады.

Қаратал атауының мағынасын Қараағаш атауымен тең деуге болады. Көктал, қаратал – талдың бір түрі, сорты болуы ықтимал. Сонымен қатар, кара орман дегенде «калың, жыныс орман, тоғай» деген ұғымы бар болса, Қаратал атауында да «калың, ну өскен тал» мағынасы бардай. Өзен жағасында талдың көп, қалың болуы да бұған дәлел.

Қаратау (Каратау) – Тянь-Шань тауының солтүстік-батысындағы сілемі, Жамбыл қаласының тұсынан басталып, Шиелі маңынан Телкөл ойпатына барып тіреледі. Ұзындығы 420 км., биіктігі 2176 м-ге дейін (Бессаз тауы). Сланец, құм қиыршықтары, долормиттер мен ізбестастары жыныстарынан құралған. Мырғалымсай, Кентау, Ащысай кен орындарында түсті металдар. Қаратау фосфор бассейнінде фосфор кені бар. Ойпат, жазықтарында бетеге, боз жусан сияқты шөптер өседі. Маңғыстау түбегінде де Қаратау аталатын жон бар. Географтардың айтуынша, «бұл атаудағы кара сөзі түспен байланысты, өйткені қаратауларда өзге ұлы таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды» (Э.М.Мурзаев, 1966, с. 103). Алайда Қара Ертіс, Қара теңіз, Қаратау тәрізді топонимдер құрамындағы кара сөзі түстен басқа, «зор, үлкен», «ірі» тәрізді мағыналарды білдіретіні ежелден белгілі. Оған ауыз әдебиетіндегі Қаратау, Қара әулие тәрізді атауларды да жатқызуға болады.

Жамбыл облысында 1963 жылы бой көтеріп, Қаратау атынан қойылған қала бар.

Қаратұрық (Каратурық) – с., Еңбекшіқазак ауд.,

Алматы обл. Зерттеушілердің пікірінше, *қара* сөзі «калын, ығы-жығы» мағынасын береді, *тұрық* немесе түркінің *тұрұқ* сөзі «үй-жай, қора-қопсы» мағынасын берген тұлғалар (Е.Қойшыбаев, 1985, 159 б.). Ал Қазақ Совет энциклопедиясында: «Шамамен VI – VIII ғасырларда салынған, қанды тайпасының еңке, таңта руларының тұрақ – қонысы. Сондай-ақ Орхон ескерткіштерінде *тұрұқ*, «*ятұқ*» (*жатақ*) сөздері мал өсіруші халықтар қонысы мағынасын білдірген. Қаратұрық аты осы төркіннен шыкса керек» (ҚСЭ, 6 т. 1975, 508 б.). Ә.Нұрмағамбетов: «*Қаратұрық* атауының тұңғыш мағынасы «қара жартасты төбе» деуге тура келеді», – деген пікір айтады (1994, 24 б.). Біз Қазақ Совет энциклопедиясын қолдаймыз. Өйткені түркі, моңғол тілдерінде *тұрық* сөзі ерте заманнан түрлі дыбыстық тұлғада «қоныс», «тұрақ», «үй» мәнінде қолданылғаны мәлім. Мыс., көне түркі тіл. *тура* – «жан-жағы қоршалған баспана, үй», «қорған», салыстырыңыз: моңғолша *тур*, *тура* – «қорған», «калалашық», бурятша «үй», «кала», алтай тілінде *тура* – «тұрақ», «үй», башқұртша *тороқь* – «тұрақ», *торлак* – «үй», қырғызша *турак* – «тұратын жер», «тұрақ», татарша *торақ* – «тұрғын үй», «баспана», хакас тілінде *тура* – «үй». «үйшік». Ал топонимдер құрамындағы *қара* сөзі «үлкен», «басты», «негізгі» мәнінде қолданылатын ескерер болсақ, *Қаратұрық* атауы «үлкен тұрақ, қорған» деген мәнге жуықтау.

Қараүңгір (Қараунгір) – *тау*, Жоңғар Алатаудың сілемі. І.Жансүргіров «Жетісу суреттері» дастанында:

«Аршалы, Амантекше, Қарасырақ,

Қараүңгір, Қалмақасу, Қаражырық», – деген тау аттарын атайды. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы *қара* сөзі Қара Ертіс, Қаратау, Қарақол тәрізді жер-су аттарындағы *қара* сөзімен мәндес. Демек, *Қараүңгір* атауын – «үлкен үңгір» мәніндегі атау деудің негізі бар.

Қараш (Қараш) – *тау*, биік. 3214 м., Енбекшіқазақ ауданы. Жоңғар қалмақтарымен болған соғыстарда қазақ

қолын бастаған. Ұлы жүздің шапырашты тайпасынан шыққан атақты Қараш батыр құрметіне қойылған атау. Бұл маңда кейде *Үлкен Қараш*, *Кіші Қараш*, кейде *Қараш-Қараш таулары* немесе *Үшқараш* деп те ерекшеленіп айтылады.

Қарашаған (Карашаган) – жер, с/о, Алакөл ауданы. Атаудың екінші сыңарындағы *шаған* сөзі жер-су аты ретінде Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында қазірде кездеседі. Ғ.Қоңқашбаев *Шаған* атауын монғол тіліндегі *Цаган* – «ақ, аппақ» мәніндегі сөз деп қарайды. Монғолша-қазақша сөздікте *цагаан* – «ақ» деп түсіндірілген (МҚС, 1954, 321). Сөз басындағы *ц* дыбысының қазақ тілінде *ш* дыбысына ауысып, өзгергені анық байқалады. Демек, *Қарашаған* «үлкен шаған» деген мағынаға толық жуық келеді.

Қарашалаң (Карашалан) – Қызылорда обл., Арал ауданындағы елді мекен. Бұл – төл сөзімізден жасалған көне тұлғалы ескі атау. Оның құрамындағы *шалаң* сөзі осындағы жергілікті тұрғындар тілінде «теңіз түбінің ұзын-ұзын құрақ шөбі, балдыры» мағынасында қолданылса, Ақтөбе обл., Ойыл ауданында «қара суларда өсетін жалбыз шөп» мәнін білдіреді (Диал. сөздік., 1969, 378 б.). Осы шалаңның кара және сары түсті болып келетіні бар. Міне, осындай түр-түсіне байланысты сол жер Қарашалаң аталып, кейіннен елді мекен атына ауысканы байқалады.

Қарашелек (Карашелек) – өз. Ақтоғай ауд.; Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауданында *Шелек* өзен, ауыл аты ретінде кездеседі. Ақмола обл. Ерейментау ауд.-да Шелексай болса, Қырғызстан Республикасының Ыстықкөл облысында да Чилик деген өзен атының бары белгілі. Біздің пікірімізше, *Шелек* (өзен, а.) атауы *шел* және *ек* деген екі компоненттен құралған. Осы *шел* сөзі жеріміздегі *Желқарқара* (өзен), *Желтораңғы* (а.) атауларында *жел* тұлғасында айтылса, қырғыз тілінде де *Желарық* (өзен),

Жылкөл (көл), *Жылқуу* (тау), якут тіліндегі *Дылкөл* (көл), *Дыл-Юрях* (өзен) атаулары құрамдарындағы *жел*, *жыл* *был* сөздерінің түп көне торкінін түркі тіліндегі *йүл* – «бастау, қайнар, су» (ДТС. 1969, 277-278) екенін нақты ізденістер толық анықтап отыр. Көне түркі тілдерінде сөз басында *ж* дыбысымен айтылатын сөздердің жоқ екендігін, керісінше, *й* дыбысының басым қолданылғаны айқын. Сол *й* дыбысынан басталатын сөздер кейінгі кезендерде, *д*, *ж*, *ч*, *ш* дыбыстарына алмасып, ал *йүл* сөзіндегі *у* дыбысты дыбысы *ы*, *і* және *е* дыбыстарына ауысқан. Яғни *йүл* < *дыл* < *жыл* < *жел* < *чел* < *шел* болып қалыптасқан. Ал *шелек* сөзіндегі *ек* сөз жасаушы қосымша. Демек *Шелек* «бастау, қайнарлардан бас алған өзен» деген мәнге ие. Ғасырлар бойы тауды тіліп, арындап ағып жатқан өзеннің өз басын тау етектеріндегі бастау, қайнарлардан алып, оған тау басынан ағып қосылған қар суы қосылып аққандықтан *Қарашелек* деген атау берілген. Яғни *Қарашелек* атауы *Қарасу* атауымен мәндес.

Қарғалы (Қарғалы) – өзен., с., Қаскелен ауд., Алматы обл. Республикамыздың Қостанай обл., Торғай өзенінің аяқ жағы да Қарғалы, сондай-ақ Жезді ауд. Қарағанды облысында өзен, төбе, тау, биіктігі 1127м. *Қарғалы* аталады. Түркі тілдерінде: Башқұртстанда *Қарғалы*, Қырғызстанда *Қарғаша-өзен*, *Қарға-Жайлоо* тұлғаларында, ал Оренбург облысының солтүстік батысында жұмысшы поселке аты *Қарғала*, Сакмары өзенінің оң тармағы *Қарғалка* аталады. Демек, атаудың негізгі түбірі *Қарға*, ал *-лы*, *-ла*, *-ша*, *-қа* қосымшалар. Атаудың мағынасын башқұрт топонимдер сөздігінде «қарға, қарға көп жер» (Слов. топ. Башк. 1980, 89 б.) десе, А.К.Матвеев: «Башкирские, казахское *Қарға* – «ворона», *қарғалы* – «вороний», то есть «воронья», – деп түсіндірген (А.К.Матвеев, 1980, 128 б.). Қарғалы атауын «өзен жағасында қарғаның көп болуымен» байланыстыру бізде де халық этимологиясымен байланысты. Әлбетте, мұның бәрі ғылыми дәлелдерге негізделмеген долбарлар. Жоғарыдағы атаулардың бірінші сыңары қарға (қарға, қор-

га) – географиялық термин әрі дербес топонимдер ретінде Солтүстік Сібір, Түркі, Монғолия, Саха (Якутия) және Тұңғыс-Манжұр тілдерінде «жартас», «саяз су», «өткел» мағынасында жиі ұшырасады. Тува мен Монғолияның солтүстігінде *харга* – «тастак, тасты өзен», якут. *харгы* – «таяз, саяз», «өзеннің саяз тұсы», эвенк. *карги* – «саяз, сулы», эвен. *карго* – «өзеннің саяз жері», манжұр. *харги* – «тез, жылдам ағыс» (Мурзаев, 1984, 260 б.). Осымен байланысты Е.Қойшыбаев: «Тарихи-семантикалық жағынан *қарга* тұлғасы және түр, «қойтас» немесе «сандықтас» ұғымын беретін термин, сонда *Қарғалы* немесе *Қарғалық* атаулары «сондай тастардың мол үйілген жері» деген мағынаны білдіреді», – деп ХІ ғ. ғалымы М.Қашқариға сілтеме жасайды. Жоғарыда айтылған деректерді ескере отырып, біз өз тарапымыздан *Қарғалы* атауын тарихи, көне топоним деп қараймыз. Ал атаудың мағынасы, салыстырмалы материал көрсетіп отырғандай және Ә.Нұрмағамбетов пікіріне сай, «жайылмалы тайыз, саяз өзен» дегенге жуық келетін сияқты.

Қарқара (Карқара) – өзен, тау, а. Райымбек ауд. Алматы обл. ұз. 113 км, алқабы 1970 км². Күнгей атаудың солтүстік шығысынан басталып, Қарқара жайлауын басып өтіп, Тиектас тұсынан Шарын өзеніне құйып, тар да терең шатқал арқылы ағып Іле өзеніне қосылады. Қарқара жайлауының көрінісін майталман ақын І.Жансүгіров былайша суреттейді:

«Қарқара қалың қазақ кебесіндей,
Албанның албырт-серке енесіндей.
Қарағай қапталдағы, жыныс арша,
Қыдырлы малдың құтты келесіндей.
Қарқара жарасымды жазық жайлау,
Үй-күлше, құрттын жайған өресіндей»

Қарқара атауының шығуы жөніндегі халық аңызының бірінде: «Жер және өзен аты сол жерде *қарқара* деген құс болған, сонымен байланысты қойылған» дейді. «*Қарқара* сөзінің қазақ, қырғыз тілдерінде құс атауы ретінде

кездесетінін, оның орыс тіліндегі атауы «цапля» екенін айта келіп, осы құстың қауырсынын қадаған қыздардың бас киімі қарқара аталады, осы атау кейінен тау атауына негіз болған» деп жазды (В.В.Радлов, 1893, т. I, с. 190).

Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-сана және ауыз әдебиетін жинап зерттеген орыс ғалымы М.Красовский 1883 ж. қазақ даласынан географиялық және статистикалық материалдар жинау кезінде: «Қазақтар көшіп-қону кезінде түйеге артатын, төбесіндегі қақпағы үй шатырына ұқсас шошак кебежені қарқара деп атаған. Осы кебеже мен тау көрінісі ұқсас келгендіктен тау Қарқара аталып кеткен», – дейді (М.Красовский, 1988, ч. I, с. 108-109).

Бұндай пікірді Ш.Уәлиханов та айтқан-ды. Ғалымның сол пікірін орысша жазылу калпында беруді орынды көрдік: «Қарқара – киргизы так называли перышки, султан на голове двух молодых девушек – калмычек, захваченных у речки», – дейді (Ч.Ч.Валиханов, 1984, с. 250). Ғалымдардың бұл пікірін топонимист А.Әбдірахманов толығымен қуаттап, мүлтіксіз қабылдады. Қарқара топонимінің этимологиясына назар аударған ғалымдар бұл пікірлерге қосылмай, жаңаша қарастыруға тырысты. Е.Қойшыбаев топонимнің «кар форманты тым көне топонимдік гар («биік») формасымен қатысты болуы мүмкін. Мысалы: Қалқағар, Талғар. Олай болған күнде Қарақара атауының мәні «биік (тау) қыры» деген ұғымға жуықтар еді. Сөйтіп Қарақара атауын қазіргі қазақ тілінде «биік қыр» ұғымына жақын деуге әбден болады» деген пікір барын ұсынады (Е.Қойшыбаев, 1985, 162 б.). Бірақта ол атаудың бірінші сыңары қар формантын талдағанмен, оның екінші сыңары қара формантын сөз етпеген. В.М.Иллич-Свитыч еңбегінде қара (қар, ғар) сөзі жайлы ностратикалық тілдер көлемінде өте маңызды салыстырмалы-лингвистикалық материалдар берілген. Олардың ішінде араб. qara «жеке дара тұрған шың, жартас», «төбе», көне египет тілінде qrt – «төбе, жота, шоқы», сомали тіл. qaq «шет», «биік тау», арм. тіл. kar – «тас», «шың», «жартас», груз. тіл. karkar – «биік жартас», түркі тілд. қыр – «тау қыраты», «тау жотасы».

монғ. тіл. kiga, хаг, хага «жал», «биіктік». Осы кара, ғара, хара сөздері қатарына үнді-еуропа тілдеріндегі гар, гара «тау» сөздерін де жатқызуға болатынын көрсетеді (В.Иллич-Свитыч, 1971, с. 340-342). Осы ғар – қар – гер сөзінің шығу төркіні жайлы кейінірек Э.М.Мурзаев оны мысалдармен толықтыра түседі. Ауған тілінде гар «тау», гаранг – «түпсіз», «күз», тәжікше гардан – «асу», «бел», «арт», көне иран тілінде garaq, авестин тілінде garau «тау», «тау қыраты», араб тілінде гара «окшау жота, төбе, шоқы» мәніндегі сөздер екенін көрсетті (Э.Мурзаев, 1984, с. 139, 140).

Қарқара топонимінің этимологиясын тереңдете, фольклорлық-этнографиялық, жағрапиялық-лингвистикалық һәм тарихи тұрғыдан, біздің мақаламыздан кейін С.Медеубековтың жазған көлемді мақаласы көптің назарына бірден ілінді. Қарқара атауы «Біздің ойымызша, әу баста құсқа баланысты емес, жер бедеріне байланысты туған және өте көне атау. Олай дейтініміз: алғаш қоныстанғанда адамдар ең әуелі бұл өңірдің басты ерекшелігін көрді де «тау», «таулы жер» деді. Сонсоң оның заңғар екендігіне көзі жетті де, «биік» деді, яғни «Тау биік» деді. Ежелгі түріктер тілімен шамалап айтсақ, Қарқара деп атады дей келе, атау құрамындағы қар (гар, гер) – «тау», «тау жоталары» дегенді білдірсе, ал қара (ғара, гара) – «биік», «алып», «ұлы» деген мағынада тілімізде бүгінге дейін қолданылып келеді» деген түйінге келген (Ана тілі. № 32, 1993). Автордың бұл пікірін күні бүгінге дейін Республикамыздағы қолданылып жүрген көне топонимдер: Қаратау, Қара Ертіс, Егізқара, Жуанқара, Қосқара, Найзақара тәрізді тау аттары дәлелдей түседі.

Қарқара атауы Жетісу өлкесінде ғана емес, Қарағанды облысында Қарқаралы тұлағасында, Қырғызстан Республикасында Каркыра (Ыссыккөл обл., Ақсу, Түп ауд-да), Каркыра – көл (Ош облысы Алай жотасында), Монғолияда Хархара атауы кездесуінің тарихи сыры бар. Жоғарыдағы пікірлерге ден қоя отырып, Қарқара (өзен, тау) атының түркі тілдеріне тәндігін, оның біздің дәуіріміздің алғашқы жылдарынан барын пайымдаймыз.

Осымен қатар, оның көнелігін атау құрамындағы сөздердің үнді-еуропа, түркі, монғол тілдерінде ежелгі заманнан бары дәлелдей түседі. Бірінші кезекте тау аты, одан соң өзен аты Қарқара аталған болу керек. Атау: «үлкен, биік», «асқақ», «заңғар», «алып тау» деген мағынаға ие екені оның жағрапиялық сипатына толық сай келеді.

Қарқаралы (Каркаралы) – Сарыарканың шығысындағы ең биік жері 1566 м., ұзындығы 35-40 км., ені 20-25 км., аласа тау жоталары. Түсті металл кендері бар тау. Қарағайлы атты кен орны жұмыс істейді. Тауда қарағай өсіп, етек жағы орманды келеді. Е.Қойшыбаев: «Көне түр. *қарқара* (қар.) тұлғасына қаз. *-лы* қосымшасы жалғанған атау», – деген түсінік берген. (Е.Қойшыбаев, 1985, 162 б.). Атау туралы талдауды А.Әбдірахманов еңбегінен де көреміз. (А.Әбдірахманов, 1975, 122 б.). Оның пікірінше: «Атаудың құс атынан қойылу мүмкіндігі басым. Сонда *қарқара* (құс) + *лы* (туынды сын есім жұрнағы) > *Қарқаралы* жолымен жасалуы әбден орынды». Халық аңыздары мен көптеген ғылыми пікірлерді басшылыққа ала отырып, А.Жартыбаев атаудың мағынасын: «*қар* + *қара* + *лы*» – «биік таулар мен қырат, жота, шындары бар жер» дегенді білдіреді», – деп жазды. (А.Жартыбаев. 1990. с. 308.). Э.М.Мурзаев *қар* сөзінің жер жүзі тілдерінің көбінде кездесіп, «жар тас, тау, жота, қыр» мағыналарында айтылатынын көрсетеді (Э.Мурзаев. 1984, с. 255.). В.М.Иллич-Свитыч атаудың екінші құрамындағы «*қара*» сөзі туралы: «*араб. qara* – «жеке тұрған жартаc, құз; «жота, шоқы, төбе», монғ. *har; хага* – «жал», «қыр», «жота» деген мәндегі сөз», – деген дерек келтіреді (В.М.Иллич-Свитыч, 1971, с. 340-342). Бұдан бұрын Ф.Қонқашбаев *қара* сөзінің, күрделі жер-су аттарының соңында келгенде, «шоқы» немесе «төбеге» ұқсас биіктігі, мәселен, Аманқара, Берікқара, т.б. білдіретінін айтқан-ды» (Г.Қонқашбаев. 1963, 76 б.). Демек, *Қарқаралы* атауы көне заманнан келе жатқан *Қарқара* атауымен түбірлес те мәндес, мағына жағынан бір-біріне шендес деп білеміз. Атаудың топонимдік мағынасы: «қыр.

қыратты, таулы, тасты жер».

Қарағанды облысында осы *Қарқаралы* тауының атын иеленген қала бар. Казактар стансасы ретінде 1824 ж. салынған. Қарағайлы темір жол стансасынан 23 км. қашықтықта.

Қарнак (Карнак) – Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы ауыл. Бұл атауға ХІ ғасырдағы әйгілі ғалым Махмұд Қашқари «оғуз шахарларының бірі»; «қарыны үлкен (карнак ер) кісі» деп түсінік берген (Махмұд Қашғарий. 1. т., 439 б.). Бұдан соң Қарнак атауы туралы жазылып, айтылған пікірлер аса көп болған жоқ. Е.Қойшыбаев: «Сыр бойындағы елді мекен аты (оғыз тайпаларының көнедегі қаласы орнына салынған), этноним», – деген пікір айтты (Е.Қойшыбаев. 1985, 163 б.). Л.Каримова: «Қарнак» топонимі *қар* және *-нақ (ноқ) -лақ // -лоқ, -ла + қ, лиқ, ли + қ* элементтерінің қосылуынан пайда болып, «қарлы жер» деген мағынаны білдіреді. Ал *нақ / ноқ* аффиксі өзбек тілінде тұрақ-жай атауларын жасаушы *-лоқ* аффиксінің бір варианты болып саналады», – дейді (Л.Каримова. 1982, 70 б.). Қарнак атауының шығу төркіні жайлы әлі де талай пікір болары сөзсіз. Біздің пайымдауымызша, атаудың бірінші компоненті *қар* сөзін түркітанушы Г.Е.Корнилов: «Түркі тіліне тән.: көне булгар тілінде *кар* – «қала», «қорған», «бекініс», – деп дәлелдейді (Г.Е.Корнилов. 1971. с. 2.). Шубашкар – булгарская крепость, укрепленное селение, в имени которого шуаш «военачальник» + *кар* – «крепость» (там же). Үнді еуропа тілдерінде *кар* – «тас», ауғанша *кар* – «тау», «жартас», даргин тілінде *гар* – «тас». Атаудың екінші компонентіндегі *нак* қосымша деген де пікір бар.

Орта ғасырда сыртқы жаулардан қорғану үшін қала сыртына қорған салып, айнала-төңірек қоршап тастау дәстүрінің басым болғаны тарихи деректерден белгілі. Демек, Қарнак атауы «айнала-төңірек қоршалған, мықты бекіністі қала» мәнінде қойылған болуы мүмкін.

Қарталы (Карталы) – елді мекен, Денисов ауд., Қостанай обл. Бұл атау түркі тілдерінде, оның ішінде Башқұрт Республикасы мен Ресейдің Челябинск облысын-да *Карталы* қала, *Карталы* – Аят өзен аттары ретінде карталарда берілген. В.А.Никонов атаудың бірінші сынары карта сөзін – «қоршау», «қора, мал қора», *лы* – сын есім жұрнағы ретінде талдайды (В.А.Никонов. 1966, 185 б.).

А.Әбдірахманов: «Түрік тілінде *картал* – «бүркіт», әзербайжан тілінде *гартал* – «бүркіт». Осы бар материалдың негізінде Қарталы атауы «бүркітті» деген мағынаны білдіреді деп айтуға хақымыз бар сияқты», – деп жазды (А.Әбдірахманов. 1975, 123 б.).

Біздің пайымдауымызша, жоғарыда айтылған екі пікір де негізсіз әрі дәлелсіз сияқты. Егерде жер атының сол жердің табиғат ерекшелігімен, бет-бедерімен байланысты қойылуын ескерсек, атаудың әуел баста орыс тіліндегі *Қурта* – «метель, пурга, буран» мәніндегі сөзден қойылғаны байқалады. Осы *Қурта* атауын жергілікті тұрғын қазақтар *Карта* / *қарта* деп айта келе, өз тіліне бейімдеген. Сөйтіп, қарлы бораны, бұрқасыны көп болғандықтан, *Қарта* атауына бір заттың көптігін, молдығын білдіретін сын есімнің *-лы* жұрнағы жалғанып, *Қарталы* «боранды, бұрқасынды» мәнінде атап кеткені байқалады.

Қартымқарашет (Картымқарашет) – тар., жер, 3-ауыл, Терісаққан болысы, Атб. уезі. *Қартым* (зат есім) + *қара* (сын есім) + *шет* (зат есім) сөздерінің бірігіп тіркесуі арқылы жасалған атау. Оның бірінші сынарындағы *қартым* көне түркі тіліндегі *қарым* – «шұңқыр, ой, ойпат» сөзінің өзгерген түрі десек, екінші сынарындағы *қарашет* тұлғасы таулы алтайлықтар тілінде де *қара-чет* «қалың өскен балашық қарағай» екен. Олай болса, атаудың мағынасы: «ой, ойпаң, ойпат жерде қалың өскен балашық қарағай», сол бойынша қойылған жер аты болса керек.

Қасау (Қасау) – жер, тау. Тілімізде *қасаң* «қатып қалған, қатты», *қасат* «нығыздалып қалған, қатқыл», *қасатқар*

«тығыздалып қалған, қатып қалған қар», *қасаңдау* «қаттылау, аздап қатайған» (жері, топырағы) тәрізді *қас* түбірінен өрбіген сөздер бар.

Біздің пікірімізше, Қасау топонимінің мағынасы да, оның құрамындағы *қас* түбірінің де ұқсас, мәндес екенін ескерсек, алтай тіліндегі *Каскак* – *Туу* деген тау атының да семантикасы жағынан «қатты, тасты, биік тау» (Молчанова, 1979, 214) дегенге жақын екенін көреміз. Демек, *Қасау* атауының мағынасы: «қатты, тығыз, тың жер, сол жердегі биік тау» дегенге саятындай.

Қаскелең (Каскелен) – өзен, қала, ауд. орт. Қарасай ауданы. Бұл атаудың шығу тарихы, мән-мағынасы жайлы әр түрлі пікір бар. Күні бүгінге дейін ел аузында айтылып келе жатқан аңыз бойынша: «Бұрынғы замандарда қазіргі Қаскелең аталған жерде бір байдың екі өлеңші акын келіні болыпты. Алыс-жақыннан келген өлеңші жігіттерді айтыста жеңбей қоймапты. Сол үшін екі акын келін, «қос келін» аталып жүріп, жердің аты «қос акын келіннің ауылы» деп атала келе қысқарта айтылып, акыр аяғында «Қоскелін» боп кетіпті. Осы «Қоскелінді» кейін орыс ағайындар өз тіліне бейімдеп «Каскелен» атап кетіпті. Қазақтар қазір соған еліктеп Қаскелең деп атап жүр. Орыстардың жер-суымыздың аттарын өзгерткені аз ба? Бұл жөнінде Қаскелең ауданындағы белгілі акын Әсімхан Қосбасаров та Қаскелеңнің қос акын келіннің атына қойылғанын анықтап тұрып көпшілікке айтып берген» (Шалқар. 1993, Қаңтардың 29-ы). Атақты жазушы М.Әуезовтің де өз шығармасында осы халық аңызын келтіргені бар.

Кейбіреулер *Қаскелең* казак атауы емес, қалмақ батырының аты деп те жүр. Бірақта қалмақ батырлары мен хандарының есімдерінің тілдік сипаты жағынан да, құрылым жүйесі жағынан да мүлдем ерекше екенін байқау қиын емес. Мәселен, *Сван Доржы, Седен Рабдан, Галдан Серен, Маңдабар, Манжа, Хангор, Данзан, Олых, Мүргер, Мұқыр, Анжы, Нор, Ноян*, т.б.

Қалайда *Қаскелең* казактың төл атауы – тарихи ат.

Ол жөнінде Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты кітабынан мынандай шындықты, нақты айқын сөзді оқимыз: «Біздің елде, Қаскөлең тауында бір ауыл қалмақ бұрынғы Батыр соғысынан (бұл да қалмақ батыры екен) қалып қойған болатын. Олар бұл кезде көбі-ақ қазақпен араласып, етене болып кеткен. Тек осылардың ішіндегі әлдісі Утнас тұқымы Қарен азамат болған баласы *Қаскөлеңді* ертіп ә дегенде-ақ қалмақтарды Іледен өткен жерден тосып алуға кетіпті. Қаскөлең түгіл әкесі Қарен осында туған. *Қаскөлең* біздің *Қаскөлең* өзені жағасында туғандықтан, атын солай қойған. Олардың қазіргі балаларының көбінің аты-ақ қазақша болатын. Міне, осы өзеннің бойында туған Қаскөлең енді тұзына тышып, қалмақтар жағына шықты» (Аталған кітап, 1993, 220, 221б.). Одан әрі автор *Қаскөлең* атының мағынасына да тоқталып өтеді. «Қаскөлең таудың басынан қасқайып тік түсетін болғандықтан Қаскөлең атанған» (21 б.) десе, тағы да «Үшқоңырдан жоғары *Қаскөлең* деген таудан құлай жатқан және қасқиып жақсы көрінетін өзен бар. Ол таудың басынан қасқиып тік түсетін болғандықтан Қаскөлең атанған. Оны қазақтар бірде *Қаскөлең*, бірде *Қасқасу* деп жүреді» (271 б.) деп толықтыра түседі.

Жетісу өңірінің жер аттарын зерттеген ғалым Е.Қойшыбаев бір еңбегінде: *Қаскөлең* от түрк. букв. *қасқа* – «лысая» и *өлең* – «проворная» деп жазса (Қойчубаев Е. 1974, с. 150), екінші бір жазғанында: «Қаскөлең – өзен, тау, қала және аудан аттары. Көне түр. *қашқа* және *йелең* тұлғаларынан қалыптасқан атау. Этим. «тасқынды су» мәндес атау» дейді (Е.Қойшыбаев. 1985, 164 б.).

Біз Қазыбек бек Тауасарұлы мен Е.Қойшыбаевтың атаудың бірінші сыңары *қасқа* сөзі деген пікірлермен келісе отырып, оның екінші құрамын жоғарыдағыдай *көлең*, *өлең*, *йелең* сөздері деп қарамай, *өлең* сөзі деп білеміз. Қасқа сөзі арқылы жасалған өзен аттары түркі тілдерінде аз кездеспейді. Ондай атаулар Орта Азия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Шығыс Сібір, Еділ бойында да ұшырасады. Мысалы: *Қасқасу*, *Қасқабұлақ*, *Қасқаөгіз*

(Қазақстанда), *Қашқасу* (Қырғызстанда), *Қашқадария*, *Қашқатау*, *Қашқабұлақ* (өзбек, түрікмен тілдерінде), *Гашикчал* (азербайжанда), Бұл қасқа – қашқа – гашика сөзі өзен, бастау, қайнар, бұлақ атауларының құрамында келіп, «мөлдір, тұнық, таза» мағыналарын білдіреді. Ал атаудың екінші құрамындағы өлең сөзі де түркі тілдерінде көптеген атауларда кездеседі. Бұндай атаулар, аса көп болмағанмен, өз республикамызда да бар. *Ақөлең* (Қарағанды, Семей облысында болса), *Қойкеткенөлең* (Ақмола облысында), *Сарыөлең* (Алматы, Шығыс Қазақстан), *Қараөлең* (Шығыс Қазақстан обл.), *Қоңырөлең* (Алматы обл.), *Жалпақөлең*, *Доңгелекөлең* (басқа облыстарда). Жоғарыда көрсетілген атаулар құрамындағы *өлең* сөзінің *ол* және *ең* морфемалардан құралғаны байқалады. Э.В.Севортян *өл* түрік, қырғыз, тува, хакас тілдерінде – *ол*; ұйғ. алтайша *ул* – «дымқыл, сыз, су, сулы» деп көрсетеді (Э.Севортян. т. 1, 524-528). Осы *ол* түбірі өзінің даму өзгеруі барысында басқа тілдерде де *уль*, *ур*, *кол* тұлғасында түрленіп айтылып отырған. А.П.Дульзонның айтуынша «Уль, «су» сөзі кет тілінде қолданылған. Бұған қарағанда, тіліміздегі көне тұлғалы өл сөзі дыбыстық тұрғыдан *жел*, *шел* тұлғасына ауысқандай. Оған мысал ретінде *Желқарағай*, *Желтораңғы*, *Желқарқара*, *Шелек* атауларын атау орынды сияқты.

Демек, *Қаскелең* атауының XVII ғ. айтылу тұлғасы Қаскөлең, одан әріде *Қасқаөлең* болған сияқты. Бұған қарағанда атау әрбір дәуірде дыбыстық өзгеріске түсіп, тұлғалық өзгеріске ұшырап отырғандай. Атаудың топонимдік мағынасы: «Қасқайып ағып жатқан тұнық таза өзен, су» дегенге толық сай келеді. Оны *Қасқасу* атауымен мәндес деп білеміз.

Қасқаайғыр (Қасқаайғыр) – кен орны, тау, биікт. 676,6 м. Бұл атаудың мағынасы туралы: «Осы жердегі қасқа айғыр оқиғасына байланысты қойылған» деген пікір бар (Қаз. геогр. ат. Сөзд. Жезказ. обл. 1990, 168). Е.Қойшыбаев: «Қасқаайғыр мекен аты (Орталық Қазақстанда). Қаз. этникалық топ бойынша қойылған атау», – деп жазды (1985,

164). Осы өңірде *Қасқатау*, *Қасқақұдық*, *Қасқабұлақ*, *Қасқақошқар* тәрізді бірінші сынарында қасқа сөзі бар топонимдер ұшырайды. Бұлардың ішінде *Қасқақошқар* атауындағы қасқа сөзі ғана өзінің бастапқы, тура мағынасында коданылған. Ал басқа атаулардағы қасқа сөзі топонимдік мағынаға ие болып тұр. *Қасқабұлақ* – «таудың басынан қасқайып, алыстан карағанда жарқырап тік түсетін, жарқырап ағатын бұлақ» болса, *Қасқақұдық* «суы мөп-мөлдір таза құдық», ал *Қасқатау* «алыстан қасқиып, анык көрініп жатқан тау» сияқты мағыналарға ие. Біздіңше, *Қасқайғыр* атауының екінші сынарындағы айғыр сөзі тауға байланысты айтылған айыр сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгеріске түскен түрі болса керек. Торыайыр тауының Торыайғыр болып айтылып кеткені сияқты құбылыс екені сөзсіз. Сонда *Қасқайғыр* «алыстан қасқиып анык көрініп жатқан айрык, айыр» мәнінде қойылған сияқты.

Қасқабайтал (Каскабайтал) – тар., жер, 7-ауыл, Нұра болысы, Атб. уезі. *Қасқа* (сын есім) + *байтал* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимнің бірінші сынары *қасқа* сөзі жоғарыда аталған мағынаға ие болса, оның екінші бөлегіндегі *байтал* сөзі зерттеуші Е.Қойшыбаевтың пікірінше, жылқы түлігінің «байтал» сөзімен байланысы жоқ. Көне тіл (бай және дал компоненттерінен құралған, «көк жайқын» мәніндегі атау (Е.Қонқашбаев, 1985, 60-61.). Демек, атаудың мағынасы: «алыстан көз тартатын көк жайқын жер».

Қасқаөгіз (Каскаогиз) – с., Жамбыл ауд., Алматы обл.

Бұл көне атау ертеде осы жерде өзен болғанын мегзейді. Өйткені түркі тілдері топонимдерінің құрамында келетін *қасқа* // *қашқа* сөздері географиялық термин болып қалыптаса келе, «ешбір өсімдік өспейтін, тақыр, таудағы таз жер» деген мән иеленсе, гидронимдік (өзен) атауларда «таза, мөлдір, тұнык, алыстан карағанда жарқырап жатқан» деген мағынаны береді. Ал атаудың екінші сынарындағы өгіз сөзі түркі тілдерінде *-оғуз*, *-огуз*, *-оқуз* түлғаларында

айтылып, «өзен», «су» мағыналарында қолданылған. Оны көне түркі тілдеріндегі *oguz* – «өзен» сөзі және осы сөз арқылы жасалған жер-су аттары толық дәлелдейді. *oguz kul* – «өзен көлдер», *ogun oguz* – «бұлақ», «өзен», *taluj oguz* – «мұхит-теңіз» (ДТС, 1969, 382). XI ғ. Махмұд Қашқари сөздігінде: кара құс угуз, үрүн кас угуз – «кара нефрит сайындағы өзен», «ак нефрит шығатын жердегі өзен» (1, 152, 166). Мұндай атаулар санатына Қырғызстандағы Жетіөгіз, Түркіменстандағы Огуз-Яб тәрізді топонимдер де тән.

Демек, *Қасқабөгіз* атауы Қасқасу, Қасқабөзен дегенмен бірдей, яғни «алыстан жарқырап ағып жатқан тұнық, таза өзен».

Қасқая (Касқая) – а., Ақтоғай ауд. Бұл топонимді «жоңғар шапқыншылығы кезіндегі казак халқының сыртқы жауға тойтарыс берген, касқая қарсы тұрған жері» деп түсіндіру бар (1990, 168). Біздің байқауымызша, атау *қас* және *қая* сөздерінен бірігіп жасалған (ол кейбір түркі тілдерінде *қаш* (*каш*) тұлғасында да айтылады). Атаудың бірінші сынары *қас* сөзінің тура мағынасы «кабактың үстіндегі қыл, түк». Ол кейбір түркі тілдерінде *қаш* (*каш*) тұлғасында да айтылады. Осы *қас* / *каш* сөздерінің түркі тілдеріндегі топонимдік мағынасы – «төбе, шоқы». В.В.Радлов еңбегінде (1899, 2) *каш* – *қас* – «дөңес», «томпақ», «көтеріңкі жер», «төбе», якут. *хас* – «биік жартас», *хак.* «биіктік», *тәж.* «төбе». Сондай-ақ тіліміздегі омоним *қас* – «нағыз, тым, аса» мәнін білдіретін сөз екені де мәлім. Ал атаудың екінші сынарындағы *қая* / *кая* сөзінің көне түркі тіліне тәндігін және оның қазіргі түркі тілдерінің көбінде әр түрлі дыбыстық өзгеріске түсіп, қолданыста келе жатқанын көреміз. Көне түр *qaja* – «құз, жартас» (ДТС, 1969, 406). Өзб. *қоя* (бұл да сол мағынада), якут. *хая* (*хайа*) – «жартас, құз», «тік жартасты тау», «тау тізбегі», парсы тілінде (түркі тілінен енген) *кая* «жартас, құз», «төбе», түркі тілінен болгарлар қабылдаған *кая* «құз, жартас» (Мурзаев, 1984, 267).

Бұл деректерге карағанда, атау құрамындағы *қая* көне түркі тіліндегі *Qaja* сөзімен тұлғасы бірдей, тілімізде сол бастапқы қалпында сақталған. Сөйтіп, *Қасқая* атауының мағынасы: «жартасты құз», «тік жартасты тау» екенін көреміз. Ауыл сол тау (төбе) етегіне орналасқандықтан Қасқая аталса керек.

Қасқыр (Қасқыр) – төбе, бұр. Жезді ауд. Атаудың мағынасын: «бөрі мекендеген төбе» деп түсіндіру бар (Қаз. геогр. атаул. Сөзд. 1990, 168). Қасқырмен байланысты Қасқырконған, Қасқырқұдық, Қасқыршапқан деген бұлақ, құдық, шоқы атауларының қасқырмен (бөрі) логикалық тұрғыдан байланысы байқалмайды. Тұлғалық жағынан *қасқыр (бөрі)* сөздерімен ұқсас болғанымен мағынасы жағынан ерекше сияқты. Байқауымызша, Қасқыр атауының бірінші сыңарындағы қас басқа түркі тілдеріндегі *каш* сөзімен тұлғалық әрі мағыналық жағынан сәйкес те ұқсас. Айталық, *қас / каш* сөздерінің тура мағынасы «кабак үстіндегі қас, түк» болса, топонимдік мағынасы «төбе», «су жағасы». В.В.Радлов еңбегінде (1899, 2 т.) *каш* және *қас* «биік жер, төбе», якут. *хас* «биік жартас», хак. *хас* «жаға», «биік шоқы»; тәж. тіл. *каш* (түркі тілдерінен енген) «төбе» болса, қырғ. түркм. *каш* «тас». Осы *каш* сөзі көптеген түркі тілдері мен ир. тілдерінде «нефрит, көкшіл түсті минерал», «яшма, кварцтың бір түрі» екенін көреміз. Ал атаудың екінші сыңарындағы *қыр* сөзі көне түр. *qyr* «қырат, қырка», «тау қыркасы» (ДТС, 1969), қырғ. *қыр* «тау жотасы, тау жалы», өзб. *қыр* «жоталы, төбелі дала», тув. *қыр* «тау қыраты», хак. *хыр* «төбе», «тау», алт. *қыр* «тау, қырка» (Мурзаев, 1984, 327). Демек, *Қасқыр* «кварцты, көкшіл түсті тастары бар төбе» мәніндегі атаудың ынғайы бар сияқты.

Қастек (Кастек) – өзен, тау, с., Жамбыл ауд., Алматы обл. Талап с/о қарасты. Е.Қойшыбаев бұл атаудың шыққан төркінін талдай келіп: «Қас тектес елдер» мәніндегі атау», – деп түсіндіреді (1985, 165). Кастек атауы жайлы

Бексұлтан Нұржекеев: «Қастек асуы – тарихи жер. Мұнда 1723 жылы, әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» Наурызбай батырдың тағы бір мыңбасы Қастек Жарылғапұлы деген батыр жонғарларды жеңіп, кейін шегіндірген. Батыр есімімен жер содан бері ғана *Қастек* асуы аталған». (Бексұлтан Нұржекеев. Өзендер өрнектеген өлке. 1984, 92 б.). Бұл батырдың есімі Қастек өзенінің атынан, сол өзен бойында отырғанда туғандықтан қойылуы да мүмкін. Алайда атаудың бірінші сыңарындағы *қас* сөзінің *касог*, *кашаг*, *қазақ*, *хазар* этнонимдері (ру, тайпа атаулары) мен Кавказ, Қазан, Қазықұрт тәрізді топонимдер құрамындағы *қаз*, *қас* (*каз*, *каш*) сөздерінің төркіні бар екенін бұрын да сөз еткен едік (Т.Жанұзақов, 1974, 260-262). Осы *қас* сөзінің түркі, монғол, үнді-еуропа тілдерінде басқа да мағынаға ие екендігін ескерген жөн сияқты. Көне түркі тілдерінде *gas* – «нефрит» – көкшіл түсті тас (М.Қашқари, III т., 152); кырғ., түрікм. *каш* – «тас»; әзерб. *гаш* – «қымбат бағалы тас»; монғ. *хас* – «нефрит», «яшма – кварцтың бір түрі» (Э.Мурзаев, 1984, 266). Ал атаудың екінші сыңарындағы тек сөзінің мағынасы тағы да түркі, үндіеуропа тілдеріндегі *тег* - *тек* сөздерімен байланысты. Салыстырыңыз: кырғ. *тек* - *тэк*, онт. диал. товдүн теги то же, что *тош* (К.Конкобаев, 1980, 156), өзб. *тиг* – «ұшқыр», «ұш»; парсы *тиг* - *тег* – «тау шыңы», «тау жалы, биік жер», тәж. *тег* - *тег* – «шың», «тау жалы» (Мурзаев, 1984, 548).

Бұл дәлелдерге сүйенгенде, Қастек атауының (жергілікті тұрғындар Кәстек тұлғасында да айтады) берер мағынасы екі түрлі ұғымды білдіргендей:

1. Қастек – «Қас елінің биігі, шыңы, тауы»;
2. Қастек – «Нефрит минералы бар шың, биік тау»

Қастек асуы (пер. Кастек) – Алматы обл., Жамбыл ауданындағы асу. Жазушы Б.Нұржекеев: «Көптеген жердің атына, оның аталу тарихына кейде біз атүсті қараймыз. Сыртқы ұқсастығына қарап, екі басқа нәрсені бір нәрсе етіп те жіберетініміз болады», – дей келіп, Қастек және Қарақыстак екеуі екі бөлек атау екенін дәлелдейді. Қастек

асуы – тарихи жер. Мұнда 1723 ж. Наурызбай батырдың мыңбасы Қастек Жарылғапұлы есімді батыр жонғар қалмақтарын ойсырата жеңіп, кері шегіндіріпті. Ол соғыста батырға оқ тиіп, ауыр жарадар болып дүние салыпты. Батыр өлген жерге Қастек асуы деп ат беріпті. Сол Қастек асуы әлі де бар.

Қатонқарағай (Катон-Карағай) – Шығыс Қазақстан обл., Алтай тауының Оңтүстік етегіндегі елді мекен, аудан аты. Осы өлкенің түлегі, белгілі жазушы Қ.Ысқақовтың атауынша: «Бұл елді мекеннің тарихи аты – *Қатынқарағай*. Қотанқарағай – совет дәуіріндегі бұрмаланып аталған атау. Ол жерде алқа қотан карағай болған. Ар жақтан мал әкелгендер сол жерде мал тапсырған. Содан *Қотан*, *Қотанқарағай* атанған. Алтай мен екі шекарадағы жер, елді мекен аты. Алтай тауынан Ақбұлақ деген үлкен өзен ағады да, ол екіге бөлініп, *Қотан* және *Бұқтырма* деп аталады. Бұқтырма Бедел, Шыңғыстай елді мекендерінің тұсынан ағады, Қотанқарағайды жанап өтеді».

Картаға үніле қарап бағдарлағанда, Таулы Алтайдағы биіктігі 4506 м. Мұзтау биіктігінің Мұзтау жотасынан басын ататын Қатун өзені Таулы Алтайға қарай құлай ағып, Обь жазығындағы Би өзеніне қосылады. Оған *Қатун*, *Чүймен* байланысты ағыны қатты көптеген өзендер кеп құяды. Оның көптеген тармақ, тарамдарының ішіндегі көпке белгілері: Аргут (225 км), Чуй (283 км). Қатун өзенінің жалпы ұзындығы 680 км. Осыдан барып, ағыны қатты, тасқынды, адуынды өзенді де *Қатын (қадын)* атағаны байқалады. Көне түркілердің қатынды аса жоғары бағалап, ерекше сыйлап, қадірлеп, қастерлегені тарихтан мәлім. «Йер-суғ ана», Енесай – «ене (ана) өзен» деуі (орысша «Матушка Волга» деу сол көне түркі тілінің әсері болуы керек) бұған толық айғақ. Көне түркі тілінде сай (чай) – «өзен» деген мәндегі сөз болған.

Құрамында қатын сөзі бар топонимдер республикамыздың Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Алматы т.б.

облыстарында жиі кездеседі. Мәселен: Қатынбұлақ, Қатынқопа, Қатынқұм, Қатынадыр, Қатынкөл, т.т.

Олай болса, Қотанқарағай атауының әуел бастағы аты Қатынқарағай деген жазушы Қ.Ыскаков пікірі орынды деп білеміз. Алтай тауының терістігінде Қатун (Қадын) өзені ақса, оның бергі бетінде қалың қарағай өскен. Сонда бұл атау «Қатун өзені жағындағы қарағай» деген мәнде қойылғаны байқалады.

Таулы Алтай тұрғындары қадын – «патша әйел, ханша, қатын, озен патшасы» деген мағынаға ие деп түсінеді (О.Молчанова, 1979, с. 216).

Көне түркі тілдерінде Qatun – «әйел, ханым, манап, әкім, бектің әйелі» (ДТС, 1969, с. 436). Ерте замандарда түркі тілдерінде *қатын*, *қадын* – «су, озен» деген мағыналарда қолданылғанын көреміз. В.Н.Тадыкин: «Бийге «оско» суу кирип сат – ол қадын суу. Айса онын ады да қадын ине. – В Бию впадает другая река – она притекающая, втекающая вода (река). Да ведь и название ее Кадын, т.е. втекающая». Одан әрі қарай автор Катунь гидронимінің морфологиялық, семантикалық жайттарын этимологиялық тұрғыдан талдай келіп, катунь – «тоспа да, ағын су да емес, ол өзен тармағы, басқа өзенге, суға барып құяды», – дейді (В.Тадыкин, 1990, с. 370-371).

Бұл айтылғандардан түйетініміз: біріншіден, «*қатын*» (қадын) сөзі көне түркі тілдерінде «әйел, белгілі адамдардың, манап пен бектердің қатыны» деген тура мағынаны білдірсе, екіншіден, кейіннен «ханым, ханша, патша қатын» деген қосымша мәнге ие болған.

Қатынбұлақ (Катынбулак) – тар., 4-ауыл, Алатау болысы, Атб. уезі. Атау *қатын* (зат есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігіуінен жасалған. Атаудың бірінші сыңарындағы *қатын* сөзі түркі тілінде *қадын* (*хатун*), *қатын* тұлғаларында кездеседі. Көптеген түркі жазба ескерткіштерінде: *қатин* – «әйел, ханым»; *хатин* – «манаптың, бектің әйелі». Бұл сөз монғол тілінде де *хатан* – «атақты, даңқты әйел, ханша, ханым». Э.М.Мурзаев

катунь сөзінің географиялық атау ретінде Сібірде жиі кездесу себебін сөз ете отырып, көне түркі тіліне тән сол *қатын-хатын* сөзі бүгінде өзінің әуел бастағы «су» деген мағынасынан айырылған дейді (Э.Мурзаев, 1984, 10). О.Т.Молчанованың пікірінше, Таулы Алтайдағы өзен аты *Катунь* – «өзен патшасы» (О.Молчанова, 1979, 216). Осымен қатар *қатын* сөзі «басты, негізгі» деген ауыспалы мағынаға да ие.

Олай болса *Қатынбұлақ* атауының мағынасы: – «негізгі, басты бұлақ» дегенге жуық келеді.

Қозмолдақ ауылы (а.Қозмолдақ) – Оңтүстік Қазақстан обл., Созақ ауданындағы елді мекен. Осы ауданның «Сызған» шаруашылығының орталығы ретінде белгілі. Шежіреші Есіркеп Өмірбековтің мағлұматы бойынша: «Осы жердегі Мыңжылқы шоқысының шатқалы мен етегінде бұрын қалың сәмбі талы өсіпті. Жергілікті тұрғын ел сәмбі талдан киіз үйдің уығын, керегесін жасайтын болған». Сәмбі талды отқа қыздырып иген, яғни ол отты, қоламтаны халық «қоз» деп атаған. Сөйтіп, «бұл жерде биыл «қоз мол-ақ екен» деген ел сүйінішінің белгісі ретінде жер аты Қозмолдақ деп аталып кетіпті» деген халық аңызы барын көреміз.

Қобыкөл (Қобықол) – көл, Ладыженка с.-сы, *Қобы* (зат есім) + *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атаудың бірінші сыңарындағы *қобы* географиялық термин ретінде түркі тілдерінде: *қобы*, *хоба*, *қобы*, *ков* түрлерінде кездеседі де «тау аңғары, жыра» мағыналарын білдіреді. Тіліміздегі *қобы* – «тау аңғары», «құрғаған арна» мәнін білдірсе, түрікмен тіліндегі *ков* – «үлкен апан, терең шұңқыр», қырғызша *коо* – «шөп, өсімдік басқан сай», хакасша *кооп* – «арық», алтайша *қобы* – «сай», «шат». Бұл дәлелдерге қарағанда, *Қобыкөл* атауының мағынасы: «үлкен аңғардағы, ойпаттағы көл» дегенге жуық.

Қойғынжар (Койғынжар) – с., Целин. ауд. Атау *қойғын* (зат есім) + *жар* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Бірінші сыңардағы *қойғын* сөзі шағатай, тобыл тұрғындары тілінде *куйгун* тұлғасында айтылып, «шығанақ, айлақ» мағынасын білдіреді. Олай болса, атаудың мағынасы: «шығанақ, айлақ манайындағы жар» болса керек.

Қоймазар Қараағаш (Коймазар Қараағаш) – тар., 2-ауыл, Қоржынкөл болысы, Атб. уезі. *Қой* (зат есім) + *мазар* (зат есім) + *қараағаш* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Атау құрамындағы *қой* сөзі қырым татарлары мен балкарларда *кой*, түрікше *коу, каб. куйей* – «тұрақ, елді мекен, селен», «отырықшы ел». Мәселен, *Жанкой* – Қырымда, *Яникой* – Кабардин – Балкар Республикасында. Ал *мазар* сөзі түркі тілдеріндегі мүрде, зират сөздерінің синонимі. Олай болса, атаудың мағынасы: «елді мекен, селеннің, отырықшы елдің мүрде, зиратының төнірегінде, жанында өскен қараағаш» дегенге келеді.

Қоймұз (Коймуз) – көл, бұр. Сіл. ауд. Атау *қой* (зат есім) + *мұз* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Таулы Алтайдағы Телес өзені мен қатар өзен аты да Мұз. Атаудың құрамындағы *қой* сөзінің мағынасын жоғарыда айтылған (қараңыз Қоймазар) мағынасымен бір деп білсек, атаудың мағынасы: «тұрақ, селен сияқты қаз-қатар нық тұрған мұздар, сол мұз суынан пайда болған көл» дегенге саяды.

Қойнау (Койнау) – жыра, Ұлыт. ауд. Бұл жалпы есімнен жасалған жалқы географиялық атау болып саналады. Тілімізде *қойнау* – 1. «таудың жан-жақтағы биіктеу аңғары, іші» (Қаратау қойнауы, жер қойнауы т.б.) болса, 2. жер құшағы, қойны (мыс.: жер қойнауы). Қырғыз тілінде *қойнот* деп аталады да, «жыра, аңғар, сай»; қарақалпақ тілінде *қойнау* – «алқап, ойпат» мәндерінде қолданылады.

Қойтаған – жер, бұр. Акад. ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *қой* сөзінің кәдімгі қой малынан басқа мағынаға ие сөз болуы мүмкін. Өйткені түркі тілінде *qoi* «дно долины» (ДТС, 1969, 453). Демек, «жазықтың үсті, беті» немесе «таудың етегі, табаны» деген сөз екенін көреміз. Ал *таған* 1. «ошақтың, мосының үш бұты, аяғы, тіреуіші»; 2. үш аяқты темір мосы (ҚТС, 1999, 607). Э.М.Мурзаевтың пікірінше таған сөзінің топонимдік мағынасы: «тау, жота, төбе» (Э.Мурзаев, 1984, 538). Олай болса, Қойтаған атауының топонимдік мағынасы «тау етегіндегі жазық жер» дегенді білдірсе керек.

Қойлық (Койлык) – а., Сарканд ауданы. Бұл атау «Қазақстан тарихы» атты еңбекте бұрынғы тарихи атымен *Қаялық* түрінде жазылып жүр. Ол XI-XII ғ.ғ. Жетісудің солтүстігінде қарлұқтардың орталық қаласының аты болған. Бұл кезде Іле өзені алқабында Қаялық, Талхиз (қазіргі Талғар), Екіөгіз сияқты қалалардың болғаны тарихтан мәлім. Қаялық атауының бірінші сыңарындағы сөз өзбек тілінде *коя*, балкарша *кая*, якут тілінде *хая* тұлғаларында айтылып, «күз», «жартас» мәнін білдіреді.

Құрамында *хая*, *кая* сөздері бар топонимдер түркі тілдерінде аз емес. Оған дәлел – Әзербайжанда *Каялы*, Қырымда *Қызылкая*, Дағыстанда *Каякент*, Хакасияда *Сарыгхаялар*, Якутияда *Урюнг-Хая*, *Қызыл-хая*, *Кокхая*, Тувада, Алтайда *Адар-Кайа*, *Ак-Кайа*. Демек, *Қойлық*//*Қаялық* атауының топонимдік мағынасы «жартасты», «тасты», «күз» дегенді білдіргендей.

Қойуыс (Койуыс) – тау, биікт. 457,7 м. бұр. Жезді ауд. Жыланды кентінің солт.-бат-да. Атаудың бастапқы түрі *Қойқуыс* болуы мүмкін, оның ұзақ жылдар айтыла келе *қойуыс* болып өзгергені байқалады. Оның құрамындағы *қой(хой)* жоғарыда көрсеткендей «төбе», «тау», «тау жалы», ал екінші сыңардағы монғ. *уыс-үс, усу* – «су», «өзен». Олай болса, *Қойуыс* – «тау етегіндегі өзен, су» мағынасындағы қойылған деп қараймыз.

Қойүлес (Койулес) – өз. бұр. Жезді ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *қой* сөзі Қойтаған атауындағы *қой* сөзімен мағыналас, ал *үлес* сөзі көне түркі тілінде *ol* «дымқыл», «сыз», ал *ес* < *ас* < *аш* < *ыш* сөздері түркі, монғол және ханты, манси, кельт тілдерінде «су», «өзен» мағыналарындағы сөз. Хант. тіл. ас «өзен, үлкен өзен». Осы ханты, манси тілдерінде *Обь* өзенін *Ас* деп атайды екен (Э.Мурзаев, 1984, 58). Таулы Алтайда Улуш өзен аты, Катун өзенінің оң жағасы ретінде кездеседі екен. Демек, *Қойүлес* атауы тілімізде сақталып отырған көне өзен аты, оның мағынасы: «тау етегіндегі, табанындағы өзен» дегенді білдіреді деп болжаймыз.

Қолжат (Кольжат) – с., Ұйғыр ауданы. Жергілікті тұрғындар бұл атауды *Қолжам*, *Құлжам* және *Қалжам* тұлғаларында айта береді. Ал орысша *Кольжат* деп картада жазылуына қарағанда ол картографтардың кате жазуы бойынша берілген болуы керек. Атаудың негізі *құлжа* деген аң атымен байланысты болса керек. Сол *Құлжа* сөзіне көптік, молдық ұғымды білдіретін көне ты жалғауы жалғанып, бастапқы кезде *Құлжаты* (*Құлжалы*) аталып, айтыла келе *Құлжам* боп қалып гасқан болар (ондай көне атаулар бұл маңайда жоқ емес, салыстырыңыз: Бұғыты, Сөгеті, т.б.). Осыған қарғанда *Қолжам* атауы әу бастаағы *Құлжам* атауындағы дауысты *ұ* дыбысының, еріндік дауысты *о* дыбысына алмасу салдарынан өзгерген болса керек: *Құлжам*//*Қолжам*. Бірақ жергілікті тұрғындар *Қалжам* деп атайды.

Қолтықкүн (Колтыккүн) – тар., 3-ауыл. Құмқоңыр болысы, Атб. уезі. *Қолтық* (зат есім) + *күн* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. *Қолтық* географиялық термин ретінде «жел өтетін қаға берістегі тау аңғары, сай» деген мағынада қолданылады. Осымен қатар жергілікті тілде шабындық, кең сай мағынасын білдіреді (ҚТДС., 1969, 204.). Яғни *Қолтықкүн* атауының мағынасы: «күн

жақтағы, күнгейдегі қолтық, шабындық, кең сай» дегенді білдіреді.

Қызылсиыр (Кызылсиыр) – тау, биік. 574,6 м, Сарысу өзенінің солт.-де, Жаңаар. ауд. *Қызыл* (сын есім) + *сиыр* (зат есім) сөздірінің бірігіуінен жасалған тау аты. Атаудың екінші сыңары түркі тілдерінде түрлі фонетикалық тұрғыда айтылады. Алт. *сурури* – «істік, үшкір, конус тәріздес»; тув. *суур* – «шоқы, төбе, үшкір, конус тәріздес» орыс тіліндегі *сугор* «шоқы» сөздерінің мағынасы да, тұлғасы да ұқсас. Бұған қарғанда топоним құрамындағы *сиыр* осы көрсетілген сөздермен мағыналас деп қараймыз. Атаудың мағынасы: «Қызылұш, қызыл шоқы, қызыл төбе» болар деп жобалаймыз.

Қызылсоқ (Кызылсоқ) – с. Алматы обл. Жамбыл ауд. Бұл – Қызылсу атауының көне тұлғасы, соның синонимі. Атаудың екінші сыңарындағы *соқ* – көне түркі тілдеріндегі *sug* (*siu*) тұлғасының дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі, «су» мағынасын білдіретін сөз. Яғни мағынасы «саяз су, өзен» дегенге саятындай.

Қыпшак (Кыпшак) – Ақмола облысының Теңіз көліне құятын өзен аты, Қорғалжын ауд. өзен аты, Оңтүстік Қазақстанда Арыс өзеніне құятын өзен аты. Бұл атаулар қазақ халқын құрауға қатысқан тарихи тайпа – қыпшак атынан қойылған, яғни этнотопоним.

Қыпшак деген тайпа аты ең алғаш Қытай жылнамаларында б.д.б. бірінші ғасырынан кездеседі, оның әуелгі мекені Шығыс Қазақстанның Алтайы, Ертіс бойы. X ғасырда оның бір бөлігі Орталық Қазақстан, басқа бір тармағы оғыздармен көршілес болып, Батыс Қазақстан даласына дейін барса, солтүстіктегі оның көші-қоны Батыс Сібірге дейін созылып жатты.

VIII-X ғ. қыпшақтар кимақтармен одақ болады да, ол әлсіреген соң үстемдігін күшейте түседі.

XI ғ. аяғында қазақ жерінің едәуір бөлігі – Ертістен Еділге дейін Қыпшак бірлестігіне қараса, бір тобы

Манғыстауға да жетеді. XI ғ. орта кезінде олар орыстың оңтүстік аймағына да жетіп, половшы деп аталады.

Көне орыс дерекнамаларында қыпшақ иемденген аймақ (территория) «Половецтер даласы» деген атқа ие болған. Қыпшақ атауының төркіні жайлы әртүрлі пікір бар. Оны Қыпшақ этнонимі туралы жазылған мақаламызда толық көрсеттік.

Лабасы (Лабасы) – тау, өзен, Райымбек ауд., Алматы обл. Е.Қойшыбаев осыған ұқсас Лабазы атауының шығуы жайлы екі түрлі пікір ұсынады: «ир. *лаб.* – «жағалау» + азы – «аз жағалауы» – этнотопоним; қаз. «Іле басы» сөздерінен құрылып, ілгері ықпал әсерінен дыбыстық өзгерістерге ұшыраған атау» (1985, 182). Ал осы сөздікте Лабасы туралы автор тағы да: «Көне тур. *лаба* (қар) + *асы* (қар) сөздерінен калыптасқан атау. Этим. «Асының саласы», – деген түсінік береді. Осы атаудың бірінші сыңарындағы *лаб* сөзін зерттеушілердің көпшілігі тәжік тіліндегі *лаб* – «өзен, жаға», «өзен бойы» деп қарайды. Шындығында, тәж. *лаб* – «ерін, ауыз; шет, жаға»; *лабгуй* – «бұлақтың жағасы» (КТРС. 1922, 200). Өзбек топонимісі Т.Нафасов Өзбекстандағы *Лабжар* атауын түсіндіргенде: «Тәж. *лаб* + *жар*, жардың жағасы, атырабы», – десе, сол сияқты, *Лабсой* топонимін «сай бойы, сай жағасы» мәнідегі атау» деп қарайды (Нафасов, 1988, 107 б.). Ал атаудың екінші сыңарындағы *ас* (*асы*) сөзі көне түрік-монғол тілдерінде «су», «өзен» мағынасын білдірген. Бұл жайттарға қарағанда, *Лабасы* атауының берер мағынасы «су жағасы, өзен бойы» дегенге жуық.

Ленгер (Ленгер) – Оңтүстік Қазақстан обл.-дағы қала (1945 жылдан). Бұл Орта Азия халықтарының көбінде жер-су аттары ретінде кездеседі. Мәселен, Өзбекстан Республикасында: Лангар, Хазрати Лангар, Қатта Лангар, Кичик Лангар, Эски Лангар, Юкори Лангар, Паст Лангар деген атаулар бар. Көптеген түркі және иран тілдерінде «*лангар*» – «дарбазалардың ілгегі», «кемелердің зәкірі»

деген мағыналарда қолданылады. Бір ғажабы, *лангар* сөзі грек, латын, роман-герман, славян, балтық, иран, фин, араб, тағы басқа тілдерде түрлі вариантта қолданылады да, бәріне ортақ «якорь» (зәкір) мағынасында жұмсалады. Иранист ғалым Ф.З.Розенфельд бұл сөзді тарихи тұрғыдан зерттей отырып, оның бірнеше мағынаға ие екендігін анықтаған: «мүсәпірхана», «керуенхана», «көрхана», «жол бойындағы бекет», «емхана», «кеменің якорі» (Розенфельд А.З. 1940, с. 861-864). Орта Азия халықтарында лангар сөзінің негізгі мағынасы: «ибадатхана», «аялдау орны». Ал ұйғыр тілінде көне мағыналарының сақталғаны мәлім: *лангар* – «үлкен жол бойындағы бекет», «емхана», «керуен сарай» (Наджиб Э.Н. 1979, с. 690.). X–XIX ғасырларда тәжік тілінде *лангар* сөзінің «мүсәпірлер түнейтін жай», «мүсәпірхана», «қонақүй» мағыналарына ие болғанын тарихи еңбектер мен сөздіктерден көреміз. Осы *лангар* сөзі біздің тілімізде, ашық дауысты *a* дыбысының еріндік дауысты *e* дыбысына алмасуына байланысты, *ленгер* болып қалыптасқан. Жергілікті халықтар *ленгер* – «кеме зәкірі» деген мағынаға ие дегенді айтады. Оның көптеген мағынаға ие екеніін топшылай келе және қала Ұлы Жібек жолының үстінде болғанын ескерсек, «жолаушылар аялдайтын жай», «керуенхана», «жол бойындағы бекет», «қонақүй» мағыналарына ие екендігін байқаймыз.

Леп (Леп) – өзен, Еңбекшіқазақ ауд., Алматы обл. Бұл атауға негіз болған *Леп* сөзі туралы А.Әбдірахманов *Лепсі* өзен атын талдай келе, осы екі атаудағы *леп* сөздерінің түбірі *лап* екендігін дәлелдеу ретінде: «Өткен ғасырдың аяқ кезінде (Лепсі өзенінің) *Лап су* аталғаны жайлы Н.А.Аристов еңбегінде мағлұмат бар, – дей келіп – атаудың бірінші сыңарының түбірі леп емес, сол нұсқада аталғандай, *лап*, одан *Лап су* > *Лепсу* > *Лепсі* түбірлерінде өзгеріске түскен», – деген болатын (1975, 129 б.). Ал *лап*, *лапа*, *лаба* сөздерінің иран және түркі тілдерінде ертеден бары белгілі. Айталық, парс. *леб* – «жаға», «шет», тәж. *лаб* – «жаға», «бой», өзб. *лаб*, *лаба* – «өзеннің жағасы, бойы»

(Мурзаев, 1984, 331), як., чуаш. «*лана/лаба* – «сай, өзен, жыра» (Пекарский, 1959, 1957; РЧС. 1957, 86).

Лепсі (Лепсы) – өзен, қала, темір жол стансасының аты. Лепсі өзенінің ұзындығы 346,7 км., су алабы 12,14 км². Атау өткен ғасырда, Н.А.Аристовтың айтуынша, өзен *Лансу* аталыпты. Ал Э.К.Пекарский «Көне түркілердің сай, өзен, сала, жыра мәндеріндегі *лаба*, *-лана* тұлғалары қазіргі якут және чуаш тілдерінде күні бүгінге дейін сақталып келеді», – деп жазыпты (Э.Пекарский, т. 3, 1959, с. 1457). Осы пікірлерді топшылай отырып, А.Әбдірахманов: «Бұл атау мынадай өзгеріске түскен: *Лансу* > *Ленсу* > *Ленсі*», – десе (А.Әбдірахманов, 1975, 129 б.). Е.Қойшыбаев: «*Ланасу* атауының қазақ тілі мәнеріне келе-келе, *Ланасу* > *Лансы* > *Ленсі* формаларын қабылдауы логикаға сияды», – деген пікір тұжырымдайды (Е.Қойшыбаев, 1985, 183 б.). Атаудың бірінші сыңарындағы *лаба* сөзі туралы **Лабасы** атауына қатысты айтқанбыз. Оның екінші құрамындағы *сі* – «су» сөзінің өзгерген түрі. Демек, *Ленсі* – «сайдағы өзен», «су жағасы», «өзен бойы» дегенге саятындай.

Майбұлақ (Майбулак) – елді мекен, Жамбыл ауд., Алматы обл. Республиканың басқа жерлерінде де Майбұлақ, Майбалық, Майкөл, Майкайың, Майқарағай, Майқарағаш, Майкөл, Майкөлағаш, Майлы, Майтас, Майтөбе тәрізді көл, бұлақ, тау, қарағай аттары көптеп кездеседі. Бұлатаулардың бірінші сыңарындағы *май* сөзінің, тура мағынасынан басқа, топонимдік мағынасы бары анық. Демек, әрбір атауға халық өз тұсынан мән-мағына беріп отырған. Сондықтан ол атаудардың мән-мағынасын жеке-жеке талдағанда арнайы тоқталу керек. Ал Майбұлақ атауына келсек, «суы малға майдай жағатын салқын, таза бұлақ деген мағынамен қатар, сол бұлақтың өзіндік ерекшелік қасиетіне орай «қасиетті, киелі» бұлақ деген мән-мағынаға да ие болуы мүмкін. Өйткені, кейбір бастау, қайнарлар мен бұлақтардың жағасына өскен ағаштардың бұлақтарына халық шүберек байлап, ырымдайды.

Майлы (Майлы) – тау, Ақтоғай ауд. Қарағанды обл. Құрамында «май» сөзі бар жер-су аттары республикамызда көп кездеседі. Мәселен, Майлыбұлақ, Майөзек, Майтас, Майшөп, Майқайын, т.б. көне түркі тілінде май «киелі, қасиетті, құдіретті» ұғымында қолданылған. Мәселен, Таулы Алтай тілінде «май» және «эне», Орхон-Енесей жазуларындағы «Ұмай» – «Жер және Су перісі».

Майлы атауының топонимдік мағынасы «киелі, қасиетті, құдіретті тау» дегенді білдірсе керек.

Майтөбе (Майтөбе) – XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ хандықтарының ішкі саяси өміріне қатысты мәселелерді шешу үшін Сайрам тауына жақын жердегі Майтөбе жотасында үш жүздің игі жақсылары жыл сайын маслихатқа жиналып отырған. Онда қай жерді қыстап, жайлау, ел тыныштығын сақтау, жаудан қорғану, шабуыл жасала қалса, қалай соғысу, көшіп-кону тәртібі, қоныстарды бөлу, реттеу, тайпа, ру араларындағы дауларды бөлістіру, соғыс пен бейбітшілік және сыртқы саяси мәселелер қаралып, талқандалған. Осы себептен де Майтөбе аты тарихымызда белгілі бір саяси мәнге ие.

Малайсары (Малайсары) – Алматы облысы, Балқаш бойында, Кербұлақтың батысындағы тау. Ол таудың аталу себебі туралы әр алуан пікір бар. Біреулердің айтуына қарағанда, «ол жоңғарлармен соғыста аса ерлік көрсеткен бәсентиін руынан шыққан батыр Малайсары құрметіне қойылған тау» екен, ал екіншілері: «Ол Малайсары емес, албан тайпасының қыстық руынан шыққан атақты Малайсары батырдың есімін мәңгі есте қалдыру үшін қойылған тау аты. Ол кісінің аты осы жердегі соғыста алғаш рет шыққан, жекпе-жекте қалмақ батырын өлтірген. Батырдың өз аты Малай болғанымен, қыстықтардың ұраны Малайсары», – дейді. Алайда бұл таудың батыр бәсентиін Малайсары құрметіне қойылғаны «Қазақ совет энциклопедиясында» жазылған.

ЕСІМ-ТЕКТЕРІМІЗДІҢ ТӨРКІНІ

Абай (-ев, -ева) - қазақ халқының ұлы ақыны Құнанбаев Ибраһимнің екінші есімі. Бұл есім бала ұлы ақын Абайдай болсын деген мақсатпен кейінгі ұрпақтарға жиі қойылып отырған. Солардан тараған балалар Абаев, Абаева деген фамилияларға ие болып отыр. *Абай* «сақ, әзір, дайын» (ҚТТС, 1, 32). – *Абай* отырмасаң сүтінді ақтарып, өзінді майып етеді, – дейді (Қ.Қамбаров, Алтай аясы). *Абай болды*. 1. сақ болды. Асылы *абай* болу керек (М.Қаратаев, Даладағы дабыл). 2. ес болу, бас-қоз болу. Әйтеуір *абай* болып, анда-санда айғайлап қойып, өзі де ығып келеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Алайда, сөз етіп отырған *Абай* есімінің шығу төркіні туралы әр түрлі пікір бар: 1) Ертеректе айтылған бір пікір бойынша; *абай* «ел ағасы, ол тува тіліндегі *абығай* «от ағасы», «аға», татар тіліндегі абзыкай «ағай» сөздерімен төркіндес» десе (ҚТТА, 1960, 169 б.), 2) Абай Құнанбаев өмірбаянын зерттеушілердің пікірінше: «Зере бәйбіше Ибраһим деп атауға тілі келмей еркелетіп Абай атандырған» дейді (Абай, Шығ.тол.жин. 1961, 11 б.). 3) Абайдың шын аты Ибраһим; кейіннен шешесі еркелетіп «Абай» деп кеткен дегенді айтады (ҚСЭ, 1, 10 б.).

Бұл есімнің бірінші сыңары *аба-ава* және оның варианттары: *аба, абай, абый, абака, абага* көптеген түркі тілдерінде ұшырайды. Қырғ. *аба* 1. «аға»; 2. «әкесімен туыстас адамға айтылатын құрмет сөз»; 3. «үлкен аға»; 4. түстік диал. «үлкен ағалардың үлкені, құрметтісі» (Юдахин, 17 б.). Түркм. *аба* – «әке, папа», осм. түрк. *абай* – «үлкен аға», тел. *абай* – «әке», қызыл. абай – «үлкен аға», сағ. *аба* – «жасы үлкен аға» (Радлов, 1, 213 б.), тув. *абығай* – «мырза», тат. *абзыкай, абый* «аға», «үлкен аға» (ТРС, 18), алт. хак. *абака, абага* «аға, ағай»; «қария», «шал», «үлкен аға», «қадірлі», «құрметті» (Севортян, 54, 65), ұйғ. *ака* - «аға», «әкенің үлкен я кіші туысы», жағ. *абага* «аға» (Будагов, 1, 2 б.). В.В.Радлов кезінде «*абака* сөзі *аба+ака, аба+ага* тәрізді екі сөзден бірігіп барып, кіріккен» деген

пікір айтқан еді. Ал осы сөз туысы бөлек кейбір тілдерде, мәселен, монғол тіліндегі *авга* «немере аға», *авгай* «жасы үлкен адамдарды сыйлағанда айтылатын сөздермен де байланысты екені шүбәсіз» (Хабшай, 13).

Біздің пікірімізше, *Абай* – ұлы ақынның үй-іші, әжесі тілі келмегендіктен қойған есім емес, халқы қадірлеп қойған екінші аты, мағынасы «ел ағасы», «ел қадірлісі, құрметтісі» болса керек. Оның бастапқы түбірі *аба* болса, соңғы қосымша *й* құрметтеу, сыйлау мәнін білдіретін жұрнақ екені даусыз. Оны тіліміздегі *атай* (*ата+й*), *ағай*, *бабай*, *әкей*, *әжей* сөздерімен пара-пар қарауға болады.

Абалақ (-ов,-ова) бұл қазіргі әдеби тілде қолданыста жоқ. Көне сөз, диалект ретінде кездесетін *абалақ* «балаларды қорқытқанда айтылатын құбыжық», болмаса қырғыз тіліндегі *абалақ* «орда ойынында асық ататын сақа» (Юдахин, 18), осман түрік тіліндегі *абалақ* «кішкене бала, сәби» (Радлов 1, 624) және монғол тіліндегі *аблаx* «аң аулау» сөздерімен (Хабшай, 13) байланыстырудың ешбір қиыны жоқ. Оның төркіні араб тіліне барып саятын тәрізді. Араб тіліндегі (Ғабдаллаһ) «алланың құлы» деген есімнен қысқарып, яғни қатты фонетикалық өзгеріске ұшырап барып *Абалақ* күйіне түскені байқалады. Ертеде *алла*, *аллаһ* сөздерінің қатарласа, жарыспалы түрде қолданылғаны тарихи деректерден мәлім. Мәселен, *аллаһ чын сан барсан қамуғ бар* (А.Ибатов, 33). Араб сөздерінің бас позициясындағы ғ дыбысы қазақ тілінің ыңғайында, көбіне, айтылмай түсіп қалуы немесе өзгеріп қатаң қ дыбысына алмасып отыруы заңды құбылыс болған. Мыс: Абдолла ~ Қабдолла, Әбдірахман ~ Қабдірахман, Әлі, Әли-Қали т.б. Осы *ғабд* сөзіндегі соңғы ұяң *д* (оған екінші сынар аллаһ сөзі қосылғанда) жылысып түсіп қалған, соның салдарынан Абыллаһ боп өзгерген. Ал осы сөздің өзі кейінгі кезеңдерде қолдану, айтылу ыңғайына қарай ойыса келіп, сөз ортасындағы косар «л» дыбысының бірі ығысып түсіп қалған. Сөз аяғындағы көмей дыбысы *һ* қатаң «қ» дыбысына ауысу салдарынан барып *абалақ* түлғасы пайда

болған. Сөйтіп, *Ғабдаллаһ* есімі фонетикалық өзгерістерге ұшырай келе былайша қысқарған: *Ғабдаллаһ* > *Абдаллаһ* > *Абдалаһ* > *Абалақ*.

Абак (-ов, -ова). Бұл есім-фамилия *абақ* деген ру атынан барып шыққан. С.Аманжолов «абақ сөзі аппак сөзінің өзгерген тұлғасы. Өйткені, Керей – абак керей, қара керей, уақ керей боп үшке бөлінеді. Оның құрамында қара керейдің болуы, ақ керейдің де болғанын дәлелдейді», – деп көрсетеді (С.Аманжолов, 50).

Керейлердің ру басының Сарыбас аталуы да оның ақ я сары кісі болуымен байланысты болған, – еді деген пікірді Грум-Гржимайло да айтып кеткен (Грум-Гржимайло, 424). Демек, ерте кезде қара керей мен қатар сары керей деп те аталғанын анық байқаймыз. Ал *абақ керей* дегендегі *абақ* рудың әлдебір ерекшелігіне, қайсы бір қасиетіне, жас мөлшеріне байланысты қойылған лақап болуы мүмкін. Егер олай болса, ол керейдің ішіндегі жасы жағынан «үлкені», «ағасы», «ақсақалы» болуы ықтимал. Өйткені түркі тілдеріндегі *абақа//abaga* «аға», «жасы үлкен ағай», «немере аға», «атай», «қария», «қадірлі» сөзінің төркіні мен мәні соған саяды (Севортян, 164). Бұған оның антонимі уақ керейдің (яғни кіші керей) болуы толық дәлел бола алатын сияқты. Түркі тілдерінде айтылатын осы сөздің туысы басқа тілдерде де басқа варианттарда кездесетінін көреміз. Мәселен, монғ. *abaγa* «әкемен туысқан аға», «әкенің ағасы», тұңғыс-манжұр тілінде *abaγa* «баба», «ата». Кейбір зерттеушілердің пікіріне қарағанда: *abaγa* < *аба* + *γa* болып екіге жарылатынын, оның *γa* бөлшегі кішірейту жұрнағы екенін аңғарамыз (Севортян, 65). Түркі тілдеріндегі осы *аба* сөзінің арабтың «әке», көпше тұлғадағы «әкелер» сөзімен мағыналас, желілес екендігі де байқалады (Баранов, 23). Жоғарыдағы айтылған фактілерді топтай келе байқағанымыз – *абақ керей* – «үлкен», «аға» *керей*, *уақ керей* (*кіші*) *керей* болғанда, *абақ* «аға», «жасы үлкен туыс», «ақсақал» деген мағынаға ие екендігін көреміз.

Аббас (-ов, -ова)//Гаппас (-ов, -ова). Халық арасында *Аббаз, Аннас, Қаббас, Ғанназ, Қапбас* тәрізді түрлі фонетикалық формаларда кездеседі. Бас позициядағы ғ дыбысы казак тілінде көбіне айтылмай түсіп қалып отырса, кейде сақталады. Бірақ та басым жағдайда тіл арты қатан қ дыбысымен таңбаланады. Мыс: *Қаббас, Қанназ, Қапыз*, т.т. ~ ар. – «катал, қатыгез, түнерген» (Баранов, 631).

Абдал (-ов, -ова). Араб тілінде абдал «қасиеттілер, тауыпқыт», «дін тәртібін сақтаушы» деген сөз бар. Алайда бұл есімнің *абдал//абдалы* деген ру атынан қойылуы да ықтимал. Өйткені ру-тайпа аттарының кісі аттарына, кісі аттарының ру аттарына ауысып, алмаса қойылып отыруы халық өмірінде ежелден бар тарихи дәстүр. Белгілі ғалымдар А.Ю.Якубовский, Б.Г.Гафуров, сондай-ақ, В.В.Востров, М.С.Мұқанов осы этнонимнің тамыры IV–V ғасырларға кететін эфталиттермен байланысты деп көрсетеді. Б.Г.Гафуровтың баяндауынша: «ол сирия деректерінде – *абдел* және *эпталит*; грек тілдерінде – *абдел* және *эфталит*; армян деректерінде – хептал, идал, тетал; орта парсы деректерінде – *эфтал*, *хефтал*; арабтарда – *хайтал*, *йафтал*; тәжік-парсыларда – *хетал* және *фейтал* формаларында кездеседі» (Гафуров, 206 В.В.Востров, М.С.Мұқанов «абдал түрікмендердің бабасы болған» деген А.Ю.Якубовский пікіріне қосыла отырып: «эфталиттер түрікмендердің ғана бабасы емес, кіші жүз казактарындағы абдалдардың да бабасы» дейді (Востров, 98). *Абдал//абдалы* атты рулар кіші жүз құрамында қай кезден кездеседі деген сұраққа жауапты В.В.Востров, М.С.Мұқанов еңбектерінен толық табамыз. Кейбір деректерге қарағанда, кіші жүз ішіндегі абдал - казактың басқа да тайпалары құрамындағы кездесіп отыратын, көне тайпалар сияқты ертеден барын байқаймыз.

Эфтал этнонимінің шығу төркіні жайлы түрлі пікір барын Б.Г.Гафуров өз еңбегінде дерлік келтірген. Ф.Альтхайм бұл терминді түркі тілдеріне тән деп қарайды да «істеу», «бітіру», «тындыру» деген мағынаны білдіреді

десе, Манхен-Хелпен иранның хапта «жеті» деген сөзінен шығарған. X ғ. Балами атты ғалым «*hayatila* деген есім *haital* сөзінің көпше түрі, ол Бұхара тілінде «күшті адам» деген сөз. Бұхара тіліндегі осы сөз араб тілінде өзгеріп *haital* боп айтылған. Сондай-ақ, шығыс ирандағы хотан-сак тілдерінде де осыған жуық сөз «батыр», «батыл» деген мағынаны білдіреді» деген (Гафуров, 206).

Абдолла (-ев, -ева) // Абдулла (-ин, -ина). Халық арасында бұл есім, фамилияның Абдол, Абдулла, Кабдол, Ғабдол, Ғабдолла, Қабділда, Әбділда, Әбдолла, Әбілда тәрізді алуан түрлі фонетикалық формалары бар. Күні бүгінде олар сол формаларда жазылып та, айтылып та келеді. Бұл өзгерістердегі бірден көзге түсетіндері: 1) бас позициядағы арабтың ғ (ғ) дыбысы бірде сақталып, қазақ тіліндегі *г* дыбысымен таңбаланса, бірде өзгеріп, қазақ тілінің ықпалына қарай қатаң *қ* дыбысымен берілген; 2) сөз басындағы ғ сақталмай түсіп қалған жағдайда жуандауысты *а* дыбысы орнына жіңішке дауысты *ә* дыбысы алмасып, айтылып отырған; 3) араб тіліндегі ұян *л* қазақ тіліндегі ұян *д* дыбысымен, *о* дыбысы *і* дыбысымен алмасқан. Осындай метатеза мен қатаң элизиялық құбылыста болған (мәселен, Абдол). ~ ар. «құл», «алла, құдай», демек «құдайдың құлы, алланың пендесі».

Абзал (-ов, -ова). < ар. «кадірлі, құрметті, ардақты:» (ҚТСС, 1, 35), Көріскенше сау бол *абзал* анам (С.Омаров, Сәукен). Ен далада еңбек еткен *абзал* адамдар толып жатыр (Ғ.Сыланов, Жүзім шоқтары). Осымен қатар *абзал* іс, *абзал* міндет, *абзал* бол тәрізді сөз тіркестері де тілімізде кеңінен қолданыс табуда. ~ ар. «артықтық, тамашалық, ен жақсылық, даналық, кемеңгерлік, ғалымдық, мырзалық» (М.А.Гафуров, II, 609).

Абыз (-ов, -ова). 1. көп білетін, білімді адам, білгір. 2. «сәуегей, көріпкел» (ҚТСС, 1, 38). *Абызы* Абай болса, соңысы сұркия болар (М.Әуезов, Абай жолы). Абыздың

ақылындай шалқып жатыр (Ж.Сыздықов, Белестер). Оны ел дуалы ауыз, абыз деп атапты (С.Қасиманов, Сикырлы сыбызғы). Абай өз қара сөзінде: «*абыз*» демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қойған аты екен» деп жазады (Абай, II, 222). Тағы бір деректе: «*Абыз* сөзі түркі тілдеріне тән, оның негізгі түбірі сикыр, тылсым» мәнін беретін *аб/ап*, *-ыз* аффикс болуы мүмкін (салыстыр: жауыз)» деген пікір бар (КТҚЭС, 18).

Осы *абыз* сөзінің түркі тілдерінің көбінде бары, ежелден қолданыс тауып отырғанын көреміз: алт. тел. шор. сағ. як. *абыс* «орыс молдасы» (Радлов, I, 629), тат. *абзый* «оқымысты», «сауатты молда» (ТРС, 18).

~ ар. «құранды тұтасымен жатқа білетін адам» (Магазаник, 225), «ғалым, білімді, сауатты» (Будагов, I, 4), «қорғаушы, сақтаушы», «жатқа білуші», «құранды жатқа білуші адам» (Баранов, 229).

Ал Абызов, Абызтаев, Абызканов тәрізді есім-фамилияларындағы *абыз* сөзінің мағынасы «оқымысты, білімді, ақылды, сауатты» дегенге саяды.

Абылғазы (-ев, -ева). Араб тілінен енген бұл тектес есімдер тіліміздің ауанына қарай, кейде жіңішке тұлғада да айтыла береді. Мәселен, Әбілғазы, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Әбілқасым, т.б.

Сонау Мұхаммед пайғамбар заманында, тіптен одан арғы дәуірде баланың әкесін бала атымен атау ырымы етек алған көрінеді. Сол Мұхаммедтің өзі ұлы Қасым атымен Абу-л-Қасым яғни «Қасымның әкесі» деп аталғаны жайлы тарихи деректер бар. Біз сөз етіп отырған Абылғазы араб тілінде сызықша арқылы Абу-л-Ғазы нұсқасында жазылады. Мұндағы *л* дәнекер артикль ретінде араб есімдерінің көбінде ұшырайды. Осы есім біздің тілге еніп, қалыптасу барысында араб тіліндегі дауысты *у* дыбысы орнына казак тіліндегі қысаң дауысты *ы* дыбысы қолданылған. Осындай өзгерістің барысында *о* бастағы Абдул-Ғазы орнына бірігіп, ықшамдалған казак тілінің өз заңына бейімделген

есім Абылғазы (жінішке түрі Әбілғазы) пайда болған.

~ ар. «әке», «дін жолында күресуші, соғысушы» (Баранов, 655).

Ағзам (-ов, -ова). «Ұлық, қадірлі, құрметті» (ҚІТС, I, 1959 10), «ұлық» (ҚТСС I, 1974, 56). *Ағзам* таксыр жарлығы бойынша ол осы арада бес жыл болуға мәжбүр еді (С.Мұқанов, Ботакөз). Патша *ағзамның* жүзін көріп, ауызекі арызымызды айтамыз десті (Қ.Тайшықов, Октябрь ұшқыны). Түркі тілдерінде *Ағзам*, *Ағзам* тұлғалы есімдер мен одан жасалған фамилиялар көп-ақ.

~ар. «аса зор, ең ұлық, ұлы» (Баранов, 670).

Адай (-ев, -ева). Бұл есім белгілі ру *адай* атынан қойылған. Күні бүгінге дейін оның шығу төркіні жайлы нақтылы дерек жоқ. Көне түркі тілдерінде *adaı* «балапан», «бала, сәби» деген мағынада кездеседі (ДТС, 8). Сондай-ақ *Adaı* есімді адамдар да болған (ДТС, 8).

Тарихшылардың мәліметі бойынша, IX-X ғғ. гуздардан бөлініп шыққан *дай* деген тайпа болғаны, олар мекендеген жерлерді «аралды» сол гуздар *адай* деп атағаны, сол гуз (оғуз) тілінде *арал* деген сөздің «ада» екені жайлы айтылған пікірлер бар (Аристов, 140). Бұл пікірді С.Аманжолов, В.Востров, М.Мұқановтар да қолдайды (Аманжолов, 160. Востров, 86). Ә.Нұрмағамбетов жорамалы бойынша «*адай*» этнонимінің төркінін телеуіт тіліндегі «құрмет», «сыйлау» мағынасымен жақындастырады (Нұрмағамбетов, 21).

~ *adaı* сөзінің түркі тілдерінің көбінде бары айқын. Телеу. *adaı (ada+i)* «ата, баба» (Радлов, I, 478), яқ. *агдай* «ұзын бойлы, иықты, кең кеуделі адам», *yodai* «ұзын бойлы, бойшаң» (Пекарский 1, 19, III, 3028). Қарапайым тіл. *ада* – «арал» (КРПС, 44).

Адамбай (-ев, -ева) 1. кісі; 2. жалпы адам баласы, адамзат; көпшілік (ҚТТС I, 62, 63). Тірі *адамның* жүректен аяулы жері бола ма? (Абай II, 181). Атаңның баласы

болғанша, *адамның* баласы бол (Қазақ мақалдары). –библ. ар. ир. түркі *адам* «кісі, пенде». Бұл Европа, Азия, Кавказ бойынша кенінен тараған сөз. груз. *adamiani*, дарг. *adam*, *adamili*, лак. *adamina*, авар. *adam*, *adan*, чеч. инг. *adam*, балк. карач. *adam* «кісі» (Абаев, 29). Осы сөзге бай, бек сөздерінің қосылуы арқылы *Адамбай*, *Адамбек* тәрізді біріккен тұлғалы есімдер жасалған.

Адырбай (-ев, -ева). *Адыр*¹ «бір-біріне ұштасып жатқан дөңестер мен белестер»; *адыр*² «ожар, ұрт, ұрда жық» (ҚТСС I, 68). Қазақстанда асқар биік таулар да, қыратты *адыр*, жондар да көп («Қаз. әдеб.»). Қанаев *адыр* мінезді өкілдердей шіренбей, жұпыны ғана отыр (Б.Майлин, Шығ.). Бұл есім баланың о жар мінезіне байланысты емес, ауыл адырлы жерде отырғанда туылғандықтан қойылған болуы керек. Өйткені Еділбай – Еділ жағасында отырғанда, Ертіс – Ертіс бойында отырғанда туылған балаға қойылған есімдер. Осылар тәрізді географиялық терминдер арқылы жасалған есімдер аз емес. Мыс: Асубай, Беласар, Шоқы, Қырқабай, Сенгірбай, Таубай, Төбей, Жотабай, т.т. Бұл есімдердің екінші сыңарларындағы «бай» сөзі бала қырқаға, тауға, жотаға бай болсын деген ұғымды бермесе керек, бұл арада оның қосымшалық қызмет атқарып тұрғанын да ескеру керек.

Осы *адыр* сөзінің түркі тілдерінің белгілі бір тобында ғана қолданылатыны байқалады. Олар: қырғ. *адыр* «төбелі жерлер, қырат» (Юдахин, 23), шағ. *адыр* «төбе, дөң» (Будагов I, 20). «Төбе», «кедір-бұдыр жер», *adipxan*// *adipqan* «биік жер, төбе» (Радлов I, 493, 494).

Ажарбек (-ов, -ова). *Ажар* «көрік, келбет, шырай», «түс, өң, рен». Әуре боп неге біткен *ажар*, көрік, ішіне от түсірді қалқам көріп (Б.Майлин, Шығ.). Кездеменің өнді болуы жүннің *ажарымен* байланысты («Лен. жас»).

–қырғ. *ажар* «көрікті келбет, түр» (Юдахин, 24), қаз. *ажар*. Бұл сөз иран тілінің «әдемілік, сұлулық» сөзі болуы ықтимал деген пікір де бар (Будагов, 11).

Азамат (-ов, -ова). <ар. *азамат* «кәмелетке жеткен ер адам», «адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам». Әрбір Совет азаматы өз Отанын қорғауға міндетті (Қазақстан Респ. конст.). Сізден оқитын шәкірттердің бұл күнде *азамат* болғандары бар (М.Әуезов, Абай жолы). ~ар. «ұлылық», «ұлы болушылық»; «зор, керемет болушылық» (Баранов, 670).

Азанбек (-ов, -ова). *Азан* «намаз оқуға шақырған дауыс», «таңғы мезгіл, ерте уақыт» (ҚТТС I, 78), Айтамын, байлар, сізге жарапазан, Молдалар ертең ерте айтар *азан* (С.Сейфуллин, Шығ.). «Көк пәуеске күймесін *азаннан* тұрып жекен деп» (Қыз Жібек).

Бұл есім бала таңертең. азанда туғандықтан қойылған болу керек, екінші сынардағы *бек* сөзі дәстүрлі түрде жалғанған қосымша. ~ар. «азанға, құран оқуға шақыру» (Баранов, 34).

Азат (-ов, -ова). *Азат* «еркін, өз еркі өзінде, ерікті». *Азат* құсындай ұшып жет, сахараңа сәлем апар (М.Әуезов, Шығ.). ~ир. «еркін, ерікті»; «босатылған, құтылған»; «тамаша, жомарт»; «адал жүректі» (Гафуров, 1, 22).

Айбас (-ов, -ова). Ер балалар есімі және сол есімнен алынған фамилия. Айдың басында, бас кезінде туған балаға әдетте осындай есім қойылып отырған.

Айбат (-ов, -ова). *Айбат* «айбын, айбар». Арыстандай ақырған *айбатына* шыдамай, Хан баласы жылады-ай (Махамбет, Өлеңд.). Бұл есім сәбиге батыл, әрі батыр айбынды болсын деген мақсатпен қойылып отырған. Еркелету түрі: Айкеш, Айкен, Айкетай. Сыйлау, құрметтеу түрі: Айеке, Айбеке. ~ар. 1. «үрей, айбын, айбат»; 2. «құрмет, ізет»; 3. «абырой, атақ» (Баранов, 1101).

Айбар (-ов, -ова). *Айбар* «айбат, айбын». Әл керек, *айбар* керек. Әлсіз *айбар* не керек (Қазақ мақалдары).

Бұл есім бала айбынды, айбатты, батыл болсын деген тілекпен қойылған.

Айбек (-ов, -ова). Бұл есім-фамилия біздің тілімізден басқа да түркі тілдерінде жиі кездеседі. Ата-ана бала «өмірлі, айдай берік, мықты» болсын деген тілекпен қойылған. Осы тектес есімдер қатарына жататындар: Айбол, Айболат (Ай+болады), Айжан (айдай жан), Айгүл (ай+гүл), Күлай (гүл+ай), Айсұлу (айдай+сұлу) т.б.

Айдарбек (-ов, -ова). Айдар балалардың «төбесіне қойылған бір шоқ шаш». *Айдары* желге желкілдеп, Жеті жасар жеткіншек (Т.Жароков, Шығ.). Ертеkte жас батырдың алтын айдары бар екен деп әнгімелеу бар. Соған карағанда, балаларға айдар, тұлым, кекіл қоюда бір этнографиялық сыр бар тәрізді. Халық санасында осылай шаш қоюда бір қасиет бар деген сеніммен байланысты болса керек. Ал *айдарлы* сөзінің «мықты, күшті, зор» деген мағынада қолдануы да осыған барып саятын тәрізді. Балаларға Айбарбек деген есіммен қатар Айдарқан, Кекіл, Кекілбай, Тұлымқан сияқты есімдер де қойыла берген. Бұндай есімдер қазіргі кезде сирек қойылады, тіптен қойылмайды деп те атауға болады. Олар фамилия ретінде ғана сақталып қалған.

Айдыңғали (-ев, -ева) / Айдын (-ов, -ова). *Айдын* 1. айбат, айбын, қаһар, күш-қуат. *Айдыны* таудан зор екен (Будагов 1, 53); 2. көлдің, тоқтаған судың жарқыраған беті. Ақ қанатты аққу құстар, *Айдынында* жүзді көлдің (С.Мәуленов, Шығ.); 3. *ауыс.* айқын, ашық, даңғыл. Алдың *айдын*, жол даңғыл, Сенікі енді келешек («Лен. жас»).

~ Осы айдын сөзінің көптеген түркі тілдерінде тарағаны белгілі: *айдың* «айлы жарық» (ДТС, 28). Қырғ. *айдың* «айлы жарық; ай сәулесімен жарқыраған жер», азерб. *айдын*, ұйғ. *айдың*, *айдун*.

~ Жоғарыда айтылған айдын сөзінің көптеген түркі тілдерінде бары және оның 7 түрлі мағынаға ие екендігін

көреміз. 1. айлы жарык; 2. ай; 3. жарык, сәулесі, нұр; 4. ай түскен жарык жер; 5. судын жарык түскен, жалтыраған беті, жалтыр; 6. айкын, анык, түсінікті; 7. ұлылық (Севортян, 108, 109). А.М.Щербак *айоын* сөзінің төркіні жайлы пікірінде: *ай-оың* (*ay+din*) аффиксі арқылы жасалғанын айтады (Щербак, 106). Ә.Кайдаров: «Бұл сөз *ай-түн>ай-түн>айоын* болып калыптасқан», – деген тоқтамға келеді (КТҚЭС, 33, 34). В.Абаев бұл сөзді иран тіліндегі *adašana di, day* «көру» сөзінен деп қарайды да, оның өзгеру схемасын былайша көрсетеді: *adašana→adajen→adijen→ajden* (Абаев, 41).

Айқан (-ов, -ова). Бұл есімнің бастапқы тұлғасы – *Айхан*. Айтылу барысында *хан* сөзі *қан* формасына бейімделген. Бұл тәрізді құбылыс көптеген есімдерге тән, ортақ жай. Мысалы, Абайқан, Абықан, Нұрқан, Әзімқан, Болатқан, т.т. Ай сөзі арқылы жасалған есімдер түркі тілдерінің, бәрінде бар дәстүрлі құбылыс. Мыс: *Aj-gayan, Ajtoly, Ajtoldi* (ДТС, 25). *Ai-кан, Ai-жылыс, Ai-Канат, Ai-Қун, Ai-Мерган, Ai-толузу, Ак-ai* (Радлов, 6).

~Айханов, Айханова деген фамилиялар сол Айхан есімінен жасалған. Бұл есімнің мағынасы «*ай+хан*» яғни «*айоың-ханы*» дегенді білдірмесе керек. Ерте заманнан ай түркілерде әдеміліктің сұлулықтың, көріктіліктің, ұлылықтың символы болған. Олай болса, *Айхан* есімі «аса көрікті, әйгілі, зор, ұлы хан» деген мағынада қойылғаны байқалады.

Аймақ (-ов, -ова). *Аймақ* «өлке, өңір, атырап»; «айнала, манай, төңірек» (ҚТТС, I, 98). Түркістан жері – асыл алтын *аймақ*, өреді әр ауылдан мың-мың тайлак (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Лагерь *аймағы* тікенек сыммен қоршалған (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы).

~Бұл сөз түркі, монғол тілдерінде *аймақ, аймаг, оймак* тұлғасында кездеседі де түрлі мағынаға ие келеді: 1. өзб. қырғ. ұйғ. алт. тув. як. *аймак* «халық»; тат. өзб. як. тув. «тайпа»; тат. диал. баш. ұйғ. алт. як. «ру, рулық ата». 2. қырғ.

қалп. ел, оңір; қырғ. қаз. қалп. «өлке»; тат диал. «аудан». Бұл сөздің төркіні, сайып келгенде, монғол тіліндегі *аймау/аймаг* «тайпа», «ру», «аймақ» (әкімшілік орны), «аудан» (Севортян, 110).

Ақбай (-ев, -ева). Тілімізде көптен-көп жиі кездесетін көне есім, сол есімнен жасалған фамилия. Бұл есімнің бірінші сынарындағы *ақ* сөзінің білдірер мағынасы әр түрлі. «*Ақ* 1. қардың, сүттің, бордың түсіндей (аппак); 2. адамның, малдың, құстың т.б. жануарлардың түсі; 3. *ауыс*. адал, кінәсыз, жазықсыз» (ҚТТС, 126-127); *Ақ*² малдың сүті және сол сүттен жасалатын айран, қатық, қымыз, шұбат сияқты тағамдар (ҚТТС, 135).

~ Бұл есімнің қойылу мәнінде «ақ түстің» ешбір қатысы жоқ, керісінше бала «адал, пәк» немесе сүт, айран, қымыз сияқты жалпы аққа кенде, бай болсын» деген тілекпен байланысты болса керек.

Айтбай (-ев, -ева). Халық арасында кеңінен тараған есім, сол есімнен қойылған фамилия.

~ ар. эйдь «діни мейрам» + қаз. *бай* әдетте *айт* күні туған балаға қойылған есім. Кейіннен дәстүр бойынша қойылып отырған. Қазіргі кезде сирек қойылады, негізінен фамилия ретінде қалыптасып кетті.

Айтуар (-ов, -ова). *Ай* және *туар* сөздері арқылы жасалған ерлер есімдері. Қазіргі кезде толық фамилия боп қалыптасты. Бұл көне есімнің мәні тіліміздегі «Айын тусын оңыңнан, жұлдызың тусын соңыңнан» деген өлең сөздерден де «бақыт, ырысың мол болсын, абыройлы бол» дегенді ұғамыз.

Ақын (-ов, -ова). *Ақын* «өлең шығарушы, өлең түріндегі шығарманың авторы» (ҚТТС, 1, 27). Жамбыл-түре айтыстың ақпа *ақыны*, көреген, сезімтал, от ауызды айтқыш ақын (М.Әуезов, Әр жылғы ойлар).

~ир. ахунд «1. мұсылман дін иесі; 2. діни ұстаз; 3. суырып салма акын» (Будагов, 70).

Ақыл / Ақылбай / Ақылбек / Ақылжан (-ов/-ев, -ова/-ева). Парсы тілдеріндегі *ғакл, окил* «ақылды, парасатты, данышпан» сөздерінің негізінде қойылған есім. Есім соңындағы «а» дыбысы – араб, парсы тілдеріндегі әйелдер есімдеріне жалғанатын родтық қосымша. Тәжік тілінде *Окила* әйел есімі; *Окил* ерлер есімі ретінде кездесетін болса, араб тілінде біріккен тұлғалы әйел, ер есімдерінің бірінші сыңарында (*ғакл*) сөзі ұшырайды.

~Араб тіліндегі осы *ғакл* сөзі тілімізге енгенде түбірімен өзгеріп, басқа түрге енген. Сөз басындағы *ғ* дыбысы мүлдем айтылмастан түсіп қалып, сөз арасындағы қатаң *қ* дыбысы ұяңдап *г* дыбысына немесе *қ* дыбысына айналған. Осыдан келіп, *Ақылбаев, -ова* сияқты ер есім-фамилиялар қалыптасып кеткен.

Алай (-ев, -ева). Бұл көне есімнің шығу төркіні мен мағынасы жайлы күні бүгінге нақтылы пікір жоқ. Э.Севортян сөздігінде *Алай* «<*алай* с обобщением значений ‘толпа’, ‘процессия’ и т.п. в смысле множества людей» деген сөз бар (Севортян, 33). Л.Будагов сөздігінде: «алай сөзінің 2 мағынасы: полк, строй, отряд; рота или батальон; толпа; табун, стая», ал әскери атақтар: *алай бек* — эскадрон бастығы; *алай әмір* – полковник деп аталған (Будагов, 80). ~тур. *алай* 1. қалың топ, көпшілік; 2. полк (Радлов, 353).

Аламан (-ов, -ова). *Аламан* көне сөз, мағынасы: 1. көпшілік, бұқара; 2. әскери, қарулы топ (ҚТТС, 1, 190). Аламанға жел бердік, Аса жұртты менгердік (Махамбет). *Аламан* болып мылтық асынудан өзге қолдан келері аз (Х.Есенжанов, Тар кезең). В.Радловта «1. қалың көпшілік; 2. салт атты тонағыштар тобы; 3. қарақшы» (Радлов, 368). Л.Будаговта: «1. қара халық; салт аттылар тобы; халық тобыры; қарақшы» (Будагов, 78, 79). Э.Севортян осы сөздің түркі тілдерінің бәрінде бірдей қолданылмайтынын,

әсіресе алтай және шығыс-солтүстік түркі тілдерінде жоқ екенін айтқан. Бұл сөз көне түркі сөздігінде, Махмұт Қашқари сөздіктерінде де жоқ. Осымен байланысты деректерді айта келіп, ғалым бұл сөздің кейінгі кезендерде пайда болғанын атап көрсетеді. Э.Севортян «Этимологиялық сөздігінде» осы сөздің, бұрынғы сөздіктерде көрсетілмеген екі мағынасын берген. Оның бірі қырым татарлары тілінде «жыртқыш құс» болса, әзербайжан тілінің бір диалектісінде «тойымсыз, обыр» деген мағынаға ие екен.

Аламан түбір сөз, *ала* және *ман* аффиксі арқылы жасалғанын І.Кенесбаев, Броккельман, Э.Севортян еңбектерінде орынды көрсеткен. Бірақ та А.Махмутов айтқандай: «*аламан* сөзі *ал//ала* – қол (әскер) және *ман* (адам) деген екі түбірден құралған күрделі сөз деп топшылауға болады» (ҚТҚЭС, 29) деген пікірге қарағанда, Э.Севортян ұсынған «*аламан* – названия действия, его носителя и признака последнего, образованное аффикса –*ман* от глагола *ала* – с основными значениями совершать разбойничий набег, «грабить» пікірі шындыққа жанасымды. Өйткені тіліміздегі «аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп» деген мақалдағы *ала+p+ман* сөзінің бірінші сыңарындағы *ала+p* етістік тұлғадағы «тартып алу, жұлып алу» мағынасында жұмсалып тұрғаны айдан анық.

Алдар (-ов, -ова). *Алдар* – қазақ ертегісіндегі аты аңызға айналған кейіпкер есімі. Ол көбіне Алдар Көсе тіркесінде кездеседі. Көсе халық тарапынан кейіннен қойылған лақап болу керек.

~Түркі тілдерінің көбінде *ал*, *алда*, *алдарқат*, *алдат* тұлғаларында кездеседі. В.Радловтың көрсетуінше: Тобол, ... диалектісінде *алдар*<*алда+p* 1. алдаушы, айлакер; 2. қырым диалектісінде қиялдағы ағаштың аты (Радлов, 415). Л.Будагов сөздігінде қаз. тіліндегі *алдарқатады* сөзін көрсетсе (Будагов I, 83), В.Радлов *алдарқат*<*алда+pқи* – «біреуді алдап кету» деп талдайды (Радлов, 416). Көне түркі жазба ескерткіштерінде *ал* «қулық, алдау, айла»

(ДТС, 32). Ш.Сарыбаев: «алда сөзінің ал «кулық» және да қосымшасынан екендігін, түбірге қосылып тұрған да есімнен етістік тудыратын жұрнақ, салыстырыңыз: *ат-та, ун-де, із-де*» деген орынды пікір айтады (ҚТҚЭС, 32, 33). Осы алдар монғ. тілінде «ат, атак, бедел, абырой» (Хабшай, 20). Демек, алдар сөзі *ал+да+р* қосымшасынан бірігіп жасалғанын көреміз. Соңғы *р, у* (алдау), *т* (алдат) үстеме қосымшалар қызметін атқарып тұр. Сайып келгенде, Алдар Көсе «атақты, беделді ку, айлакер» деген мағынаға ие. Бұл есім халық аңызындағы кейіпкердің іс-әрекетімен тікелей байланысты да жанасымды.

Алпамыс (-ов, -ова). Халықтың эпостық жырындағы әйгілі батырдың есімі. Алпамыс батыр есімінің төркінін *Алп+мамыш* деп қарау керек. Өйткені *алып+алп* ескі түркі тілдерінде “дәу, зор, батыр” деген мағынаны берген. Бұл есім қазіргі Алтай халқының ауыз әдебиетінде де *Алып Манаши* түрінде айтылады. Ал өзбек жыршылары *Алпамыс* батырдың өз есімі *Хаким, Алпамыш* лақап аты, «алп» батыр деген сөзден шыққан дейді (Жирмунский, 61). Оғуздардың «Бамси-Бейрек» атты батырлар жырының желісі де, оқиғасы да Алпамыс батыр жырына ұқсас. Х.Зарифовтың пікірінше, Алпамыс есімі Бамсимен барабар, ұқсас. Осыған қарағанда, Алпамыс сол Алып Бамси дегеннен өзгерген (яғни батыр Бамси). Батыр есімінің басқа да варианттары: *Алып Манаши* (Алтай эпосында), *Мамыш* (Абулғазы Бахадур еңбегінде) бір түбірден тәрізді. *Бамси~Мамыш-Манаши* деген есімдерді салыстырып қарағанда өзара ұқсастығы байқалады. Алпамыс жыры – қазақ, өзбек, алтай, қарақалпақтарда сақталған. Проф. В.М.Жирмунский бұл жырды қоңырат тайпасының жыры деп есептейді де, оның шығу кезін ерте заманға жатқызады. Қазіргі түркі халықтарының біртұтас ел болып тұрған кезіндегі жыры еді дегенді айтады. Абулғазы Бахадур «Шежіре түркмен» атты еңбегінде оғуз еліндегі бек болған қыздар туралы айта келіп: «Олардың біріншісі Сундүн – байдың бойшаң сұлу қызы, Алтын Гозеки Салор Қазаналптың әйелі; екіншісі–

Қамышбайдың қызы Барчын-Салар Мамышбектің әйелі. Оның бейіті Сырдарияның бойында, халық арасында әйгілі. Өзбектер оны Көк Кашане (кесене) – Барчын деп атайды; бұл әшекейленген тамаша күмбез» деген мағлұмат береді (Кононов, 78).

Осы фактіге карағанда, батыр есімі *Мамыш Бамсидің* өзгерген түрі болса керек. Алпамыс батыр есімі *Алп* + *Мамыш* сөздерінің контаминация жолымен бірігіп, жымдасып кірігіп кеткен түрі (Т.Жанузаков, 1960, 4). Біріккен сөздердің көпшілігінің арасындағы шектес дыбыстары айтылуда өзгеріп, яки қысқарып (не түсіп) қалып бірігетіні мәлім. Демек, айтылуда «*л*» түсіп қалу салдарынан Алпамыс болып өзгерген. Ал сөз соңындағы ызың дауыссыз «*ш*» «*с*» дыбысымен корелят түрінде алмасқан. Бұл құбылыс жергілікті тіл ерекшеліктеріне де тән қасиет. Мыс: *Масқара-машқара, мысық-мышық*. Осы сияқты Алпамыс есімі Оңтүстік Қазақстан аймағында *Алпамыш* түрінде аталады. Алпамыс есімі сөйлеу тілінде «зор, ірі батыр» салыс. тат. тілінде «алып, балуан» (ТРС, 32).

Алпар (-ов, -ова). Тарихи көне есім. ұл есім де, фамилия да қазақ арасында өте сирек ұшырайды. Осы есімнің халық арасында ертеден бары жайлы бір мысал: «Менің атым Шалтабай, Асылдан соққан балтадай. Арбаға таңылып айдалдым, Әкем *Алпар* қайтеді-ай» (Шалтабай акын, 191 Ож.).

~түркі тілдеріндегі *алп*, *ер* сөздерінен қойылған есімдер көп. С.Е.Малов көрсеткендей VII ғ. *алп ер* тіркесіндегі *алп ар*, 730 жылға тән Күлтегін ескерткішіндегі: *алр ар* «батыр, ер» мағынасында қолданылған.VIII–IX ғасыр ескерткіштерінде де *алн ар*, ұйғыр жазулы ескерткіштерде де *алн ар* «батыр».

XI ғ. ескерткіші «Құдатғу білікте» *алн ар*, *алн* «төрт мың қолға тең батыр», «жойқын жауынгер» ретінде аса жоғары бағаланады. М.Қашқари «Луғатында» *Тонға алп* ер атты батыр (иран елінде Афросиаб деген есіммен белгілі

болған) есімі ретінде кездеседі. Осы *алт* сөзі көне куман, печенег, қыпшақ есімдері құрамында лауазым немесе теңеу сипатында қосыла айтылып отырған. Мәселен, *Қонақ-алт*, *Бияқан-алт*, *Алт-Арслан*, *Алт-Богра*, *Алт-Қара* (Кононов, 61, 62).

Орыс жазба ескерткіші «Игорь полкы туралы сөзде» *Олбер* формасында кездеседі. Бұны С.Е.Малов талдайды да, *Олбер* яғни *алт ер* деп дәлелдейді. Сөз болып отырған *алт* сөзінің мағынасы, оған тән 9 ерекшелік (бұндай 9 ерекшелік тархан терминінде де бар) жайды Ашикаши «Ғариф-Намә» атты еңбегінде толық көрсетеді (Гордлевский, 55). Көне шағатай тілінде де «батыр, зор» деген мағынаны білдірген. Осы *алт* сөзі қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталып отыр. Бұл қазақ тілінде де *алып* «ер», «батыр», «зор» мағыналарында қолданылады да екінші бір сөзбен тіркесіп жұмсалады. Ал *алт ер* тұлғасы әсіресе ауыз әдебиетінде басым ұшырайды. *Алып* және *ер* сөзінің лексикалық мағыналары өзара жақын. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл екі сөзді синонимдес деп танаймыз. *Алып* сөзі орнына кейінгі дәуірлерде тілімізде *ер* сөзінің басым қолданылуы байқалады. Осы *ер* сөзі эпос және тұрмыс-салт жырларындағы батырлар мен кейіпкерлер есімдерінің бірінші және екінші сыңарларында жиі кездеседі. Мыс: *Ер Төлеген*, *Ер Тарғын*, *Ер Сайын*, *Ер Көкше*, *Ер Төстік*, т.б. Э.Севортян *алт* сөзінің түркі тілдеріндегі мағыналарын былайша көрсетеді. 1. *батыр* – қыр. калп. алт. хак. түр. өзб. чув.; 2. батылдық, ерлік – ДТС; 3. батыл – түрік; 4. дәу, зор, қырғ. каз. калп. тат. чув.; 5. киын, ауыр; 6. толығынан, әбден. Осымен қатар *алт* жайлы талдау мен әдебиеттер туралы А.Н.Кононов еңбегіне сүйеніп, *алт* сөзін монғ. *алба(н)* «қызмет» сөзімен салыстырғанын айта келіп, *алт* «күшті адам», «палуан», «батыр» мағыналарында түркі тілдерінде ерте заманнан қолданылып келе жатқанын айтады (Севортян, 139). Қорыта келгенде, айтарымыз–Алпар есімі *алт ер* «зор тұлғалы батыр» сөздерінің бірге жазылған көне тұлғасы. *Ер* сөзінің фонетикалық варианты ретінде чуваш тілінде ар тұлғасы айтылады (Жұбанов, 68).

Түркі тілдерінде *ер* сөзі бірнеше мағынада жұмсалатынын көреміз. 1. еркек; 2. күшті еркек, батыр; 3. күйеу. тел. алт. шор. мб. куманд. тоб. жағ. (Радлов, 751, 752). *Ер* 1. еркек; 2. батыр; 3. күйеу, ер; 4. ер жеткен, өскен адам – қаз. қырғ. сағ. койб. (Радлов, 753).

Алтай (-ев, -ева). Тау атынан қойылған кісі есімі, одан алынған тек-фамилия. Бұл сияқты тау, өзен, көл аттарынан қойылған кісі аттары: Жамбыл, Ертіс, Еділ, Есіл, Нұрабай, Баянкол, Кегенбай, т.т. (Нұра, Кеген сияқты өзен аттарына *бай* қосымшасы қосылып та кісі аттары жасалып отырған).

~Алтай топонимінің шығу төркіні туралы әр түрлі пікір бар. В.Радлов бұл атаудың бірінші сыңарын *ал* «биік, үлкен»; *тай* «жартасты үлкен биік таулар» деп талдайды (Радлов, 349). П.П.Семенов-Тянь-Шанский бұл атауды Жоңғар Алатауымен салыстырады. В.А.Никонов пікірінше бұл сөз: «түркі тіліндегі Алатаудан әр түрлі өсімдік өсетін, ағашы жоқ шың тастары мен басында ақ қар жататын таулар» шыққан деген болжам айтады (Никонов, 21). «Алтай түркі тілдеріндегі алатаумен байланысты болу керек» деп Э.Мурзаев та айтады (Мурзаев, 285). Кейбір мамандар пікірінше: ол монғ. <*алтан* «алтын» және түркі <*maz//tau* сөздерінен жасалған деп болжайды. Алайда Алтай «алтыны көп, алтынды» деген этимологияны дұрыс санап, жақтаушылар жағы басымырақ.

Алтынбай (-ев, -ева). *Алтын* сөзі көбіне әйел адамдарға қойылады да, оған *ай, гүл, бике, ша, шаш,* т.б. сөздер жалғанғанда біріккен тұлғалы (Алтынай, Алтынгүл, Алтынбике, Алтынша, Алтыншаш) есімдер, ал *бек, бай, қан, ан, тай* сөздері қосылғанда (Алтынбек, Алтынбай, Алтынхан, Алтынтай) ер есімдері жасалады. Осы ер есімдерінен әйел балалар мен ер балалар өздеріне фамилиялар алады. Әдеби тілде «*алтын*» 1. әдемі сары түсті металл; 2. көне. алтыннан жасалған ақша, алтын теңге; 3. ауыс. қымбатты, бағалы, құрметті» деген мағыналарға ие

(ҚТТС, 1, 235). Сандық толы сары *алтын*, Сыпырып судай шашқан күн (М.Өтемісов, Танд. оленд.). Құп болады, бірақ әр ақылымның бағасы мың *алтын*, – деді (Қазақ ертегілері). Ұйықташы, жаным, *алтыным* (Т.Молдағалиев, Құралай). ~ түркі тілдерінде түрік. қ.тат. қар. құм. кбал. қырғ. қаз. ног. ққалп. тат. баш. алт.хак. *алтын//алтин*, өзб. *алтин*, яқ. *алтан*, чув. *ылтан*, қ.тат. диал. құм. диал. ұйғ. *алтун*. Э.Севортян бұл сөздің этимологиясын былай талдайды: *алтын~алтун* <а («кызыл, қызғылт»)+*tun* (<*ton, ton*) «мыс»

Салыст. чув. *Туй/той* (<*ton, ton*) сөз тіркестеріндегі *туй тунра* «мыстан кен», *туй (той) хуран* «мыс қазан» [салыст. қаз. тай қазан] (Севортян, 42). Осы алтын сөзінің төркіні монғол, тұңғыс-манжұр тілдерімен де ұштас, байланыстас екендігін байқаймыз. Бұл ұқсастық былайша көрсетілген: тұңғ.-маньчжур *алтан*, эвенк. *алтама*, алдума «мыс», «жезді алтын», солон. *алта*, *алтан* «алтын», удин. *алта~арта(н)* «мырш», «темір», ульч. *алта(н)*, нанай *алта* «темір ыдыс» (Севортян, 43).

Алшораз (-ов, -ова). *Алшораз* – Қамбар батыр жырындағы *Әзімбай* байдың алты ұлының ішіндегі батыр әрі ақылды ұлының аты. Осы Алшораз есімінің *алшы* және *ораз* сөздерінен жасалғанын байқаймыз. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *Alcu* деген кісі есімі кездеседі (ДТС, 34). Бірақ оның мағынасы бізге белгісіз, беймәлім. Осыған қарағанда *алшы* сөзі көне түркі есімдері ретінде жеке де, біріккен тұлғалы есімдерінің сыңары ретінде де қолданылғаны аян. ~түркі тілд. қаз. тат. *алчу* «мейірімді, жылы жүзді, жайдары, ізгі, қайырымды, адамгершілігі бар» (Будагов, 32), тув. қрм. *Alçai* «гүлдеу, жайнау» (Радлов, 426). Бұл сөздердің біріншісі адамның мінез-құлқын көрсететін теңеу ретінде ертеде кеңірек қолдануы мүмкін. Демек *Алшораз* «адамгершілігі мол, мейірімді, ізгі, жайдары ораз» деген ұғымда қолданса керек. Ал осы есімнің екінші сыңарындағы *ораз* түркі тілдерінде: жағ.(у) қаз.«бақыт, құт», «бұйрық» (Будагов, 1, 120). Алт. тел. *Ырыз* «бақыт, құт» (Радлов, 1, 1368).

Алыбай (-ев, -ева). Түркі халықтары тілінде жиі кездесетін есім. Бұл есім *ал* және *бай* сөздерінен бірігіп жасалған. Тілімізде: *ал күрең, ал қызыл, ал қоңыр* тәрізді сөз тіркестері бар. Олар: «ашық күрең, ашық қоңыр, ашық қызыл түс» деген мағыналарды білдіреді (КТТС, 1, 178). ~ түркі тілд. kas. Uig. Osm. жағ. Krm. kom. ал «қызыл» (Радлов, 1, 344, 350). *Ал* «қызыл», «ашық қызыл», «шымқай қызыл» (ДТС, 31). *Ал* «ашық-қызыл түсті жібек мата» (ДТС 32). Бұл сөздің парсы тілінде де «қызыл-сарғыш түс», «қызылырақ, қызылдау» мағынасында, сондай-ақ монғол тілдерінде де «қызыл» мәні барын ғалымдар пікіріне сүйене отырып Э.Севортян дәйекті көрсеткен (Севортян, 1, 126). Демек, *Алыбай* – Қызылбай есімінің синонимі деп қарауға болады.

Арық (-ов, -ова). Бұл есім-фамилияның сын есім *арық* «жүдеу, жадау» болмаса зат есім *арық* «су ағатын тоған» сөздерімен еш байланысы жоқ. Сірә ата-ана баланың «дені сау, таза» немесе «ақ, адал» болсын деген ниетпен қойған болу керек. Салыстр. көне есім – *Aryi tegin* (ДТС, 52). ~ түр.: қырғ. тағ. кбал. аз. хак. тув. *арық* «таза» (Севортян, 184), «таза, адал», қасиетті (ДТС, 51), жағ. «таза, әдемі, қасиетті» (Будагов, 1, 33).

Асабай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилия *аса* және *бай* сөздерінен жасалған. Есімнің бірінші сыңарындағы *аса* сөзінің араб тіліндегі *аса* «аса таякпен» байланысы болмаса керек. Ол түркі тілдеріндегі *аса* «айрықша, тым, ерекше» мағынасын білдіреді. ~ түр. *Аса* «тым, өте, ерекше» (ДТС, 62).

Асаин (-ов, -ова). Сирек кездесетін тек-фамилия. Бұл араб. *хусаин* сөзінің өзгерген фонетикалық варианты. *Хусаинов, Асанов, Үсенов, Хасенов* тәрізді фамилиялардың бастапқы түбірі < *Хасан*. Ар. «өте сұлу», «көркем әдемі».

Асқар (-ов, -ова). *Асқар* «1. занғар, зәулім, биік; 2. арқа сүйер тірек, сүйеніш» (ҚТТС, 1, 375). Қазақстанда *асқар* биік таулар да, қыратты адыр жондар да көп (М.Ермеков, Қазақстан биязы жүнді қойлары). – Атасы өлген калай екен дегенде, Жиренше: – Е, *асқар* тауы құлады, бәйтерегі сұлады десейші, – депті (Жиренше шешен). Осы *асқар* сөзіне *бай, бек, әлі, гали, жан, тай* сияқты сөздер қосылып: *Асқарбай, Асқарбек, Асқарәлі, Асқарғали, Асқаржан, Асқартай* тәрізді біріккен тұлғалы есімдер жасалады. Осы тәрізді екі сөзден құралған есімдер көне заманда-ақ болған. (ДТС, 62).

Ахабай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилияның бірінші құрамындағы сөз *аха* қазіргі *аға* сөзінің көне түрі. Ол көне түркі жазба ескерткіштерінде жиі ұшырайды. Мәселен, аға «үлкен аға» (ДТС, 48).

~ көне тұлғалы *аха* одан өрбіп өзгерген *ақа~ака* сөздері түркі тілдерінің бәрінде үлкендікті, жасы үлкен адамды білдіретін туыстық атау ретінде: «әке, жасы үлкен аға, ағай» мағыналарында қолданылады. Сондай-ақ ол сөз алтай тілдерінде, атап айтқанда монғол тілінде *аха* «үлкен аға», *ах* «аға» ахай «ағай» тұлғаларында қолданылады (Хабшай, 29). Э.Севортян бұл сөздің тұңғыс-манжұр тілдерінде де кездесетінін айта отырып, *аққа~ақа~ака* сөздерінің негізгі түбір «*ақ*» сөзінен екенін, оның «*қарт*», «*қартаю*» деген мағынаны білдіретінін айтады (Севортян, 122). Осы *Ахабай* есімінің екінші сынарындағы *бай* сөзі кісі есімдерінің бірінші *я* екінші сынарларында дәстүр бойынша қосылып отыратыны белгілі жай.

Әбдірахман (-ов, -ова). Халық арасында бұл есім мен фамилияның: *Ғабдырахман, Ғабдірақман, Ғабдұрақым, Қабдрахман, Қабдірахман, Қабдырахман* тәрізді түрлі фонетикалық формалары кездеседі.

~ ар. құл, басыбайлы, қызметкер; 2. құдайдың құлы. «рақымды, мейірімді» (аланың эпитеті) (Баранов, 629). Яғни Әбдірахман «Рахманның (алла) құлы».

Әли (-ев, -ева). Тілімізде *Әлібек, Әлібай, Әлқан, Әліқожа, Әлиман, Нүрәлі, Бердіәлі, Байдалы, Жұмағали, Бекқали* құрамында *әли (ғали)* сөзі бар біріккен тұлғалы есімдер аса көп. Осы *әли* халық арасында *Ғали, Ғалы, Қали* формаларында гүрлі сақта қолданыла береді. Қыз есімдері – *Әлия, Ғалия, Қалия*. ~ ар «жоғары, биік, асқақ, асқар, зор» (Баранов, 686).

Әлқан (-ов, -ова). Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін тарихи есім *Ильханның* өзгерген түрі. Өзіне бағынышты елді, тайпаны басқарушы әкімді ол замандарда *Ильхан* деп атаған.

Бабай / Бабажан / Бабахан / Бабатай (-ов/ -ев, -ова/ -ева). Орта Азия халықтарының көбі балаға – *Баба, Бабажан, Бабағали, Бабанияз, Бабақан* деген есімдерді қойып отырған. Оларды еркелете айтқанда: *Бабаши, Бабкен, Бабан, Батай* деп атаған.

~ Орта ғасырда дәруіштер орден (топ) бастықтарын *бобо* «папа», «әке», «ата» деп атаған. Бұл сөз Рим папасы титулымен түбірлес, тектес, мағынасы «қасиетті ата, әке». Сондай-ақ қазақ тарихында да *Арыстан баб, Қамбар баб* сияқты тарихи есімдер бар.

Сол сияқты монғ. тіліндегі *баавай* сөзі де «папа, әке» мағынасын білдіреді. Зерттеушілердің байқауынша, бұл сөз көптеген тілдерде кездеседі. Кавказ тілдерінде: лезг. *вава*, груз. *papa*; пам. язг. *hob*, пам. Вахан. *pup*, пам. мундж. *por*; еуропа тілдерінде: фр. *papa*, рим. *papa* (Абаев, 228), түркі тілдерінде: *вава* (ДТС, 76), 1. osm. krm. Dsch. Tgkim. kas. *баба* «әке, ата-тек», 2. osm. krm. «шал, атай»; 3. osm. «басшы адамдардың атақ дәрежесі»; 4. Dsch. Sart. Tgkim, kir, kas. «ата» (Радлов, 4, 1564). Бұның түптөркіні иран тілінің *бобо* «ата, атай» сөзі; *бобокатон* «арғы ата-тек, ата-баба» (КТРС, 75).

Бағай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилиялар ру аты *бағай* немесе ар. *бақ* (бакыт сөзінің қысқарған түрі) және *ай*

сөздерінен, болмаса ар. *Бақи* – «мықты, берік, мәңгі» сөзінен болуы да ықтимал.

~ Бірақта, біздің байқауымызша, бұл есім-фамилияның төркіні түркі тілдеріндегі *бақой* «тайпаның, елдің үлкені», «ел ұлылығы» (Будагов, 234) деген сөзге барып саятын тәрізді. Сондай-ақ, көне түркі тілдерінде «атақ-дәреже, титул» мәнінде *baya, targan, baya, tanrikan* (ДТС, 77) тәрізді сөздер қолданылған. Бұл сөздердің де біз әңгіме етіп отырған есім-фамилияға қатысы бар сияқты.

Барлығын жинақтап, қорыта келгенде, Бағай, Бағаев есім-фамилияның негізі – *бақой* сөзі деп білеміз. Сөз арасындағы дауысты дыбыстардың ықпалымен қатаң қ дыбысының жуан дауысты *а* дыбысының ықпалымен ұяң дауыссыз «*г*» дыбысына, еріндік дауысты *о* дыбысының жуан ашық дауысты *а* дыбысына ауысуы тілімізде жиі кездесетін құбылыс.

Базарбай (-ев, -ева). *Базарбай* – көне дәуірлерге тән ауыз әдебиетінде және халық арасындағы көп кездесетін дәстүрлі есім. Сол есімнен алынған фамилия – Базарбаев. Оның *Базаралы, Базарбек, Базарқан, Базаргүл, Базарайым* тәрізді тұлғалары бар.

~ ир. базар «сауда». Ол сөз орыс, еуропа, кавказ, түркі тілдерінде кеңінен тараған. Түркі тілдері: азерб. түрікм. ұйғ. қырғ. қ.қалп. ноғ. баш. тат. *базар*, өзб. *бозор*, тув. *базаар*, якут. *баһаар* «сауда орны» (Егоров, 144).

Осы сөздің этимологиясын зерттеген Н.Қарашеваның айтуына қарағанда, ол сөздің төркіні туралы екі пікір барын көреміз. В.Бартольд, Г.К.Дмитриев пікірлері бойынша: <пар. *баз.* «қақпа» және *ар/эр* – «сонында, ар жағында, артында». Екінші бір зерттеушілердің пікірінше: *базар* сөзі түркі тілдеріндегі *бай* «мол» деген сөз бен *сар* деген қосымшадан біріккен дейді: *бай+сар>басар> базар* (ҚТҚЭС, 53-54).

Байбарак (-ов, -ова). Қазақ тілінде сирек кездесетін есім-фамилия. Бұның бірінші сынарындағы *бай* сөзінің

мағынасы түсінікті, айқын болғанмен екінші сыңарындағы *барақ* сөзінің мағынасы туралы екіұдай пікір бар. *Барақ* «уақытша тұру үшін салынған үй» (ҚТТС, 1959, I, 91). Жер астынан мұржалары шығып тұрған *барақтар* көрінеді (С.Ерубаев, Менің құрдастарым). *Барақ*: *барақ ит* «жүні ұзын, жүндес ит» (ҚТТС, 1976, II, 100). Бастырманың бетіне – барстың, жыланның, *барақ иттің* суреттері түсірілген (Қаз. тарихы).

~ Осы *барақ* сөзінің иран, кавказ тілдерінде перс. *варагі* «ат», согд. *варақ* «салт атты», памир тіл. *варақ*, *ворак* «ат» деген мағынада кездесетінін көреміз (Абаев, I, 237). Араб тілінде *барак*, *бурак* ~ «Мухаммед пайғамбар мираж түні Иерусалим ғибадатханасына (храм) мініп барған қанатты ат» (Гаффаров, I, 99).

Қорыта келгенде, *Байбарақ* есімі және одан жасалған фамилияның құрамындағы *барақ* сөзінің «үйге» немесе «жүндес итке» ешбір қатысы жоқ, араб-парсы тілдеріндегі *варақ* «жылқы, ат» сөзі, яғни *Байбарақ* – «жылқы бай», «жылқыға бай болсын» деген мағынаға әлдеқайда бейім. Жылқыбай есімінің синонимі.

Байбол (-ов, -ова). Бай сөзі сыңарында келген біріккен тұлғалы есімдер: Байахмет, Байәділ, Байболат, Байбосын, Байбек, Байжан, Байқан, Байарыстан, Байділда, Байкен, Жаңабай, Бекбай, Әлібай, Елібай, Елубай, Жұмабай, Нарбай, т.т. *Бай* сөзі архон-енисей жазба ескерткіштерінде (VII–VIII ғғ.) бар, ол сөз арқылы жасалған жер-су, кісі аттары да кеңінен етек алған. Мәселен, *Бай балық* (ұйғыр қаласы), *Бай-йығач* (жер аты) VIIIғ. *Бай ана*, *Бай бұға*, *Бай темур* - кісі аттары (ДТС, 79).

~түркі тілд.: осм. азерб. түркм. сарт. қ.қалп. тат. қырғ. өзб. *бай*, *бой*, якут. *пай* (Радлов, 4, 1421). Осы сөз көне түркі тілінде екі мағынаға ие болған. 1. байлық, мол; 2. ауыс. жомарт, мырза (ДТС, 79). Демек, *Байбол* есімінің «баланың мал-дүниеге, жанға бай болуын» қалау, тілекпен қойылғаны байқалады. Осы *Байбол* есіміне –*ов*, –*ова* қосымшалары қосылуы арқылы фамилиялар жасалған.

Байсал (-ов, -ова). *Байсал* «...Қазақстанда (Қызылорда обл. елді мекен) жер атында кездеседі» (КТСТК, 48).

~ кырғ. *байсал* «тыныштық», «тыным» (Юдахин, 98), каз. *байсал* «тыныштық, жайлы орын, салмақтылық» (ҚТТС, 1, 1959, 83).

Біздің байқауымызша, *байсал* сөзі *байс* және *ал* деген екі түбір сөзден біріккен. Оның *байс* сынары тіліміздегі *байыз* «сабыр, шыдам, тозім» сөзінің қысқарып өзгерген түрі. Сөз соңындағы ұяң дауыссыз «з» айтылу барысында қатаң «с»-ға ауысқан. Яғни *байыз ал* «тыным ал, сабыр ет, шыдам жаса» дегенді білдірсе керек. Демек, *байызал > байыс ал > байсал* боп калыптасқан. Ал араб тіліндегі *фейсал* 1. сот; 2. әкім, мемлекет билеуші әкім (Баранов, 768). Бұл есімге қатысы жоқ сияқты.

Барлас (-ов, -ова). Ру атынан қойылған есім, осы есімнен алынған фамилия. Бұл ру аты монғолдардың рулық шежіресінде және шағатай ұлысында болған.

~ Абдуль-Фазл өзінің «Ақбэр-намэ» (32 б.) атты еңбегінде «монғ. «батыл, батыр адам, атакты, белгілі жерден шыққан адам» деп көрсетсе, Абулғазы «қол басшы, әскер басы» деп түсіндірген (Будагов, 1, 253-254).

Барлыбай (-ев, -ева). Бұл есім *барлы* және *бай* сөздерінен бірігіп жасалған, *барлы* сөзіндегі *лы* қосымша тұлға.

~ Осы *бар* сөзінің бірнеше мағынасының барын көреміз. Түркі тілдерінде «бәрі, барлық» (ДТС, 83), каз. «бай», кас. «барлық» (Радлов, 4, 1474), караим. бар «бәрі, барлық, жинағы, жиынтық», «тұтасымен, толығымен» (КРПС, 102). Бұл сөздің «үлкен», «кең» деген мағынасы казак ауыз әдебиетінде және кейбір жер-су аттарында сақталған. Бартоғай топониміндегі *бар* сөзін зерттеушілер «кең, үлкен» деп карайды (КТСТК, 57). Бұл сөздің «үлкен, жақсы» деген көне мағынасы орал-алтай тілдерінде сақталғаны аян. Орал тілдерінде *bara* «жақсы», дравит тіл. *par* – «үлкен, алтай тіл. *bara* «көп» (ОСНЯ, 175). Демек,

Барлыбай есім-фамилияның негізінде «үлкен. зор бай» деген мағына бары байқалады.

Батыр (-ов, -ова). *Батыр* 1. ел камы үшін жаумен сайысқан тарихи қаһарман, алып, ер; 2. ержүрек, қайтпас-қайсар адам; 3. батыл, өткір, тайсалмайтын (КТТС, II, 152, 153). Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады (Қазақ мақалд.). Біздің қазақтың «жүректі кісі дегені», «батыр кісі дегені» (Абай, Тол. жинақ II т.). Бұған *бек, бай, ғали, хан, алы, аш, ақ* сияқты сөздер мен қосымшалар қосылуы арқылы: *Батырбек, Батырбай, Батырхан, Батыралы, Батыраш, Батырақ* сияқты біріккен тұлғалы есімдер жасалған.

~ Түркі тілдерінің басым көпшілігінде: қырғ. түрк. өзб. тат. башк. *батыр, батор* «ер, ер жүрек, батыл», «күшті» (Радлов, 4, 1511). Кейбір ғалымдар бұл сөзді парсы тіліне тән деп қарайды. В.Радлов, Л.Будагов, В.Абаев пікірлерінше: <монғ. *бахадур* «батыл, ер» сөзі. Түркі тілдеріндегі *батыр, батор* оның қысқарған түрі (Будагов, 1, 297; Абаев. 1, 245, 246). Орыс, украин тілдеріндегі *богатырь, батур* сөздері де осыдан өзгерген.

Батыраш (-ев, -ева). *Батыраш* есімі ерте кездерде көбірек қойылғанмен, бұл күнде сирек кездеседі. Ол тек фамилия ретінде ғана берік орын тепкен. Осы есімнің фонетикалық өзгеріске түскен басқаша нұсқасын (*Batraz, Batyras*) осетин тілінен кездестіреміз. ~ В.Абаев *Batraz*, есімі *Batyr-as* «ас (алан) батыры» деген екі компоненттен тұрады деп қарайды (Абаев, 1, 241). Біздің пікірімізше, *Батыраш* есімі ана тіліміздегі *Батырша* есіміндегі соңғы *ша* қосымшасының инверсияға түскен күйі болу керек. Ал *Батырша* есімі о бастағы *Батыршах (батыр<шах)* есімінің қысқарып, ықшамдалған түрі екені шүбәсіз. Бұл тектес есімдер көптеп кездеседі. Салыст. *Сұлтанша* < *Сұлтан-шах, Дәулетше*<*Дәулетшах, Асылша*<*Асылшах*, т.б.

Баян (-ов, -ова). *Баян* 1. тұрақ, тұрлау, тиянақ; 2. бастан кешкен тарихи оқиға, өмірден көрген істер; 3. *ауыс.* анық, айқын, мәлім (ҚТТС, II, 177). *Баяны* жоқ ерден без, Байлауы жоқ сөзден без (Қазақ мақалд.). Біреуі Нәркес еді өзіміздің – Басынан *баян* болған сөзіміздің (Ж.Өмірбеков, Батыр). Тілімізде осымен қатар *Баянбай, Баянжан, Баянғали, Баянбек* сияқты біріккен тұлғалы есімдер де бар. Сондай-ақ Республикада *Баян, Баянауыл, Баянқол* тәрізді жер-су аттары да бар.

~ Бұл сөзді түркі, монғол тілдеріне ортақ деп қарау ертеден қалыптасқан. Түр. монғ. *баян//байн, байон* «бай, мол, ауқатты» (КТСТК, 60). *Баян* «бай, дәулетті, ауқатты» (МҚС, 38). Ұйғыр тіліндегі *баян* «бақыт» сөзінің де жоғарыда айтқан монғол сөзімен төркіндес екенін аңғару қиын емес. Монғолдарда тарихи адамдардың есімдерінің құрамында *баян* сөзі қосылып отырады. Мыс: *Добун-баян, Дубун-баян*, т.т.

Демек, *Баян, Баянбай, Баянжан, Баянқол* деген есімдердің негізгі мәні «ауқатты, дәулетті, бай» деген ұғымдарға барып саятыны байқалады.

Бекбай (-ев, -ева). *Бек* тар. «феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ел билеген әкім, хан тұқымы» (ҚТТС, I, 235). Тайпа басында *бектер* тұрды (Қаз. тарихы). Бұл штаттың өмір иесі барлық *бектер* (М.Әуезов, Индия очерктері); *бек*² 1. «бекем, мықты, берік», 2. «өте, тым, аса, тіпті» Сөйлескенде бек сөйлесем! – деді Майбасар (М.Әуезов, Абай жолы). Ағайын *бек* көп, Айтамын ептеп (Абай, Тол. жин.). *Бек* сөзі біріккен тұлғалы кісі есімдерінің бірінші және екінші сыңарларында жиі келеді. Бекайдар, Бекасыл, Бекәділ, Бекмұрат, Бекбосын, Ербол, Бекбол, Бекжан, Бексұлтан, Бекмұқан, Бектемір, Абайбек, Алтынбек, Болатбек, Жұмабек, Заманбек, Иманбек, Кәкімбек, т.т. Бұл есімдердің құрамында тұрған бек сөзі әр алуан мағынаға ие. Бекбол, Бекбосын, Бектай, Ербол, Бектемір сияқты есімдер құрамындағы *бек* «берік, мықты, бекем» мағынасында келіп, бала «мықты болсын», «ер, батыр

болсын», «темірдей қатты, мықты болғай» деген тілекпен қойылғандығы байқалады. Ал Бексұлтан, Бекмұрат, Заманбек, Кәкімбек сияқты есімдер құрамындағы бек «ел билеуші әкім, бастық, бай» мағынасын білдіріп тұрғаны хақ.

Бек сөзі құрамында келген кісі есімдері көне түркі дәуірлерінен, V–VIII ғғ. белгілі. (ДТС, 91).

С.Е.Малов кісі аттары құрамында келген *beg, алт, кут-луг* сөздерін эпитет ретінде қолданылған, сол адамдардың атак-дәрежесін білдіретін термин ретінде қолданылған деп тапты (Малов, Енис. 81). Осы пікірді қолдай отырып, И.А.Батманов: «титул – атак пен лауазымды білдіретіндер қатарына *хан, баг, тегин* сөздері де жататынын» айтқанды (Батманов, 93). Бұл аталғандардың ішінде *хан, бег (бек)* сөздері қазіргі түркі тілдерінде (қаз. қырғ. тув. шор) бастапқы мағынасында сақталып отыр.

~Түркі тілдеріндегі *бег (бек)* сөзінің V–VIII ғ. жазба ескерткіштерден ары да қолданылғаны аян. Оның бастапқы мағынасы «ел билеуші, әкім», тарихи жазба деректерде сол қалпында сақталған. Алайда түрлі жағдайларға орай ол сөз түркі тілдерінде алуан түрлі фонетикалық нұсқада айтылады. Аз., *бәк.*, қырғ., өзб., қаз., *бек*, ұйғ. *бәг*, алт. *ти*.

В.Радлов *баг* (чаг., тар., крым., ком., түркм., хив.) сөзінің *пак, бай, бек, пак* (ұйғ.), *баг, бай, бй* сөздерімен бір негізден екендігін көрсеткенді (Радлов, 4, 1216, 158). Бұл пікірді, яғни *бек//бег//бей* сөздерінің бір түбірден өрбігенін Г.К.Дмитриев те қолдады (Дмитриев, 20). Түркі тілдеріндегі осы сөздің айтылу тұлғаларына қарағанда өзгеру, даму жүйесі былайша тәрізді: *бек > бег > бей, бай > бай > би//ти*.

Бүке (-ев, -ева). Көне тұлғалы есімнен жасалған фамилия. Қазіргі әдеби тілде қолданылмайды, тек фамилия ретінде ғана сақталған сөз.

~ түркі тілд.: қырғ. *боко* «күшті» (Радлов, 4, 1964), чаг. *бока* «күшті, палуан», өзб. *боке* «күшті» (Радлов, 4, 1964), чаг. *боке* «батыр», «ер» (Будагов, 1, 263), алт. *моко, роко* «палуан», «күшті» ұйғ. *бокә* «күшті», «мықты», «палуан».

Дабай (-ев, -ева). Өте сирек кездесетін фамилия (Дабаев Ізгілік – заң орынд. қызметкері, Алматыда тұрады).

~ Бұл есім әуел баста тибет тілінен монғолдарға одан түріктерге енген. Монғ. *daba* – ‘даба’ <тиб. *zla-ba* «ай», «толық ай». Қазақ тіліне енген бұл есім өзіміздің *Айбек, Айбол, Айтуар* есімдердің синонимі ретінде қатар қолданылып отырған. Бұл тәрізді қатарласа, жарыса қолданылатын есімдер аз емес. Мысалы: *Тәңірберген/ар. Алдаберген//пар. Құдайберген; Сәуле/ар. Жамал/пар. Раушан*, т.б.

Дархан/Дарханбай (-ов/-ев, -ова/-ева) – деген кісі есімдері мен фамилиялардың шығу тарихы көңіл қоярлық, аса қызық та мәнді мәселе. Бұлардың ескі түркі тіліндегі айтылу формасы *тархан*. Ол түркі тайпалары тілінде өте ерте замандардан-ақ кісі, ру, жер аттары және атак ретінде кеңінен қолданылған. Атап айтқанда, өзімізге мәлім Орхон-Енисей жазбаларында «*Тархан*», «*Тархат*» формаларында (Малов, Пам. 27). М.Қашқари сөздігінде Тархан ислам дәуіріне дейінгі қолданылған есім, арғу тілінде «бай» деген мағынаны білдіреді деп көрсеткен (МК, I, 409). Рашид-аддин еңбегінде де Тархан жайлы мағлұмат бар. В.В.Радлов та сөздігінде *тархан* «түрлі жеңілдікпен пайдаланылған қоғамдық топтар» (Радлов, III, I, 854) және ру аты, Тархан Сұлтан, наңи Тархан сияқты кісі есімдерінің сыңары (бұл да сонда).

Тархан сөзінің ерте замандарда түрік халықтарында титул-атақ ретінде қолданылғаны С.М.Шапшал еңбегінде толық баяндалған (С.М.Шапшал. К вопросу о тарханных ярлыках. Сб. статей «Акад. В.А.Гордлевскому», 1953, стр. 302-316). Ғалымның пікірінше: «Бұл *тархан* сөзі әуелде монғол тілінде дархан формасында айтылып, «ұста», «ерікті адам» мағыналарында қолданылған болу керек». Осы *тархан* титул, кісі есімі ретінде VII ғ. хазарларда (Чорбон тархан, Тархан-хазар ханының есімі), IX ғ. иран азербайжандарында, XV–XVII ғасырларда орыс, грузин патшалықтарында да титул ретінде қолданыс тапқан.

Бұл атақ (титул) XVIII ғ. Қырымда ерекше тарап дамыса, XVIII ғ. 2-жартысынан бастап Батыс казактары аймағында кеңінен етек алған еді. Мыс: *Тархан батыр Жоламан Тленчин, Шүкірәли Тархан* (Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.) IV, М. 1940). Монғолдардың *darxan* сөзін XI–XIII ғғ. феодалдық катынас кезінен қолдана бастағанын байқаймыз. XIII–XVII ғғ. *darxan* сөзінің негізгі мағынасы өзгеріп, ауыспалы мағынаға ие болғанын көреміз. Монғолдар ерте кездерде бостандықта, еркіндікте жүретіндерді *bogol* деп атаған. Олар XIII ғ. бастап ол терминнің орнына *darxan* сөзін қолданған. XIII–XVII ғғ. феодализмнің өркендеу дәуірінде: «жеңілдік пен еркіндік алған адамның *darhad* деген атаққа ие болғанын көреміз» (Б.Я.Владимирцов, Общественный строй монголов. М., 1941, стр. 69).

Қорыта келгенде, *darxan (darxad), tarqan (tarqat)* термині түріктерде ертеде, қолданылғаны, *tarqat* екендігі белгілі. Олай болса, *darxan, tarqan* терминдері түркі-монғол халықтарына ортақ. *Тархан* жеке адам аты ғана емес жер атаулары ретінде де кездеседі. Мәселен, *Астрахан (<Хаджи+тархан)*, Орта Азиядағы жер аттары: *Тархан-Сайяд*, Қырымда - *Тархан-қут, Тархан, Тарханлар*, Пенза обл. Чембар өңірінде *Тархан* деген село бары аян. Дархан < *tarqan//tarqat* «9 түрлі кінәдан босатып, еркіндік, кеңшілік берілген, хан ордасына еркін кіріп-шығатын және бұл еркіндік 9 атасына дейін кететін адам». Дәркембаев, *-ева* деген фамилиялар да сол Дархан, Дарханбайдың фонетикалық тұрғыдан өзгерген жінішке түрі.

Домбай (-ев, -ева). Домбай атты тау және жалпы есім сөздер Солтүстік Кавказда, жалпы Кавказ халқында біріншіден, «зубр» мағынасында, екіншіден, «күшті, мықты» мағынасында кездеседі. Балк. *dotbaj*, карач. *domtai*, кар. *dombej*, сван. *dombaj*, грузин. *dombai* «зубр» (Абаев, 1, 365). Қараимдар тілінде де *dombaj* (домбай) «буйбол, енеке» (КРПС, 179).

Сондай-ақ, бірінші сыңарында *дом//дум//дом* сөздері

келген біріккен тұлғалы сөздердің бірсыпыра түркі тілдерінде барын көреміз. Қырғ. *дум* «дөкей, дой, зор, ұлылық» (Юдахин, 202), *дәмбұл* «дөнді, дөнесті» (Юдахин, 198), қаз. диал. (Семей обл.) *думдей* «дөйдей, үлкен, дәу» (Диал. сөздік, 1969, 94). Осы дәлелдерге карағанда бұл сөз түркі тілдеріне тән сияқты. Кавказ тілдеріне балқар, карачай, ноғай, т.б. түркі тілдерінен енген болу керек. Біздің байқауымызша, *дом//дәм//дүм* сөздерінің негізі бір екендігін көреміз. Сөз арасындағы *o/ə/у* дыбыстарының әр тілдің айтылу ыңғайына қарай алмасып отыруы заңды құбылыс. Ал екінші сыңардағы қосымшалардың (*baj, mai*) *в/т (б/м)* алмасуы заңды жағдай. Ал сөздің лексикалық семантикасында біртұтас байланыс «үлкен, зор, күшті» деген мағына бары байқалады.

Дөненбай (-ев, -ева). *Дөнен* «төрт жасар еркек жылқы» (ҚТТС, 3, 165). Қызылкөк биыл төрт жаста, дөнен (С.Бакбергенов, Қарға тамған қан).

~ Бұл сөз түркі тілдерінің көбінде қолданылады. Алт. *тонон* «төрт жасар жылқы», қаз. к.қалп. *дөнен*, башқ. *дунан*, ног. *донон* «төрт жасар өгіз яки азбан», өзб. *дунан* «төрт жасар жылқы яки қой». А.Щербак бұл сөзді монғол тілінен енген, түбірі *до* «төрт» сөзі, яғни *донон* «төрт жасар мал» деп көрсетеді (ИРЛТЯ, 94), <монғ. *дөнө* «төрт жасар мал» (Хабшай, 79).

Дүйсен /Дүйсенбі (-ов/-ев, -ова/ева). Осы *дүйсен* сөзіне *бай, бек, қан, тай, келді, гали*, т.б. сөздердің қосылуы нәтижесінде: *Дүйсенбай, Дүйсенбек, Дүйсеқан, Дүйсентай, Дүйсенкелді, Дүйсенғали* тәрізді ер аттары және *Дүйсенкүл, Дүйсенбибі* тәрізді әйел, қыз есімдері де қойылады.

~ ир. *ду~до* «екі», *сенбі*<*шамбэ* «күн» сөзінің қысқарып өзгерген түрі. Әуел баста аптаның екінші күні. Кейіннен жетінің бірінші күні атанған. Дүйсенбі күні туған балаға осылай ат беріліп отырған. *Дүйсен* есімінің екінші сыңары *сен~сембі//шамбэ* «күн» деген сөздің өзгеріп, ықшамдалып айтылған түрі.

Біріккен тұлғалы есімдерде дүйсенбі сөзінің *бі* қосымшасы көбіне айтылу барысында түсіп қала береді.

Едігей / Едіген (-ов/-ев, -ова/-ева). Бұл есім түркі тілдерінде XIV ғасырдан қолданылады, тарихи есім.

~ көне түр. 1. жақсы, игі; 2. жақсы, тамаша. (ДТС, 163). Біздің тілімізде *edgi* сөзінің *Eđige* боп өзгеруі, яғни сөз ортасына дауысты «*i*» дыбысының қосылуы байқалады. Ал сөз соңындағы еріндік *и* айтылу барысында еріндік «*e*» дыбысына алмасқан. Бұл тіл заңына байланысты құбылыс.

Егемберді (-ев, -ева). Бұл есім-фамилия оңтүстік тұрғындары тілінде ғана кездеседі. Фамилияның бірінші сыңарындағы *ege* сөзі көне түркі тілінде *ege~iga* 1. «ие»; 2. «қожа, рух, тәңір» мағынасында қолданылған (ДТС, 204). *Ege* «қожа, ие» мағынасында Қызылорда, Жамбыл облыстарында (Аманжолов, 373), Шымкент, Жамбыл облыстарында (Диал. сөздік, 96) қолданылатыны белгілі. Сонымен бірінші сыңардағы *egem* «ием» оның түбір тұлғасы *ege* ал *m* тәуелдік жалғауының бірінші жағы. Осы сөзге *berdi* сөзі қосылып, біріккен тұлғалы *Egemberdi* есімі, одан фамилия жасалған.

Ескендір / Искендер (-ов, -ова). Бұл есім-фамилия осылайша екі түрлі вариантта қолданылады. Күллі Орта Азия, түркі халықтары атакты Александр Македонскийді ежелден Ескендір атап кеткен. Сірә бұлай атау араб тілінен енсе керек. Кейбір адамдардың айтуына қарағанда: грек тіліндегі *Александр* араб тілінде әуелде *ал-Иксандр* боп қабылданғанмен тілдің ыңғайына қарай *к~с* дыбыстары метатеза құбылысына сай орын алмастырған, соңғы *д* мен *р* дыбыстарының ортасына дауысты *а* дыбысы пайда болған. Сөйтіп әуел бастапқы *ал-Иксандр араб* тілінде жаңа түрде *Искандар* болып шыққан (Гафуров, 87).

Ешбай (-ев, -ева). Осы *еш//ес* сөзі құрамында келетін біріккен тұлғалы есім-фамилиялар тілімізде біршама бар. Олар: Ешдәулетов, Ешмұкамбетов, Ешболатов, Ештаев, Ешмұканов, Есқараев, т.б. ~ түркі тілд. *es* «дос, ашна, тамыр». *Es gara* - есім (ДТС, 185).

Демек, бұл есім-фамилиялардың құрамындағы *еш//ес* сөздерді «дос, тамыр, ашна» мағыналарын білдіреді, яғни Ешмұхамбет – Досмұхамбет, Ешпаев – Досбаев, т.т.

Жабай (-ев, -ева). Әйгілі халық ақыны Жамбылдың фамилиясы. Бұл есім-фамилияның түпкі төркіні көне түркі тіліндегі *jabyu//javuul//jafyu* сөздеріне барып саятын тәрізді.

V–VIII ғ. тән Күлтегін және Мойын Чорескерткіштерінде *jabyu* «батыс түріктеріндегі бас әкімнің титулы» (ДТС, 222), *Иабгу* «жоғары атак, титул, чин» (Айдаров, 358) формаларында кездесе, Махмұд Қашқари еңбегінде «ханнан дәрежесі екі есе төмен адам» (МҚ, III, 39), ал Құдатғу білік ескерткішінде *javuul* «батыс түріктерінің бас әкімінің атағы, титулы» (ДТС, 249) тұлғаларында көрсетілген.

Біздің пікірімізше, Жабай сол *<javuul~jabyu* сөздерінен өзгерген. Сөз басындағы *j* орнына *ж* дыбысы, *v*, *в* орнына *б* дыбыстары ауысқан да, сөз соңына *й* дыбысы қосылып, сөз ортасындағы *у* (*г*) түсіп қалған. Айтылу барысында сөз соңындағы *и* дыбысы соңғы *й* әсерімен дауысты *а* дыбысына айналған. Оны мына схемадан анық көреміз: *javuul < jabyu < jabyui < jabaj < Жабай*.

Жакып (-ов, -ова). Бұл есімнің күрделі тұлғалары: *Жақыпбай, Жақыпбек*.

~ Күллі Еуропа, славян, Азия, Орта Азия халықтарына кеңінен тараған есім. Орыс. *Яков*, ир. *Якуб*, өзб. *Екуб, Ықуб*, молд. *Якован* < көне евр. *Иаков* «екінің (егіздің) сыңары» (Л.Щегинин, Русские имена, 219), «соңынан еруші» (А.Гафуров, Рассказы об именах, 137). Я.Белоусов *Яков* есімінің мағынасын басқаша түсіндіреді: «қайратты.

табанды», «тұтатушы, жандырушы», «ку, айлакер» (Қандай есімді ұнатасыз? 1968, 84). Бұған карағанда, *Яков* есімінің мағынасы туралы тиянақты пікір жоғын анық көреміз.

Жүсіп (-ов, -ова). Бұған *бек, бай, ғали, әлі, жан* тәрізді сөздер қосылу арқылы жасалған: Жүсіпбек, Жүсіпбай, Жүсіпғали, Жүсіпәлі, Жүсіпжан тектес біріккен тұлғалы есімдер бар. Бұл есімнің жергілікті жерлерде қолданылатын көрсететін диалектілік формалары кездеседі. Мәселен, *Нүсіп, Нүсіпбек, Нүсіпәлі, Түсіп, Түсіпбек, Тұсып*, т.б.

~ Бұл есім *Жүсіп* күллі Еуропа, славян, Азия, Орта Азия, Кавказ халықтары тілдерінде түрлі вариантта ұшырасады. Гр. виз. *Иосиф*, нем. *Иозэф*, исп. *Хосэ*, ит. *Джузеппе*, ор. *Осип*, *Иосиф*, пол. *Иузеф*, фр. *Жозэф*, ар. ир. *Юсуф*, тур. *Юсуф*, порт. *Жузэ*.

~ Көне. евр. *Осип* «көбею, арту», «өсу», «сүлу», «көркем», «әдемі».

Жүніс (-ов, -ова). Бұл есім-фамилияның күрделі тұлғалары: Жүнісбеков, Жүнісбаев, Жүнісқанов, Жүнісжанов т.т. Оның халық арасында *Жұныс* ~ *Жұныс* деген диалектілік формалары да бар.

~ бұл есім күллі Еуропа, славян, Азия, Орта Азия халықтарында кеңінен тараған. Оның о баста семит тайпаларында Иехоханан яки Йоканан түрінде, «құдай сыйы» мағынасында кеңінен тарап, басқа елдер тіліне ауысқан. Грек тіліне енгенде ол *Иоаннэс* формасына ие болған да, римдіктер арқылы күллі Еуропаға жайылған. Сөйтіп: гр. *Иоаннэс*, нем. *Иоханн*, исп. *Хуан*, арм. *Ованэс* формаларына түскен.

Жұма / Жұмабай / Жұмабек / Жұмағали / Жұмақан (-ов/-ев, -ова/ева) Жұма күні туған балаға ертеде *Жұма, Жұмабай* есімін қойып отырған. Бұған *бай, бек, қап, ғазы, ғали, құл, жан, келді, әділ, әлі, тай, әлі* сияқты сөздерді қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасалған. Мыс: *Жұмабай, Жұмабек, Жұмақан, Жұмәділ, Жұмағазы*.

Жұмагүл, Жұмажан, Жұматай, Жұмакелді. ~ ар. *Әжумға*
1. жиын, жалпы қауым жиналған діни күн; 2. жұмадан жұмаға дейінгі бір жеті.

3

Зайыр / Зайырбек (-ов, -ова). ~ ар. *Заир* «айқын, анық, күдіксіз».

Зәки (-ев, -ева). ~ ар. *зәки* 1. зерек, сезімтал, өткір; 2. ақылды, қабілетті.

Зәкір (-ов, -ова). Бұл есімнің халық арасында: Зікір, Зікірия, Захар, Захария формалары бар. Осы есімдерден жасалған фамилиялар: *Зікірияев, Зікірин, Захарин*, т.б. ~ ар. *Закр* «ес, еске алушы, ескеруші».

Ибадулла (-ов, -ова). Бұл есім Ғұбайдолла, Ұбайдолла варианттарында да кездесіп отырады. ~ ар. *убайд* «кіші, кенже құл», олла «құдай», яғни «құдайдың кіші құлы».

Ибат (-ов, -ова). Бұл есімнің *Қибат, Ғибат* варианттарында кездесетіндер бар. ~ ар. *қибәт, қибат* «сый, сыйлық, тарту».

Ибрагим (-ов, -ова). Бұл есім халық арасында *Ыбырайым, Ыбырай, Ебірай* сияқты варианттарда кездесіп отырады. ~ көне евр. тілінде *Авраам, Авраамий* «көптің әкесі», «ұлы әке».

Игілік (-ов, -ова). Игілік «қайырымды іс, жақсылық» (ҚТТС, 1, 267). Бала жақсы, игі істің бастамасы болсын, көпке пайдасы мол адам болсын деген тілекпен қосылған есім. Сол есімнен жасалған фамилия.

Имаш (-ев, -ева). Бұл есім Иманбай, Иманғали, Иманғазы деген есімдердің еркелетіп айтудан қысқарған

түрі. Осы тәрізді еркелете айтудан барып қысқарған есімдерден алынған фамилиялар көптеп кездеседі. Мәселен, *Әбдірахман* < *Әбіш* + *ев*, *Тәңірберген* < *Тәкежан* + *ов*, *Мұқамбет* < *Мұқаш* + *ов*, *Кәкімбек* < *Кәкіш* + *ев*, т.т.

Иса (-ев, -ева). Бұл есімге *бай, бек, гали, тай, қан, әділ, али, мұрат, жан* сияқты сөздерді қосу арқылы жасалған біріккен тұлғалы есімдер мен фамилиялар: *Исабек, Исабай, Исағали, Исатай, Исақанов, Исаділов, -ова, Исали, Исажан-ов, -ова, Исамұрат-ов, -ова* т.т.

Халық арасында *Айса//Ғайса* деген есімдер де осы *Иса* есімінің варианттары. ~*Иса* < көне евр. тіліндегі Исустың арабша айтылу нұсқасы. Көне еврей тіліндегі мағынасы «құдай сыйы». Ал *Исаділ, Исали* тәрізді есімдер: *Аса* + *әділ, Иса* + *али* деген екі компоненттен құралған. Орфография заңына сай бірігіп жазылғанда екінші сыңары дауысты «ә» дыбысы түсіп қалады.

Кәкімжан (-ов, -ова). Осымен қатар *Әкімжан, Хакімжан* деген есімдер де айтылады. Алайда бұл есімдер құрамындағы хакім-әкім сөздерінің мән-мағынасы өзгеше болу керек.

~ар. *кәкім* 1. дана, данышпан, ақылды, есті; 2. философ. Ал *Хаким* 1. билеуші, губернатор, бастық (Баранов, 236). *жан* < ир. *джон*.

Кәрім (-ов, -ова). Біріккен тұлғалы есімдер: *Кәрімбай, Кәрімбек, Кәрімқұл, Кәрімжан, Кәрімтай*. Оның *Керім, Керімбек* тәрізді варианттары да бар.

~ар. *Карим* 1. қолы ашық мырза, жомарт; 2. ақкөңіл, кен пейіл, сүйкімді.

Кенжеқара (-ев, -ева.) Кенже «жасы кіші, кейінгі, соңғы бала» (ҚТТС, 4, 611). Осы кенже сөзіне: *бай, бек, гали, газы, қозы, тай, болат* сөздері қосылып жасалған біріккен тұлғалы есімдер: *Кенжебай, Кенжебек, Кенжеғали, Кенжеғазы, Кенжетай, Кенжеболат*, т.т. Сондай-ақ, *Кенже*

сөзі екінші сыңарда анықтаушы ретінде де келетін біріккен тұлғалы есімдер бары аян. Олар: Байкенже, Нұркенже, Еркенже, Аккенже, т.т.

Кенжекара есімінің екінші сыңарындағы анықтаушы сөз ретінде тұрған *қара* сөзін проф. Қ.Жұбанов түсті білдіретін «қап-қара» емес, «тірек», «жақтаушы», қара жию (өз жақтастарын көбейту) сөзімен пара-пар деп қарайды (Жұбанов, 44). Бұл есімдерге *-ов, -ова* қосымшалары қосылып фамилиялар жасалған.

Киікбай (-ов, -ова). *Киік* «ешкі тұқымдас жабайы, тағы аң» (ҚТТС, 4, 44). Ертеде халық киікті «киелі, қасиетті аң» деп түсінген. Сондықтан баланың өмір-жасы ұзақ, көпке қадірлі болсын деген мақсатпен *Киікбай, Бөкенбай, Маралбай, Құлжабай* деп балаларға тағы аңдардың атауларын қойып отырған. Бұл әсіресе түркі халықтары тұрмысында жиі кездесетін құбылыс. Осыдан Киікбаев, *-ева* фамилиялары туындаған.

Қараман (-ов, -ова). *Қараман* халық ауыз әдебиетіндегі көне есім. Бұл есімнің бірінші сыңарындағы сөз түркі-монғол тілдерінде *қара ~ хар* «қара түс» тұлғаларында ежелден қолданылады. Екінші сыңардағы ман қосымшасы жер-су, кісі есімдерінде жиі ұшырайды. Мәселен, Нариман, Аймаң, Ағыман, Нұрман, Зиман, Ахманов, Дайырман, т.б. Үнді-еуропа семьялы тілдердің көбінде ман «адам, кісі» деген мағынаны білдіреді (мәселен, ағылшын, неміс, семит тілдерінде). Бұл есімнің, шындығында, адам түсіне байланысты болуы ықтимал. Себебі, неміс тілінде Шварцман деген есім-фамилияның болуы мұны растай түссе керек.

Қарабай (-ев, -ева). Халық ауыз әдебиетіндегі (Қозы Көрпеш-Баян сұлу) көпке белгілі жағымсыз кейіпкердің есімі. Бұл негізінде халық қойған лақап болуы мүмкін. «Қара ниет сараң байдың» ниет-пиғылына қарай *Қарабай* аталуы заңды құбылыс. Осы жырдағы Баян сұлудың

әкесінің *Сарыбай* аталуы да халық ойынан туған іс. *Сарыбай* «кеңпейіл, қолы ашық, ақылы мол адам» деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ қара «ірі қара мал», яғни «ірі қараға бай болсын» деген ұғымды да білдіруі мүмкін.

Қарасай (-ев, -ева). Халықтың батырлар жырындағы әйгілі Қарасай батыр есімі. Кейінгі ұрпақтарға дәстүр бойынша беріліп отырған және сол есімнен қойылған фамилия. Бұл есімнің екінші сыңарындағы *сай* сөзі кейбір түркі тілдерінде «өзен, су» дегенді білдіреді. Осы Қарасай атауымен қатар Ақсай деген өзен, жер аты да бар. Бұған қарағанда, Қарасай әу баста өзен аты болса керек. Сол өзен жағасында туған балаға осы өзен атын қойғаны байқалады. Бұл дәстүр ертеде кеңінен тараған, осыдан келіп: Орал, Ертіс, Есіл, Ілебай, Еділ деген өзен аттары адамдарға есім ретінде қосылып отырған. Ал *қара* деген сөздің қосылу нәтижесінде жасалған өзен, су, тау, жер аттары тілімізде орасан көп. Мәселен, *Қарасу, Қарасаз, Қараөзек, Қаратау, Қарақұм, Қарақамыс, Қара Ертіс, Қаракемер, Қарақастек, Қаратұрық*, т.б. *Қара* сөзі арқылы жасалған жер-су, ел-жұрт аттары түркі тілдері көне заманнан бері кездеседі. Жоғарыда көрсетілген атаулар құрамындағы *қара* сөзі бірде «қара түсті» білдірсе, кейде басқа мағынаға ие. Өйткені Ақсу, Қарасу, Қызылсу атауларында ешқандай «ақ», «қара» немесе «қызыл» түстің нышаны жоқтығы өз-өзінен белгілі. Біз бұл жерде *ақ, қара, сары, қызыл, көк* сөздерін көп мағыналы деп ұғынуымыз керек. Осы ретте топонимист Е.Қойшыбаев пікірін орынды санаймыз. Ол: «Қара сөзі екі мағынада қолданылады: 1. түркі-монғол тілд. *хыра* «аласа тау қыраттары» және «төбе, жота қырат, қыр, шың»; 2. сапалық сын (анықтауыш): «тығыз, толық, жиі, қалың»; Қаратал атауы «жиі төбелер» немесе «көп белестер» (Е.Қойшыбаев, 124). Біздің байқауымызша, Қарасай есіміндегі *қара* «кең, үлкен, терең» және *сай* «өзен» деген мағыналарды аңғартады.

Қаратай (-ев, -ева). Көне есім, сол есімнен алынған фамилия. Бұл есім-фамилия түркі халықтарының көбінде бар, кеңінен кездеседі. Оның көне түркі замандарында-ақ кісі аттары құрамында жиі қолданылғанын тарихи деректерден анық көреміз. Бұл қара сөзі Қараханид династиясындағы әкімдердің есімдерінің құрамында қолданылған.

Түркі-монғол (алтай), үндіеуропа тілдерінде *қара* «қап-қара», «қара түс» мағынасын білдіреді.

Түркі тілдеріндегі *қара* сөзін әрі көп мағыналы, әрі омоним деп қарасак, көне түркі сөздігінде *қара* үш омонимге бөлінген. Қара сөзіндегі екі мағына, 5 ауыспалы мағынаға ие екендігі көрсетілген. 1. қара (*түс*); 2. түстен ажыраған, түсі өзгерген, қара түнек; 3. *ауыс.* қараға, ауыр қайғыға ұшыраған, қырсыққа ұшыраған; 4. *ауыс.* жаман, быламыт (жағымсыз істің синонимі); 5. *ауыс.* жай әншейін, қарапайым, қарабайыр; 6. қара сия, тушь; 7. былғаныш, балшық.

Біздің бағдарымызша, *Қаратай* есіміндегі *қара* «тірек», «сүйеніш» мағынасын білдіреді. Демек, ата-ана баласына «сенімім, тірегім, сүйенішім» болсын деген мақсатпен *Қаратай* деген есім берген. Бұл есімнің екінші сыңарына *бек, жан, тай* сөздері мен жұрнақтары қосылып: *Қарабек, Қаражан, Қаратай* сияқты есімдер жасалып, фамилияға ауысқан.

Құрбан/Құрман (-ов, -ова). Бұл есім-фамилия Орта Азия халықтары арасында жиі кездеседі. Тілімізде олардың мынандай формалары бар: Құрманбай, Құрманбек, Құрманәлі, Құрманғали, Құрмансейіт, Құрманжан, Құрбанәлі. ~ ар. *Хурбан* 1. құрбан, құрбан айы; 2. күнәдан тазару.

Құсайын/Хұсайын (-ов, -ова). Бұл есім-фамилиялар тілімізде *Хүсти, Хасен, Хасан, Асан* формаларында түрлене қолданылады. ~ ар. *Хусейн* < *Хүсти* сөзінің өзгерген түрі; 1. әдемі, әсем, көркем; 2. қайырымды іс, жақсылық; 3. Хасен есімінің кішірейте еркелете айту формасы.

Лұқпан (-ов, -ова). ~ ар. *Лұқман*, ертедегі дана және мысал жазғыш адамның есімі.

Ескі ұғымда даналықты дәріптеу, данышпандық белгісі.

Мамажан (-ов, -ова). Бұл есім-фамилияның бірінші сыңарындағы *мама* сөзі Жетісу тұрғындары тілінде – *мама ағаш* «ат байлау үшін есік алдына тік қадап қойылған қада ағаш» (Диал. сөздік, 231).

~Е.Д.Поливанов жапон тілінде *тта* «ат» сөзінің этимологиясын талдай келіп, оның қытай тілінен (*та* - «ат») енгенін көрсетеді (Поливанов. Проблемы Востоковедения, 1960, №3, с. 174-185). М.Қашқари XI ғ. *мама* «қырманда астық бастырғанда ортада тұратын өгіз, басқа өгіздер соны айналып жүріп отырады» (МҚ, III, 235) деп көрсеткен. *Мама* сөзі туралы осы пікірді көне түркі тілдері сөздігінеі де оқимыз (ДТС, 335). Адамға Мамажан деп ат тағудың негізгі – ол тірек, негіз, сүйеу болсын деген ұғыммен байланысты болса керек.

Машабай (-ев, -ева). Сирек кездесетін көне есім, сол есімнен қойылған фамилия.

~ көне түркі тілдерінде: *міши*~*мәши* «түйе тұқымдас аң»; лань; тобыл тат. тілінде *міши* «бұғы» (Будагов, II, 235), чув. *паши* «бұлан», «бұғы», тат. *поши*, *пыший*, башк. *мышы* «бұлан» (Егоров, 152). В.Егоров пікірінше, бұл сөз финно-угор тілдерінде кездеседі: мар. *пучо*, *пучы*, удм. *пужей*, манс. *паши* «бұғы» коми ижем. *пәж* «жас бұғы» осы тілдерден енген болу керек (Егоров, 152).

Демек, *машы*// *міши*// *паши*// *мышы*// *поши* сөздерінің түркі тілдеріндегі дыбысталу, айтылуы мен мағынасы көбіне сәйкес келіп, «бұлан» мәнінде қолданылғанын анық байқаймыз. Сөз басындағы *л*//*п* мен сөз аяғындағы дауысты *а*/*и* және *і*/*а* ауысуы, алмасып отыруы тілдерде жиі болатын дағдылы құбылыс. Бұл жағдай әрбір тілдің дыбыстық құрылымына және айтылу ыңғайына, заңына

сай болар жайт. *Машабай* есімін тіліміздегі *Бұланбай*, *Бұғыбай* есімдерінің синонимдері деп қараймыз.

Мөңке (-ев, -ева). Бұл есімді монғ. тілінен енген деген пікір бар. Алайда түркі тілдерінде ерте заманнан бары белгілі. Алт. *моңку*, хак. *моге*, як. *мәңэ*, башк. *мәңге*, тат. *мәңге*, қырғ. *меңчи*, өзб. *мангу* «мәңгілік, өмір бақи» көне түркі тілінде *menğu//bengu* «мәңгі бақи».

Көне монғол жазба тілінде *меңгі*, ойр. *меңгі*, қазіргі монғол тілінде *мөнх*, бур. *мүнхэ*, калм. *мөңк* «мәңгі бақи». Жоғарыдағы деректерге қарағанда бұл сөздің түркі-монғол тілдеріне ортақ, алтай дәуіріне тән екендігі байқалады.

Мұқан (-ов, -ова). Мұны араб тіліндегі Мұхамбетқали, Мұхамбетжан сияқты есімдердің қысқарған формасы деп танушылар да бар. Алайда ол толық тұлғалы есім.

~ар. *муъһан* «күл, дәйеші», сөз төркіні етістік тұлғасындағы *маһана* «қызмет ету».

Мышырбай (-ев, -ева). Өте сирек есім-фамилия. ~ ар. *муширь* «ақылшы, кеңесші, министр немесе мемлекеттік бас хатшы». Ертеде Оттоман империясында *муширь*–генералдық атақ болған. Ол кезде бұл атақ армия қолбасшыларына және генерал-губернаторларға да берілген.

Назар / Назарбай / Назарбек / Назаркүл / Назартай (-ов/-ев, -ова/-ева). Мұндай фамилиялар түркі тілдес қырғыз, өзбек, түрікмен, татар, башқұрт тілдерінде, сондай-ақ орыс тілінде *Назаров*, *-ова*, *Назаровский*, *-ская* тұлғаларында кеңінен қолданылады. Бұл фамилиялардың бірінші құрамындағы назар сөзі араб тіліндегі *нәзар* –1. қарау, көзқарас, көз салу; 2. ықылас, ілтипат, метафоралық мағынасы «жәрдем, көмек, жақсы, игі, игі ниет, сүйеушілік, жақтаушылық».

Нарбай / Нарбек / Наржан (-ов/-ев, -ова-ева). Бұл есім-фамилиялар құрамындағы *нар* сөзінің көп мағыналы екендігі белгілі. Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *нар* 1. жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе; 2. ауыс. үлкен, мықты, үздік ерекше. Адамның *нары* екен деп қайраты, күші, адамшылығы өзгеден үздік адамды айтады (С.Сейфуллин, Шығармалары). Белгілі түркітанушы Н.А.Баскаков Нарбеков деген фамилияның шығу төркіні жайлы келтірген тарихи деректі айта отырып, одан мынадай үзінді көрсетеді: «Предок рода Нарбековых мурза Абрагим, а по крещении названный Ильею выехал к великому князю Василию Васильевичу из Большой Орды и пожалован многими вотчинами. Сын его Ильи Дмитрий Нарбек имел сына Алексея по прованию Держава, от коего пошли Державины. Потомки Дмитрия Ильича Нарбековы, многие Российскому престолу служили и жалованы были от государей в 7059/155/ и других годах по местьями» [ОГДР, IV, с. 45] (Общий гербовник дворянских родов Всероссийской Империи, начатый в 1797 году. Т. I-X СПб, 1797-1836 (Т. XI-XX не опубликованы, находятся в Ленинградском государственном архиве РФ).

Н.А.Баскаков Нарбеков фамилиясындағы *нар* сөзін парсының *нар-анар*, «гранат» немесе арабтың *нұр* «свет, луч» және *бек* «господин, дворянин, мырза, ақсүйек» деген сөзінен болуы мүмкін деген пікір ұсынады (Н.А.Баскаков, Русские фамилии тюркского происхождения. М., 1979, с.153). Біздің пайымдауымызша, Нарбеков, -ова есім-фамилиялары тіліміздегі Мықтыбаев, -ева, Мықтыбеков, -ова, Әлдібеков, -ова, Қайратов, -ова деген фамилиялармен мәндес, синоним фамилиялар болса керек.

Наурыз (-ов, -ова). Басқа сөздердің қосылуы нәтижесінде жасалған біріккен тұлғалы есімдер: *Наурызбай, Наурызғали, Наурызкелді, Наурызжан*, т.б. ~ ир. *нов* «жаңа»+*руз* «күн». *Новруз* – иран халқының календары бойынша жаңа жылдың басы - 12 март. Бұл *нов* иран тілдерінде және батыс елдері тілдерінің біразында

сақталып келеді. Орысша *нов (ый)* немісше *ноје*, латынша *нео*, ағылшынша *нью*. Бұл сөздердің бәрінің ортақ мағынасы «жаңа». Наурыз айы ертеректе Орта Азия, Қазақстан жерлерінде жаңа жылдық мейрам болған. Осы мейрам күні туылған балаларға – *Наурыз, Наурызбай, Наурызғали* деген есімдер қойылған.

Ноянбай (-ев, -ева). Кейбір жерлерде *Доян* деп те аталады. ~монғ. *Неон* 1. 10 000 адамның, яғни түменнің бастығы, әмірі; 2. ханзада, патша баласы; 3. мырза, төре, қожа, үстемдік етуші.

Нүсіп (-ов, -ова) Біріккен тұлғалы есімдер мен фамилиялар: *Нүсіпбек, Нүсіпақынов, Нүсіпбаев, Нүсіпханов*.

~ Көне еврей есімі *Иосифтің* араб тілінде айтылу нұсқасы. *Иосиф* 1. көп болсын, өссін; 2. сұлу, көркем, әдемі. Бұл есім бір облыста *Жүсіп*, екінші облыста *Түсіп, Нұсып* формаларында айтыла береді.

Ойрат (-ов, -ова). Сирек кездесетін есім-фамилия. ~ *ой* және *арат* сөздерінің бірігуі нәтижесінде жасалған, < монғ. *ой* «орман, тоғай», *арал* ~ *рат* «халық, ел». Бұл сөз тұңғыс-манжұр тілдерінде: *һарап* 1. орын; 2. ошақ орны; 3. ошақ; 4. тұрғын үй мәнін берген. Негізінде монғол, түркі сөздерімен сәйкеседі. Монғ. *һарап* «қара халық, жазба монғол тілінде *арап-арад* «кісі», «адам», «қара халық», монғ. «бұхара», бур. *арад* «халық», *арад-зон* (қос сөз) «ел», «халық», көне түркі *арап* «мал қора», «ат қора», *арап* тұлғасы < *арап* + көптік жалғау қосымшасы – *d* жалғанып (*арап* түбір сөзден «адам, кісі») жасалған. Бұл қосымша жалғанғанда соңғы сонор дауыссыз *n, r, l* түсіп қалады. Бір түбірден жасалған монғол, түркі және тұңғыс-манжұр тілдеріне тән бұл сөздің фонетикалық тұтастығы ешбір күмән келтірмейді. Тек қана, олардың семантикалық ерекшеліктері байқалады (тұңғыс-манжұр *һарап* «ошақ», «үй», монғ. *һарап, арап* «кісі», «халық», түркі *арап* «сарай», «қора»). Бірақта бұл сөздің

фонетикалық және семантикалық жағынан ұқсастығы біртұтас лексикалық комплекс құрайтынын көреміз. Түңг. *hagan*, монғ. *hagan*, түрк. *аран* сөздерінің тұтастығы туралы пікірлер Г.И.Рамстедт, Н.Н.Поппе тарапынан айтылған-ды (Проблема общности Алтайских языков, М, 1971, стр. 173). Демек, бұл есім-фамилияның түркі, монғол тілдеріне ортақ «орман халқы» мәніндегі сөз деп қараймыз. Яғни *Орманов*, *Орманбаев* фамилияларымен синонимдес.

Омар (-ов, -ова). Бұл есім халық арасында *Ғұмар*, *Ғомар*, *Құмар* формаларында айтылады. ~ ар. *гумар* «өмірлі, ғұмырлы». Біріккен тұлғалы фамилиялар: Омарбеков. Омарбаев, Омарғалиев, Омартаев, Омарканов, Омарәлиев, т.б.

Ордабай / Ордаәли (-ев, -ева). <Көне түркі тіліне тән сөз. *Орда* 1. ерте кезде үлкен мәселелерді шешерде немесе жауға аттанғанда бас қосатын жиынды айтқан; 2. кейін ол сөз хан тұрағы, мекені, сарайы дегенді білдірген. Ал бұдан да кейінгі уақта жаңа мағынаға ие болып, орталық астана деген ұғымға ие болған.

Ораз (-ов, -ова). Біріккен тұлғалы есім-фамилиялар: Оразаев, -ева, Оразбаев, -ева, Оразбеков, -ова, Оразканов, -ова, Оразақынов, -ова т.б. ~ *Ораз* Қазан тат. тілінде «бақыт», «кұт», *оразды-уразлы* «бақытты, өмірлі»; қырғ. *ороздуу* «бақытты, құтты, сәтті» (Юдахин, 578). Қазақта болса «оразым, болмаса қоразым»; «*Ораздының* баласы он бесінде баспын дер, тоғышардың баласы отызында жаспын дер» деген мақал бар.

Ошақбай (-ев, -ева). <*Ошақ* сөзі түркі тілдерінде: өзб. *учақ*, тат. *учак*, азерб. *оджан*. Осы *ошақ* сөзі орыс тіліне *очаг* формасында енген. Ерте кезде балаға Ошақбай деп ат қою негізінде отқа табынудан қалған, шаман дінінің сарқыншағымен байланысты құбылыс болса керек. «От

басы, ошақ қасы аман болсын» деп айту сол ертеден келе жатқан ырыммен байланысты.

Райымбек (-ов, -ова), Райымқұлов, Райымжанов тұлғалары да бар. *Рай* «адамның пішіні, шырай, түр» (КТТС, 225). ~ ар. *рай* «көзқарас, пікір», яғни «өз көзқарасынан, өз пікірінен таймайтын адам», «батыл», «берік кісі».

Рамазан (-ов, -ова). < ар. *рамадан* «күйдіруші, жандырушы». Арабия жерінде бұл өте ыстық ай. Мұсылманша жыл санауының тоғызыншы айы, осы айда туған балаға осындай есімдер қойылған, содан барып фамилиялар дамыған.

Рүстем (-ов, -ова). <ар. авестин тіл. 1. *раодан* – «жүз, келбет, бейне»; 2. *тама* – «күшті». Сонда бұл есімнің жалпы мағынасы «батыл, күшті, мықты, зор денелі». Осы есімдер фамилияларға ауысқан.

Садық (-ов, -ова). Біріккен тұлғалары: Садықбеков, Садықбаев, Садыкалин, Садыққанов, Әбсадықов, Нұрсадықов, Ерсадықов, т.б. ~ ар. *садиқ* 1. шын, адал, таза, ашық; 2. дос, адал, айнымас жолдас.

Сапар / Сапарбай / Сапарбек / Сапапғали / Сапарқан (-ов/-ев, -ова/-ева). < ар. *сафар* 1. саяхат, алыс жол; 2. мұсылман жыл санауындағы екінші ай аты.

Сәрсенбай / Сәрсенбі / Сәрсенбек / Сәрсенғали / Сәрсенқан (-ов/-ев, -ова/-ева). < ир. <*чар (сар)* «төрт», шамбе «күн»+*бай*. Сәрсенбай, Сәрсенбі есімдерінің бірінші сыңарындағы *сәр* <ир. *чар* сөзінің тілімізде өзгерген түрі. Иран тіліндегі *ч* лыбысы орнына бізде *с* дыбысы, *а* дауысты дыбысы орнына *ә* дыбысы айтылған. Осы Сәрсенбай есіміндегі екінші сыңар *сен* ир. тіліндегі <*шамбе* сөзінің қысқарып, өзгерген түрі, яғни *сенбі* <

шамбе. Сәрсенбі күні туған балаға қойылған есім. Осыдан фамилия қалыптасқан.

Сейдали / Сейдалы (-ев, -ева / -ин, -ина). Мұның Сейдуәлиев, -ева, Сейітқалиев, -ева, Сейітжанов, -ова формалары да бар.

~ ар. *Сейды* «мырза, бастық, әмір», *алы* < *гали* сөзінің өзгерген, мағынасы «жоғары, биік». Демек, «үлкен, мәртебелі бастық». Қазақ тіліндегі Үлкенбаев, -ева, Шоңбаев, -ева сынды фамилиялармен синонимдес, мән-дес.

Сүлеймен (-ов, -ова). Бұл есім бізге араб тілі арқылы енген. Көне еврей тілінде *шэломах* «бейбіт, тыныш, қорғалған». Орыс, славян халықтарында *Соломон*. Қазақ тіліндегі халықтық формалары: *Сүлеев*.

Сымайыл (-ов, -ова). Бұның халық арасында Ысмаил, Есмайыл, Исмаил, Смаил формалары бар.

~ көне еврей тілінде *Ийшмаел* «құдай естіген, құдай сыйы». Орыс, славян тілдерінде: *Самоил, Самойленко, Самдшл*. Араб тіліне еврей тілінен *Исмагил* түрінде еніп, одан түркі тілдеріне келген. Қазақ тілінің дыбыстық заңына сай: *Сымайыл, Есмаил* формаларында да айтылады.

Тайшық (-ов, -ова). Көне есім. Көне түркі тілдерінде дәреже, атақ ретінде (тайшы) қолданылған.

~монғ. *тайши* < *tayiji* < қыт. *Тай-цзы* «хан ұлы, ханның мұрагері» (Цыдендамбаев, 490).

Тарғын (-ов, -ова). Қазақ эпосындағы батырдың есімі. Шығыс түркі тілдерінде, мәселен, төленгіттерде де «Тарғыннама» атты аңыз бар. Осман түріктерінде даргин, таргин «ашулы, зілді» деген сөздер бары аян. Монғ. *тарга* «семіздік», бур. *таргун* «жуан, семіз» (Хабшай, 177). Бұл сөздік түрік-монғол тілдеріне ортақ екендігі байқалады.

Тоғызак (-ов, -ова). Түркі тілдеріндегі бұл есім-фамилияның шығу төркіні туралы К.Юдахин былай түсіндіреді: әр түрлі бакытсыз себептерден сақтау максатымен өз балаларын ата-аналардың сатып алу ғұрпы (төлем акысына тоғыз түрлі зат беріледі де, ондай балаға әдетте Тоғызак немесе Сатыбалды деген ат қояды).

Тоқан (-ов, -ова). Түркі тілдерінде түрлі вариантта кездеседі. Қаз. *тоқан* «тұйғын», ұйғ. *тайған*, тат. *тоган*, түркм. *токан* < көне түр. *тоган* «сұңқар» (ДТС, 571).

Токтар / Токтарбай (-ов/-ев, -ова/-ева). Бала тұрақтамай, тоқтамай өле берген отбасында ерте кезде ырым жасап, «бала токтасын» деген максатпен қойылған есім. Олар түрлі тұлғада қойылатын. Мысалы: Токтасын, Токтамыс, Тұрсын, Тұрғын, Тұрар, Тұрсынай, т.б.

Тұманбай/Түменбай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилияның Томан, Томанов деген де варианты бары белгілі.

~ монғ. *тумэн* – түм: 1. он мың; 2. бір нәрсенің шексіз көптігін білдіретін сан Томан, Тұманбай, бірде Түменбай түрінде қолданылуы жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты жайт.

Тұрсын / Тұрсынбек / Тұрсынәлі / Тұрсынбай / Тұрсынжан (-ов/-ев, -ова/-ева). Баласы тұрақтамаған отбасында туған балаға (ұл, қыз) берілетін ат. Кейіннен дәстүр бойынша халық арасында қойыла берген. Ол есімнің *Тұрағал*, *Тұрақалды*, *Тұрғын*, *Тұрар*, *Тұрарбек*, *Тұрмағамбет*, *Тұрлығұл*, *Тұржан*, *Тұрсынқұл*, *Тұратай* тәрізді варианттары ел арасында көптеп кездеседі.

Тұяқ, Тұяқбай (-ов/ев, -ова/ева). <Тұяқ 1. уақ мал, қой-ешкі; 2. *ауыс*. ұрпақ, мұра. Бұл есім бала уақ малға (қой-ешкіге) бай болсын және әкесі өлгеннен кейін туған балаға «әкеден қалған ұрпақ, мирас, із болсын» деген мағынада қойылған.

Түргенбай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилия Алматы облысындағы *Түрген* деген өзен атынан қойылған. Ал *турген* сөзінің түркі тілдерінде ежелден бары мәлім. Алт. *турген*, тув. *дурген*, яқ. *түргән* «тез, жылдам». Көне түркі тілдеріндегі нұскасы *terk, terkin* «тез, жылдам, асығыс» (ДТС, 555). Бұл сөз монғол тілдерінде де бар: монғ. *түргэн*, бур. *тургэ(н)*, қалм. *түргн* «тез, жылдам» (Хабшай, 199, Цыдендамбаев, 452). Екінші сыңардағы *бай* сөзі кісі аттарына жалғанатын дәстүрлі қосымша.

Түркебай (-ев, -ева). Бұл фамилияның бірінші сыңарындағы *турке* көне сөз. Бұның түркі сөзінің варианты екендігінде күмән жоқ. Айтылу барысында дауысты *i/e* алмасуы байқалады. Бірақ негізгі түбірі *түрік*. ~ Көне түркі тілінде *turk* этноним және жалпы есім – сөз ретінде жұмсалғаны тарихи мәліметтер мен жазба ескерткіштерден белгілі. XI ғасыр ескерткіші М.Қашқари еңбегінде *turk* 1. күшті, ірі; 2. нағыз бай, көл-көсір болса, тарихи мәліметтерде *turk* этноним, «түрік қағанатын құрған тайпа, тайпалық одақ» (ДТС, 599).

Бұл дәлелдерге қарағанда, *түрік, түркі* сөздерінің қазақ тілінде де ерте заманнан бары даусыз. Ал Түркебай деген есімді қойғанда жоғарыда айтылғандай «күшті, ірі», «нағыз бай, көл-көсір», яғни бала күшті, ірі болсын деген идеямен қатар этнонимдік мән де бар сияқты.

Түрікпенбай (-ев, -ева). Халық, ел, тайпа, ру аттарынан қойылған кісі есімдері тілімізде көп кездеседі. Мәселен, *Орысбай, Өзбек, Өзбекәлі, Қырғызалы, Қырғызбай, Ноғайбай, Ойрат, Сартбай, Найманбай, Қыпшақбай*, т.б. Сөз етіп отырған есім (Түрікпенбай) бала Түрікпендер арасында отырғанда қойылуы немесе сол халықпен мәдени-тарихи қатынас, көршілес отырумен байланысты қойылуы да мүмкін.

Түрікпен этнонимінің этимологиясы жайлы айтылған пікірлер аз емес. Біз оның бәрін бұл арада айтып жатуды орынсыз деп қараймыз (Бұл жөнінде қараңыз: А.Кононов,

98). Түрікмен екі сөзден кұралған: *түрк-и-комани* > *тюркоман* > *тюркман* (Вамбери, 385).

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, түркмен сөзін «тюркман» деп қарау керек, мұндағы «ман», «мат» – «тайпа, адам» деген жұрнақтың варианты (Л.Рослянов. К вопросу об этногенезе туркмен. Изв. Туркменского филиала АН СССР, 1950, №5, стр. 16).

Ұлан (-ов, -ова). Түркі тілдерінің көбінде кездесетін есім. Хакас, шор тілдерінде длан «12-20 жасар бозбала», тат. караим тілд. *ұлан* «жігіт, азамат», қаз. *ұлан* «жасөспірім бала, жеткіншек» (ҚТТС, II, 1961), қырғ. *улан* «бойдақ жігіт, бозбала, өсіпірім» (Юдахин, 82). Монғолда *ұлаан* «кызыл», *ұлаан цэрэг* «кызыл әскер», бур. *ulayan* «кызыл» (Цыдендамбаев, 435). Әйтсе де *Ұлан* есімі «жігіт, ер-азамат, бозбала» мағынасында қойылғаны байқалады. Түркі тілдерінде алуан дауыстыларының *о/ұ* түрінде алмасып отыруы заңды құбылыс.

Үмбетжан / Үмбет (-ов, -ова). Бұл тіліміздегі Халық есімінің синонимі. Бұл тәрізді синоним есімдер тілімізде жоқ емес. Мәселен, Құдайберген~Алдаберген, Тәңірберген, Мақсат~Арман, Досмұхамбет~Жармұхамбет~Ешмұхамбет т.б. ~ ар. *уммат* «халық көпшілік, қауым».

Ұрмырза (-ин, -ина). Сирек кездесетін есім-фамилия. Бұл есімнің этимологиясы жайлы бұрынды-соңды айтылған пікір болған емес. Оның *ұр* және *мырза* деген екі сөзден бірігіп жасалғаны айдан анық. Ол *Ұрмырза* дегеннен «мырзаны соқ, тепелеп ұр» деген ұғым аңғарылмаса керек, балаға ол мәнде есім де қойылмайды. Біздің жобалауымызша, бірінші сыңардағы *ұр* көне түркі тіліндегі *uri* «ұл, бала» сөзімен төркіндес (ДТС, 614). Ал *Ұлмырзин* фамилиясының екінші сыңарындағы *мұрзин* <*мырза+ин* косымшасы. Мұндағы *мырза* сөзінің *мұрза* түріне түсіп

ы/у дыбыстарына айналуы орысша жазылуымен байланысты жайт.

Шәди (-ев, -ева). Ел арасында жиі кездесетін есім. Бұл есім-фамилияның түбір сөзі *шәд/шад* <ир. *шод* «көңілді, қуанышты», туынды тұлға *шоддил, шодман* (КТРС, 450).

Шәріп / Шәріпқан / Шәріпқали (-ов/-ев, -ова/ева). < ар. *шариф* 1. құрметті, атақты, қымбатты; 2. қасиетті, күдіретті. Қазақ тілінде айтылу барысында араб тіліндегі жуан дауысты *а* дыбысы жіңішке дауысты *ә* дыбысына, созылыңқы *и* орнына жіңішке қысаң дауысты *і* дыбысы, сөз соңындағы *ф* орнына қатаң *п* дыбысы алмасқан. Яғни *Шариф* > *Шәріп*.

Шойбек (-ов, -ова). Көне тұлғалы есім және одан алынған фамилия. Алматы, Талдықорған, Шымкент облыстары тұрғындарында көбіне *Чойбек* тұлғасында айтылады. Бұл есімнің бірінші сыңарындағы *чой* сөзі жер жүзі халықтарының тілдерінде бары аян. Мыс: тәжік. *шоён* «лайықты, беделді, қадірлі, құрметті» (КТРС, 450), тиб. *соујіі* (чойжил) «религия королі» (Цыдендамбаев, 507).

~ кырг. *чой* «мықты, берік», *чой бол* – беку, нығау. Демек, *Шойбек/ Чойбек* «мықты, берік бек» деген ұғымды аңғартса керек.

Шонай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилияның Шонабаев, Шонабеков, Шонатаев тәрізді варианттары да кездеседі. < монғ. *чоно* «қасқыр» (Хабшай, 351). Бұл сөз қазақ тіліне енгенде, тіліміздің айтылу заңына бейімделіп *ч* дыбысы орнына *ш*, соңғы дауысты *о* орнына, ашық дауысты *а* қолданылып, *Чоно* орнына *Шона* формасы қалыптасқан. Тіліміздегі *Қасқырбаев, Бөрібаев, Болтіріков* фамилияларымен мәндес, синоним фамилиялар.

Шоңбай (-ев, -ева). Түбір тұлғалы *Шоң* сөзінің дербес мәнді есім болғаны тарихтан белгілі. *шоң* 1. үлкен, дәу, зор, жуан (ҚТТС, II, 1961, 492). 2. *ауыс*. шоңжар, ірі феодал.

Кәкітай шоңның ойына түк кірмейді (М.Әуезов, Абай). < қыт. чоң «үлкен, дәу, алып, зор» (Юдахин, 867). Демек, *Шоңов, Шоңбаев* сынды есімдердің мән-мағынасы «үлкен, дәу, зор, алып» болса, екінші сыңарындағы бай сөзі кісі есімдеріне дәстүрлі түрде қосылып, бірде «байлық», бірде жай ғана жұрнақтық қызмет атқаратын форма.

Шора/Шорабай (-ев, -ева). *Шора* сөзінің төркіні мен мағынасы жайлы айтылған сан қилы пікірлер бар. Л.Будагов көне түркі тілд. *шора* «қыз я ұл» (Будагов, 1, 494) десе, кирг. «батыр ұлы, батыр» деген екінші түсінік береді (Будагов, 1, 674). Қазіргі қазақ тілі сөздіктерінде *Шора* сөзін былай түсіндіреді: *шора* (ескі) «мырза, бек, шонжар». Ұстап заңды қолына, Бай, мырза, *шора* алды бел (Жамбыл).

Қырғ. *чоро* (эпоста) «Эпикалық батырдың ең жақын серігі» дастанда осылай аталады; олардың есімдері жиырмасыншы адамға дейін аталып, әрмен қарай аталмауы да мүмкін» (Юдахин, 868). Тат. *чура* -чора XV ғ. бектер мен шонжарлар фамилиялары, есім, атак, лауазым ретінде кездеседі. Мәселен, *Чура* Кадышев, *Чура* Нариков, *Яи-чура* т.б. чуваш, череміс тілдерінде және Түркістан аймағындағылар XVIII ғ. *чура* сөзін «күң, құл» мағынасында қолданған (Егоров, 327). Түркі тілдерінде бұл сөздің көп кездесуіне қарағанда (ол жер аттарында да бар) «құл» мағынасынан гөрі «батыр тұқымы, ұрпағы, батыр» сөзіне бейім келеді. Оны мынандай елді мекен, ауыл атауларынан анық байқаймыз. *Бик чура, Башора* «байдың яки мырзаның тұқымы», *Ақшура* «ақ сүйек тұқымы». Демек, *шора-чора* «батырдың ұрпағы, тұқымы, батыр». Сөз басындағы *ч/ш* дыбыстарының алмасуы түркі тілдерінде ежелден бар, тарихи фонетикалық құбылыс.

Шынасбай (-ев, -ева). Бұл есім-фамилияның бірінші сыңарындағы *шынас* сөзі монғол тіліндегі *шона* сөзімен төркіндес. Орта ғасырда *шынас* – *чинас* атты тайпаның өмір сүргені тарихтан белгілі.

~ Рашид-ад-диннің айтуынша, *чинос* чинг сөзінің көпше түрі. Бұл аталмыш екі сөздің де мағынасы «қасқыр, бөрі». Осы тайпаның руларына тән адамдарды *чинос* деп атаған (Рашид-ад-дин. Сб. летописей, М., Л., Т.1, 1952, стр. 184).

Ыбырай (-ев, -ева). Бұл есімнің Ибраһим, Ибрагим, Ыбырай, Ыбраим формалары бар. Араб тіліне көне еврей тілінен *Ибрагим* формасында енген.

~ көне евр. *Авраам* «көптің әкесі», «ұлы әке» (Л.Щетинин, Имена и названия, Ростов, 1968, 172).

Ықсан (-ов, -ова). < ар. *ихсан* 1. жақсылық, қайырымдылық; 2. көркемдік, нұрлылық. Бұл есім тілімізге енгенде бастапқы тұлғасынан (ихсан) өзгеріп, Ықсан түрінде қабылданған. Яғни сөз басындағы жіңішке дауысты *и* орнына жуан дауысты *ы*, сөз ортасындағы дауыссыз *х* орнына қатаң *қ* дыбысы алмасқан.

Ілебай (-ев, -ева). Өзен атынан қойылған есім, ол есімнен алынған фамилия. Шығу тәркіні жағынан Іле атауы В.М.Иллич-Свитыч материалдарына қарағанда, жер жүзі тілдеріне – алтай, орал, картавел, дравид тобындағы тілдеріне ортақ, тән екендігін көреміз. Орал *jeba* «жарық, айқын, анық», ~ драв. *el(a)* «жарық, жарқыраған», картв./груз. *el* «жаркылдау» (найзағай жайлы), орал тобында: самодейск. *jela/jala*; ненец. *jela, jala*; «күн, жарық, сәуле». Алтай тілдері: монғ. жазба тілінде *ile*, қалмақ *ilə* «айқын, анық, нағыз», «жарық», «жарқыраған» (В.Иллич-Свитыч, 230).

Қазақ тіліне бұл сөз монғол қалмақ тілдерінен енген деген пікір бар. Алайда, бұл өзен атының қытай жазба ескерткіштерінде бұдан екі мың жыл бұрын бары, сол кезде *jla~ыла* тұлғасында айтылғаны жазылса, XI ғ. М.Қашқари сөздігінде де *Бла~Ила* тұлғаларында жазылған. Демек, бұл атау көне түркі тілдеріне тән, «өзен», «су» мәнін білдірген. Алматы облысы Райымбек ауданында Лабасы деген тау аты бар. Жергілікті халықтың айтуынша, бұл Іле басы деген

сөзден өзгеріп, *Лабасы* аталған дегенді айтады жергілікті жұрт.

Қазақ тілінде дыбыстық өзгеріске түскендіктен, ескі мағынасы ұмыт болған. Бұл көрсетілген дәлелдердің бәрі де топонимист Ғ.Қоңқашбаевтың бұдан көп уақыт бұрын айтқан *Ле* қалмақ сөзі мағынасы «жалтыраған» деген пікірін растамайды.

Ілияс (-ов, -ова). Оның *Ілияш* формасы да бар. Ондай *с/ш* дыбыс алмасуын *Алпамыс/Алпамыш*, *Манас/Манаш* сияқты есімдерден де көреміз.

~көне евр. *Илья* «құдай күші» (Л.Щетинин. Имена и названия. 1968, 188). Осы *Илья* есімінің *Ілияс*, *Ілияш* тұлғасына еніп, өзгеруі тіліміздің ішкі заңымен тікелей байланысты жайт.

ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЕСІМДЕР ТӨРКІНІ

Түркі тілдеріне тән тарихи жазба ескерткіштерде тарихи ономастика жайлы қыруар материал бола тұра күні бүгінге дейін оларды мұқият зерттеу мәселесі жете қарастырылмай келеді. Мәселен, «V–VIII ғғ. тән көне түркілердің жазба ескерткіштері» (дәстүрлі түрде айтылатын Орхон-Енисей ескерткіштері) және «Оғызнаме», «Құдатғу біліг» (XI ғ. тән Юсуп Баласағуни еңбегі), XI ғ. тән Махмұд Қашқаридың «Дивану-Луғат-ит турк» атты еңбегі, т.б.

Бұл аталған ескерткіштердегі ономастикалық атаулардың морфологиялық құрылымы, жасалу заңдылықтарын және лексикалық құрамын талдау – олардың әрбір дәуір мен қоғамдағы дамып, қалыптасу жайы мен шығу, пайда болу жолын, сондай-ақ тек-төркіндерін анықтау барысында ерекше маңызды рөл атқарар еді.

Түріктердің көне жазба ескерткіштерінің ең бастысы V–VIII ғғ. тән Орхон-Енисей жазбасы болып саналады. Теңдесі жоқ, өте құнды саналатын осы ескерткіште ономастика бойынша бай материал сақталған. Көне дәуірге тән сол атауларды мұқият зерттеу ономастолог-түркологтардың кезекті борышы екендігі сөзсіз. Біз бұл шағын зерттеуімізде ескерткіштегі негізгі де басты онимдерді көрсете отырып, олар туралы ғалымдар тарабынан айтылған пікірлерге сүйеніп, ол атаулардың мән-мағына, сыр-сипат, тек-төркіндерін мүмкіндігінше талдап, айқындауды мақсат етіп отырмыз. Зерттеу барысында ол көне атаулардың кейбірінің қазіргі қазақ тіліндегі атаулармен ұқсастығы, біздің заманымызға жетуі сөз болды. Орхон-Енисей жазу ескерткішін тарихи әрі лингвистикалық тұрғыдан зерттеу жайлы мәселе әлем ғалымдарының назарына бірден ілінген еді. Ескерткіштің мәтінін тадап оқу, оларды екінші тілге аудару, ескерткіш тілінің лексикалық құрамын айқындау, грамматикалық құрылымын зерттеу, сөйлемнің синтаксистік жүйелерін анықтау барысында В.В.Радлов, С.Е.Малов, И.А.Батманов, А.Н.Кононов, В.И.Насилов,

Ғ.Айдаров, А.Аманжолов сынды ғалымдар еңбектерінде баяндалғаны мәлім.

Ескерткіштегі кейбір есімдер жайлы түсініктер мен қызғылықты жорамалдар лингвистермен қатар тарихшылар тараптарынан да айтылды. Көне түркі ескерткіштеріндегі ономастика проблемалары тарихшы ғалымдар Н.Я.Бичурин, Г.Е.Грумм-Гржимайло, В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам және Л.Н.Гумилев еңбектерінен де көрініс тапты.

Аталмыш ескерткіштердегі атауларды топтап, жүйелеп, саралау барысында әсіресе кісі есімдерінің – антропонимдердің басым кездесетінін байқадық. Олардың құрылымдық жүйесі, құрамы, қолдану, жұмсалу аясы, қоғамдық-әлеуметтік қызметінің топоним, этнонимдерден әлдеқайда басым екендігі байқалды. Құрылымдық жүйесі мен құрамына қарай ескерткіштегі антропонимдер бірнеше топ құрайды. Олар: а) жалаң тұлғалы; ә) туынды тұлғалы; б) екі құрамды; в) күрделі құрамды.

1. Жалаң тұлғалы, яғни бір құрамды есімдер:

а) Анар, Эсин, Чур, Куч, Воқ (и) т.б.; ө) топонимдер: Кам (Енисей өзені), Орпан, Артис (Ертіс өзені), Агу, Салана (Селенгі өзені), Тама (жер аты), Мағы (жер аты), Урғы; б) этнонимдер: Аз, Оғуз, Түрк, Татабтар, Чік.

2. Туынды тұлғалы атаулар: а) кісі есімдері: Шұбыш, Макраш, Тұран, Құтлығ, Уграш, Тұграк т.б.; ә) географиялық атаулар: Тоғла, Өтікен, Көгмен, Болшу, Орпан; б) этнонимдер: Қарлұк, Тардуш, Танғұт, Төлас, Басмыл, Соглы, Табғач т.б.

3. Екі құрамды атаулар: а) кісі есімдері: Базқаған, Күл Тегін, Барс Бег, Куту Тұтык, Ал Туған, Алп Туран, Түзбай, Қарахан, Күні Тіріг, Күлүг Туған т.б.; ә) географиялық атаулар: Алтун йыш, Чуш Башы, Ыдук Баш, Темір Қапуғ, Көк Онуг, Қара Көл, Қадырқан Йыш, Тогу Балык, Беш Балык, Ак Термел т.б. б) этнонимдер: Қырқыз, Ұйғыр, Он ок, Токуз татар, Токуз оғуз, Уч оғуз, т.б.

4. Күрделі тұлғалы кісі есімдері: Ел Туған, Тұтык, Яш

Ак Баш, Учін Күліг Тіріг, Чочук Бөрі Санун, Урунчу Күліг
Ток Богу(т), Ынанчы Күлүг Чігші Бег, Түз Бай Куч, т.б

Топонимдер мен этнонимдердің жасалу жүйесінде бұл тәрізді күрделі тұлғалы құрылымдар кездеспейтінін көреміз. Жоғарыда көрсетіліп отырған екі құрамды және күрделі құрамды атаулар құрамдарындағы: улуғ, тутук, алп, тіріг, құлұғ, куч, тегін ынанчы, қаған, билге (белгі), бөрі, барс, катун (катын) компоненттердің нақтылы түркі сөздері екенін анық байқаймыз. Бұл сөздер көне түркі қоғамдық өмірінде әлеуметтік-экономикалық терминдер ретінде және шен, қызмет лауазымы мен атак-дәрежелерді білдіретін титул ретінде қолданылғанын байқаймыз. Оларды жіктеу, саралау, мағыналарын ашу барысында В.В.Радлов, С.Е.Малов, А.Н.Бернштам, Н.А.Баскаков, И.А.Батмановтар әр түрлі пікір айтты.

С.Е.Малов Кутлуг (құтғы), тіріг (тірі), күні (адал), алп (батыр), сол сияқты *тутук*, *бог*, *ел*, *чур*, *чигши*, *урунчу* сөздерін шен, лауазымды білдіретін тенеулер деп таниды [1, 81]. В.В. Радлов *қулуг* сөзін С.Е.Маловтан соң «атақты» деп оқыса, И.А.Батманов шор тіліндегі «дана», тува тіліндегі «жұрттан асқан» мәніндегі сөз деп оқиды. Ол *қан*, *бег*, *тегін*, *чур* сөздерін лауазым атаулары деп, ал *тутук* (ру басшысы), *саңун* (қолбасшы, генерал), *ынанчы*, *қатун* сөздерін (бәйбіше, ханша) мәнін білдіреді десе, бөрі, барс, билге сөздерін эпитет деп біледі. Бұл титулдар Орхон және Талас эпиграфияларында жиі ұшырайды. И.А.Батманов жоғарыда аталған титулдардың көбінің қазіргі түркі тілдерінде кездеспейтінін, себебі оларды тудырған қоғамдық қатынастың әлдеқашан өзгеруімен байланысты деп дұрыс түсіндірді [2, 93].

Алайда ономастикалық материалдарға зер сала қарасақ, жоғарыда көрсетілген атаулар компоненттеріндегі кейбір сөздердің қазіргі түркі тілдерінде сақталып отырғанын байқамасқа болмайды. Мәселен, казак, қырғыз, тува тілдеріндегі *бек* (аксүйек, бекзада, бастық) бастапқы мағынасында қолданылса, алтай тілінде *бий*, шор тілінде *нег* тұлғаларында бары белгілі. Қазак тілінде *хан*, қырғыз,

шор тілінде *кан*, тувада *хаан*, хакасша *хан*, алтай тілінде *каан*, казак тілінде *бай*, *барс*, *борі* сөздері бастапқы тұлғаларында айтылып қолданыс табауда.

Қазіргі түркі тілдеріндегі кісі аттары құрылысы мен жасалу сипатына қарай

көне түркі тіліндегі кісі аттарымен тым ұқсас та сәйкес келеді. Оған көне түркі тілдеріндегі кісі есімдерінің қазіргі түркі тілдерінде де сақталып, сәйкес келуі толық дәлел бола алады. Мысалы казакта *Ақбас*, тувада *Акбаш*, шорда *Акпаш*, осымен қатар *Сарыбас*, *Қарабас*, казакта *Бұқа*, тувада *Буга*, тува тілінде *Монке*, *Мәнгі*, *Тарған* (ұста), казак тілінде *Дархан*, *Тархан*, шор тілінде *Чарык* (*Сәуле*), казак тілінде *Жарық* сияқты есімдер бары белгілі. Осылармен қатар компоненттерінде бег, бек, бай, бөрі, позу сөздері бар кісі аттары да толық сақталып отыр. Оны қырғыз, казак тілдеріндегі Кушбек, Құсбек, Нұрбек; тув. Қарабай, Сарыбай, қырғ. Қарабай, Сарыбай, Саякбай, каз. Қарабай, Сарыбай; қырғ. Борубай, каз. Бөрібай сияқты есімдерден анық көреміз. Ал *ақ*, *қара*, *сары қоңыр* сияқты сөздер көне түркі және қазіргі түркі тілдерінде күрделі тұлғалы кісі есімдерін жасауда негізгі тірек сөз ретінде кеңінен кездесер құбылыс. Тек Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі кісі аттары ғана емес, V-VIII ғ. тән басқа да тарихи жазба ескерткіштеріндегі кісі есімдерінің қазіргі казак тіліндегі есімдермен сәйкес келуін жиі кездестіреміз. Мәселен, Бурихан – Шету ұлының титулы (576 ж), Қара Журун Турк, Күшікхан, (Кіші хан) Қапғанханның үлкен ұлының титулы, Кушрак, (құс), Пофа – Тоньюкуктың қызының аты (Бопа). Осы Бопа Үйсін Күн биінің қызының аты (б.д.д. I ғ.), Жәңгірханның қызының аты (XVIII ғ.), Кенесары ханның батыр қарындасының аты ретінде тарихтан белгілі. Бала кезімізде саятшылардың бүркітті сыйлап, еркелеткенде бопам, бопа дейтінін естуші едік. Соған қарағанда бопа «әдемі де сұлу құс не соның символы» болған сияқты.

Ескерткіште Естемі ханның титулы Бағадүр ябгу түрінде кездеседі. Бағадүр «батыр» сөзінің көне тұлғасы болса, *ябгу* «ханның орынбасары, вице-король» мәніндегі

титул ретінде қолданылған. Тіліміздегі Жабай (Жабаев), Жабатай, Жабайхан, сияқты есімдер сол *ябга*, *ябгу* титулдарының ғасырлар бойы айтыла келіп, дыбыстық өзгеріске түскен еді. Сөз басындағы көне /j/я дауыссызы түркі тілдеріндегі ж дыбысы басым келетін кыпшак топтағы тілдерде, соның ішінде қазақ тіліндегі ж дыбысына ауысқан, сөйтіп Жаба, Жабай тұлғалары қалыптасқан. Оның дыбыстық тұрғыдан өзгеру жайын қарастырсақ: Ябга > Ябгу > Жабға > Жабағ > Жабай > Жабайхан.

Қазіргі қазақ есімдері құрамындағы көне түркі тіліне тән Бөке (Бөкеев), Бүке (Бүкеев) тәрізді есім фамилиялардың сақталуы да аса қызықты жайт. Түркі хандарының көпшілігі ертеде Бөке титулын иемденген. Мәселен, Қара Чура хан кезінде Боке деген лақап есімге ие болса, Білге хан (Бильге-хан) да Боке, Қапағанның үлкен ұлы да Бөгү деген лақап атқа ие болған. Вогоқан, Воқо қаап деген хан есімдері де болған. Осы *bogo* сөзі көне түркі тілінде «дана, данышпан» деген мағынаны білдірген [3, 116]. Ал Бүке, Бүкеев сынды есім-фамилиялар көне түркі тілінде *bogo* тұлғасында айтылып, «батыр, күшті, палуан» деген дербес мағынаға ие болса, *bogo budras* ~ *boqa buqras* тәрізді кісі есімдері қолданылғанын көреміз [3, 116]. Қазіргі Таулы Алтай, өзбек, ұйғыр, түрік тілдерінде бұл *bogo* сөзі бөке, *boka*, *поко* тұлғаларында айтылып, «батыр, палуан» мағыналарында жұмсалатыны белгілі.

Көне түркілердің атакты хандары мен қоғам қайраткерлері Күлтегін, Құтлуғ, Тоньюкөк сынды есімдерінің құрамындағы күл, құт, көк, тоң сөздері қазіргі қазақ тілі сөздік қорында да бастапқы мағынасында өзгеріссіз жұмсалып келеді.

Түркітанушы В.Котвич *Kultagin* есімінің құрамындағы күл сезіне ерекше мән бере келіп, «термин *Kul-tagin* значит не *le glorieux prince*, как полагали до сих пор, а хранитель (или младшей из сыновей) золы очага в семье Кагана» деген пікір айтқан еді [4, 100].

Бұл жайттын, яғни күлді қасиет тұту, отбасын сыйлау, отқа табыну, кенже баланың үлкен үй ошағына ие болу, яғни

кара шаңырақ иесі, мираскор, мұрагер болу салты ерекше орын алған. Ол күні бүгінге дейін әулетті шаңырақта жүзеге асып келе жатқан жайт.

Қазақ тұрмысында Күлшашаров, Күлбай, Күлтелеев, Күленов, Күлкенов тәрізді есім-фамилиялардың сақталып келе жатуы осы жайтпен тығыз байланысты екені даусыз болса керек. Тоньюкок есімінің шығу төркіні туралы түрлі пікір бары белгілі. Бұрынғы ой-пікірлерге біздің қосарымыз, бұл есім екі сөзден бірігіп жасалған. Оның бірінші сыңары (компоненті) тон яки *тоң*, ал екінші сыңары *юкүк*.

Бірінші сыңардағы *тон/тоң* көптеген көне түркі тілдерінде бар сөз. Белгілі тарихи ескерткіштің бірі «Құдатғу білігте» *тоң* – «ұлы», «тон» жуақ «кең пейілді» [5, 100], *тоңа* – «ұлы», «күшті» [6, 151], *тона* алп «күшті алып» [7, 171]. Ал М.Қашқари сөздігінде Тоңахан, Тоңа тегін, Тоңа алп ер тәрізді кісі аттары жиі кездеседі.

XI ғ. түріктердің ұлы ханы Афросиабты Тоңа алп ер «жолбарыспен пара-пар күшті адам» деп атаған. Тіліміздегі *тоң мойын*, *тоң теріс*, якуттердегі *tunalai* «бірбет, тоңмойын адам» көне түркі тіліндегі *тон//тоң* сөзімен түбірлес те мағыналас тәрізді.

Бұл деректерге қарағанда, *тон*, *тоң* – «ұлы», «күшті», «зор» мағыналарында қолданылған лақап болса керек. Оның екінші сыңарында кездесетін *юкүк>күк>кок>кек* сөзі деп білеміз. Сонда Тоньюкүк – «Ұлы кек», «Ұлы тәңірі» деген мағынаны білдіретін лақап есім болуы мүмкін. Ертеде, ескі заманда көне түріктердің көкке табынып, аспанға сыйынғаны, көк тәңірді құдай санағаны белгілі. Сондықтан ханның данышпан ақылшысын көкке, аспан тәңіріне балауы ғажап емес.

Енисей дәуіріндегі ескерткіштерде және басқа да тарихи деректерде бір адам екі я үш ат иемденген. Мұның негізі – көне түріктердің қоғамдық, мемлекеттік құрылысы мен ішкі тарихи жағдаяттарымен байланысты сияқты. Көп реттерде түрік қайраткерлерінің есімдері олардың қоғамдық жағдайын, лауазымын көрсетіп отырған. Көне түрік тарихын сарыла зерттеген ғалым Л.Н.Гумилев бұл

жөнінде былайша жазады. «Бала кезінде шын ат иемденсе, жігіт кезінде - шен, ер болғанда титулмен аталған. Егер хан болса, онда титул тиісті мәртебелі атаумен ауыстырылған» [8, 90-91]. Бұл жөніндегі мейлінше мол материалды осы кітаптың қосымша бөліміндегі «Ономастикалық таблицадан» анық көреміз. Мысалы: Кушушын есімі, Сыгин (Йегин-жиен) – титул, Янды (Жеңді) – лақап ат, Арслан (Арыстан) – есім, Тапу-хан «патра» (қайыр-садақа жинайтын табақ) – лақап ат, Чулу//Чолиг-хан – титул, Джигат-шад (азамат, бек) – лақап ат, Ышбара Жабгу – Ышпара-хан – титул (атақты хан) [8, 463, 464, 467]. Бұл сияқты жайтты V–VIII ғ. тән көне түркі ескерткіштерінен молынан кездестіруге болады. Орхон ескерткіштерінде Шығыс қағанатының ханы Бумын-қаған деп аталады. Ол Ел-хан титулына 552 ж. жужандарды жеңгеннен соң ие болады, оған дейін Ябга аталған. Тардуштар Шады Гудулыұлы Могилян. Күлтегінге 716 ж. Бильге-хан деген титул беріп, таққа отырғызады. Кейіннен батылдығы мен батырлық, ержүректілігі үшін *Boge* (батыр) деген лақап есім тағады. «Билге-ханның ұлы Бильге-Құттылығ-хан империя тарапынан қолдау тапқаннан кейін Тенгир-хан деген титулға ие болады. Тардуш бектерінің басшысы Күлтегіннің замандасы болды. Ол 742 ж барлық шабуылға қатысып, орасан ерліктер көрсеткені үшін Ышбира бильге (зор данышпан) деген лақап есімге ие болады.

V–VIII ғғ. тән жазба ескерткіштердегі нақтылы материалдарға сүйене отырып, мынадай қорытынды пікір айтуға болады. Жазба ескерткіштерден басқа да деректерде көне түркі мемлекет қайтаркерлерінің титулдары, атақ-дәрежелері, лақап аттары ғана беріліп отырған. Мысалы: Тоньюкук, Бильге-хан, Қапаған-хан, Күлтегін, Иоллыг-тегін – бұлар, тегінде, олардың шын өз аттары емес, лақап аттар. Бұған жазба ескерткіш материалдарының өздері толық куә бола алады, Өйткені Қапаған-хан, Бильге-ханға титулдар мен лақаптар не себептен, қандай жағдайда берілгені нақтылы аталып отырады.

Енесей дәуіріне тән есімдердің лексика-семантикалық

тұрғыдан ғана емес, грамматикалық сипаты жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі жалқы есімдермен сәйкес, ұқсас келуі қазақ тілі тарихына, оның ішкі құрылысы мен даму жайына катысты жайттардың бетін ашып отыр. Абакан ескерткішіндегі Толаш деген есімнің түбірі Тола, ал *-ш* түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне тән еркелету жұрнағы.

-лық, луғ, мыш (Қучлуғ, Айдындық, Озмыш тәрізді кісі аттарында) қазіргі *-ды, -ты, -лы, -мыс* қосымшаларының көне формалары. Бұл сияқты көптеген сөз жасаушы қосымшалар V–VIII ғғ. көне түркі ескерткіштеріндегі) қазақ тіліндегі жалқы есімдер қосымшаларымен бірдей, ешбір айырмасы жоқ.

V–VIII ғғ. тән ескерткіштердегі көптеген сөз тудырушы қосымшалар (аффикстер) қазіргі тіліміздегі жалқы есімдердің нормативті аффикстерімен етене сәйкес. Есімше тұлғаның ған, ген қосымшалары көне ескерткіштегі кісі аттарын жасауда белсенді роль атқарған. Мысалы: Туған, Ал (Ел) Туған, Қапаған, Куч Кияған т.б. Бұл қосымшалар осы күнгі жалқы есімдерді жасауда да кеңінен жұмсалады. Мысалы: Қашаған, Қатаған, Туғанбай, Сұраған, т.б.

Антропонимдердегі лексика-семантикалық ұқсастықтан басқа бұл тәрізді грамматикалық формаларадағы ортақ жайлар да қазақ тілінің шығу тарихын айқындауға қатысы бар, құнды дерек.

Сонымен, V–VIII ғасырлардағы көне жазба ескерткіштер мен тарихи дерекнамалардағы тарихи ономастикондар сол дәуірлердегі түркілердің саяси-әлеуметтік, экономикалық-шаруашылық жайы мен қоғамдық құрылысын танып білуде қосымша материал болумен қатар, тілдік тұрғыдан айрықша құнды да бағалы материал болып саналады. Олардың көпшілігі лексикалық мағынасы, номинация (айтылым), уәжі, формасы мен жасалу тәсілі тұрғысынан қазіргі қазақ антропонимдерімен ұқсас, ортақ заңдылық пен этномәдени сипатқа ие.

Болашақ зерттеушілерге және оқушы қауымға пайдасы тиер деген ниетпен көне түркі ескерткіштері мен тарихи

деректердегі антропонимдердің тізбесін беріп, олардың қазіргі қазақ тілінде кездесетіндерімен салыстырып нұсқасын беруді жөн көрдік:

Көне түркі тілінде	Қазіргі қазақ тілінде
Айдынлық	Айдын, Айдынғали
Ақбаш	Ақбас
Алп, Алпар	Алпар (Алып ер) Алпаров
Аққұл	Аққұл
Алтун	Алтын, Алтынбай, Алтынбек
Алти	Алты+бай, Алтыбасар
Анар	Анар, Анаргүл
Апа Тархан	Тархан, Дархан, Дарханбай, Дәркенбай
Амрак	Әмрек
Арслан	Арыслан, Арыстан
Ачім	Әшім
Базкалан	Базыбек
Бай апа	Байтас, Байжан
Багадур	Баһадүр, Батыр
Барс баг	Барысбек
Бек	Бек, Бекжан, Бектай
Боке-хан	Бөке, Бөкеев, Бүке, Бүкеев
Бури-шад, Бури-хан	Бөрібай
Бұға, Буга	Бұқа, Бұқаев
Будун (халық)	Бодан Қонаев (оқытушы. 1928-1959. Алматы обл. Нарынкол ауд.)
Бөнгү Чүр	Мәңгі
Дулу-хан	Дулат, Дулатов
Еркин	Еркін

Жангар	Жангір, Жәңгір
Эр-бер-шад	Ербек
Иль-хан	Елхан, Әлхан
Иарук-тегин	Жарык
Ирбис-кан	Ілбісбек
Кабай	Қабай
Қара хан	Қарахан
Кулун-бек	Құлынбай, Құлыншак
Куни Тириг	Күнім
Кун Сенгун	Күн-Күнтуар, Күнай есімдерінің сынары ретінде кездеседі
Кутлуғ	Құттыбай
Кучук-хан	Күшті, Кішібек
Кушрак	Құсжан, Құсан
Куль-тегин	Бұл күл сөзі Күлшашаров, Күлтелеев, Күлкенов тәрізді фамилиялар құрамында сақталған
Мөнке	Мөңке
Орыз	Ораз (бақыт, ырыс)
Сұлу	Сұлу, Сұлухан
Тонг-шад	Салыстырыңыз: Таңқаров, Таңқаев
Тэнгри-хан	Тәңірберген
Торэмен	Төрехан, Төрөбек
Толяш билге	Төлеш
Туман	Түманбай, Түменбай, Томанов
Тузбай	Түзбай
Шугай	Шығай (кедей)

Шогур	Шоқыров
Шон	Шона
Эрен	Ерен

XI ғасырда жазылған Махмұд Қашқаридың еңбегіндегі қамтылған 98 антропонимнің ішінде 53-ке жуығы қазіргі қазақ антропонимдерімен сәйкес келіп отыр.

ЕСІМДЕР СЫРЫ

Абай – қазақ халқының ұлы ақыны Ибраһим Құнанбаевтың екінші аты. Абай есімінің мағынасы туралы әр түрлі пікір бар. М.Әуезов: «Абай – абайлағыш, байқағыш, ойшыл», – десе, Қазақ Совет энциклопедиясында: «Абайдың шын аты Ибраһим, кейіннен шешесі еркелетіп: «Абай» деп кеткен», – дейді. Біздің пікірімізше, есімнің бастапқы түбірі аба сөзі болса керек. Ол тува, татар тілінде абзыкай, алтай, хакас тілдерінде абака, якут тілінде абага түрлерінде айтылып, «аға», «ұлкен аға», «ата», «қария» мағыналарында жұмасалады. Демек, Абай «ұлкен аға», «ел ағасы» деген мағына білдірері даусыз.

Бұл есім – «бала ұлы ақын Абайдай болсын», – деген мақсатпен халық арасында жиі қолданылады.

Аббас, ар. Ислам дінін қабылдаудан бұрынғы арабтардың төл есімі. Мағынасы – қатал, қатыгез, жаугер. Фонетикалық түрлері – Ғаббас, Қаппас, Қапбас.

Абдолла, ар. Абд. – құл, олла – алла, алда, құдай, яғни “Алланың, құдайдың құлы”. Фонетикалық түрлері: Әбділдә Әбдилда, Әбілда, Әбдолла, Ғабдолла, Ғабділда, Қабдолда, Қабдол, Қабділда.

Абзал, ар. Афзэл – ардақты, аса қадірлі, ең құрметті.

Абиыр, ар. – абұйыр, абырой – ар, намыс.

Абыз, ар. – 1. Күшті, қорғаушы, сақтаушы. 2. Құранды жатқа айтушы, көп білетін, білімпаз, дана. 3. Жаңа мағынасы – ғалым, білімпаз, дана. Фонетикалық варианттары: Хафиз, Қапыз.

Абылай, тарихи есім, ар. – абыл/ /эбіл – ата, әке. Әбілмәмбет деген есімнің қысқарып, дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі.

Абылғазы, ар. – абыл+ғазы – жауынгер, әскер, яғни жауынгердің, әскердің басшысы, атасы.

Ағабек, қаз. – аға+бек. Жас жағынан немесе лауазым дәрежесі жағынан үлкен, жоғары+бек.

Ағанияз, қаз. аға+ир. нияз – өтініш, тілек, үміт, сый; ир. тарту.

Ағзам, ар. – зор, ең ұлы.

Ағын, қаз. – қатты қарқын, екпін.

Адай, к.т. бұл есімнің нақтылы шығу төркіні, мағынасы белгісіз. Бірақ көне түркі тілінде: 1) балапан; 2) бала, сәби деген мағыналары бар. Алайда бұл кісі аты о баста қазақ халқының белгілі тайпасы Адай атынан қойылған.

Адам, к.евр. – қызыл, жирен түсті ер адам (балшықтан жасалған кісі, пенде). Оған бай, бек, көздерін қосу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасалады: Адамбек, Адамбай.

Адриан, лат. – Адриден шыққан адам (ежелгі Италиядағы қала).

Адырбай, қаз. – адыр – биік, дөң, қыр+бай.

Ажарбек, қаз. ажар – әдемі шырай, көрік, келісті келбет + бек, яғни аса көрікті, келбетті, өте әдемі.

Азамат, ар. – 1) ұлылық; 2) даңқтылық; 3) саналы адам.

Азанбек, ар. азан мұсылмандарды таң азанда намаз оқуға шақыру + бек. Таң азанда туылған балаға берілген есім.

Азат, ир. – еркін, ерікті. Біріккен тұлғалы есімдер: Азатбек, Азатбай.

Ай, ай сөзі ерте заманнан халық санасында көркемдік пен сұлулықтың, тазалық пен пәктіктің, бақыт пен құттың символы болған. Әсіресе біріккен тұлғалы есімдер құрамында көп қолданыс тапқан. Ер есімдері құрамында «бақыт, сәт» мағынасын берген. Көне

түркі тілдеріндегі Айхан, Айбек, Айтұғды, Айтолды, Айтегин тәрізді есімдер осының дәлелі.

Айәділ, қаз. ай+ар. әділ. Ай сияқты таза, ақ, кіршіксіз адал болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айбар, қаз. – айбат, айбын. Бұл есім сәбиге айбатты, айбынды болсын деген мақсатпен қойылады. Сыйлап, құрметтеп айту түрлері: Айаға, Айеке.

Айбас, қаз. 1) ай сияқты ашық, жарқын жүзді адам; 2) айдың бас кезінде туған балаға әдетте осындай есім қойылған.

Айбат, қаз. – айбар, қаһар, айбын. Бұл есім сәбиге әрі батыр, айбынды болсын деген мақсатпен қойылады.

Айбек, қаз. – ай+бек, айдай берік, мықты әрі ғұмырлы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айберді, ай+берді, яғни аспаннан құдай берді.

Айбол, ай+бол – айдай айқын, ашық, жарық бол, айым бол, бақытым бол деген мағыналы есім.

Айболат, ай+болат//болады; яғни менің айым, бақытым болады.

Айбын, қаз. 1) айбар, айбат, батыл; 2) ұлылық, батырлық, ерлік.

Айғали, қаз. ай – ар. + ғали – биік, жоғары. Бала ай сияқты биікте, жоғарыда болсын, яғни әрдайым жоғары мұратқа ие болсын деген тілекпен қойылса керек.

Айдан, қаз. ай+дан – қосымша. Бұл есім бала айдан да жарық, көркем болсын деген тілекпен қойылған.

Айдар, қаз. 1. Балалардың төбесіне қойылған шашы. Қазақ арасында белгілі жас дәрежесіне жеткенге дейін балаға айдар, тұлым, кекіл қояды. Осылайша шаш қоюда белгілі бір қасиет бар деп түсінуден болса керек. Ал айдарлы сөзі «мықты, күшті, зор» деген мағынада қолданылады. Балаларға Кекіл, Кекілбай.

Тұлымқан, Тұлымбек, Айдарбек, Айдархан сияқты есімдер беріліп отырады. 2. Осы Айдар есімін арабтың Хайдар «арыстан» деген есімінің өзгерген түрі деген де пікір бар.

Айдаралы, қаз. айдар + ар. алы (арабтың гали сөзінің өзгерген түрі) кара: Айдарғали.

Айдарғали, айдар + ар. гали – биік, жоғары. Бұл есімнің бастапқы айтылу нұсқасы Хайдарғали болу керек. Оның бірінші сыңарын хайдар – «арыстан» деп білсек, екінші сыңары ар. ғали, эли. Сонда Хайдарғали – «арыстан Ғали», батыр Әли деген мағынаны білдіреді. Дыбыстық тұлғасы өзгеріп айтылып қолданылған түрі Айдаралы.

Айдархан, қаз. айдар, ар. хайдар + қаз. хан, яғни «арыстан, жаужүрек хан» деген мағынаны білдіреді.

Айдос, қаз. ай + тәж. дост. Айдың досы.

Айдын, қаз. 1) айбат, айбын, қаһар; 2) айқын, жарық, ашық. Біріккен тұлғалы есімдер: Айдынбек, Айдынғали.

Айдынғали, қаз. айдын + ар. ғали, яғни айбынды, айбатты Ғали.

Айжарқын, қаз. ай және жарқын сөздерінен жасалған, біріккен тұлғалы есім. Бала ай жарығындай болып шапағаты басқаға тисін, ақкөңіл болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айжарық, қаз. ай және жарық сөздерінен жасалған, біріккен тұлғалы есім. Бала ай жарығындай болып, шапағаты басқаға тисін деген тілекпен қойылған есім.

Айжас, қаз. ай және жас сөздерінен жасалған, біріккен тұлғалы есім. Өмірге жаңа келген сәбиге жаңа туған жас айға тенең қойылған есім.

Айзак, ағылш. Isaac, орыс. Исак, евр. Исаак.

Айзат, каз. ай+ир. зада – «бала» сөздерінен жасалған. Айдан жаралған, айтскті мәніндегі есім.

Айқын, каз. көпке әйгілі, белгілі, мәлім.

Аймаған, ар. Аймакамбет – Аймұхамбет есімдерінің қысқарған түрі; яғни Мұхамбеттің айы, сәулесі деген мағынаны білдіреді.

Аймағамбет, каз ай + ар. Мохаммад – мақтаулы. Аймакамбет, Аймұхамбет деп те айтыла береді. Қысқарта айтылған түрлері: Аймаат, Аймаш.

Аймак, каз. өлке, өңір, үлкен атырап: айнала, маңай, төңірек.

Аймаат, екі сөзден біріккен Аймағамбет деген есімнің қысқарған түрі.

Аймұрат, каз. ай+ар. морад – мақсат, тілек. Ай сияқты айқын, жарық тілегім, мақсатым деген тілекпен қойылған есім.

Айнабек, ир. айна + бек. Пәктіктің, тазалықтың, адалдық пен шынайылықтың бейнесі ретінде балаларға қойылатын есім. Жарыкбек, Жарыкбол есімдері мұнымен мәндес есімдер.

Айнан, ар. гайнан – шын, дұрыс, тура.

Айса, к.евр., ар. Ғайса – Алла құтқарады, Алла-ның шапағаты. Қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. тілдерде Иса түрінде де аталса, болгарларда Иусус, орыстарда Иисус, Христос.

Айсары, каз. ай+сары. Айдай анық мәніндегі есім.

Айсауыт, каз. ай және сауыт сөздерінен біріккен көне есім. Ай сияқты айқын, ай сияқты жарқырап мәңгі тұрсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

Айсүгір, ай және сүгір «әскер, жауынгер» сөздерінен жасалған көне есім. Ай сияқты мәңгі өмір сүретін мықты жауынгер болсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

Айтақын, ар. эйдь – «ораза мейрамы», акун – «өлең шығарушы, жыршы». Ертеде айт күні туған балаларға Айтбай, Айтжан, Айтбек тәрізді есімдер қойып отырған. Айтақын есімінің екінші сыңарындағы акын сөзі кісі аттары құрамындағы «бай», – бек» сөздері сияқты жалғана береді.

Айтан, қаз. ай+тан – таң сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген нұсқасы, яғни жарқыраған, жарық ай.

Айтас, қаз. ай+тас сөздерінен жасалған. Бала өмірі ай сияқты жарқын және тас сияқты мықты, берік болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айтбай, ар. эйдь + қаз. бай. Айт күні туған балаға өмірі той, мереке, қуанышка толы болсын деген тілекпен қойылған.

Айтемір, қаз. ай және темір сөздерінен жасалған есім. Бала айдағы темірдей мықты әрі берік болсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

Айтжан, ар. эйдь және тәж. джон сөздерінің бірігуі арқылы жасалған есім. Айтбай, Айтмұқамбет, Айтмағамбет тәрізді есімдердің еркелете айту түрі.

Айтқали, ар. эйдь – діни мейрам, ғали – жоғары, биік деген мағынаны білдіретін сөздерінен жасалған есім. Бала келешекте ең құрметті, жоғары мәртебелі болсын деген ұғымда қойылып отырған.

Айтуар, қаз ай және туар сөздері арқылы жасалған есім. Балаға ырыс, бақыт тілеумен байланысты қойылған есім.

Айтуған, 1) ай туған мезгілде дүниеге келген балаға осылай ат берілген; 2) айға сыйынып, айды ерекше құрмет тұтқан ата-ана тарапынан бала бақытты, ырысты болсын деп те осындай есім қойып отырған.

Айшуақ, ай сияқты сәулелі, жарық, көңілі жайдары ашық болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айшық, туған ай бейнесіндегі өрнек, сән.

Айымбет, Аймұхамбет, Аймағамбет тәрізді есімдердің ықшамдалған, қысқарған түрі.

Ақай, қаз. ақ және ай деген екі сөзден бірігіп жасалған есім. Ата-ана баласын айдай аппақ, таза, кіршіксіз, адал болсын деп армандап қойған есім.

Ақан, ир. Аһен – темір.

Ақат, ар. әхәд – бір, бірлік, жалғыз, жалқы. Тұңғыш балаға ертеде осылай есім берілгені байқалады.

Ақбай, қаз. ақ және бай сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы есім. Бұл есім бала адал, ақ ниетті, адал, таза және аққа /сүт, айран, қатық, қымыз, шұбатқа/ бай болсын деген мағынада қойылған.

Ақберді, қаз. ақ+ар. хәкк – сый, тарту+қаз. берді, яғни ағынан берді / Алла!. Еркелету түрі – Ақтай.

Ақболат, қаз ақ+ир. болат – құрыш. Бала саф құрыштай берік, мықты болсын деп қойылған есім.

Ақбота, бала аппақ бота сияқты әдемі, сүйкімді болсын деген мақсатпен қойылған есім.

Ақеділ, өзен атына байланысты қойылған есім. Мұндай есімдер әдетте бала өзен жағасында отырғанда тууымен байланысты қойылған.

Ақжан, қаз. адал, таза адам, ақ көңіл жан. Ақмұқан, Ақжол, Ақтайлақ сияқты есімдердің еркелете айту түрі.

Ақжарқын, ашық, жарқын жүзді, шат-шадыман. Бала ашық көңіл, жайдары, батыл, өжет болсын деп қойылған есім.

Ақжол, өмірге алған бағыты ашық айқын, жолы сара, таза деген мағынаны білдіреді.

Ақжігіт, қаз. Ақ және жігіт сөздері арқылы жасалған есім. Мықты, қайратты азамат деген мағынаны береді.

Ақкожа, қаз. ақ < ар. һәкк – таза, адал, әділ, болмаса ар. хақ – әкім, әмір + ар. хожа – ұстаз, дін үйретуші, қожайын, ие. Ақкожа – адал, әділ қожа, ұстаз.

Аққозы, қозы сияқты сүйкімді, әдемі, көркем болсын деп, қозыға балап қойылған есім.

Ақмұқамбет, ар. – адал, таза, әділ Мұхамбет.

Ақназар, есім құрамындағы ақ сөзі арабтың хақ «әкім, пайғамбар» деген сөзінің тіліміздегі өзгерген түрі. Назар ар. нәзәр: 1) қарау, көзқарас, көз салу; 2) ықылас, ілтипат. Демек бұл есім «алланың, пайғамбардың назары, ықыласы, ілтипаты» деген мағынаны білдіреді. Басқаша айтылып, қолданылу түрлері: Хакназар, Қакназар.

Ақпанбет, қаз. ақпан – февраль айы. Қыс айында туған балаға осындай ат қойылған.

Ақсұлтан, есім құрамындағы ақ арабтың хақ – әкім, әмір сөзінің тіліміздегі өзгерген нұсқасы. Ал сұлтан арабтың солтан – әкім, билеуші, мемлекет басшысы деген сөз.

Ақтай, қаз. Ақмұқамбет, Ақберді, Ақболат тәрізді есімдердің еркелетіп айту нұсқалары.

Ақтайлақ, қаз. ақ+тайлақ. Ежелден халық дәстүрінде балаларға Ақбота, Ақатан деген мал атаулары есім ретінде қойылып отырған.

Ақтаң, ертеде таң атып келе жатқанда туған балаға осындай есім берілген.

Ақтілек, бала бақытты болсын, ата-ананың ақ ниет, тілегі орындалсын деген мақсатпен қойылған есім.

Ақшора, қаз. ақ+шора – мырза, бек, шонжар. Бұл есімнің синонимдері – Ақмырза, Ақшурин.

Ақылбай, ар. ахл+қаз. бай. Ақылға бай деген мағынада. Еркелету тұлғалары: Ақылтай, Ақаш, Ақыш.

Ақылбек, ақылы көп, мол, ақылға берік болсын деген тілекпен қойылған есім.

Ақылжан, ар. ахл+ир. жан. Ақылды адам.

Ақын, ир. ақун – өлең шығарушы, жыршы. Біріккен тұлғалы есімдер – Оразақын, Әлақын, Нұрақын, Тұрдақын.

Ақынжан, бала ақын болсын, ақынжанды болсын деген тілекпен қойылған есім.

Ақырап, ар. ахраб – шаян. Қазан айына сәйкес зодиак белгісі. Сол айда туған балаға қойылған есім.

Алай, к.т. әскери полк, отряд, рота, батальон. Ертеде шағатай тілінде алайлап тұрмақ сөзі – флангамен тұру дегенді алай биік – бастық, ал түрік тілінде миралай – полковник дәрежесін білдірген.

Алау, шымқай қызыл түс.

Албат, ар. албат – түс, түрлі-түсті өң, түр. Бала көркем, әдемі, сұлу болсын деген тілекпен қойылған есім.

Алға, баланың келешегі зор болсын, өмірде алда жүрсін деген тілекпен берілген есім.

Алғатай, алғашқы, тұңғыш, бақытты бала мәніндегі есім.

Алғыр, өжет, ержүрек, батыл, жүректі.

Алдаберген, ар. олла-алла; қаз. берген, яғни құдай берген. Бұл есімнің синонимдері: Тәңірберген, Құдайберген.

Алдажар//Алдамжар, ар. Алланың, құдайдың досы.

Алдамұрат, ар. алла+мұрат. Алланың мұраты, тілегі.

Алдан, қаз. 1) бала ата-анаға алданыш, жұбаныш болсын деген тілекпен қойылған есім; 2) баланың алды, тұңғышы; 3) Алданазар деген толық есімнің еркелете айту түрі.

Алданазар, ар. алла+назар. Алланың, құдайдың ықыласы, назары түскен деген мағыналы есім.

Алдар, к.т. 1) халық ауыз әдебиетіндегі қу, айлакер /Алдар көсе есімі; 2) айлакер, ақылгөй, даңқты адам.

Алдаш, Алдаберген, Алдажар, Алдамұрат сияқты біріккен тұлғалы есімдердің еркелете айтқан түрі.

Алжанбай, алжан деген ру атынан қойылған есім.

Алмабай, алма сияқты әдемі, көрікті, ажарлы болсын деген тілекпен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер: Алмабек, Алмахан, Алманияз.

Алмас, ир. алмас – ең асыл, ең қымбат қатты тас. Бала батыл, өткір де өжет болсын деген тілекпен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер: Алмасбай, Алмасбек, Алмасхан.

Алпамыс, эпикалық көне есім; алып-мамыш сөздерінің бірігуінен жасалған есім. Алып – көне түркі, казак тілінде дәу, дөкей, зор+мамыш – батыр.

Алпар, к.т. алып – батыр, ар – ер сөзінің көне түркі тілдеріндегі жуан айтылуы. Яғни батыр адам, ер кісі.

Алпыс, ертеде баланың әкесі немесе шешесі 60 жасқа келгенде туған балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер: Алпысбай, Алпысбек.

Алтай, к.т. ал – биік, заңғар, тай < тағ – тау, яғни биік, заңғар тау. Алтай тауының атынан қойылған есімдер: Алтайбай, Алтайбек.

Алтынбек, қаз. алтын+бек. Бала алтындай сары, өте көрікті әрі өмірі берік болсын деп қойылған есім.

Алтынсары, қаз. алтын+сары. Бала алтындай қымбатты, қадірлі болсын деген тілекпен қойылған есім.

Алшынбай, қаз. алшын – ірі тайпа аты + бай. Этноантропоним.

Аман, ар. аман-сау, есен, саламат. Бұған бай, бек, ғали, тай, жол, дық сияқты сөздер мен қосымшалар қосылып: Аманбай, Аманбек, Аманғали, Амантай,

Амандық, Аманжол сияқты біріккен тұлғалы есімдер жасалған.

Аманболат, ар. аман + каз. болат > болады. Өмір жасы ұзақ, аман-сау болады мәнінде қойылған есім.

Амангелді, ар. аман – каз. келді. Бала дүниеге, өмірге аман-сау келіп, өлмей, тірі туды деген мағынамен қойылған есім. Қазіргі кезде бұл есім, азамат соғысының батыры, казак халқының ардагер ұлы, Амангелді Иманов есімі ретінде, оның құрметіне жиі қойылады.

Аманғали, ар. аман+ғали – биік, жоғары, зор, асқар, заңғар. Бала аман-есен, денсаулығы мықты болып, зор бақытқа, үлкен атақ - дәрежеге ие болғай деген мәнде қойылған есім.

Амандос, ар. аман + ир. дос. Аман-есен өсіп, досы көп болсын деген мәндегі есім.

Амандық, аман-саулық, есендік, сау-саламаттық.

Аманжан, ар. аман + ир. джон. Өмір жасы ұзақ, аман сау-саламат болсын деген мәндегі атау.

Аманжол, ар. аман + ир. жол. Өмірде жолы болып, бақытты өмір сүріп, сау-саламат жүрсін деген мәндегі есім.

Амантұр, ар. аман + каз. тұр. Аман-есен бол, ұзақ өмір сүр мәніндегі есім.

Анарбай, ир. анар – оңтүстікте өсетін, қызыл дәнді алма тектес жеміс. Бала анардай әрлі, нұрлы, көрікті болсын деп қойылған есім. Оның Анарбек, Анартай тұлғалары да бар.

Андас, ар. дос, жолдас.

Аңсаған, каз. сағынған, зарыққан. Бұл есім баласы болмай жүрген отбасының бала көргенде қойған есімі.

Аңсар, каз. сағынатын, зарығатын.

Аппақ, каз. аса ақ, аппақ, саф таза, кіршіксіз.

Арай, қаз. таң шапағы, шұғылалы сәуле.

Аралбай, қаз. Арал теңізі бойында туған балаға берілген есім.

Арбек, қаз. ар-ұяты күшті, намысы қатты деген мағыналы есім.

Арбол, қаз. Отанның, туыстың ар-намысы бол деген мағынадағы есім.

Ардан, қаз. Отанның, туыстың ар-намысына берік бол мәніндегі есім.

Аркат, қаз. күшті, мықты, зор бол деген мағынадағы есім.

Арман, ир. мақсат, тілек, мүдде. Еркелету тұлғасы: Арманжан, Армантай, Армаш.

Арсен, гр. Арсений – батыл, ержүрек.

Артур, ағылш-кельт. Күшті, мықты, зор.

Артық, қаз. бәрінен жоғары, құнды, қымбат, ерекше.

Артықбай, бәрінен де жоғары, ерекше бай адам.

Арын, қаз. – қарқын, екпін, жігер. Біріккен тұлғалы есімдер: Арынбай, Арынбек.

Арынғазы, қаз. арын + ар. газы – әскер, жауынгер. Батыл, жігерлі, қайратты жауынгер. Ғазы сөзі Иманғазы, Нұрғазы, Ерғазы, Серғазы, Жанғазы сияқты біріккен тұлғалы кісі аттарын жасауға қатысты сыңар сөз.

Арындық, қаз. қарқындылық, екпінділік, жігерлілік.

Арысбай, Арыс өзені атынан қойылған есім.

Арыстан, қаз. – есім батылдық пен батырлық бейнесі ретінде қойылады. Біріккен тұлғалы есімдер: Арыстанбек, Арыстанғали, Арыстанбай.

Асабай, қаз. – шектен асқан бай адам.

Асан, ар. хасан – сұлу, тым көркем, өте әдемі. Біріккен тұлғалы есімдер: Асанбай, Асанбек, Асанғали, Асанхан, Асанжан, Асангелді, Асанмұрат, Асанқожа, т.б.

Асқан, қаз. бәрінен артық, жоғары, артық.

Асқар, қаз 1) ен биік, сенгір тау, қарлы биік шын; 2) халықтың ең жоғарғы тірегі, сүйеніш белі. Біріккен тұлғалы есімдер: Асқарбек, Асқарбай, Асқарәлі, Асқаржан.

Астам, қаз – басқадан өктем, үстем, асқақ.

Асфандияр//Спандияр, ир. 1) қасиетті құдай сыйы; 2) иран халық геройының есімі; 3) иран жыл санауындағы ай аты.

Асхат, ар. асхад – ең бақытты, құтты, ырысы мол.

Асыл, ар. 1) негіз, түбір, ақиқат, нағыз; 2) ардақты, қымбатты, бағалы. Біріккен тұлғалы есімдер: Асылбек. Асылбай, Асылхан, Асылмұрат, Асылхожа, т.б.

Асылбай, ар. асыл + қаз. бай.

Асылбек, ар. асыл + қаз. бек.

Асылмұрат, ар. асыл + мұрат.

Ата, қаз. – бұл сөз ерте замандардан-ақ кісі аттарына қосылып, құрметті, қасиетті адамдарды қадірлеп, сыйлау мағынасында айтылған. Мысалы: Баба ата, Қаражан ата.

Атабай, қаз. үлкен, зор дәулетті, атақты бай.

Атабек, қаз. – тәрбиеші, ұстаз. XII-XVII ғғ. Орта Азия, Қазақстан, Әзербайжан, Грузиндер мен Армандарда балаларды тәрбиелеушіні осылай атаған, яғни басты, бектердің үлкені, ең басшысы.

Аталық, атаға тән, атанікі, аталық қамқор етуші. Басшы, ағалық.

Атамұрат, қаз. атаның мұраты, мақсаты.

Атанияз, қаз. ата + ир. нияз – өтініш, тілек, үміт,

сый, тарту. Бала ата тілегі, ата үмітін ақтасын деген тілекпен қойылған есім.

Атымтай, ар. хатим – өте жомарт, мырза. Бұл әлде Бәдәуидің және арабтың Тай деген тайпасының аты. Осы екі сөзден бірігіп Атымтай деген есім жасалған.

Ауғанбай, к.түрік ауған – құдай + бай.

Ахат, ар. әхәд – жалғыз, жалқы, бір.

Ахатолла, ар. – жалғыз құдай, бір құдай.

Ахмар, ар. қызыл.

Ахауи, ар. әхәуи – туысқан, бауыр, ағайын.

Ахмеди, ар. әхмәди – мұсылмандар.

Ахмедияр, ар. ар. Мактауға лайық ер, мұсылманның досы.

Ахмет, ар. әхмәд – мактаулы, мактауға лайық. Мұхамбеттің лақап аты. Біріккен тұлғалы есімдер: Ахметбай, Ахметбек, Ахметәлі, Ахметжан, Ахметғали.

Ахметсафа, ар. ахмад – мактаулы, мактауға лайық; сафа - таза, пәк, яғни «нағыз мактаулы, әбден мактауға лайық адам» деген мағынаны білдіреді.

Ахметолла, ар. мактаулы құдай, Алла.

Ахрам, ар. нағыз жомарт, ең мырза.

Аян, қаз. көпке белгілі, жұртқа мағлұм.

Ә

Әбді, ар. мәңгі, шексіз, өмір бақи.

Әбдібай, ар. ғабд + қаз. бай – байдың құлы, мырзаның құлы.

Әбдібақи, ар. ғабдан + бақи – мәңгі, мәңгілік жасаушы, ұзақ өмір сүруші пенде, адам.

Әбдібақыт, ар. ғабд + бахит – мәңгі бақыт.

Әбдібек, ар. ғабд + қаз. бек – бектің құлы.

Әбдіғазиз, ар. ғабд + ғазиз – қадірлі, қымбатты.

Әбдіғали, ар. ғабд + ғали, яғни Ғалидың құлы, пендесі.

Әбдіғаппар, ар. ғабд + ғаффар – кешіруші. Барлығын кешірушінің, жаратушының құлы.

Әбдіғожа, ар. ходжа – мырза, ие, үйретуші – қожаның құлы.

Әбдіжаппар, ар. джәббар – құдіретті, күшті /Алла/. Жаратушының құлы /Алланың/.

Әбдіжәміл, ар. ғабд + жамил – 1) сұлу, өте әдемі, сүйкімді, шырайлы; 2) шапағаттылық, ізгі, сыпайы, қайырымды. Қайырымдының, шапағаттының құлы.

Әбдуәли, ар. ғабд + уали – әкім, әмір, басқарушы, үкімет уәкілі, яғни әкімнің, әміршінің, басқарушының қызметкері, құлы.

Әбдікәрім, ар. ғабд + карим – 1) қолы ашық мырза, жомарт; 2) ақкөңіл, кең пейіл, сүйкімді, мейірімділіктің, жомарттылықтың, мырзалықтың құлы.

Әбдікадыр, ар. ғабд + кадир – күшті, құдіретті, қабілетті, икемді, тәсілқой, әр нәрсеге басымдылық, артықшылық, құдіреттің құлы.

Әбдіқайым, ар. ғабд + қаим – мәңгі өмір сүретін, өзгермейтін, мәңгілік – мәңгіліктің құлы.

Әбдіқайыр, ар. хаир – жақсы, мейірман, мейірімді. Мейірімді Алланың құлы.

Әбдіқасым, ар. ғабд + хасим – сұлу, әдемі. Әдеміліктің, сұлулықтың құлы.

Әбділдә, ар. ғабд + олла – алла. Абдолла есімінің өзгерген түрі. Алланың құлы. Синонимдері: Ғабдолла, Қабдолла, Қабдол, Ғабдол, Абдул.

Әбдіманап, ар. ғабд + манап – ақсүйек, асылзада, табынушы. Манаптың құлы.

Әбдімәжит, ар. мажит – атақты, даңқты. – Даңқты, атақтылардың құлы.

Әбдімәлік, ар. малик + патша. Патшаның құлы.

Әбдінасыр, ар. насыр – жәрдем беруші, жеңімпаз. Мәңгі жеңуші, жеңімпаздың құлы.

Әбдінұр, ар. мәңгі жайнап, жасарып тұрушы.

Әбдірақым, ар. рахим – қайырымды, мейірімді, рақымды; мейірімділіктің, рақымдының құлы. Қысқартып айтқан түрі – Әбдірақ.

Әбдірахман, ар. рахман – рақымды, мейірімді, кішіпейілді; мейірімділіктің, кішіпейілділіктің, яғни құдайдың, алланың құлы. Қысқартып, еркелетіп айту түрлері – Әбдірақ, Әбіш.

Әбдірашид, ар. рашид – саналы, ақылды, парасатты; ер, батыл, тура жолмен жүруге бағыттаушының құлы, қызметкері.

Әбдрәсіл, ар. расул – елші, уәкіл, хабаршы. Алланың хабаршысы, елшісінің құлы.

Әбдіразақ, ар. рәззақ – өмірге рызык берушінің құлы /Алланың/. Түрліше айтылу нұсқалары: Әбдіразақ, Әбдіразақ.

Әбдісалам, ар. сәлам – бейбітшілік, тыныштық, қауіпсіздік, амандық. Мәңгі тыныштықты, бейбітшілікті сүюшінің құлы. Синонимі: Әбсалам.

Әбдісамат, ар. самад – мәңгі, тұрақты, яғни мәңгі өмір сүруші; мәңгіліктің құлы. Синонимі: Әбсамат, Әбдусамат.

Әбдісаттар, ар. сәттар 1) панашы, қорғаушы; 2) кешіруші (құдайдың теңеуі). Яғни кешірушіліктің, кешірімпаздықтың құлы /Алланың/.

Әбдісақып, ар. – серік, жолдас, дос; кожа, ие.

Әбдісейіт, ар. сейидь 1) мырза, бастық, әкім; 2) құрметті, яғни мырзаның құлы /Алланың/.

Әбдіхалық, ар. хәлқ 1) жаратушы, жасаушы; 2) халық, жұрт, яғни халыққа, жұртқа, елге қызмет етуші.

Әбдіхамит, ар. хамид – мақтаулы, мақтауға лайық.

Әбдішүкір, ар. шокр – құрметтеушілік, сыйлаушылық, алғыс айту, мақтау, мадақтау.

Әбет, ар. кара: Әбді, Әбсаттар.

Әбу, ар. абу – әке.

Әбубәкір, ар. бикер 1) тұңғыш; 2) кіршіксіз пәк, таза. Яғни әкесінің тұңғышы. Синонимдері: Әубәкір, Аубәкір.

Әбуғали, ар. абу – әке + ғали биік, жоғары, зор ұлылықтың әкесі.

Әбуғалым, ар. ғалым – 1) оқымысты, ғұлама; 2) көп білетін білімді, білім атасы.

Әбунасыр, ар. наср – 1) жәрдем беруші; 2) жеңуші-жеңіс әкесі.

Әбусадық, ар. сәдик – дос, адал жолдас; таза, шыншыл; адалдық, тазалық, достықтың құлы.

Әбутәліп, ар. талиб – 1) талапкер, талаптанушы. білім іздеуші; 2) сұраушы; 3) студент.

Әбіл, арабтың әбу – әке деген мағынаны білдіретін сөзінің сөйлеу тілдегі айтылу формасы. Бұл сөз біріккен тұлғалы кісі аттарының сынары ретінде жиі кездеседі. Мыс: Әбілғазы, Әбілманап, Әбілтай, т.б.

Әбілғазиз, ар. ғазиз – 1) күшті; 2) сүйкімді, сыпайы. ізгі, кадірлі.

Әбілғазы, ар. дін жолында күресуші, жеңуші. жеңімпаз.

Әбілғожа, ар. әбіл (к) + хожа (қ).

Әбілқайым, ар. кәюм – мәңгілік өмір сүруші.

Әбілқайыр, ар. хаир – мәңгі жақсылық, рақымдылық пен ізгілік. – Ізгіліктің атасы.

Әбілпейіз, ар. фәйз – 1) толу, тасып төгілу, молшылық; 2) жомарттық, мырзалық, байлық; 3) жеңуші. жеңімпаз, кенпейіл.

Әбілхан, қаз. тұр. хан – ханның әкесі.

Әбілқасым, ар. хасим – бөліп беруші, асыраушы.

Әди, ар. ады – басшы, жетекші, қолбасшы, басқарушы.

Әділ, ар. ғадил – туралық, дұрыстық, ақиқаттық, шындық. Біріккен тұлғалы есімдер: Әділғазы, Әділбек, Әділбай, Әділхан, Әділжан, Жанәділ, Бекәділ, Нұрәділ, Жұмәділ, т.б.

Әділгерей, ар. ғадил – ир. герай – тілек, ықылас, бейімділік.

Әбілғазы, ар. ғадил – ғазы (қ.)

Әділжан, ар. ғадил – ир. джан, жан (қ.)

Әділхан, ар. ғадил – қаз. хан (қ.)

Әжібай, ар. хажы – Меккеге барып келген мұсылман. Ондай адамдар өз есімдеріне хажы сөзін қосып айтатын. Кейіннен бұл сөз біріккен тұлғалы кісі есімдерінің құрамында қолданылып, кейде қажы, әжі түрінде өзгеріске түсіп, жиі қолданыс тапқанын көреміз. Мыс: Әжібек, Қажымұрат.

Әзел, ар. азил – мәңгілік, өмірлік.

Әзербай, ир. азер – от + қаз. бай, яғни батыл, ержүрек адам.

Әзіз, ар. азизь – қадірлі, қымбатты, құрметті, сүйкімді, аяулы, бағалы. Біріккен тұлғалы есімдер: Әзізбай, Әзізбек, Әзізқан, Әзізжан. Әзізсейіт, т.б.

Әзілхан, к.т. азилу – мұрагерлік, рулық, тайпалық + хан.

Әзім, ар. азимь – 1) ұлы, зор, үлкен; 2) күшті, қайрат, қуат, күдірет. Біріккен тұлғалы есімдер: Әзімбай, Әзімжан, Әзімхан.

Әкпар, ар. акбар – ұлы, өте үлкен, зор, құрметті.

Әкрам, ар. экремь – құрметті, сыйлы, мархабатты, мейірімді, нағыз мырза. Біріккен тұлғалы есімдер: Әкрамбай, Әкрамбек.

Әкім, ар. хахим – дана, данышпан, кеменгер. Бі-

ріккен тұлғалы есімдер: Әкімбай, Әкімбек, Әкімжан, Әкімтай, Әкімхан.

Әлғазы, ар. алғазун – жауынгер, шерік, қосын, кол.

Әли, ар. ғали – биік, аса, зор, заңғар. Мұхамбеттен кейінгі төртінші халифтың аты. Біріккен тұлғалы есімдер: Әлиасқар, Әлиакпар, Әлиахмет. Синонимдері: Ғали, Қали, Әлі, Алы.

Әлиайдар, ар. ғали – хайдәр – арыстан, яғни арыстандай күшті, қайратты Әли.

Әлиакпар, ар. ғали – акпар (к.), яғни үлкен, зор Әли.

Әлиасқар, ар. ғали + асқар. Күдіретті Әли.

Әлихан, ар. ғали + хан.

Әлкей, Әлмұхамбет, Әлиайдар, Әлмұса сияқты есімдерді қысқартып айту түрі.

Әлнұр, ар. ғали + нұр – көркі, ажары артық, әдемі деген мағынаны білдіреді.

Әліби, ар. ғали + қаз. би. Жоғары мәртебелі би деген мағыналы есім.

Әлім, ар. ғалым – 1) білімді, білгір, дана; 2) оқымысты, ғалым. Синонимі: Ғалым. Біріккен тұлғалы есімдер: Әлімбай, Әлімжан, Әлімхан, т.б.

Әлішер, ар. ғали + ир. шер – арыстан.

Әмет, ар. мерзім, шек

Әмин, ар. 1) сенімді, адал; 2) қауіпсіз, сәтті.

Әмір, ар. – 1) бастық, әкім, билеуші; 2) нұсқау, жарлық, бұйрық. Біріккен тұлғалы есімдер: Әмірбай, Әмірбек, Әміржан, Әміртай, Әмірәлі.

Әмірбек, к.т. – дос, сүйікті жолдас.

Әнапия, ар. тіліндегі неби – пайғамбар сөзінің көпше түрі. Синонимі: Қанапия, Ханафия.

Әнес, ар. анис – дос.

Әнуар, арабтың нұр сөзінің көпше түрі. Мағынасы:

«нұрлы, ең жақсы, жарық, жарқыраған». Біріккен тұлғалы есімдер: Әнуарбек.

Әпсалам, ар. ғәфф + салам – құтқарушының құлы. Варианты – Әбсалам, Әбусалам.

Әпсамат, ар. ғәфф + сәмәд – ізгілікті мәнгілік.

Әріп, ар. эриб – 1) қабілетті, түсінгіш, білгіш; 2) дана, данышпан. Біріккен тұлғалы есімдер: Әріпбай, Әріпжан.

Әсер, ар. асир – 1) ерекше ықпал; 2) ырық; 3) ескерткіш, із, белгі.

Әсет, ар. асад – 1) арыстан; 2) жылдың бесінші айына тән зодиак белгісі. Синонимдері: Арыстан, Хайдар, Шер.

Әсетолла, ар. Алланың арыстаны, қорғанышы.

Әскер, ар. гаскәр – армия, жауынгер. Халықтық варианты: Әшкер, Ләшкер, Әскербек.

Әуез, ар. ауаз – дауыс, дыбыс, үн. Біріккен тұлғалы есімдер: Әуезбай, Әуезбек.

Әуел, ар. ауел – алғашқы, бастапқы, бірінші. Біріккен тұлғалы есімдер: Әуелбай, Әуелбек, Әуелхан.

Әшекей, қаз. әдемі ою-өрнек, нақыс.

Әшім, ар. – қадірлі, құрметті. Біріккен тұлғалы есімдер: Әшімбай, Әшімхан, Әшімжан, Әшімәлі.

Әшір, ар. ғашир – 1) оныншы; 2) мукарам айының оныншы күні туған бала. Біріккен тұлғалы есімдер: Әшірбай, Әшірбек, Әшірәлі.

Б

Баба, ир. бобо – арғы ата, дада. Орта Азия халықтарының көбі балаға – Баба, Бабажан, Бабағали, Бабанияз, Бабақан сияқты есімдерді қояды. Орта ғасырда дәруіштердің топ бастықтарын бобо “папа” деп атағаны мәлім. Бұл сөз Рим папасы титулымен түбірлес, тектес, мағынасы: қасиетті әке. Сондай-ак

казак тарихында да Арыстанбаб, Қамбар баб сияқты тарихи есімдер бар. Біріккен тұлғалы есімдер: Бабажан, Бабағали, Бабахан, Бабанияз.

Бабағали, ар. бобо – ар. ғали, яғни Ғали ата.

Бабағожа, ир. бобо – ар. ғожа/ /хожа, яғни үлкен қожа.

Бабажан, ир. бобо + жан; атаның сүйікті жаны, адамы.

Бабақан, ир. бобо + қаз. қан (хан), яғни үлкен ата, хан.

Бабанияз, ар. бобо + нияз – 1) өтініш, тілек; 2) үміт, сый, тарту. Бабаның, атаның тілек, өтініші бойынша дүниеге келген бала д.м. есім. Еркелете қысқартып айту тұлғалары: Бабатай, Бабаш

Бабас, аз. бабасы – атай, үлкен

Бағашар, ар. бәхт + қаз. ашар, яғни бағы ашылған, құт конған, ырысы бар.

Бағдат, ир. бағ (баг) құдай + дад – сый, сыйлық; 1) құдай берген, сыйға тартқан бала деген ұғымдағы есім; 2) Ирактағы ірі қала аты.

Бағыбай, ар. бәхт + қаз. бай – құтқа кенде, бақытты адам деген мағыналы есім.

Бағыбек, бағы, ырыс, құты берік деген мағыналы есім.

Бағлан, қаз. 1) ерте туып, жетілген қозы; 2) ауыс. жайнаған жас.

Бадамбай, ир. бадам – оңтүстікте өсетін жеміс ағашы, соның жемісі.

Бадыр, Бахадур деген есімнің дыбыстық өзгеріске ұшырап, қысқарған түрі.

Базан, ар. бассейн, су алабы.

Базар, ир. мейрам, базар күні, сауда-саттық орны. Халық арасында бұған байланысты аттар көп кездеседі. Ол балалы отбасы болуды қалаудан туса

керек. Осыған орай «Балалы үй базар» деген мақал кеңінен тараған. Сондықтан да ел арасында Базарбай, Базарқан, Базарбек, Базаралы, Базарқұл, Базарғали деген ер бала есімдері көп қойылады.

Базаралы, ир. базар+ар. ғали /әлі/. Өмірі тамаша, қызыққа бай, мол болсын деген тілекпен қойылған есім.

Базарбай, ир. базар + қаз. бай. Өмірі қуаныш пен қызыққа бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Базаралы, өмірі тамашаға, қызыққа бай, мол болсын деген тілекпен қойылған есім. Синонимі: Базарғали.

Базыл, ар., ир. Фазыл есімінің дыбыстық тұрғыдан өзгеріп айтылуы. Қар: Фазыл.

Бай, қаз. Бұл сөз түркі халықтары тілінде малдүниесі мол, ауқатты, әлді адам деген мағынаны білдіреді.

Байарыстан, арыстан сияқты батыл, ержүректі балаға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байахмет, қаз. бай + ар. ахмет – мақтауға лайық бай.

Байбақты, дүниеге, өмірге бай адам, ер бала келеді деп күтті, үміттенді деген мағыналы есім.

Байбарыс, бұл түрікмен, татар, қазақ, қырғыз тілдеріндегі ескі есім. Барыс ертедегі түркілердің жыл санауындағы үшінші жыл аты, сол жылы туған балаға осындай ат қойып отырған.

Байбатыр, қаз. әрі бай, әрі батыр немесе елде батыр көп болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байбек, бала мықты, бай болсын деген тілекпен қойылған.

Байбол, бала ауқатты, бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байболат, бала ауқатты, бай болады деген тілекпен қойылған есім.

Байболды, бұндай есім әдетте көп балалы үйдің баласына қойылып отырған.

Байбосын//Байболсын, бала дәулетті, күйлі-қуатты бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байбөрі, қаз. бай + бөрі. Ерте кезде түркі халықтарының сыйынып, қадір тұтқан жабайы аңның бірі бөрі, қасқыр болған. Оны күшті, қырағы санаған. Сондықтан да балаларына Байбөрі, Қасқырбай деген аттар берген.

Байгелді, қаз. – өмірге бақытты, күшті, ауқатты адам келді мәніндегі есім.

Байгенже, қаз. бай + кенже – кіші бала. Үйдегі балалардың ең кішісі. Синонимі: Кенжебай, Кенжетай.

Байғазы, қаз. бай + ар. ғазы – дін жолында күресуші.

Байғали, қаз. бай + ар. гали – биік, жоғары, зор асқар. Өте бай адам деген мағынаны білдіреді.

Байғанат, қаз. бай + қанат, яғни сүйенері, тірегі көп, туысы мол деген мағынаны білдіретін есім.

Байғани, қаз. бай + ар. гани – дәулетті, ауқатты, яғни бай адам.

Байғара, қаз. бай + қара. Ауысп. Ірі, зор, яғни ірі, зор адам.

Байғожа, бай + ир. ходжа 1) бас, басшы, бастық; 2) ұстаз, тәрбиеші, дін иелері.

Байғұт, қаз. бай + құт, бақыт, яғни бақытты бай адам.

Байдар, байлықтың қожасы, иесі.

Байдәулет, дүниеге, байлыққа кен. бақытқа бай деген мағынадағы есім.

Байдос, қаз. бай + ир. дост – досы көп болсын деген мәндегі есім.

Байділда, қаз. бай + ар. дилла – алтын, алтын ақша, яғни алтынға, алтын ақшаға бай болсын деп қойылған есім. Еркелете қысқартып айту тұлғасы – Байдаш.

Байжан, қаз. бай + жан ир. джон – үйде бала көп болсын, адам саны көбейсін, өсе берсін деген тілекпен қойылған есім. Синонимі – Жанбай.

Байжанбай, қаз. бай + ир. жан + қаз. бай. Жанға, адамға, бай, болсын, баланың туған-туыстары жолдастары көп, болсын, бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байжарас, байлығы жарассын деген мағыналы есім. Синонимі – Жарасбай.

Байжол, біріншіден, өмір жасы, өмір жолы ұзақ болсын деген тілекпен қойса, екіншіден, жол-жора, әдет-ғұрыпты көп білсін дегенді аңғартады.

Байжігіт, бала мал-дүниесі, дәулеті көп, бай азамат болсын деген тілекпен бірге, ол нағыз жігіт болсын деген мағынаны білдіреді.

Байзақ, Байұзақ деген есімнің дыбыстық тұрғыда өзгерген түрі. Баланың жасы ұзақ болып, көп жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Байкен, қаз. Баймұхамбет, Байдәулет сияқты есімдердің қысқарған әрі еркелете айтылған түрі.

Байқоңыр, қаз. Байқоңыр деген жерде туған балаға қойылған есім.

Байқошқар, қаз. Бұл есім отбасында ер бала көп болсын деген тілекпен қойылған. Синонимі – Қошқарбай.

Байқұт, мол ырыс, бақыт. Бала ырысты, бақытты болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байқұтты, бақытты бай деген мағынаны білдіретін есім. Синонимі – Құттыбай.

Байлы, бақытты, ауқатты, дәулетті.

Баймағамбет, қаз. бай + махамбет < ар. Мухаммад-атақты, даңқты, атағы жайылған.

Баймади, қаз. бай + ар. мадди-мадит – ұзақ, ұзын. Бала жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Баймахан, Баймақамбет, Баймұхамбет, Баймағамбет есімдерінің қысқарған түрі. Синонимі – Баймұқан.

Байман, қаз. бай – тәж нем. ман – адам, кісі, яғни бай адам, дәулетті кісі. Түрлері: Баймен, Бәймен.

Баймұрат, қаз. бай + ар. Мұрад-мақсат. Мақсат-мұратына жеткен, әлді, ауқатты бай. Синонимі – Мұратбай.

Баймат, Баймұхамбет, Баймұрат, Баймұқан тәрізді есімдердің қысқарта айтылған түрі.

Баймолда, қаз. бай + ир. молла – дін қызметкері, оқытушы, ұстаз, оқымысты. Бала білімге кен, ұстаз, оқымысты болсын деген тілекпен қойылған есім. Синонимі – Молдабай.

Баймырза, қаз. бай + ар.ир. мырза – 1) бектің баласы, ақсүйек тұқымы; 2) ауысп. Қолы ашық мырза, жомарт. Синонимі – Мырзабай.

Байназар, қаз. бай + ар. назар – ықылас, іңкәр, көз-қарас. Құдайдың назары түскен, құдай жарылқаған бай адам болсын деген тілекпен қойылғаны байқалды.

Байнұр, қаз. бай + ар. нур – нұры жанған, бағы асқан адам болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байсал, қаз. сабырлылық, тыныштық, табандылық.

Байсан, біріккен тұлғалы есім. Есебі жоқ, қисапсыз, сансыз бай. Синонимі – Мыңбай.

Байсары, қаз. бай + сары. Синонимі – Сарыбай.

Байсерке, бай + серке. Синонимі – Серкебай.

Байсұлтан, қаз. бай + ар. сұлтан. Билік жүргізуші деген мағынаны білдіреді. Синонимі – Сұлтанбай.

Байтақ, – 1) ұшы-қиыры жоқ кең, шексіз; 2) шамадан тыс көп, өте мол.

Байтас, адам өміріндегі бақыт пен байлық тастай берік, мықты болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байтемір, баланың өміріндегі байлығы мен бақыты темірдей мықты болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байту, бала бай боп туды, өмірге бай боп келді деген мағынада қойылған есім.

Байтуғай, бала бақытты, өмірі бай боп туса екен деген тілекпен қойылған есім.

Байтұр, бақытты өмір сүр, өмірінде молшылық, береке болсын деген тілекпен қойылған есім.

Байшы, байышы, бай бол деген мағынаны білдіреді.

Байыр, бай болар, бақытты болар деген мағынаны білдіретін есім.

Байызбай, ар. фаиз – молшылық, жомарттық. Тіліміздегі Жомартбай, Мырзабай есімдерімен мәндес.

Бақай, ар. бахи – қатты, тұрақты, мәңгі.

Баққожа, ар. бахт – бақыт, құт, ырыс + ар. ходжа – ұстаз, мырза қожайын. Бақытты ұстаз, ырысы асқан мырза.

Бақи, ар. мәңгілік, адал, тұрақты.

Бақталап, ар. бахи + қаз. талап. Бағы асқан талапты, талант иесі болсын деген тілекпен қойылған есім.

Бақтарай, ар. бәхт + қаз. арай. Бақыты жанған, жайнаған деген мағыналы есім.

Бақтияр, ир. – бақытты, құтты.

Бақтыбай, ар. – бақытқа бай, бақытты.

Бақытжан, ар. бәхт + ир. жон. Бақытты жан, бағы асқан адам.

Бақытжар, ар. бәхт + қаз. жар – дос, бақыты жолдас болсын деген тілекпен қойылған есім.

Бақытқали (қараңыз: Оразалы).

Бақыткелді (қараңыз: Оразкелді).

Бақытбек (қараңыз: Оразбек).

Балабай, бала + бай. Баласы көп болсын деген тілекпен қойылған есім.

Балақай, бала сөзінің еркелетіп айту түрі.

Балахмет, ар. бала – 1) жүрек, жан, ес, ой, зейін; 2) қанат, қол + ахмет. Ата-ананың сүйеніші, қанаты, тірегі.

Балғабек, балға + бек, бала балғадай мықты, берік болсын деген тілекпен қойылған есім.

Балғожа, ар. бал – жүрек + қожа, жүректің әміршісі деген мағынаны білдіреді.

Балқы, – елжіреу, насаттану. Біріккен тұлғалы түрі – Балқыбек.

Балмұқан, ар. бал + ар. мұқан – қызмет етуші. Адал жүрегімен қызмет етуші.

Балта, бала еткір, қайтпас-қайсар батыл, мықты болсын деген ниетпен қойылған. Біріккен тұлғалы есімдер – Балтабай, Балтабек. Еркелете қысқартып айтылған түрі – Балташ.

Балуанғали, ир. пахлеван – батыр, ер, күрескер, палуан + ар. ғали – жоғары биік. Ең мықты күрескер, батыр деген мағынаны білдіреді.

Бапа, ар. уәфа - 1) дұрыстық, адалдық; 2) толықтық; 3) сөзде тұру, уәдені орындау.

Барат, ар. бара – босаған, тыныс алған.

Барак, ар. бәррақ – баррақ – жарқыраған, құбылған.

Баржақсы, барлығы ойдағыдай, көңілдегідей деген мағынаны білдіреді.

Бари, ар. бари – жаратушы.

Барлас, моңғ. батыр, атақты жерден шыққан адам.

Барлыбай, қаз. бар – үлкен, зор + қосымша лы + бай; дәулетті, бай адам.

Барыс, қаз.– 1) жолбарыс тұқымдас жыртқыш аң; 2) он екі мүшел жыл атының үшінші аты.

Басар, өлген баланың орнын басар, жасы ұзақ болар деген үміт, тілекпен қойылған есім.

Басқан, баласы өлгеннен кейін туған балаға осындай ат қойылған.

Бастаубай, бастау + бай, бастаудай мөп-мөлдiр, таза адам боп өссiн деген тілекпен қойылған есім.

Басым, күші, білімі баскадан артық, мол, басым болсын деп қойылған есім.

Батгал, ир. батгол – батыл, өткір, өжет.

Батталхан, ир. баттол + к.т. хан – өткір, өжет, батылхан.

Батыр, қаз. қаһарман, батыл, ержүрек.

Батыралы, батыр + ар. алы < ғали сөзінің жуан айтылуы, яғни батыр Ғали (Әли).

Батырбек, батыр + бек, мықты, күшті батыр. Синонимі – Бекбатыр.

Батырқан, қаз. моңғ. батыр + хан, әрі батыр, әрі хан болсын деген тілекпен қойылған көне есім.

Батырлан, өжеттену, ержүректене түсу.

Батырша, қаз. моңғ. батыр + ир. ша < шах сөзінің қысқарған түрі. Батыр шах деген мағынаны білдіреді.

Баубек, өмір жасы ұзақ, өмірлі болсын, табанды жігіт болсын деген тілекпен қойылған есім. Синонимі– Бекбау.

Бауыржан, ағайынға, туған-туысқа жан-тәнімен берілсін, жанындай жақсы көрсін, бауырмал болсын деген тілекпен қойылған есім.

Баязит, ар. Абуязид есімінің өзгерген түрі. Абуязид – Язидтің әкесі деген мағынаны білдіреді. Ал Язид сөзінің тура мағынасы – ерекше, айрықша асқан.

Баян, ар. – анық, ашық. Алаңсыз, бақытты деген мағынаны білдіреді.

Баянды, тұрақты, табанды.

Баят, ар. – хак, ақшыл түсті.

Бәкір, ар. – зерттеуші.

Бәшір, ар. – қуанышты хабар жеткізуші, хабаршы, жаршы.

Бегеш, көне түркі, ескі қазақ тілінде вегаш – хан ұлы деген мағынада айтылған.

Беделбай, данққа, атаққа, абыройға бай деген мағынаны береді.

Беделбек, беделі, абырой-атағы, мықты, зор.

Бейбіт, ир. – бейбітшілік, тыныштық, татулық. Синонимі – Тынышбек, Тиышбек.

Бейбітжан, ир. – бейбіт + жан, тыныштықты, татулықты сүйетін адам.

Бейқан, аз. тұр. бей сөзі қазіргі бек сөзінің варианты + қан (хан), демек, есімнің мағынасы – мықты дегенді білдіреді.

Бейкүт, ир. – тыныш, бейбіт.

Бейсенбі, ир. тәж – бей + шамбэ – күн, календарь бойынша аптаның төртінші күні, сол күні туылған балаға осындай ат беріліп отырған. Күрделі тұлғалы есімдер – Бейсеналы, Бейсенбай, Бейсенбек, Бейсенғали. Еркелете қысқартылып айтылатын түрі – Бейсен.

Бейімбет, Бимұхамбет деген есімнің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі. Біріккен тұлғалы есімдер құрамындағы бей – би – бек сөздері түркі тілдерінде “кінәз, әкім, төре” мағыналарында қолданылады.

Бейіс, ир. бахшт – ұжмақ. Біріккен тұлғалы есімдер – Бейісәлі, Бейісбай, Бейісқали.

Бегайдар, қаз. бек – мықты, күшті, айдар – 1) балалардың төбесіне қойылатын бір шоқ шаш; 2) ар. Айдар – арабтың хайдар – арыстан деген сөзінің өзгерген түрі.

Бекбай, бек+бай, мықты, зор, бай. Бекбатыр, бек+батыр. Мықты, күшті батыр деген мағынаны білдіреді.

Бекберген, бек + берген. Өмір жасын ұзақ етіп берген деген мағынаны білдіреді.

Бекбол, баланың өмір жасы ұзақ болсын, мықты болсын деген мағынаны білдіреді.

Бекболат, бек + болат. Бала мықты болады, болаттай берік, өмір жасы ұзақ болып, көп жасайды деген тілекпен қойылған. Еркелете қысқартып айту түрлері - Бекен, Бекет.

Бекдайыр, қаз. бек + ар. дайр – дайра. Ауданның, аймақтың әкімі, басшысы.

Бекежан, қаз. Беке + тәж. жан. Адам жанының патшасы деген мағынаны білдіреді.

Бекей, бекем бол, мықты бол.

Бекембай, бекем – мықты, берік + бай. Мықты, күшті адам.

Бекеш, түр. – Бегеш//Бекіш – хан ұлы. Сондай-ақ

Бекембай, Бекмырза, Бекқали сияқты есімдердің еркелете қысқартып айтылған түрі.

Бекжан, қаз. бек + тәж, жан. Мықты, берік, қайратты адам.

Бекжасар, бала ұзақ өмір сүрсін, көп жасасын деген тілекпен қойылған есім. Синонимі – Көпжасар.

Бекжігіт, мықты, күшті, берік жігіт, азамат.

Бекзат, бек. – ир. зат < зада – бектің ұлы, бектен туған перзент.

Беккелді, өмірге берік, мықты боп келді деген мағынаны білдіреді.

Бекқали, қаз. бек + ар. ғали, мықты, күшті.

Беклан, бек – берік, бекім + қосымша лан, мықты, бекем.

Бекмұхамбет, қаз. бек – күшті + ар. мұхамед. Күшті Мұхамед. Фонетикалық өзгерген түрі – Беймахан, Бекмақан. Еркелете қысқартып айтылатын түрлері – Бектай, Бекен, Бекеш, Бекіш

Бекмұрат, қаз. бек + ар. мұрат-тілек, мақсат, мұраты, ойлаған арман-тілегі зор деген мағынада.

Бекназар, қаз. бек + ар. нәзәр – көзқарас, назары қатты түскен деген мағынаны білдіреді.

Бекнар, бек – өте, әсіре + ир. нар тіршілік күшті, қуат.

Бекнияз, қаз. бек – күшті, + ир. ниязь – 1) өтініш, тілек; 2) үміт; 3) сый, тарту.

Бексейіт, бек – күшті, мықты + ар. сейдь – 1) мырза, бастық, әкім; 2) құрметті, қадірлі.

Бексұлтан, қаз. бек + ар. сұлтан – билеуші әкім. Синонимі – Сұлтанбек.

Бектемір, бала темірдей мықты, берік болсын деген тілекпен қойылған есім.

Бектеміс, бекте – бекіту, мықты ұстау. Бұл Бектұрған деген есімнің синонимі болып табылады.

Бектен, мықты бол, берік бол деген мағынаны білдіретін есім.

Бектұр, бұл есім бала өмірлі, тұрақты болсын деген тілекпен қойылған. Түрі – Тұрбек.

Бектұрған, бала өмірде ұзақ өмір сүрсін, тұрақтап қалсын деген мағынаны білдіреді. Түрі – Тұрғанбек.

Бектұрсын, бұл есім де баланың жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған.

Бектілеу, қаз. бек – өте + тілеу – тілек. Синонимі–
Өтетілеу.

Бекін, мықты бол, бекем бол деген мәндегі есім.

Беласар, бел – тірек, күш.

Беласыл, ең қымбат, нағыз мықты таяныш, сүйе-
ніш деген мәндегі есім.

Белберді, бел + берді, өмірге таяныш, сүйеніш
берді, ер бала берді деген мәндегі есім.

Белгібай, белгі – көне түркі тілінде дана, даныш-
пан деген сөз. Синонимдері – Нысанбай, Нышанбай.

Белес, асу, шоқы.

Берген, ер бала туды деген мағынадағы есім.

Берден, бер + қосымша, ден.

Бердияр, қаз. берді + ир. яр – дос, яғни дос берді
деген мағынаны білдіреді.

Берді, сыйлады, тарту етті. Біріккен тұлғалы есім-
Бердібай.

Бердімұрат, қаз. берді + ар. мурад – тілек, мақсат.
Мұраты орындалды деген мағыналы есім.

Бердінияз, қаз. берді + ир. нияз – өтініш, сый. Сұрап
алған бала. Қысқартып айтылатын түрі – Бернияз.

Береке, ырыс, молшылық, құт. Түрі – Берекет.

Берен, – асыл құрыш.

Бержан, бер + жан, жанын беретін, ештеңе аямай-
тын адам деген мағыналы есім.

Беркін, берік, мықты бол сөзінің қысқаша тұлғасы.
Біріккен тұлғалы есім – Беркінбай.

Берқайыр, қаз. бер + ар. кейр – жақсы, қайырымды,
тамаша. Бала мейірімді, қайырымды болсын деген
тілекпен қойылған.

Бернар, бер + нар – күшті, мықты. Бала күшті,
мықты болсын деген тілекпен қойылса керек.

Берік, мықты, бекем, беркін, табанды, тұрақты.

Берікбай (қараңыз: Мығым).

Бесбай, балаға Үшбай, Бесбай, Жетібай, Тоғызбай деп есім беру белгілі бір ырыммен байланысты болған.

Биамет, қаз. би – әкім + ар. ахмет – мақтаулы, мақтауға лайық.

Бибатыр, қаз. би + батыр.

Биғалым, қаз. би – үлкен + ар. ғалым.

Бидайбек, бала астыққа кенелсін деген тілекпен қойылып отырған.

Бижан, билік, үстемдік, әкімдік жүргізуші адам.

Биман, би + ир. ман. адам, яғни әкім адам.

Бимағамбет, қаз. би + ар. Мухаммед. Құдіретті деген мағына береді. Қысқарған түрлері – Битай, Бимет.

Бодан, к.т. будун – халық, ел.

Бозай, тіліміздегі боз – көп мағыналы сөз: – 1) ақшыл-сарғылт ашық-қылаң түс; 2) құрғақ сор жер; 3) ауысп. мағын, жасөспірім боз бала; 4) жаңа (боз үй, боз киіз). Баланы айға балау негізінде қойылса керек.

Боздақ, жас жігіт, бозбала. Синонимі – Бозжан, Бозжігіт. Еркелете қысқартып айту түрі – Бозтай.

Болат, ир. пулад – құрыш. Біріккен тұлғалы есімдер – Болатжан, Болатбек, Болатқан, Болаттай, Жанболат, Бекболат, Тасболат, т.б.

Болатбек, ир. пулад – құрыш + бек. Болаттай мықты, берік болсын деп қойылған есім.

Болатжан, болаттай берік, мықты адам деген мағына береді.

Болатқожа, мықты қожайын деген мағынаны білдіреді.

Болған, кемеліне келіп толған, жетілген, кенелген деген мағынаны білдіретін есім.

Болғанбай, кемеліне келіп, толып жетілген, кенелген бай адам деген мағыналы есім.

Болсынбек, құрыштай берік, мықты болсын деп қойылған есім.

Боран, бала қатулы, батыл ер болсын деген тілекпен қойылған есім.

Боранбай, ерте кезде боранды күні туылған балаға осындай ат қоя берген.

Боранғазы, ызғарлы, қаһарлы жауынгер, әскер деген мағынаны білдіретін есім.

Ботабай, бала ботаға бай болсын деген тілекпен қойылған есім. Еркелете қысқартып айту тұлғалары Ботай, Ботан, Боташ.

Бошай, к.т. бош – тәуелсіз, еркін + бай.

Бөпетай, ир. бәбек < бөбек – жас бала, сәби. Еркелете қысқартып айту тұлғасы – Бөпей.

Бөжей, к.т. бөде дана, данышпан.

Бөкей, к.т. – батыр, ер, палуан сөзінің өзгерген түрі.

Бөлебай, туыстық атаумен байланысты қойылған есім, шешелері туыс балалар бөле болады.

Бөлтірік, бала батыл, өткір, азулы болсын деп қойылған есім.

Бөрібай, бала бөрі сияқты еш нәрседен жалтармайтын батыл, азулы, күшті болсын деп қойылған есім. Түрі – Қасқырбай.

Бура, бұл есім бала күшті, мықты болсын деген тілекпен қойылса керек. Біріккен тұлғалы есімдер – Бурабай, Бурақан.

Бұғыбай, бұғыға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Бұлабай, бұла – еркін, ерке деген ұғымды білдіреді. Синонимі – Еркебай.

Бұлақбай, бұлаққа балап қойылған есім.

Бұланбай, қаз. бұлан – бұғы тектес аң.

Бұлдыбай, дүниеге бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Бұлқыш, есімнің түбірі бұлқы-жұлқы, жұлқып тарт -ш есім қосымшасы. Қайратты, жігерлі, пысық, еті тірі.

Бұрхан, 1). ар. – дәлел, айғақ, себеп.

Бұхара, ар. бұхара – кара халық, Өзбекстандағы әйгілі қала аты, содан қойылған есім. Біріккен тұлғалы есім – Бұхарбай.

Бүркіт, бүркіт сияқты алғыр, қыран, мықты болсын деген тілекпен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Бүркітбай, Бүркітбек.

Біжікен, к. Алт. Бичик, біжіг – грамота, кітап.

Білгір, көп білетін, білімді, білгіш.

Білім, оқу, білім.

Біржан, атақты Біржан салдың құрметіне жиі қойылатын есім. Мағынасы – жалғыз, жалқы туған адам.

Бірлік, ынтымақтық, бірауыздылық, тұтастық.

В

Валерий, латын. – күшті болу, мықты болу.

Виктор, латын тілінде – жеңімпаз.

Вильжан, ж.ес. Владимир Ильич Ленин есімі, әкесінің аты және фамилиясынан қысқарып, оған жан сөзі қосылып жасалған есім.

Вилнұр, ж.ес. Владимир Ильич Ленин есімі, әкесінің аты және фамилиясынан қысқарып, оған нұр сөзі қосылып жасалған есім.

Владлен, ор. ж.ес. Владимир және Ленин есімдерінің қысқарған түрі.

Ғ

Ғаббас (қараңыз: Аббас).

Ғабділғазиз ар. – қадірлі, құрметті.

Ғабит, ар. – қызмет етуші. Біріккен тұлғалы есімдер – Ғабитхан, Ғабитжан, Ғабитбек, Ғабитан және т.б. Дыбыстық өзгерген түрі – Қабден.

Ғазиз (қараңыз: Өзіз).

Ғазизбек, ар. газиз + қаз. бек, аса сүйкімді, қымбатты.

Ғази, ар. – қосын, әскер.

Ғайса (қараңыз: Айса).

Ғали (қараңыз: Әли).

Ғалиакпар, ар. ғали – қымбатты + акпар – үлкен, зор, құрметті, жоғары мәртебелі.

Ғалиасқар, ар. ғали + асқар. Аса мәртебелі, құрметті.

Ғалым, ар. үлкен оқымысты, көп білетін білгір ғұлама.

Ғалымбек, ар. ғалым + қаз. бек, аса білікті, оқымысты.

Ғалымжан, ар. ғалым + ир. жан сөздерінің негізінде жасалған біріккен тұлғалы есім.

Ғани, ар. бай, дәулетті, ауқатты. Біріккен тұлғалы есімдер – Ғанибай, Ғанибек.

Ғаппар//Қаффар, ар. ғаффар – кешірімді, мархабатты.

Ғаппас (қараңыз: Аббас).

Ғарифолла, ар. – жәрдем беруші, демеуші.

Ғафар, ар. кешірімді, мархабатты.

Ғафу, ар. – кешіру, кешірім.

Ғидаят, ар. – мерекелік сыйлық. Түрі – Идаят.

Ғизат, ар. – құрмет, сый, адал, құрметті, қадірлі.

Ғинаят, ар. – инаеть – қайырымдылық, жомарттық, алғыс. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Инаят.

Ғылман, ар. ғұлам сөзінің көпше түрі – қызметші, бозбала, жас жігіт.

Ғұмар, ар. ғомар – ғұмыр, тіршілік.

Д

Дабыл, ұран, даңқ,

Дабыс, атақ, даңқ, дауыс, үн.

Дадабай, ир. дадо – ата, әке + қаз. бай. Еркелете қысқартылып айтылатын тұлғалары – Дадай, Дадеш.

Дайрабай, даяра қазіргі тіліміздегі дария сөзінің диалектілік формасы. Синонимі – Теңізбай.

Дайын, әрқашан әзір. Біріккен тұлғалы есім – Дайынбай.

Дайыр, ар. – 1) төңірек; 2) қайталанатын. Біріккен тұлғалы есімдер – Дайырбек, Дайырман.

Далер, – тәж. – батыл, ержүрек, өжет.

Дамыл, тыныштық, бейбітшілік.

Данай, ир. данаш – 1) білім, ілімгерлік; 2) даналық. Біріккен тұлғалы есім – Данайбек.

Даналық ир. – білімділік, данышпандық.

Данеш, ир. – білім, ғылым.

Даниял, ар. – тәңір сыйы.

Данияр, ир. – жақын, таныс.

Данышпан, ар. – ойшыл, дана.

Дандай, ұлы, зор.

Дарас, жеке, айрықша.

Дархан, к.т. тархан, көпше тұлғ. түрі тархат. Көне түркі жазба ескерткіштерінде атақ, дәреже ретінде кездеседі Махмұд Қашқари, Абулғазы Бахадур еңбектерінде мағынасы 9 түрлі кінәдан босатып, ерік, кеншілік берілген, хан ордасына еркін кіріп шыға алатын және бұл ерік 9 атасына дейін кететін адам. Біріккен тұлғалары – Дарханбай, Дәркенбай.

Дарын, қаз. – талант, қабілет.

Дастан –, ир. батырлық хисса, поэма, ертегі аңыз. Біріккен тұлғалы есім – Дастанбек.

Дауылбай, дауыл күні туған балаға ертеде осындай ат қойылған.

Дәлбек, бектің, мықтының нағыз өзі деген мағыналы есім.

Дәмен, ар. - 1) жылдам, тез; 2) күшті, берік.

Дәрмен, ир. – күш-қуат, қайрат. Еркелету түрі – Дәріш.

Дәубек, үлкен, күшті деген мағыналы есім.

Дәулен, үлкен болу, есею. Біріккен тұлғалы есім – Дәуленхан.

Дәулет, ар. – 1) байлық, бақыт; 2) мемлекет, держава, империя.

Дәулетбай, дәулетті, ауқатты.

Дәулетбақ, ар. дәулет + бақыт сөздерінің қосылуынан жасалған есім. Бақ-дәулеті мол, бай болсын деген тілекпен қойылған. Біріккен тұлғалы есімдер – Дәулетбек, Дәулетияр, Дәулетқали, Дәулетәлі.

Дәулеткелді, ар. дәулет – байлық, бақыт. Яғни бала ата-анаға байлық, ырыс боп туды, бақытты болды деген мағынаны береді.

Дәулетше, ар. дәулет + ир. ше < шах сөзінің қысқаша формасы. Демек, байлық патшасы, дәулет, байлық иесі.

Дәурен, ар. – уақыт, дәуір. Біріккен тұлғалы есім – Дәуренбек.

Дәуір, ар. – доур – кезең, цикл.

Дәуірбек, өз заманының, дәуірінің мықтысы деген мәндегі есім.

Дәуіт, к. евр. сүйікті, сүйген, ғашық болған. Біріккен тұлғалы есім – Дәуітәлі.

Дегдар, ир. дәһдар – бастық, ел басқарушы.

Демежан, қаз. деме + жан. Демеуші, жәрдем беруші адам деген мәндегі есім.

Демесін, баланың өмірде тірегі, жәрдемшісі болсын деген тілекпен қойылған.

Демеу, қаз. қолдану, сүйеу, көмек көрсету.

Денис, гр. Дионис – шарап құдайы, сауық-сайран құдайы.

Дербай, қаз. дер – айту, десе дегендей етістігі + бай яғни «нағыз бай».

Дербісәлі, ар. – 1) Ғалидың құлы, қызметшісі деген мәндегі есім. Иран тілінде – дербиш есік алдында жүрген кембағал адам, мүсәпір кісі.

Диас, исп. – күн, күндіз. Испания көтерілісшілерінің көрнекті басшысы Хосе Диас құрметіне 1936 ж. қойылған есім.

Дибай, ир. диһ, дег, ди – ауыл, дала + бай, яғни ауыл, дала байы деген мағыналы есім.

Дидар, ир. – жүз, келбет, бейне.

Дидарбек, ир. – аса келбетті, көрікті адам деген мағыналы есім.

Диканбай, тәж. диһан – шаруа, егінші, жер айдаушы + бай.

Дияр, ар. – ел, облыс, аймақ.

Диярбек, ар. – елдің, аймақтың әкімі, басшысы.

Додабай, ир. додо – 1) үйілген, жиылған; 2) жиын, көпшілік + қаз. бай.

Додан, үлкен, зор.

Дойман, қаз. дой – үлкен, ірі, кесек, мықты, азулы, атакты + ир. ман – адам. Демек, ірі тұлғалы, мықты адам дегенді аңғартады.

Дос, ир. дуст – жан жолдас, серік, жар. Дос сөзі құрамында келетін кісі аттары – Досан, Досжан,

Доскей, т.б. Еркелете қысқартып айту түрі – Достай//
Ештай.

Досай (қараңыз: Айдос)

Досақ, ар. дос + қаз. ақ. Нағыз дос.

Досәлі, ар. дос + ар. Ғали. Ғалидың досы деген мағынаны береді.

Досбай, досқа кең, бай.досы көп адам деген мағынада.

Досбол (қараңыз: Жарбол).

Досберген, ар. дос ниетіне туылған бала деген мағыналы есім.

Досжан, адал, таза адам.

Досмат//Досмұқан, ир., ар. Досмұхамбет есімінің қысқарған түрі. Мұхамбеттің досы деген мағынаны білдіреді. Синонимдері – Ешмұхамбет, Есмұхамбет.

Досым, жансерігім, жолдасым.

Досымбек, досы көп адам.

Досымжан, менің жан досым деген мағынадағы есім.

Доян (қараңыз: Ноян).

Дөненбай, монғ. доно – төрт жасар өгіз, дөнен-төрт жасар жылқы + бай. Еркелетіп айтылатын түрі-Дөнентай.

Дуанбай, ир. диуан – 1) қала, кент; 2) белгілі бір аймақ, өлке. Қаланың немесе үлкен аймақтың әлді, бай адамы деген мағынаны білдіреді.

Дубай, атақ-даңқы ассын деген тілекпен қойылған есім.

Дудар, бұйра шаш; шашы бұйра балаларға осындай есім қойылған.

Думан, бала өмірі қуанышқа толы, көңілді, сауықсайранды болсын деген тілекпен қойылған есім.

Дүймағамбет, ир. ду – ек + ар. Мохаммед, бұл есімнің синонимі – Қосмұқамбет. Қос сөзі екі деген мағынаны білдіреді.

Дүйсен, ир. ду – екі, сейсенбі < шамбэ күн. Әуел баста аптаның бірінші күні туған балаға осылай ат қойылған. Біріккен тұлғалы есімдер – Дүйсенбай, Дүйсенғали, Дүйсехан, Дүйсекей. Еркелетіп айту түрі – Дүйсек.

Ділдабай, ир. ар. тилла – алтын ақша, таза алтын. Ақшаға бай болсын деп қойылған есім.

Ділдабек, ир. алтын ақшаның иесі болсын деп қойылған. Синонимі – Ділдахан.

Е

Егізбай, бұндай есімдер егіз туған балаларға қойылып отырған. Синонимі – Қосжан.

Егізбек, егіз туған балаға қойылатын есім.

Егор, ор. гректің Георгий есімінің түрі, гр. Георгий – сергектік дегенді білдіреді.

Едіге, к.т. - жақсы, игі. Түрлері – Едігей, Едіген.

Еділ, к.т. Волга өзенінің аты. Біріккен тұлғалы есімдер – Еділбай, Еділбек, Еділтай, Еділжан.

Еламан, ел-жұрт жаудан аман, сау болсын деген тілекпен қойылған. Синонимдері – Тыныштық, Бейбіт.

Елбар, елге, халыққа қызмет етуге әрдайым бар, дайын деген мағыналы есім.

Елбас, халқына, еліне басшы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Елбек, елдің мықтысы, өз халқының қаһарман ұлы.

Елдар, елін, Отанын сүйетін отаншыл.

Елдес, елі, жері бір деген мағыналы есім.

Елдос, елдің, халықтың досы, елін сүйөші.

Елебай, бала елеулі, жұрт аузында атақ-даңқы шығып жүретін кісі болсын деген мағынада қойылған есім. Түрі – Елебек.

Елен, құрмет-сыйға бөлену.

Елеу, 1) ескеру, көңіл бөлу, назар аудару; 2) құрметтеу, сыйлау.

Елеубай, құрметті, сыйлы, жұрт назары түскен азамат.

Елжан, елдің, халықтың жаны, мақтанышы.

Елжар, елдің досы.

Елжас, елдің үмітін ақтайтын жас деген мағынаны білдіреді.

Елжасар, елі, жұрты арасында ұзақ өмір сүреді деген мағыналы есім.

Елқам, елдің мұң-мұқтажын, қамын ойлайтын азамат болсын.

Елмұрат, елдің мұрат-мақсатын орындауға үлес қосатын азамат болсын деген тілекпен қойылған есім.

Елназар, елдің ықылас, назарына ілінген азамат болсын деген мәндегі есім.

Елнар, елдің сүйікті ер азаматы болсын деген мағыналы есім.

Елнұр, елдің нұры.

Ертоқ, елдің көңілі тояр азамат болсын деген тілекпен қойылған.

Елшібай, ел хабаршысы, жаршысы, ел арасындағы тыныштық сақтаушы. Синонимі – Елшібек.

Елібай, елі сияқты бай болсын деген мәндегі есім.

Емел//Эмиль, ж.ес. Энгельс,Маркс, Ильич, Ленин фамилиялары мен есімдерінің бас әріптерінен қысқартылып алынған есім. Бұл есім 1930 жылдары ел

арасында кеңінен қойылған болатын. Біріккен тұлғалы есімдер – Емелжан, Емелтай.

Еңсебек, ой-өрісі кең, рухани бай болсын д.м. есім.

Ералы, аса батыл, асқан жүректі батыр.

Ерасыл, аса аяулы, нағыз батыр.

Ербай, нағыз батыл, ержүрек адам.

Ербақ, ер + бақ, ар. бақыт сөзінің қысқарған түрі. Яғни бақытты ер, батыр.

Ербала, батыл, ержүрек бала.

Ербатыр, ержүрек батыл адам, нағыз батыр.

Ербек, мықты, күшті, батыр адам.

Ербол, бала батыр, ежет болсын деген тілекпен қойылған есім.

Ерболат, бала батыл, өжет, батыр болады деген тілекпен қойылған.

Ербосын, бала батыр, қаһарман, ержүрек болсын деген тілекпен қойылған.

Ербота, баланы ботаға балап қойылған есім.

Ергеш, алдыңғылардың соңынан еруші, ізін басушы.

Ерғазы, қаз. ер + ар. гази – жауынгер, қосын. Ержүрек батыр, әділдік жолында күресуші.

Ерғали, қаз. ер + ар. гали – ең мықты, асқан батыр

Ерғожа, қаз. ер + ар. Хожа батыр қожа.

Ердар, қаз. ер + ир. дар – билеу, яғни ел билеуші батыр.

Ердәулет, қаз. ер + ар. дәулет. Елі, байлығы бар батыр деген мағынаны білдіреді.

Ерден, қаз. батыр, ер. моңғ. Эрдэнэ – қымбат зат. Біріккен тұлғалы есімдер – Ерденбай, Ерденбек, Ерденғали.

Ерденай, қаз. ай тұлғалы батыр.

Ережеп, ар. раджаб. – 1) тәжім ету, бас ию, құрметтеу; 2) арабша жетінші ай аты. Осы айда туылған балаларға Раджап, Ережеп деп ат қойылып отырған.

Ерен, асқан, ерекше, айрықша.

Ержан, батыл, өжет адам, батыр кісі.

Ержұман, қаз. ер + ар. жұман – қымбат бағалы зат, інжу.

Ержігіт, ержүрек, батыл жігіт, азамат.

Еркебай, ерке бала болсын деп қойылған есім. Еркелете айтылатын түрі – Еркеш.

Еркеболат, айтқанын істететін ерке бала болсын деп қойылған есім.

Еркебұлан, бір үйдің әлпештеген аяулысы, қағу-соғу көрмеген еркетотайы.

Еркін, өз ықтияры, еркі өзінде, азат, басы бос, ерікті. Еркін сөзі құрамында келетін біріккен тұлғалы есімдер – Еркінбай, Еркінбек, Еркінғали, Еркінжан, Еркінтай.

Ерлан, бала батыл болсын деген тілектен қойылған есім.

Ерлен, ер, батыр деген мәндегі есім.

Ерлік, батырлық, батылдық, ержүректік.

Ерман, ержүрек, батыл адам дегенді білдіреді.

Ермат, қаз. ер + мат – мамет есімінің қысқарып өзгерген түрі, яғни Ермат – Ермамбет.

Ермек, алданыш, жұбаныш. Орта жастан асқан ата-ана отбасында туған балаға ендігі ермегім болсын деп қойылатын есім.

Ерназар, қаз. ер + ар. назар – көру, көзқарас, ықылас. Рухы күшті, батыр деген мағынаны береді.

Ернар, нән, зор, қайратты, күшті, мықты. Нар тұлғалы күшті, мықты батыр.

Ернияз, қаз ер + ир. нияз – сый, тарту. Батырдың сыйы деген мағынаны білдіреді.

Ернұр, қаз. ер – батыр + ир. нұр – жарық, сәуле, көркем. Бала ер келбетті, көркем болсын деген тілекпен қойылған есім.

Ерсайын, қаз. ер + моңғ. сайын – жақсы. Яғни ең мықты, аса жақсы батыр.

Ерсәли, қаз. ер+ар. сәли – салих – жақсы, қайырымды, жақсы батыр.

Ертай, қаз. ер + тай – кісі аттары қосымшасы, яғни ер, батыр, батыл кісі.

Ертуған, өмірге батыр, ержүрек боп келген.

Ертілес, өмірге келген бала келешекте батыр болса екен деген тілектен қойылған есім.

Ертіс, к.т. Ертіс өзені бойында туылған балаға қойылған есім.

Ерубай, қаз. ер + у – соңынан ілесу + бай; соңынан еретін балалар көп болсын деген мағыналы есім.

Ерік, толық еркіндік, бостандық.

Ерімбет, сенімді, мықты батырым болсын деп қойылған есім.

Ес, ақыл-ес. ауысп. тірек, сүйеніш.

Есбай, ақыл-ойға бай болсын деп қойылған есім.

Есбатыр, Естібатыр деген есімдегі ті қосымшасы түсіп қалып, Есбатыр боп кеткен. Есті, ақылды батыр болсын деген мағынаны білдіретін есім.

Есберген, ақыл, парасат берген, ес берген деген мағынадағы есім. Синонимі – Есберді.

Есбол, ақылды, сүйенішім бол, медеу бол деген мағыналы есім.

Есболат, өскенде ақыл қосады, сүйеніш, медеу болады деген мағыналы есім.

Есдәулет, қаз. ес + ар. дәулет – байлық, бақыт. Мемлекетті басқаратын, ақыл-ойы мол азамат болсын деген тілекпен қойылған есім.

Есдәуір, қаз. ес + ар. дәуір – мезгіл, мерзім, заман.

Өз заманының, дәуірінің ақылды азаматы болсын деп қойылған есім.

Есей, қаз. өсу, ер жету, үлкен болу.

Есен, қаз. сау-саламат, аман. Біріккен тұлғалы есімдер – Есенаман, Есенәлі, Есенай, Есенбай, Есенбол, Есенгелді және т.б.

Есенай, бала дүниеге аман-сау келді-ай деген қуанышпен байланысты қойылған есім.

Есенбақы, қаз. есен + ар. бақи – мәңгілік, өмірлік, берік, тұрақты. Мәңгі сау-саламат, аман-есен бол деген мәндегі есім.

Есенберді, аман-есен, сау-саламат дүниеге әкелді, берді.

Есенболат, қаз. есен + болат болады деген сөздің дыбыстық өзгеру нұсқасы. Яғни бала сау-саламат, аман-есен болады деген мағынаны білдіреді.

Есенжан, сау-саламат, аман туған жан.

Есентемір, ден саулығы темірдей мықты, аман-сау болсын деген тілекпен қойылған.

Есет, ир. >изад > авест > язата – лайық, дәл.

Есжан, есті, ақылды адам.

Ескендір, Александр Македонскийді күллі Азия, Араб халқы осылай атап кеткен. Дыбыстық өзгеру түрлері – Искендер, Скандер, Ескендер.

Есқайыр, қаз. ес + ар. кейр – қайырым, мейірім, шафағат. Аса мейірімді, жұртқа қайырымы мол, ақылды адам.

Есқали, қаз. ес + ар. кали < ғали сөзінің өзгерген түрі. Аса парасатты, ақылды деген мағыналы есім. Еркелете айтылатын түрі – Естай.

Есмұрат, қаз. ес + ар. мұрат-мақсат, тілек.

Естекбай, истак башқұрттардың көне аты + қаз. бай.

Естібай, қаз. – ақылды, парасатты.

Есіл, Есіл өзені бойында туған сон қойылған есім.

Есілбай, Есіл бойында туған ер бала.

Есім, ат, атак, данк.

Есімбек, қаз. – аты, даңқы зор, мықты.

Есірке, аяу, жанашу, мүсіркеу, ниет білдіру.

Ешбай, к.т. эш – дос, ашна. Досбай есімінің синонимі.

Ешжан, к.т. эш – дос, ашна + жан. ир. жан – адамның досы деген мағынаны білдіреді.

Ешмұхамбет (қараңыз: Досмат).

Ж

Жабағы, бұл есім о бастағы көне түркі тілінде ябғу – патшаның, хағанның орынбасары деген сөз. Жабағы сөзі осымен қатар: – 1) бір жасар құлын; 2) түйе мен қойдың жабағы жүні деген мағынаны да береді.

Жабай, к.т. – көне түрік тіліндегі Ябгу-Жабгу патшаның хағанның орынбасары деген мағынаны білдіреді.

Жабайхан, к.т. жабай + хан. Ханның, хағанның орынбасары деген ұғымды береді.

Жабал, ар. – тау.

Жабырбай, к.т., жабыр – жазық, кең жер + қаз. бай.

Жағыпар, ар. – бұлақ, жылға.

Жадай, ар. жадид – жаңа, жаңарак.

Жадыра, жайнау, жарқын жүзді болып гүлдену, көңіл-күйі көтеріліп, көңілдену.

Жазылбек, ар. жазил – жазал – мол, үлкен, зор + қаз. бек.

Жайдар, қаз. жайдары – көңілді, ақ жарқын. Біріккен тұлғалы есім – Жайдарбек.

Жайлау, қаз. шөбі шүйгін, соны, жазғы мал жайылымы.

Жайлаубай, жайлау сияқты кең, жайлы болсын деп қойылған есім. Синонимі – Жайлаубек.

Жайнақ, ашық-жарқын, жайдары.

Жайсаңбек, зайсаң – жайдары жүзді, қайырымды, атақты, белгілі.

Жайық, Жайық өзенінің атына байланысты қойылған есім.

Жақан, ир. джәһан – дүние, әлем, шартарап.

Жақия, ар. яхья – ғұмырлы, өмірлі.

Жақсыбай, көпке жағымды, жұртқа сүйкімді болсын деген тілекпен қойылған есім. Қысқартып, еркелете айту тұлғасы – Жакей. Синонимі – Садыбай.

Жақсылық, адам бойындағы жақсы қасиет, ізгілік, қайырымдылық.

Жақсымұрат, қаз. жақсы – игі мақсат, ар. морад-ізгі тілек.

Жақып, ар. яғқуб, – 1) табанды, қарсылық білдіретін, үндемейтін; 2) айлакер, қу; 3) егіздің сыңары. Біріккен тұлғалы есімдер – Жақыпбай, Жақыпбек, Жақыпжан, Жақыпқан. Еркелете қысқартып айту тұлғасы – Жақай.

Жалғас, тіркес, ұштас, селбес. Бұл есім алдыңғы балалардың жалғасы дегенді немесе содан кейін де балалар көбейіп, жалғаса берсін деген ұғымда берілген.

Біріккен тұлғалы есімдер – Жалғасбай, Жалғасбек, Жалғастұр.

Жалел, ар. жалил – ұлы, данқты, атақты.

Жалид, ар. – табанды, тұрақты.

Жалтыр, ап-анық, жалтыраған, жайнаған.

Жалын, күш-жігер, қайрат, қуат.

Жамбыл, монғ. – қорған.

Жамил, ар. – 1) әдемі, тамаша, көркем, сұлу; 2) сүйкімді, ажарлы.

Жамықан, ар. джамеғ –1). қоғам, жамағат, көпшілік + қан (хан). 2) Көптің, жамағаттың ханы деген мағынаны білдіреді.

Жанай, ир. джон + қаз. ай. Жаным, айым.

Жанайдар, ир. джон + ар. хайдар – арыстан. Бала арыстандай айбатты, мықты болсын деген тілекпен қойылған. Синонимі – Жанарыстан.

Жанак, ир., қаз. – оның жаны таза, ниеті ақ деген мағынада қойылған.

Жанар, – 1) көздің жанары; 2) күннің шапағы; 3) ауысп. көрік, ажар, рен.

Жанарыстан, ир. джон + қаз. арыстан.

Жанас, ир. қаз. бұл есім жаннан асқан, жан біткеннен артық деген мағынаны білдіреді.

Жанат, ең көркем, керемет. Біріккен тұлғалы есімдер – Жанатбай, Жанатбек, Жанатқан.

Жанахмет, ир., ар. – мақтауға тұратын кісі.

Жанәбіл, ир. – әкенің жаны, жақсы көретін ұлы.

Жанбай, ир., қаз. – жаны бай, жомарт болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жамағат, көпшілік + қан (хан). 2) Көптің, жамағаттың ханы деген мағынаны білдіреді.

Жәнібек, ир. жан + қаз. бек. Бала жаны мықты, берік, өмір жасы ұзақ болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жанболат (қараңыз: Болатжан).

Жанбосын, ир. джон + қаз. босын болсын, өмірі берік болсын, тірі болғай.

Жангелді, ир. джон + қаз. келді өмірге, дүниеге жаңа адам келді деген мағына береді.

Жанғабыл, ир. джон + ар. қабыл, жан біткеннің қабілетгісі. Қабілетті адам.

Жанғали, ир., ар. Ғали сияқты батыл, өжет адам.

Жанғозы, қозы сияқты сүйкімді бала.

Жандай, аса қымбат, қадірлі.

Жандар, жан біткеннің дарындысы болсын деген тілекпен қойылған. Біріккен тұлғалы есімдер— Жандарбек, Жандархан.

Жандос, ир. джон + дос, жан біткеннің досы.

Жанқуат, ир. джон + қаз. қуат жанға қуат, медет болсын деген тілекпен қойылған.

Жанмұрат, ир. Жанымның мұраты, арман, тілегі деген мағынада қойылған. Баласы болмай жүрген адамдар тарапынан қойылатын, сирек кездесетін есім.

Жанмырза, жаны мырза болсын деген тілекпен қойылады.

Жанназар, ир., ар. — жан біткеннің ықыласы түсетін жақсы адам болсын деген мағыналы есім.

Жаннұр, ир. джон + нұр, жан біткеннің нұрлысы, әдемісі, көріктісі болсын деген мағыналы есім.

Жанораз, ир. джон + к. қаз. ораз. — бақыт. Жан біткеннің бақыттысы деген мағынаны береді.

Жанпейіс, ир. джон + ар. фэйзь –1) молшылық, жомарттық; 2) мейірім, рақым.

Жансал, жан біткеннің серісі, еркесі.

Жансұлтан, ир. джон + ар. — жан біткеннің сұлтаны.

Жантай, ир. джон + қаз. тай — жаным, өмірім деген мағынада қойылған.

Жантас, ир., қаз. — баланың өмір жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған.

Жантемір, ир., қаз. — жаны темірдей мықты, берік.

Баланың өмір жасы ұзақ болсын, темірдей мәңгі жасасын деген тілекпен қойылған.

Жантуар, ир., қаз. – дүниеге жақсы адам келді деген үмітпен қойылған есім.

Жантуған, ир., қаз. – дүниеге ер бала келді.

Жантілеу, ир., қаз. – жаны аман қалсын, аман-есен жарық дүниеге келсін деп тілеумен байланысты қойылған есім.

Жанша, ир. джон + ша ир < шах сөзінің қысқарған түрі, жан біткеннің патшасы, шах.

Жанұзақ, ир., қаз. – баланың өмір жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Жаңабай, дүниеге, өмірге жана келген бала.

Жапан, кең жазық құлан дала. Бала өз өмірінде кең пейілді адам болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жапар, ар. - 1) алып, ер, батыр; 2) қатал билеуші, әмірші, зәлім. Фонетикалық түрі – Жаппар.

Жарас, жарамды болу, келісті, сай келу.

Жарбол, ир. йар – жәрдем беруші дос + бол. Синонимі – Досбол.

Жарқын, қаз. – ашық, айқын, жарық, нұрлы, жайнаған Біріккен тұлғалы есімдер – Жарқынбай, Жарқынбек. Қысқартып еркелету тұлғасы – Жәкіш.

Жармұхамбет, ир. йар – дос, көмекші – ар. Мухамбет, Мохаммед, Мұхамбеттің досы, жәрдемшісі.

Жарық, сәуле, нұр.

Жарылқасын, құдай ондасын, тәңір есіркесін деген мағынаны білдіреді

Жас, уылжыған балғын, сәби.

Жасамыс, көпті көрген, ысылған, тәжірибелі, жасай бергіш.

Жасқайрат, жаңа қуатқа, қабілетке ие болсын деп қойылған есім.

Жасталап, жаңаталапқа ұмтылған жас бала деген мағынадағы есім.

Жасұзақ, баланың өмір жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған.

Жасұлан, жас жігіт, жас азамат деген мәндегі есім.

Жасыбай, қаз. – баланың өмір жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Жәдігер, ир. едгор – естелік, ескерткіш.

Жәмшит, ир. джемшид – сәулелі, нұрлы.

Жәңгір, ир. джаһан+гир – дүниені меңгеруші, әлемге үстемдік етуші.

Жәрдем, көмек, тірек, сүйеніш.

Ждан, неолог. Орыстың күту, тосу деген сөздерінен алынған.

Жексенбай, ир. йек – бір, шамбә – күн + қаз.-бай. Жексенбі күні туған балаға Жексен, Жексенбі, Жексенбай деген есім берген.

Жексенбі, (қараңыз: Жексенбай).

Жемісбек, бала ержеткенде ата-ананың еңбегін ақтап, жемісін жегізетін болсын деген тілекпен қойылған.

Жеңіс, жеңіске ие болу, жеңу. Ұлы Отан соғысы аяқталып, гитлерлік фашизмді жеңген күні туған балаға қойылған есім. Күрделі тұлғалы есім – Жеңісбек.

Жетес, ақыл-ойы өзіне жеткілікті, ақылды болсын деген тілекпен қойылған.

Жеткіншек, жасөспірім, жастар, жас буын.

Жетібай, ерте кезде 3, 7, 9 сандары киелі саналған, соған байланысты ер баланың өмір жасы ұзақ болсын деген тілекпен осындай есімдер жиі қойылған. Қысқарта айтылу түрі – Жетен.

Жетіген, астр. Аспан жұлдызының бірі, жетікаракшы.

Жетік, білімді, білгір.

Жетістік, қол жеткен табыс, жеңіс.

Жирен, монғ. цэрэн – ұзақ өмір.

Жиренше, халық аңыздарындағы әйгілі шешен есімі. Кейіннен ұрпақтан-ұрпаққа қойылып кеткен.

Жиһанша, ир. жиһан – дүние, әлем, шартарап + ир. ша (шах сөзінің қысқаша айтылу түрі). Әлемнің, дүниенің шахы, шах деген мағынаны білдіреді.

Жолай, қырғ. – 1) әдет, ғұрып, өмір салты; 2) Манас жырындағы эпикалық батырдың есімі; 3) қаз. жолшыбай, жол-жөнекей.

Жолан, баланың өмірде жолы боп, бақытты болсын деген тілекпен қойылған.

Жолбарыс, жолбарыстай айбатты, жүректі, күшті болсын деп қойылған есім.

Жолдас, сенімді серік, пікірлес дос. Біріккен тұлғалы есімдер – Жолдасбай, Жолдасбек, Жолдасқан, Жолдасәлі, т.б.

Жолдасбай, жолдасқа, досқа бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жолдасбек, 1) бектің, бекзаданың жолдасы; 2) жолдастыққа берік, мықты, тұрақты.

Жолдасқан, жолдас, серік.

Жолдыбай, жолы құтты, ақжолтай болсын деп қойылған есім.

Жолтай, бақыт, құт әкелетін, сәтті, ақжолды.

Жомарт, ир. джаван. жас, жас жігіт, бозбала + мард – ер, еркек, яғни джавонмард – қайырымды, мейірімді, қолы ашық мырза. Біріккен тұлғалы есімдер – Жомартбай, Жомартбек.

Жомартбай (қараңыз: Байызбай).

Жора, ир. джурә – жолдас, дос. Жолдасбек деген есімнің синонимі. Біріккен тұлғалы есімдер – Жорабай, Жорақан.

Жұбан, жұбану, тынышталу, өкінішін басу. Ертеде баласы тұрмай жүргенде туған балаға осындай ат берген.

Жұбаныш, Қуаныш есімінің синонимі. Фонетикалық түрі – Жуаныш.

Жұма, ар. джумга – жиын, жалпы қауым жиналатын күн. Біріккен тұлғалы есімдер – Жұмабай, Жұмабек, Жұмақан, Жұмәділ, Жұмағұл, Жұмажан, Жұмагелді және т.б. Еркелете айтылатын түрі – Жұмаш.

Жұман, ар. – қымбат бағалы зат, інжу.

Жұманбай, қымбат бағалы затқа бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жұманияз, ар. джумга – жиын, қауым жиналатын күн; жұмадан жұмаға дейінгі бір жеті + ар. нияз – өтініш, тілек; үміт, сый, тарту. Жұма күні туған сыйлы, үміт артар бала.

Жұмат, ар. – жыл санауындағы 5-ші ай аты.

Жүзбай, бала жүз жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Жүніс, к. евр. иона – көгершін. Біріккен тұлғалы есімдер – Жүнісбай, Жүнісбек, Жүнісжан, Жүнісәлі.

Жүрсін, аман-сау болсын, ұзақ өмір сүрсін деген тілекпен қойылған есім.

Жүсіп, к. евр. Иосиф – 1) көбейсін, көп болсын; 2) әдемі, жақсы. Біріккен тұлғалы есімдер – Жүсіпбай, Жүсіпбек, Жүсіпжан.

Жігер, – 1) қажыр, қайрат, күш, қуат; 2) ынта, талап, ерік.

3

Зайт, ар. зәид. 1. өсуші, көбеюші, 2. артық.

Зайыр, ар. – айқын, анық.

Закария, ир. закр – ес, еске алушы, ескеруші + ия.

Заманбек, ар. замона – дәуір, кезең + бек. Синонимі – Дәуірбек.

Замир, ор. ж. есім – бейбітшілік, тыныштық үшін.

Заңғар, қаз. 1) үлкен, алып; 2) зәулім, биік.

Зәки, ар. заки – 1) зерек, сезімтал, өткір; 2) ақылды, кабілетті.

Зәкір, ар. закр – ес, сана, ақыл, еске алушы.

Зәріп, ар. зариф – 1) өткір ойлы, ақылды, зейінді; 2) әдемі, нәзік, көркем.

Зейнұр, ар. – нұр, көркемдік рең.

Зерек р. – аса ақылды, пысық.

Зиятбек, ир. – зияд – 1) көп, мол; 2) қосылған, көбейген + бек.

Зұлқарнай, ар. – зул + корнеин қос мүйізді. Александр Македонскийдің лақап аты.

Зұлпықар, ар. зул + факар – шаншушы, Әлидің қылышының әсірелеген аты; түйреуші, қақ жарып түсуші, жарып түсетін қылыш деген мағына береді.

Зікірия, ар. – 1) есте қалған; 2) ес, жады; 3) еске алу. Фонетикалық түрі – Зікіриян.

И

Ибат, ар. һибәт, һибат – сый, сыйлық тарту.

Ибрагим, к. евр. Авраам есімінің айтылу түрі. Ел ағасы деген мағыналы есім. Фонетикалық түрлері – Ыбырайым, Ыбрай, Ыбыш, Ыбекен, Ыбыраш.

Игенбай, құдай жарылқаған, иіген, бай деген мағыналы есім.

Игілік, қайырымды іс, жақсылық.

Игісін, жақсы, қайырлы.

Идаят (қараңыз: Ғидаят).

Изатбек, ар. – иззат – даңқ, атақ + бек. Аса даңқты, атақты.

Икрам, ар. – икром – ізет, құрмет, сый, қадір.

Илмар, ж. есім. Ильич, Ленин, Маркс деген есім мен фамилиялардың бас әріптері мен бас буындарынан қысқарған есім.

Иман, ар. иман – сенім, наным. Біріккен тұлғалы есімдер – Иманәлі, Иманбай, Иманбек, Иманғазы, Иманғали, Иманжан, Имангелді, Иманқыш, Иманқұл, т.б. Еркелете айтылатын түрлері – Имаш, Имантай.

Инаят (қараңыз: Ғинаят).

Иса, к. евр. Иисустың арабша айтылу түрі – құдай сыйы, құдай құтқарады. Синонимдері – Айса, Ғайса, Ғайсын. Біріккен тұлғалы есімдер – Исаділ, Исалы, Исахмет, Исабай, Исабек, Исағали, Исатай, Исажан, Исахан.

К

Кабир, ар. – 1) ұлы, күшті, зор, үлкен; 2) маңызды, байыпты, салмақты.

Камал, ар. камал – толықтық, жетіктік, тұтас. Фонетикалық түрлері – Кемел, Кэмал, Камил.

Кәдір, ар. кадр. – 1) күшті, құдіретті; 2) кабілетті; 3) құрметті, лайықты, құнды, беделді. Диалектілік түрлері – Қадыр, Хадир.

Кәдірбай, ар. кадр + қаз. бай. Күшті, құдіретті, бай деген мағынаны білдіреді.

Кәдірбек, ар. кадр + қаз. бек. Қәдірі жоғары, кәдірлі кісі. Еркелете айтылу түрі – Кәдіртай.

Кәдіржан, кәдірлі кісі, кәдірі жоғары адам.

Кәкімбек, ар. хақим + қаз. бек. Дана, білгір адам. Қысқартылып еркелете айту түрі – Кәкен.

Кәкімжан, ар. хәкім – 1) дана, данышпан, ақылды. есті; 2) философ + ир. джон. Данышпан адам. Қысқартып еркелете айту түрі – Кәкітай.

Кәміл, ар. камил – жетілген, толысқан. Біріккен тұлғалы есім – Кәмілбек. Синонимдері – Кемел, Кемелбай.

Кәрім, ар. карим – 1) қолы ашық мырза, жомарт; 2) ақкөңіл, кең пейіл, сүйкімді. Фонетикалық түрі – Кәрім. Біріккен тұлғалы есімдер – Кәрімбай, Кәрімжан, Кәрімбек, Кәрімқұл.

Кәріпжан, ар. кариб – жақын, туыс-туған, яғни ең жақын, туысқан адам.

Кекіл, баланың мандайға дейін қойған шашы.

Келіс, келіскен деген сөздің қысқарған түрі. Синонимі – Жарас.

Кемелбек, ар. камал + бек. Яғни кемеліне келген, толысқан.

Кемеңгер, ар. – дана, данышпан.

Кенбай, кенге байысын деген тілекпен қойылған.

Кенен, қаз. – 1) жеткілікті, мол; 2) мырза, кең пейіл. Біріккен тұлғалы есім – Кененбай.

Кенеш, к.т. кеніш, бала.

Кенже, қаз.ең соңғы туған перзент. Біріккен тұлғалы есімдер – Кенжебек, Кенжеғали, Кенжетай, Кенжекән.

Кеңес, мәжіліс, мәслихат. Бұл есім совет (кеңес) өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап көп қойыла бастады. Ол совет дәуірінде туған жаңа есімдер қатарына жатады.

Кеңшілік, ж. есім. Бостандық, еркіндік.

Керім, ар. карим – тамаша, аса керемет, жомарт, мәрт адам. Біріккен тұлғалы есімдер – Керімбай, Керімбек, Керімхан. Синонимі – Дәулеткерім.

Ким, ж. есім. «Коммунистический Интернационал Молодежи» деген сөздердің бас әріптерінен жасалған есім.

Киікбай, қаз. киік – елік, бөкен, тау ешкісі, қара құйрық тектес жабайы аң + бай.

Клим, лат. – биязы, кішіпейіл, мейірімді.

Космосбек, ж. есім.космос сөзінен шыққан.

Көбеген, к.т. – жас бала.

Көбей, көп бол, өніп-өс деген мағынада.

Көбейсін, ессін, өсіп-өніп жетілсін. Синонимі-Көбейхан.

Көдек, ир. кудак –1) бала, сәби; 2) бозбала, жігіт.

Көкбай, көк – аспан, тәңірі. Синонимі – Тәңірбай.

Көлбай, қаз. көл + бай. Көлдің жағасына отырғанда туған балаға Көлбай деп ат қою ертеде көп кездескен.

Көпбай, бала көпшіл болып, көпті сүйетін болсын деген мақсатпен қойылған есім.

Көпжан, көпшілікті, көпті жақсы көретін адам.

Көпжасар, бала ұзақ жылдар өмір сүрсін, жасы ұзақ болсын деген тілекпен қойылған.

Көркемжан, бала көрікті, нұрлы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Көрік, әдемі, сұлу келбет, әдемілік.

Күміс, қымбат бағалы ақ металл. Біріккен тұлғалы есімдер – Күмісбек, Күмісбай.

Күндар, қаз. кун + дар тәж <доро – мейірім, шапағат етуші, мейірімді. Күн сияқты тіршілікке шапағат тартушы, мейірімді жан деген мағыналы есім.

Күнту, халқына, еліне күн боп туды деген мағыналы есім.

Қ

Қабай, к.т. бесік.

Қаби, ар. хаби – күшті, мықты.

Қабиб, ар. хабиб – дос, жолдас, ашына.

Қабілет, ар. қабиллят – ептілік, икемділік, бейімділік, қабілеттілік.

Қабыл, ар. – 1) қабыл алушы, қарсы алушы; 2) келешек, болашақ.

Қадыр, ар. хадр – 1) күшті, құдіретті; 2) қабілетті, икемді, бейімді; 3) дәреже, құрмет.

Қадыралы, ар. хадр + алы < али – жоғары, яғни қадірі, беделі биік, жоғары.

Қадырбай, қадірлы бай. Фонетикалық түрі – Қадырғали.

Қадырбек, ар. – қадірлі, өте беделді адам.

Қадыржан, ар. – қадірлы, қадыры жоғары адам.

Қадырқан, қадыр + қан (хан). Қадыры, беделі жоғары хан деген мағынада.

Қажым, ар. – құрметті, сыйлы.

Қажымұрат, ар. хаджи – мұрат. Мұратқа, мақсатына жеткен.

Қажы, ар. Хаджи – Меккеге барып қайтқан адам. Біріккен тұлғалы есімдер – Қажымұрат, Қажығали, Қажыкен.

Қазақбай, қазақ сөзіне бай сөзін қосу арқылы жасалған есім.

Қази, ар. кади – даулы істі шешуші сот. Біріккен тұлғалы есімдер – Қазыбай, Қазыбек, Қазығали, Қазықан.

Қазтуған, ар. кади + қаз. туған. Қазы болып туған бала деген мағыналы есім. Қысқартып, еркелете айту тұлғасы – Қазтай.

Қакназар (қараңыз: Акназар).

Қайдар//Хайдар, ар. – хайдар – арыстан.

Қайрат, ар. – гайрат – қуат, жігер, күш.

Қайсар, ар. – Рим патшаларының атағы. Табанды, бірбеткей өжет, қажырлы, қайтпас.

Қайым, ар. – мәңгі өмір сүретін, өзгермейтін.

Қайып, ар. каиф – балшы, балгер. Біріккен тұлғалы есім – Қайыпбек.

Қайыр, ар. кейр – 1) мейірім, шапағат, жақсы, қайырымды, тамаша; 2) қайырым, мейірім. Біріккен

тұлғалы есімдер – Қайырбай, Қайырбек, Қайырғали, Қайыржан, Қайырболат.

Қайырбек, ар. – аса қайырымды, шапағатты, мейірімді адам деген мағыналы есім.

Қайырболат, ар. – аса қайырымды, мейірімді адам болсын деген тілекпен қойылған есім. Қысқартып еркелете айту тұлғасы – Қайыртай.

Қайыргелді, өмірге мейірімді, қайырымы мол, шапағатты жан келді деген мағыналы есім. Қысқарған түрі – Қайырке.

Қайырғали, ар. – аса қайырлы, қайырымды, мейірімді.

Қайыржан, ар. – қайырымды, шапағатты кісі, жан.

Қайырлы, ар. – мейірімді, шапағатты, қайырымды, қайырымы мол.

Қалау, талғап-талдау, қолқалау, ұнатқанын өз тілегінше алу. Біріккен тұлғалы есімдер – Қалаубай, Қалаужан.

Қалауша, ата-ананың қалауынша, тілеуіне сай туған бала.

Қалдарбек, ир. хол – денедегі мең + көп. жалғ. дар + бек. Денеге шыққан қалы болса, ондай адам бақытты саналған. Сондықтан есімдер сыңарына қал сөзі жиі қосылып отырған. Мысалы: Қалдыбай (Қалыбай), Қалдыбек (Қалыбек), Аққал, т.б.

Қалдыбай, бала бақытты, ғұмырлы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Қали (қараңыз: Әли).

Қалқа, ата-ананың қалқасы, қорғаны, панасы, сүйеніші болсын деген тілекпен қойылған есім.

Қалқаман, қалқа + ман – кісі, адам.

Қалмұхамбет, ир. хол – мең + Мұхамбет, яғни меңді, бақытты Мұхамбет. Синонимі – Меңліахмет.

Қыскартып айту тұлғалары – Қалмат, Қалмақан, еркелете айтылатын түрі – Қалкен, Қалтай.

Қалыбай, оның меңі көп. Өте бақытты адам деген мәндегі есім.

Қалыбек, оның меңі көп, бақытты бек деген мәнді есім.

Қамар, ар. – хамар – ай.

Қамбар, ар. хамбар – күшті адам. Қазақ эпосындағы батыр есімі.

Қанағат, ар. қанаат – барға ырза болушылық, ырзалық.

Қанат, мұндай есім бала ата-анасының сүйеніші, тірегі болсын деген мақсатпен қойылған.

Қапбас (Аббас).

Қаппас (Аббас).

Қапыз (Абыз).

Қараман, қаз. қара – ауысп. зор күш, күшті, ірі, парс. ағ. нем. – ман – кісі, адам. Яғни күшті адам деген мағына береді.

Қарасай, қаз. қара – ауысп ірі, үлкен, зор, күшті + сай көне түркі тіл. Сағ – алып, өте дәу, зор, яғни зор тұлғалы алып. Қазақ эпосындағы батырдың есімі.

Қаратай, қаз. қара – ірі, үлкен, зор + тай < көне түркі тіліндегі тағ – тау сөзінің дыбыстық өзгеріске түскен күйі. Яғни, ата-ананың таудай үлкен тірегі, сүйеніші.

Қарамыс, көне түркі тілінде кармыш – халық, бұхара, көпшілік.

Қаршыға, бала қаршығадай тұйғын, қырағы болсын деп қойылған есім.

Қасиман, ар. хас – таза, асыл, нағыз, ерекше + ар. иман – сенім. Нағыз, таза жанды, сенгіш.

Қасым, ар. хасим – 1) сұлу, әдемі; 2) таратушы, бөлуші, үлестіруші. Біріккен тұлғалы есімдер – Қа-

сымбай, Қасымбек, Қасымжан, Қасымәлі, Қасымхан, Қасымтай, Қасымқұл.

Қатиф, ар. катиб – хатшы, жазбашы, жазушы.

Қаһарман, ар. гаһарман – 1) ер, батыр; 2) күшті, қуатты, алып.

Көшімбай (қараңыз: Үдербай).

Қирабай, ар. хира – 1) тандау; 2) ең жақсы, тандаулылар + бай.

Қиса (қараңыз: Айса).

Қисаметдин//Хисаметдин, ар. – 1) әдемі, тамаша; 2) жақсы, жарасымды.

Қисан, ар. хисан – сұлу, өте әдемі, тым жақсы.

Қияс, ар. хияс – 1) теңеу, ұқсату; 2) баға, құн. Лайықты деген мағынаны білдіреді.

Қобдабай, қамысы көп, қалың жер. Осындай жерде отырғанда туған балаға әдетте берген есім.

Қобыланды, қаз. қаблан – ауысп. мағ. ер, ержүрек, батыл. Қазақ эпосындағы белгілі батыр есімі. Қысқартылып Қобылан, Қоблан деп айтылады.

Қоғамбай, бала көпшіл, ұйымшыл болсын деген тілекпен қойылған есім.

Қожа, ар. ходже – ұстаз, мырза, бай, көпес, қожа-йын. Біріккен тұлғалы есімдер – Қожабай, Қожабек, Қожахмет, Қожагелді, Қожатай, Қожанияз, Бекқожа, Ерқожа, Есқожа, Нұрқожа және т.б. Қысқартылып айтылатын тұлғалары – Қожаш, Қожкен

Қожақ, к.т. – үлкен, зор, дәу. Қазақ эпосындағы батыр есімі.

Қожбан, к.т. өте ірі, дәу, зор, алып.

Қозы, балаларға мал төлінің атын қоя беру ертеден бар. Бұл сөз біріккен тұлғалы есімді жасауда қолданылады – Қозыбай, Қозыбағар, Жанғозы, Байғозы, Ерғозы және т.б.

Қойлыбай, қойға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Қолдас, қол сөзі мен дос қосымшасының бірігуінен жасалған есім. Көне түркі тілінде “қол басы” деген сөз.

Қорғанбек, бала ата-ананың мықты да берік қорғанышы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Қосай, қаз. бұл есім ана тіліміздің байырғы сөзі қос – екі, немесе егіз + ай сөздерінен жасалған. Демек, айға жет, айға жуық бол деген мағына береді. Қазақ эпосындағы батыр есімі.

Қосын, ар. –1) сұлулық, әдемілік, көркемдік; 2) қайырым; 3) қаз. – әскер.

Қосынбай (қараңыз: Үдербай).

Қошқарбай, бұл есім отбасында ер бала көп болуын қалаудан туған.

Қуан, ұл бала туғанда қатты қуану себепті қойылған есім. Синонимдері – Қуаныш, Қуандық.

Қуат, күш, жігер, қайрат.

Құбан, ир. құб – әдемі, көркем.

Құдайберген, ир. хода, ходай + қаз. берген. Синонимдері – Тәңірберген, Алдаберген. Біріккен тұлғалы есімдер – Құдайкүл, Құдайменде. Қысқартылған тұлғасы – Құдыш, Құдкен, Құдияр.

Құлыншак, құлынды кішірейте, еркелете айту түрі.

Құмар, ар. кумар – әуес, ынтызар, құштар.

Құралбек, монғ. хурал – жиналыс + қаз. бек. Яғни жиын, үлкен жиналыс бастығы, ағасы деген мағынаны білдіреді.

Құрман, ар. – 1) құрбандық; 2) құрбан шалу. Құрбан айты күні туған балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Құрманбай, Құрманбек, Құрманәлі, Құрманғали. Құрмансейіт, Құрманғазы, Құрмантай.

Фонетикалық түрлері – Құрбан, Құрбанәлі. Қысқартып еркелете айту тұлғасы – Құрмаш.

Құрмет, ар. hurmat – сый, ізет, қошемет.

Құрышжан, ар. қурыш – күшті, мықты, асыл + ир. жан(джон). Мықты, күшті адам.

Құсайын, Хұсайын, ар. хусейн < хусни сөзінің өзгерген түрі – 1) әдемі, әсем, ен, көркем; 2) қайырымды іс, жақсылық; 3) Хасен, Хасан есімінің кішірейту формасы. Фонетикалық түрі – Хұсайын.

Құтел, к.т. құт – бақыт + ел: яғни елдің құты. бақыты деген мәндегі есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Құттыбай, (қараңыз: Байқұтты). Құттық.

Қыдыр, ар. хизр – әулие, пайғамбар. Біріккен тұлғалы есімдер – Қыдырәлі, Қыдырбай, Қыдырбек. Қыдырғали.

Л

Латиф, ар. – қайырымды, рақымды, жайдары, сүйкімді.

Лаула, лаулап жанған оттай қызуы күшті өткір болсын деген мағыналы есім.

Ләшкер, ир. – әскер, жауынгер, қол.

Ләшкербек, ир. – жауынгер, әскер. Әскербек деген мағынаны білдіреді.

Лекер, ир. – дәнекер, байланыс, демеу.

Лұқпан, ар. лукман – даналықтың символы. Ертедегі данышпан, мысал жазғыш адамның есімі.

М

Мағаз, ар. ма, аzza – махаббат, сүйіспеншілік. Яғни қымбатты, сүйікті.

Мағауия, ар. – 1) сау-саламат; 2) құтылған.

Мазғұм, ар. ма, сум – 1) сакталған; 2) шақырылған; 3) қонақ, мейман.

Мағруф, ар. мағруф – 1) белгілі, жалпыға мәлім; 2) қолдау тапқан, жөні түзу; 3) жәрдем беру, қайырым жасау.

Майдан, ар. мейдан – 1) ашық алаң, соғыс алаңы; 2) майдан. Бұл есім Ұлы Отан соғысы кезінде туған балаларға қойылған.

Майлы, күйлі, қуатты, әлді.

Мақабыл, ар. – 1) қабылданған, қолдайтын; 2) қолдануға толық болатын.

Мақсат, ар. – 1) арман, тілек; 2) тілеп, күтіп алған. Фонетикалық түрлері – Мақсұт, Мақсұтбай.

Мақсұм, ар. Махдум – мырза, қожайын.

Малбай, малға, дүниеге бай болсын деген тілекпен қойылған. Түрлері – Малбек, Малдыбай.

Малжан, малды, жалпы байлықты жақсы көретін жан.

Мамажан, бұл есімнің бірінші сыңарындағы мама сөзі Жетісу тұрғындары тілінде кездеседі, «ат байлайтын діңгек» мағынасында айтылады. Адамға Мамажан деп ат қоюдың негізгі мәні – ол тірек, негіз болсын деген тілекпен байланысты.

Маман, 1) қолынан іс келетін, өнерлі, шебер; 2) маман адам.

Мамасадық, ар. – әділдік.

Мамат//Мамыт, ар. мақтауға, алғысқа лайық.

Мамыр, көктемдегі ай аты, май.

Манан, ар. мәннан – 1) қайырымды, марқабатты; 2) жомарт.

Манап, ар. –1) орынбасар, орнын басу, алмастыру; 2) феодалдық-рулық қоғам кезіндегі атақ; 3) тере, аксүйек.

Манар, ар. мәннар – жарық шығатын жер (белгі, караушы); маяк. Біріккен тұлғалы есім – Манарбек. Синонимдері – Шырақбек, Жарықбек.

Манасбай, қыр. Манас – ержүрек+ қаз. бай. Манас қырғыздың эпостық батырының есімі.

Мансұр ар. – 1) жеңімпаз, жеңіске жетуші; 2) күдіретті.

Марабай, ир. мара – белгі үшін қойылған көмбе. сөре + қаз. бай; яғни бала әрқашанда өз қатарынын алды боп, озып жүрсін деген тілекпен қойылғаны байқалады.

Маралбай, маралға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Марат, фр. Француз буржуазиялық революциясы қолбасшыларының бірі Жан-Поль Марат (1747–1793) құрметіне қазақ отбасына 1930 жылдан бері кеңінен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есім – Маратбек.

Мардан, тәж. мард – ер, еркек + дан – батыл, ер-жүрек.

Марқай, есей, ержет, үлкен боп өс.

Марлен, Маркс және Ленин фамилияларының бірінші буындарынан жасалған біріккен тұлғалы есім.

Марс, лат. 1) Көне рим мифологиясындағы соғыс құдайы; 2) планета аты. Біріккен тұлғалы есім – Марсбек.

Мархабат, ар. марқамат – жақсылық, қайырымдылық, мейірімділік.

Маршал, лат. Ж. ес. – Марсқа арналған; Ең жоғарғы әскери атақ, дәреже.

Максұт, ар. машуд – бақытты, ырысты.

Маусымбай, ар. маусум – июнь, уақыт, шақ, жиын-терін айы.

Махамбет//Мухамбет, Мохаммед – мақталған. мадақталған, мақтауға лайық, сүйікті. Еркелете қысқартып айту тұлғалары – Мақан, Маканжан.

Махмет, ар. маһмеде – мактауға лайық іс, мактарлық қасиет, қылық.

Махмут, ар. макмод – макталған, мактауға лайық, мактаулы.

Маху//Махы, ир. мах – ай, айлы, ай жүзді, ай жарығы.

Машабай, к.т. мәшә – емен. Демек, бала өмірлі, мықты болсын деген тілекпен қойылған.

Машрап, ар. мәшрәб – мінез-құлық, іс-әрекет.

Мәдел, монғ. – сана, ой, ақыл.

Мәди, ар. мадди – 1) заттық, материалдық; 2) материалистік, материалист.

Мәдит, ар. мәдидь – ұзақ, ұзын, кең,

Мәдхан, ар. мадһ – мадақтау, дәріптеу + хан.

Мәдхат, ар. мадһәд – мадақтауға, дәріптеуге лайық. Біріккен тұлғалы есімдер – Мәтжан, Мәтқасым, Мәтхалық.

Мәжғұл, тәж. Мәвджигул. Мавджи – жайнаған, құлпырған гүл.

Мәжен, ар. – маджин – ұялмайтын, жасқанбайтын.

Мәжит, ар. мажид – 1) атақты; 2) даңқты; 3) мактаулы.

Мәлік, ар. малик – 1) патша; 2) билеуші.

Мәлікайдар, ар. – арыстай күшті, мықты патша.

Мәлім, ар. – белгілі, атақты.

Мәмбет, ир. Моммед – 1) жәрдем етуші; 2) жәрдемші, көмекші. Фонетикалық түрі – Мәмет.

Мәсімбай, ар. масум – 1) сақталған; 2) шақырылған; 3) қонақ, мейман + бай. Синонимі – Қонақбай.

Мәтжан, ар. – мактау, дәріптеу + ир. жан (джон). Мактаулы адам.

Мәткәрім, ар. – мактауға тұратын адам, қолы ашық жомарт.

Мәтқасым, ар. – мактауға тұратын көркем, сұлу.

Мәтхалық, ар. – халық мақтаған, халық қолдаған.

Мәтібәлі, ар. мадһ – уәли. Мақтауға лайық Уәли.

Мәтіби, ар. – би, кожа; беделді, күшті, үстем.

Мәулен, ар. – мевлан –1) мырза, әкім; 2) жарылқағыш, есіркегіш.

Мәшһүр, ар. – көпке белгілі, атақты, даңқы шыққан.

Медет, ар. медәд – жәрдем, көмек. Біріккен тұлғалы есімдер – Медетбай, Медетбек.

Медетнар, ар. медед + қаз. нар – бір өркешті үлкен түйе, яғни нар тәрізді демеуші, күшті, сенімді.

Медетхан, медет + қаз. хан, яғни ханның жәрдемшісі, демеушісі.

Медеу, ар. мәдәд – үміт, тірек.

Медхат, ар. – медхад – мақтау, мадақтау.

Мейман, ар. мәһман – қонақ.

Мейрам, мереке. Бала өмірі шат-шадыман, мерекеге толы болсын деген тілекпен қойылғаны байқалады.

Мейір, ир. меһр – мейірім, ынта, ықылас, қайырым.

Мейірбек, аса мейірлі, мейірбанды.

Мейірман, мейірімді, шафағатты, қайырымды адам.

Мекемтас, ар. мехкәм – берік; мықты, нық + тас. Бала өмірі тастай қатты, мықты, өмірі ұзақ болсын деп қойылған есім.

Мең, адам денесіндегі қал. Біріккен тұлғалы ер (әйел) есімдері құрамында жиі қолданылатын сөз. Бұрынғы кезде бала бақытты болады деген сеніммен мең сөзін бала есіміне қосып отырған. Негізінде мең. меңлі сөздері сұлу, әдемі, көркем деген мағыналарда жұмсалған. Біріккен тұлғалы есімдер – Меңлібай. Менгерей, Меңсұлу.

Мендібай, денесінде мені көп, яғни бақытты адам. Еркелете қысқартып айту тұлғасы – Мендеш.

Меңдахмет//Меңліахмет, бақытты Ахмет.

Мерген, қаз. нысанаға дәл тигізетін атқыш. Біріккен тұлғалы есім – Мергенбай.

Мерей, бақыт, қуаныш. Біріккен тұлғалы есім – Мерейбек.

Мереке, мейрам, салтанат.

Мизам, ар. – сентябрь айына сәйкес келетін ай аты. Осы айда туған балаға қойылған есім.

Мирас, ар. – мұра, артта қалатын көз, тұяқ.

Мирболат, ж. ес. ор. мир – бейбітшілік, тыныштық + болат – болады – болсын.

Мирғали, ир. мир – араб тіліндегі әмір сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз «әкім, билеуші, бастық» деген мағынаны білдіреді.

Мирон, гр. Бейбітшілік, тыныштық сүйгіш.

Мырхайдар, арыстандай айбатты әмір, әкім, бастық.

Мият, қорғаныш, тірек, қуат. Біріккен тұлғалы есім – Миятжан.

Молбай, ар. – өте бай. Синонимі – Көпбай.

Молдабай, араб тіліндегі мавло – мырза, хожа сөзінің өзгерген түрі. Тәжік тілінде білімді, сауатты деген мағынаға да ие. Сауатты, білімді болсын деген мақсатта қойылады. Біріккен тұлғалы есімдер – Молдажан, Молдахан, Молдабек.

Молдан, қаз. мол – көп + дан қосымша. Яғни бала көпшіл, қауымшыл, өмірі ұзақ болсын деген тілекпен

қойылған есім. Молдабай, Молдахмет сияқты біріккен есімдердің еркелете айту түрі.

Момбек, ир. мом – балауыз+ қаз. бек. Синонимдері – Жарық, Жарықбек.

Момынәлі, қаз. жуас + ар. әли. Өте жуас, жұмсақ, биязы адам. Еркелете айту түрі – Момыш.

Мояз, ар. муяссар – өте бай, әлді.

Мөңке, алт. Моньку – мәңгі монғ. мөнгө – күміс ақша. Ақшалы болсын деген мағынада.

Мұзафар, ар. музаффар – жеңімпаз. Фонетикалық түрі – Мұзапар.

Мұқа, к.т. зор, күшті, үлкен, батыр.

Мұқағали, к.т. мұқа + ар. ғали (қ); аса күшті, зор батыр.

Мұқаділ, ар. – тең, бірдей; тең бағалы.

Мұқали, ар. мохали – жоғары, көтеріңкі.

Мұқамәди//Мухамәди, ар. – 1) Мұхамбеттің жолын қуушы; 2) мақтауға лайық.

Мұқамбет//Мұқамет, ар. – Мохаммад – даңқы шыққан, атақты, мақталған. Біріккен тұлғалы есімдер – Мұқамбетбай, Мұқамбетбек, Мұқамбетғали, Мұқамбеткәрім, Мұқамбетназар, Мұқамбеткожа, қысқарта еркелетіп айту түрлері – Мұқатай, Мұқан, Мұқай, Мұқаш, Мұқыш, Мәмет, Мамай және т.б.

Мұхамбетәзіз, ар. – құрметті, құдіретті.

Мұхамедияр, ар. – Мұқамбеттің досы. Қысқартылған түрі – Мадияр.

Мұхамбетжан, ар. Мұқамбеттің жаны.

Мұқым, ар. – муким – тұрақты, табанды, тиянақты, берік, ұзақ жасайтын.

Мұрабай, мұраға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Мұрат, ар. – мурад – мақсат, тілек, ықылас. Біріккен тұлғалы есімдер – Мұратбай, Мұратбек, Мұратәлі, Мұратберді, Мұратғали, Мұраткожа, Мұратқан, Мұратжан және т.б.

Мұратбай (қараңыз: Баймұрат).

Мұса, ар. Муса – к.евр. – Моисей – судан шығарып

алынған. Біріккен тұлғалы есімдер – Мұсабай, Мұсабек, Мұсағали, Мұсажан, Мұсахан, Мұсатай.

Мұстапа, ар. Мустафа – тандалған, сайлап алынған.

Мұстахиб, ар. мустахиф – 1) сүйікті; 2) қалаулы; 3) мақтаулы; 4) қымбатты.

Мұхит, ар. моһит – 1) қоршаған; 2) төңірек; 3) мұхит.

Мұхитан, тәж. Мохитобон – жарық ай.

Мұхтар, ар. мухтар – тандаулы, іріктеулі.

Мүбәрақ, ар. – мубарак – 1) гүлденген, бақытты; 2) қасиетті.

Мүрсейіт, ар. мұр ир. мир < амир + ар. сейидь – мырза, әкім, құрметті, яғни құрметті мырза, әкім.

Мүсірәлі, ар. – дәулетті, бай.

Мүсіреп, ар. мусриф – ысырапкор, жомарт.

Мүтәліп, ар. талап ету, сұрау.

Мығым, мықты, берік. Біріккен тұлғалы есім – Мығымбай. Синонимі – Берікбай.

Мыңбай, баланың өмір жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Мырзахмет, ир. мырза + ар. Ахмед. Мырза сөзі иран тіліндегі эмир – “әмірші, әкім” сөзінің варианты, оның құрамындағы за қосымшасы сол тілдегі өткен шақ етістік тұлғадағы заден – «туылған, туу» сөзінің қысқарған түрі. Сонымен мырза сөзінің түпкі мағынасы – әмір ұлы, хатшы болса, әдеби тіліміздегі мағынасы – қолы ашық жомарт, яғни Мырзахмет – жомарт Ахмет. Біріккен тұлғалы есімдер – Мырзабай, Мырзахан, Мырзамұрат, Мырзаболат, Мырзагелді, Мырзаберген, Мырзағұл, Мырзакәрім. Қысқарта еркелете айту түрлері – Мырзатай, Мырзаш.

Мырзабай (қараныз: Байызбай).

Мырқасым, ир. мыр + ар. хасым – сұлу, әдемі, көркем мырза, әмір, әкім.

Мышбай, к.т. миши – бұғы + бай. Яғни бала бұғыға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Мышырбай, ар. муширь – ақылшы, кеңесші, министр яки мемлекеттік секретарь (ертеде Оттоман империясында мушир – генералдық атақ болған. Ол кезде бұл атақ армия қолбасшыларына және генерал-губенаторларға да берілген).

Н

Нағи, ар. нәки – таза, қоспасыз.

Нағым, ар. нәгим – аман-саулық, есендік, бақытты өмір, рақат, ләззат.

Нағымбек, ар. нағым + бек. Мықты саулық, бақытты өмір.

Назар, ар. нәзэр – қарау, көзқарас, көз салу; ықылас, ілтипат. Метафоралық мағынасы – жәрдем, көмек, игі ниет, сүйеушілік, жақтаушылық,

Назарбай, жұрттың ықыласына, ілтипатына бай болсын деген тілекпен қойылған есім. Фонетикалық түрі – Назарбек.

Нақып, ар. нәкиб – бастық, басшы.

Нақысбек, ар. нәкш – 1) сурет, әшекей, өрнек; 2) түрлі жазба, яғни көрікті, әрлі адам.

Нарбай, нар – 1) жалғыз өркешті ірі түйе; 2) ауысп. – үлкен, мықты, ерекше, зор + бай. Бала үлкен, зор, мықты болсын деген тілекпен қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Нарбек, Нарбол.

Нариман, ир. нари – батыл, ержүрек + ман; яғни батыл, ер адам.

Наркес, өткір, батыл.

Нармағамбет//Нармұқамбет, каз. нар + ар. мағамбет – зор, мықты Мұқамбет. Қысқартып еркелету

тұлғалары – Нарымбет, Нармат, Нарыш, Наркен, Наржан, Нартай.

Нартау, бала тау сияқты зор, үлкен болсын деген тілекпен қойылған есім.

Нарту, дүниеге ірі, зор боп кел деген мәндегі есім.

Нарымжан, нарым – менің нарым, менің сүйіктім, менің жаным.

Насыр, ар. Наср – 1) жәрдем беруші, көмек етуші; 2) жеңімпаз. Біріккен тұлғалы есімдер – Насыролла, Насырбай.

Наурыз, ир. нов – жаңа + руз – күн. Новруз ирандықтардың календары бойынша жаңа жылдың басы – 21 март. Бұл мейрам күні туған балаларға Наурыз, Наурызбай, Наурызғали, Наурызбек деген есімдер берілген. Қысқаша айтылу түрі – Науан.

Нәби, ар. Нааб – әулие, құдірет, жаратушының елшісі.

Нәбиболла, ар. – жаратушының, құдіреттің, әулиенің елшісі.

Нәдір, ар. надыр – сирек, таңдаулы.

Нәдірбай, ар. қаз – сирек, таңдаулы бай.

Нәдірбек, сирек, таңдаулы бек, әкім.

Нәжіп, ар. нәджибь – мейірбан, қайырымды, ақ көңіл, кең пейілді, құдіретті.

Нәзір, ар. – салтанатты уәде, серт; ант.

Нәзірбек, уәдеде, сертте тұратын, берік адам.

Нәрік, ар. нари – отты, жалынды.

Несіп, ар. – 1) үлес, сыбаға; 2) бақыт, тағдыр.

Несіпбай, өз бақыты, өз тағдыры бар, байлыққа кенелген.

Нетәлі (қараңыз: Ниетқали).

Ниетқали, ар. нийат – пиғыл, ой, талап. Яғни жоғары пікірлі, ақылды, парасатты адам. Фонетикалық түрі – Нетәлі.

Низам, ар. тәртіп, орнығушылық.

Нияз, тәж. ниязь –1) өтініш, тілек, жалбарыну; 2) үміт; 3) сый, тарту. Біріккен тұлғалы есімдер – Ниязбай, Ниязғали.

Ниязмұхамбет, тәж – Мұхамбет пайғамбар сыйға тартқан.

Ноғайбай, ноғай – халық аты + бай.

Ноиль//Ноэль, ар. – мақсатқа жетуші, жетістік.

Ноян, монғ. ноен 1) 10000 адамның яғни түменнің бастығы, әкімі; 2) ханзада, патша баласы; 3) мырза, төре, әмір, үстемдік етуші. Біріккен тұлғалы есімдер-Ноянбай, Ноянбек. Фонетикалық түрі – Доян.

Нөкербек, монғ. нохэр – жолдас, дос.

Нұғман, к. евр. амандық, есендік, жақсылық.

Нұр, ар. – жарық, сәуле.

Нұрабай, Нұра өзенінің бойында туған балаға қойылған есім.

Нұрайдар, ар. нұр + айдар. Айдары жарқыраған бақытты бала. Қысқарған түрі – Нұрақ.

Нұрақын, нұрлы, сәулетті акын.

Нұралы, ар. нұр – жарық, сәуле. Әлидің нұры яки Әлидің жарығы. Фонетикалық түрлері – Нұрәли, Нұрғали. Қысқарған түрі – Нұран. Еркелетіп айтылатын түрі – Нұраш.

Нұрбай, ар. – нұрлы, көрікті ер бала.

Нұрбақ, ар. бағы жанған, бақытты, нұрлы.

Нұрбапа, ар. нұр + бапа – баба – үлкен ата, арғы ата.

Нұрбек, ар. нұр + қаз. бек –берік, мықты: өте нұрлы, әдемі, көркем.

Нұрбол, нұрлы, көркем, көрікті болсын деген тілекпен қойылған есім. Фонетикалық түрлері – Нұрболат, Нұрболсын.

Нүргелді, ар. нұр + келді, яғни өмірге әдемі, көркем, бақытты бала келді деген мәнді есім.

Нұрғазы, ар. нұр + ғазы – әскер, қосын; яғни нұры тасыған, керемет әскери адам.

Нұрғалым, ар. нур + ғалым, тамаша, нұры тасыған, бақытты ғалым.

Нұрғиса, ар. нұр + ғиса < Иса, яғни келбетті, сұлу, көркем тұлғалы Иса, Ғайса.

Нұрдан, нұрдан туған, жаратылған деген мағынаны білдіреді.

Нұрдәулет, ар. нұр + дәулет; яғни байлығы, дәулеті, сәулеті жарасқан.

Нұржақан, ар. нұр + ир. жиһан – дүние, әлем, шартарап; яғни дүниедегі, әлемдегі адамзаттың нұрлысы, сұлуы.

Нұржан, ар. нұр – ир. жан; яғни жан біткеннің нұрлысы, әдемісі, көріктісі.

Нұржау, ар. қаз. – нұр жаусын, бақытты болсын деген мағыналы есім.

Нұрзада, ар. нұр + ир. зада – перзент, бала; әдемі, ажарлы, сұлу бала.

Нұрзерек, ар. қаз. – керікті, нұрлы, зерек бала.

Нұржігіт, ар. қаз. – нұрлы, әдемі, көрікті жігіт.

Нұри, ар. – нұрлы, көрікті.

Нұрқасым, ар. нұр + ар. қасым; аса әдемі, сұлу, шырайлы.

Нұрлай, нұрлы және ай сөздерінен жасалған есім, яғни жарық ай.

Нұрлан, ар. – ажарлану, әрлену, нұрлы, бақытты болу.

Нұрлат, ар. нұрландыру, көріктендіру; 2) бақытты ету.

Нұрлы, ар. – өте әдемі, көркем, сұлу. Біріккен тұлғалы есімдер – Нұрлыбай, Нұрлыбек.

Нұрмұқамбет, ар. нұр + мохаммед – мұхамбеттің нұры, сәулесі. Қысқарта, еркелетіп айту тұлғалары – Нұрмат, Нұрым, Нұртай, Нұрқан, Нұркен, Нұрыш, Нұржан.

Нұрнияз, ар. нұр + тәж. нияз – өтініш, сый; Тілеп алған көркем, сұлу бала.

Нұрпейіс, ар. нұр + ир. пейиш – ұжмақ; ұжмақтың, пейіштің сәулесі, нұры.

Нұрсапа, ар. нұр + сафа. Ең көркем, өте сұлу деген мағынаны білдіреді.

Нұрсейіт, ар. – ажарлы, нұрлы мырза.

Нұрсовет, ж. ес. совет дәуірінде туған көркем, әдемі бала.

Нұрсұлтан, ар. – әрлі, нұрлы сұлтан.

Нұрталап, талабына нұр жаусын, талабы зор, талантты болғай деген тілекпен қойылған есім. Қысқартылған түрі – Нұртай.

Нұртас, ар. нур + қаз. тас. Бұл есім негізінде, баланың нұры тасысын, сәулесі, шапағаты басқаларды да шарпысын деген тілекпен қойылған.

Нұрхан, ар. нұрлы, көрікті хан.

Нұрым, ар. – менің сәулем, жарығым, нұрлым.

Нұсқабай, ар. носхе – 1) көшірме, бейне; 2) тұлға, келбет, сырт көрініс. Мұндай есімдер бала келбетті, тұлғалы болсын деген тілекпен қойылса керек.

Нұсқар, ақыл-кеңес берер ақылды бала болсын деп қойылған есім.

Нүсіп, (қараңыз: Жүсіп).

Нығмет, ар. нигмәт – 1) береке, дәулет, байлық; 2) бақытты, бақытты өмір.

Нығметжан, ар. – дәулетті, бай адам.

Нығметқали, ар. нигмәт + қали < ғали; аса дәулетті, байлығы артық.

Нығметолла, ар. – берекелі.

Нысанбай (қараңыз: Белгібай).

О

Обай, монғ. овоо – көрім, тәуір, жақсы.

Одақ, ж. есім. Советтік Социалистік Республикалар Одағында туған, СССР азаматы деген мағынада қойылған есім.

Ожарбай, қаз. ожар – қайсар, бірбет, өжет + бай, бірбет қайсар, өжет адам.

Озарбек, озар озу – алға түсу, озып кету + бек.

Озат, ол қатарынан озып кетеді, алға жетеді, алдыңғы қатарлы деген мәнде қойылған есім.

Ойлы, ақылды, парасатты, дана.

Ойрат, монғ. ой – орман. тоғай + рат – арат – халық; яғни орман халқы.

Октябрь, ж. есім. Ұлы Октябрь социалистік революциясы құрметіне қойылған есім.

Олег, скандинав. – қасиетті, құдіретті.

Олжабай, олжадан түскен, бере салған бала.

Олжас, ол жас қайрат, жас жігер деген мәндегі есім.

Омар, ар. гумар – өмірлі, ғұмырлы. Біріккен тұлғалы есімдер – Омарбай, Омарбек, Омарғали Фонетикалық түрлері – Ғұмар, Құмар.

Омарбай, өмірлі, ғұмырлы адам.

Омарбек – өмір жасы, ғұмыры ұзақ, мықты, берік.

Омарғали, ұзақ өмір сүруші, көп жасаушы.

Омархан, өмірі ұзақ, ғұмырлы хан.

Онбай, бала өз тегінен он есе артық бай болсын деген тілекпен ертеде қойылған есім.

Оңалбай//Оңалбек, шаруасы, хал-жайы жақсы, онды бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Оңғар, онда, түзе.

Оңғарбай, ісі алға басқан, ісі оңған бай болсын деген мәнді есім.

Оңдасын, құдай әндасын, тәңір жарылқасын. Синонимі – Оңласын.

Опабек, ар. вафа – орындау, айтқан сөзде тұру, адалдық, тазалық + бек. Сөзінде тұратын адам деген мағына береді.

Ораз, к.т. ырыс, құт, бақыт.

Оразақ, ар. разақ – өмірге, тіршілікке алғыс сезімін білдіру.

Оразақын, ар. бақытты, ырысты ақын.

Оразалы//Оразғали, к.т. ораз + ар. алы ғали; яғни өте бақытты. Синонимдері – Құтқали, Бақытқали.

Оразбай, ар. ораз + қаз. бай. Бақытты, ырысты бай. Синонимдері – Оразбек, Бақтыбай, Құттыбай.

Оразбек, ар. ораз + қаз. бек. Өте бақытты, ырысты. Синонимдері – Бақытбек, Рысбек, Құттыбек.

Оразгелді, ар. ораз + қаз. келді. Бақытты, ырысты боп келді деген мағынада. Синонимдері – Бақыткелді, Рыскелді.

Оразғұл, бақытты қызметші.

Оразмұхамбет, бақытты Мұхамбет.

Орақ, к.т. егін оратын орақ, қол шалғы. Ауыспалы мағынада орып түсетін, өткір. Эпостағы батырдың есімі.

Орақбай, астыққа, егінге бай болсын деп қойылған есім.

Орал, өзен атынан қойылған кісі аты. Біріккен тұлғалы есімдері – Оралбай, Оралбек, Оралхан, Оралтай, т.б.

Орасан, ерекше, ерен.

Ордабай, к.т. орда – 1) ерте кезде үлкен мәселе шешерде немесе жауға аттанарда бас қосатын жиынды атаған; 2) кейін ол «хан тұрағы, мекені, хан сарайы» дегенді білдіретін болған. Ал бұдан да кейінірек жаңа мағынаға ие болып, «орталық», “астана” деген ұғымды да танытқан. Бұл сөз арқылы жасалған кісі есімдері – Ордәлі, Ордабек, Ордағали, т.б.

Орманбай//Орманбек, орман-тоғай, баланы орманға ие болсын, соның байлығына бас болсын деген тілекпен осындай есім берген.

Орманшы, бала орман байлығын қорғайтын адам болсын деген тілекпен қойылған есім.

Орынбай, өмірде өз орнын таба алатын адам болсын деп қойылған есім.

Орынбек, өмірде орны берік, мықты.

Орынғали, өмірде алатын орны жоғары, биік.

Оспан, ар. – кеңінен тараған есім. Мағынасы – ерлік, батырлық, батылдық Фонетикалық түрлері – Ғұсман, Құспан, Осман. Біріккен тұлғалы есімдер – Оспанәлі //Оспанғали (аса жоғары, аса үлкен батырлық). Оспанбай, Оспанбек, Оспанбет, Оспанхан.

Отан, ж. есім. туған ел, өскен жер, сүйікті мемлекет.

Отар, отарда туған балаға берілген есім.

Отарбай, отарға, отарлы қойға бай болсын деген ниетпен қойылған есім.

Ошақбай, жанға, балаға бай болсын деген тілекпен де байланысты.

Ө

Өжет, өткір, батыл, табанды.

Өзбек, өзбек халқы атынан қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Өзбекбай, Өзбекәлі.

Өзенбай, өзенге, суға бай болсын деген тілекпен қойылған есім.

Өктем, өктем, үстем, басым, өмірлі.

Өкім, ар. окм. – 1) үстемдік; 2) өкімет, билік; 3) шешім, үкім; 4) пікір, түсінік.

Өлкебай, қарауында көп өлке, аймақ, алқап, тұрақ, мекен болсын, соларға үстем болсын деген тілекпен қойылған есім.

Өмір, ар. ғомр – 1) ғұмыр; 2) тіршілік.

Өмірбай, бала өмірлі болсын, өмір жасы ұзақ болсын деп қойған есім. Фонетикалық түрі – Өмірбек.

Өмірғазы, ар. – өмір + ғазы – жауынгер.

Өмірғали, өмірі Ғалидың өміріндей болсын деп қойылған.

Өмірзақ, ар. емір + қаз. зақ < ұзақ, көп жасайтын, ғұмыры ұзақ, өлмейтін. Синонимдері – Өмірбай, Өмірбек, Өміржан, Өміртай және т.б. Еркелете қысқартып айту түрлері – Өмекен, Өміш, Өмен.

Өндіріс, ж. ес. өндіріс орны, кәсіпорын.

Өнербек, өнері мықты, өнерлі адам.

Өрекен, к.т. шор, хакас тілінде қарт, қария.

Өрен, – 1) жұрттан асқан ерекше, ерен; 2) жасөспірім ұрпақ.

Өрім, жасөспірім, өндірдей жас жеткіншек.

Өсер, ер жетіп азамат болар деген мәнде. Біріккен тұлғалы есім – Өсербай.

Өскенбай, байлығы өсіп, кебейсін деген мағыналы есім.

Өтебай, байлығы асқан, тасыған бай.

Өтеген, орнын толтыру, төлеу.

Өтеғали, қаз. өте + ар. ғали – жоғары, биік. Аса биік, өте жоғары, аса батыр.

Өтемағамбет//Өтемұхамбет, қаз. өте + ар. Мохаммед. Мұхамбеттей атағы асқан, даңқты деген ма-

ғынада қойылған есім. Қыскаша тұлғасы – Өтембай. Еркелету түрі – Өтеш.

Өтетілеу, ұл балаға зар болып, көп сұранып, тіленіп жүрген кезде туған сәбиге қойылған есім.

П

Пазыл (қараңыз: Фазыл).

Палуан, ар. пахлаван – күшті күрескер.

Палуанғали, аса күшті палуан.

Панабек, ир. панаһ – қорғаныш, тірек + бек. Мықты қорғаныш, тірек.

Парасат, ар. ақыл-ой.

Пердебек, ар. парда – күш; яғни күшті, мықты.

Пірәлі, ар. пир – ауысп. мықты, күшті.

Пірімғұл, ар. пір – ауысп. мағ. күшті, мықты.

Р

Рабат, ар. рафоат – ұлылық, жоғары дәреже.

Радий, ж. есім. Химиялық радий элементі атынан қойылған есім. Еркелете айтылу түрі – Радик.

Радж, ж. есім. Индия халқының белгілі актері Радж Капур құрметіне қойылған есім.

Разак, ар. раззак – өмір сүруге, тіршілік етуге ризық беруші.

Рай, ар. – жағдай, көзқарас, пікір; адамның көңіл-күйі, сезімі.

Райбай, дүниеге өз көзқарасы, пікірі бар, саналы адам.

Райбек, ар. райы қатты, бір бет бала.

Райнұр, ар. – жарық өмір.

Райымбек, ар. раим – рақымды, мейірімді + бек-мықты, мығым; берік, яғни мейірімді, қайырымды; бет алысынан қайтпайтын қайсар батыл, берік адам.

Райыс, ар. рэиса – бастық, басшы, әкім.

Раил, ар. – негізін салушы.

Рақап, ар. – 1) кең, ұлан-ғайыр; 2) мырза, жомарт, жарқын жүзді.

Рақат, ар. – тыныштық, тыным, тыныс.

Рақым, ар. рәхим – қайырымды, мейірімді, ізгі ниетті. Басқа сөздердің косылуы арқылы да күрделі есімдер жасалады. Мәселен, Рақымбай, Рақымберді, Рақымбек, Рақымжан. Қысқартылып еркелете айтылатын түрі – Рақыш.

Рамазан, ар. – рамадан – күйдіруші, жандырушы. Араб жерінде бұл өте ыстық ай. Мұсылман жыл санауының тоғызыншы айы, осы айда туған балаға осындай есімдер қойылған.

Рамиз, ар. – белгі, таңба.

Расул, ар. – 1) хабаршы; 2) елші, уәкіл. Біріккен тұлғалы есім – Расулбек.

Рауан, ир. рэван – жан, өмір.

Рафазль, к.евр. – құдай сақтады, аман қалдырды.

Рафик//Рафих, ар. қайырымды, жомарт, мәрт; ай-

Рахман, ар. – рақымды, мейірімді, кішіпейіл. Қысқаша айтылу түрі – Раман.

Рахмет, ар. – алғыс.

Рахметолла, ар. – мейірімділік, рақымшылық.

Рашит, ар. – 1) саналы, ақылды парасатты; 2) ба-
тыл, ер.

Ревмир, ж. есім. «революция мировая» сөздерінің бірінші буындарынан жасалған есім.

Ренат, ж. есім. Орыс тіліндегі революция, наука, труд сөздерінен қысқартылып жазылған есім.

Ришат, ар. – 1) ақылды; 2) саналы, әділдік.

Рысбек (қараңыз: Оразбек).

Рыскелді (қараңыз: Оразгелді).

Руслан, көне түркі тіліндегі Арыслан есімінің орыс тілінде өзгерген түрі.

Рүстем, ир. 1) раода – жүз, келбет, бейне; 2) тамакүшті. Сонда бұл есімнің жалпы мағынасы – батыл, күшті, мықты, зор денелі. Біріккен тұлғалы есімдер- Рүстембек, Рүстембай, Рүстемғали.

С

Сабаз, ир. шаһбаз – 1) ер, азамат, батыл; 2) сұңқар. Біріккен тұлғалы есім – Сабазбек.

Сабаншы, к.т. соқашы, егінші, дихан, көктемде егін айдау кезінде туған балаға қойылған есім.

Сабатай, қаз. саба – 1) қымыз ашыту, сақтау үшін жылқы терісінен істелген кең ыдыс; 2) ауысп. бір нәрсенің мөлшері, шегі яғни баланың ой-өрісі, білім дәрежесі кең болсын деп қойылған есім.

Сабигат, ар. – 1) жаңа, жас; 2) сұлулық, әдемілік. Фонетикалық түрі – Сәбигат.

Сабыр, ар. – шыдамды, төзімді.

Сабыржан, сабырлы, шыдамды, төзімді кісі. Синонимі – Сабырқан.

Сағадат, ар. – бақыт, құт, шаттық.

Сағат, ар. саад – бақытты сәт, уақыт.

Сағи, ар. – 1) бақытты, ырысты, құтты; 2) мырза.

Сағит, ар. – 1) бақытты, ырысты; 2) аман-есендік, саулық.

Сағым, к.т. сағ – ақыл + тәуелдік жалғауы ым, яғни менің ақылдым, ойшылым деген мәндегі қойылған ескі есім. Біріккен тұлғалы есім – Сағымбай.

Сағын, қатты аңсау, құмарту, көруге ынтық болу, яғни ата-ана ұлға зар болып жүргенде көрген балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Сағынбай, Сағынғали, Сағынтай.

Сағындық, ұзақ уақыт сағынып, сарғайып жүріп көрген ер бала.

Сағыр, ар. – кішкене, кенже бала.

Садан, монғ. – туыс, туған-туыскан.

Садыбай (қараңыз: Жаксыбай).

Садық//Сыдық, ар. – 1) шын, адал, таза, ашық; 2) сенімді адал дос.

Садыр, ар. – 1) кеуде, көкірек; 2) басшы, бірінші; 3) ұлы мәртебелі. Біріккен тұлғалы есімдер – Садырбай, Садырбек, Садырқан, Садыралы.

Сайбак, ар. монғол тіліндегі жақсы, онды деген мағынаны білдіретін сайын сөзіне араб тіліндегі бақ-бақыт сөзін қосу арқылы жасалған есім. Яғни, аса бақытты, жақсы ғұмыр деген мағынаны білдіреді.

Сайдар, монғ. ир. Монғол тіліндегі сай (сайын) сөзіне иран тіліндегі ие болуды білдіретін дар қосымшасы қосылу арқылы жасалған есім. Мағынасы «жақсылық, қайырымдылық иесі» дегенді білдіреді.

Сайлау, ж. есім, халық депутаттарын сайлау кезінде дүниеге келген балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есім – Сайлаубай.

Саймасай, бала әкесінен не анасынан аумайды, қатты ұқсайды, дәл өзі сияқты деген мәнді есім.

Сайран, бала өмірде бақытты өмір сүрсін, сайрандап жүрсін деген тілекпен қойылған есім.

Сайрамбай, Сайрам қаласында туылған адам.

Сайын, монғ. – жақсы, оңды. Біріккен тұлғалы есім – Сайынбек.

Сақтар, бәле-жаладан сақтасын деген мәнді есім.

Сақып, ар. – сахиб – серік, жолдас, дос, таныс.

Саламат, ар. – 1) бейбітшілік, тыныштық, саулық; 2) сәлем.

Салауат, ар. мықтылық, беріктік, табандылық, тұрақтылық, қажырлылық, ілгерлілік.

Салық, ар. адиг –1) жақсы, ізгілікті, рақымды, тауфикты; 2) адал, әділ.

Самат//Сәмет, ар. – мәңгі, тұрақты. Қысқарған түрі – Саматай.

Самға, аспанға ұшу, шарықтау.

Самұрат, ир. шах+ар. мурад. Мақсатына жеткен шах. Синонимдері – Шахмұрат, Шаймұрат, Шамұрат.

Сана, бала ынталы, ақылды, парасатты болсын деген тілекпен қойылған есім.

Санат, ар. 1) тірек, сүйенім, таяныш. 2) бақыт, сәт, ұлылық, дәреже.

Сандыбай, қаз. санды – әдеттен тыс, сирек кездесетін + бай.

Санжар, көне түркі тіліндегі Саншора есімінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі. Көне түркі, қазақ тілінде сан – «он мың», шора – «ер, батыр» деген мағыналарды білдіретінін ескерсек, «бір өзі он мың қолға тең ер, батыр» мәнінде қойылған есім екенін байқаймыз. Замандар бойы айтыла келе Саншора < Саншор < Саншар < Санжар тұлғасында қалыптасып кеткен.

Сапа//Сафа, ар. – 1) тазалық, ашықтық; 2) адалдық; 3) тыныштық.

Сапар, ар. сафар – саяхат, алыс жол.

Сапарбай, ар. сафар + қаз. бай. Өмір жолы ұзақ, мол болсын деген игі тілекпен қойылған есім.

Сапарбек, ар. сафар + қаз. бек. Өмір жолы берік, мықты болсын деп қойылған есім.

Сапарғали, ар. – сапары, алған беті әрқашан биік, жоғары болсын деп қойылған есім.

Сапи//Сафи, ар. сафа – тандаулы, адал дос.

Сардар, ир. сэр – 1) сардар, генерал, бастық, қолбасшы; 2) түркі тілінде – батыр. Біріккен тұлғалы есім – Сардарбек.

Сари, ар. – атакты, мейірімді, асыл.

Сарман, монғ. сар – ай + ман – кісі аттарындағы

қосымша, яғни «ай туды» деген мағынаны білдіреді. Синонимдері – Айтуды, Айтуған.

Сары, ауысп. – кең-байтақ; көп нәрсені білетін, қоғам өмірінен хабардар, білгір.

Сарыбай, баланы алтынға балап немесе өмірде кең пейілді болсын деп қойылған есім.

Сарыбас, 1) бала өңі сары немесе шашы сары болғандықтан қойылған; 2) бала алғыр, білімді болсын деген тілекпен қойылған есім.

Сарын, 1) қатты дыбыс, үн; 2) қатты ағын үні, екпін.

Сасан, сасанидтер династиясы басшысының есімі.

Сатай, монғ. садан – туыс, туған, туысқан, жақын.

Саттар, ар. – 1) кешірім етуші, жасырушы; 2) қорғаушы.

Сауран, 1) сый, тарту; 2) ескіше екінші ай аты, сол айда туған балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Сауранбай, Сауранбек.

Саурық, үйірге түспеген жас айғыр. Жас, жеткіншек деген мағынада.

Сауық, ар. – 1) тамаша, ойын-күлкі, сауық-сайран; 2) даңқ, құрмет.

Сауыт, батырлар киетін кіреуке. Бала мықты, берік болсын деп қойған есім.

Сауытбай//Сауытбек, бала сауыттай берік, мықты болсын деген тілекпен берілген есім.

Сафи, ар. – тандаулы, адал дос.

Сафуан, ар. – 1) тазалық, пәктік; 2) қатты гранит тас.

Сахи, ар. – жомарт, мырза.

Сая, ир. қорғаныш, пана.

Саятқан, ар. – саят – аңшылық, аң аулаушылық + хан.

Саян, Саян тауы атынан қойылған есім.

Сәбиғат, ар. – сұлулық, әдемілік.

Сәбит, ар. – мықты, тұрақты, табанды, адал.

Сәдуақас, ар. сәйд – бақытты, ырысты, құтты + уа қосымша + хас – нағыз; яғни нағыз бақытты, ырысты адам. Қысқартып айту түрлері – Сәду, Сәкен, Оқас.

Сәлмен, ир. – есейген, ержеткен, үлкен

Сәлім, ар. сәлим – 1) сау, бүтін, толық, аман-есен; 2) нағыз, шын, табиғи, аман-сау; 3) қарапайым, адал. Біріккен тұлғалы есімдер – Сәлімбай, Сәлімбек, Сәлімгерей.

Сәмен, ир. – байлық, молшылық; күш, қуат, тәртіп, тыныштық.

Сәмет, ар. – 1) мәңгілік, өмірлік, берік; 2) бас ие, кожайын.

Сәми, ар. – жоғары, биік, көтеріңкі, зор, асқар.

Сәрсенбі, ир. ар – төрт + шәмбе – күн, үшінші күн, яғни осы күні туған балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Сәрсенбай, Сәрсенбек, Сәрсенәлі, Сәрсенғали, Сәрсенқан. Еркелегіп, ықшамдала қысқартылған түрлері – Сәрсек, Сәрсен, Сәрсекей, Сәркеш.

Сәт, ар. сад – бақыт, құт, ырыс.

Сәтбай, ар. – құтты бала (бай).

Сәтжан, ар., ир. – бақытты, ырысты адам.

Сәтім, ар. қаз – менің бақытым, құтым, ырысым.

Сәуір, ар. – жыл мерзіміндегі төртінші ай аты, сол айда туған бала. Біріккен тұлғалы есімдер – Сәуірбек, Сәуіркүл.

Сейдахмет, ар. сейид – мырза, бастық, әмір + Ахмет, яғни әмір, бастық Ахмет.

Сейдәлі, ар. сейид – мырза, бастық, әмір + ғали-жоғары, биік. Демек, жоғары, үлкен бастық, әмір. Синонимдері – Сейдәлі, Сейітқали.

Сейдуэли, ар. – мырзаның, бастықтың орынбасары, орындаушысы.

Сейділда//Сейдолла, ар. – мырза, орындаушы Қысқартып айту түрлері – Сейдін, Сейділ, Сейдім.

Сейсенбай, ир. се – үш, сенбі (шамбе) – күн + бай, яғни айдың екінші күні туған балаға қойылған есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Сейсенбек, Сейсенбі, Сейсенғали, Сейсенхан.

Сейіл, ар. –1) көктем мерекесі; 2) халық серуені.

Сейітмет//Сейітмәмет, ар. – мақтаулы, мақтауға лайық адам.

Сейіт, ар. сейидь – 1) мырза, бастық, әкім; 2) құрметті. Күрделі тұлғалы есімдер – Сейітәлі, Сейітбаттал, Сейітбек, Сейітжан, Сейітмұрат, Сейітқожа Сейіткерей, Сейітмұкамбет.

Сейфолла, ар. саифи – қылыштан өткір, кесіп түскіш + олла < алла, яғни қылыштай өткір перзент, алланың қылышы.

Сексенбай, мұндай есім көбінесе бала әкесі 80 жасқа келге де туған балаға қойылады.

Сембай, ир. шамбе + бай, яғни сенбі күні туған бала.

Сембі, ир. шамбе– алтыншы күн, сол күні туған балаға қойылған есім.

Сенім, үміт, сенім.

Сенгірбай, к.т. сенгір – таудың биік төбесі + бай, бала таудай биік болсын деген мәнде қойылған есім.

Серәлі, ир. сәр < шер + әлі + ғали, яғни арыстан сияқты батыл. Еркелетіп айту түрі – Сертай.

Серғазы, ар. – сер – басшы, бастық + ар. газы – жауынгер; жауынгер, әскер, басшы.

Серғали, ар. сәр + ар. Ғали: Басшы Ғали.

Серке, 1) қой бастайтын серке; 2) ауысп. басшы, жетекші, көсем. Біріккен тұлғалы есім – Серкебай.

Серкебай (қараңыз: Байсерке).

Серік, ар. шәрік – жолдас, серіктес. Біріккен тұлғалы есімдер – Серікбай, Серікбек, Серікқали, Серіктұр.

Серікбол, көптің серігі, досы бол деген тілекпен қойылған есім.

Сираж, ар. 1) шырақ; 2) жарық.

Совет, ж. есім. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында туған балаға осындай есім берілген. Синонимі-Кеңес, біріккен тұлғалы есімдер – Советбек. Советжан, Советқан.

Сократ, гр. мемлекетті, үкіметті сақтаушы; құтқару, сақтау, күш, өкімет.

Солдатбек, ор. солдат + бек, синонимдері Әскербек, Ләшкербек.

Солтыбай, ар. солдо – 1) күш, өкім, билік; 2) күшті, мықты + бай. Демек, күшті мықты адам.

Сомбел, белі мықты, күшті, балуан тұлғалы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Социал, ж. есім – социализм, социалистік сөзінен қысқартылып жасалған есім.

Сұлтан, ар. – өкімет, билеуші, әкім. Біріккен тұлғалы есімдер – Сұлтанбай, Сұлтанбек, Сұлтанғали.

Сұлтангелді, дүниеге, өмірге билеуші әкім бала келді деген мәндегі есім.

Сұлтанмұрат, бала сұлтан боп тілегіне, мұратына жетсін деген мағынаны білдіретін есім.

Сұңқар, бала сұңқардай қырағы, батыл болсын деп қойылған есім.

Сүгір, к.т. сукур – хабар.

Сүгірбай, к.т. бала ғылымнан, өнерден хабары, білімі мол, білгір болсын деген тілекпен қойылған есім. Түрі – Сүгірбек.

Сүйеу, ата-ана, туысқа тірек, таяныш болсын деп қойылған есім.

Сүйін, ырза болу, сүйіну, көңіл толу.

Сүйінбай, көптің көңілі толсын, істеген ісіне разы болып сүйсінсін деген мәндегі есім.

Сүлеймен, көне еврей тілінде Шэломох – соломон – бейбіт, тыныш, қорғалған. Қысқартылып айтылу түрлері – Сүлей, Сүлейке.

Сүмбей, ир. сунба – мылтықтың сүмбесі. Бала сүмбедей тіп-тік, түзу, мүсінді, әдемі болып өссін деген тілекпен қойылса керек.

Сүндет, ар. суннэт – рәсім, әдет, дәстүр.

Сүтгібай, сүтке, жалпы аққа бай болсын деген қойылған.

Сыбанқұл, бұл есімнің бірінші сыңары ар. Шабан – 1) ток, тойған; 2) Бұл есімнің түбірі Сыбан Шейбан, Шейбани, Шибан түрлерінде де кездеседі.

Сыдық, ар. седдик – 1) шындық, растық, туралық; әрқашан тура айтушы; 2) шыншыл, әділ.

Сылан, к.т. силан – тік, биік, сымбатты.

Сымақ, ир. самех – жомарт, мырза.

Сындыбай, сымбатты, әдемі, көркем болсын деген тілекпен қойылған есім.

Сырбай, бұл есімнің екі түрлі мағынасы бар сияқты: 1) Сыр (Сырдария) өзені бойында туғандықтан қойылуы мүмкін; 2) ар. сиер – өмірбаян, табиғи жаратылыс, өмірдегі жағымды іс-әрекет.

Сырғабай, ар. Сыр + ға қосымша + бай; яғни бала өнер-білім, ғылым құпиясын жете білсін, соны меңгерсін деген тілекпен қойылған есім.

Сырғабек, ар. каз. сырға берік, мықты болсын деп қойылған есім.

Сырым, к.т. шыдам, шыдамды, төзімді.

Сырмұхамбет, к.т. сыр – шыдам, төзім, ұстамды + ар. Мухаммет, яғни төзімді, шыдамды, ұстамды Мұхамбет.

Т

Табар, қаз. тап сөзіне ар есімше жұрнағы жалғанып жасалған, яғни бала білімді болып дүниенің сырын ашсын, жаңалық тапсын деген тілекпен қойылған есім.

Табылған, баласы өлген үйде дүниеге жаңадан келген сәбиге жоғалғаны табылды деп осылайша ат берілген. Кейде Табылды деп те қоя береді.

Табыс, қол жеткен жетістік.

Тағай, ар. – нағашы; бұл есімнің синонимдері – Нағашыбек, Нағашыбай.

Тазабек, нағыз мықты, берік адам, нағыз бек.

Тайбек, тайға мінгенде құламайтын, жығылмайтын, мықты берік отыратын бала болсын деген мақсатпен қойылған есім. Еркелетіп қысқартып айту түрі – Тайжан.

Тайлақ, ботадан үлкен бір жасар түйе атауы. Түйе малының атауынан қойылған есімдер ертеде көп қойылып отырған.

Таймас, өмірде алған өз бағытынан, алға қойған мақсатынан қайтпас бала.

Тайшық, тибет. бұл есім көне түркі тілдерінде дәреже ретінде колданылған тибеттің тайши сөзінің өзгерген түрі. Демек, тайши –1) аға тәрбиеші, ұстаз; 2) атақты, әйгілі адам.

Тайыр, ар. таир – 1) жоғарыға ұшушы; 2) құс.

Тақыр, ар. тахир – таза, бүлінбеген, бұзылмаған. Дыбыстық өзгерген түрі – Такир, Тахир.

Талап, ар. талаб – іздену, талап ету, өтініш, тілек.

Талғат, ар. – өң, түр, келбет, рең, жүз, әдемілік, сұлулық.

Талқа, ар. – тандаулы, тамаша.

Талмас, арымас, шаршамас (адам).

Танабай, қаз. тана – екі жасар баспак + бай. Сиыр малы атауынан қойылған есімдер көп болған. Синонимдері – Бұқа, Бұқабай, Өгізбай, Сиырбай, Бұзаушы және т.б.

Таңат, таң атқан кезде туған балаға ертеде осындай ат берген. Біріккен тұлғалы есімдер – Таңатқан, Таңатар.

Таңбол, ата-ананың сәулесі, маңдайындағы жарығы, бақыты болсын деген ниетпен қойылған есім.

Таңсықбай, ұл балаға әбден таңсық, құмар боп жүргенде туған балаға қойылған есім.

Тарас, гр. – толқу, қобалжу.

Тарғын, к.т. – ашулы, зілді. Қазақтың «Ер Тарғын» эпосындағы батырдың есімі.

Тасболат, тас пен болаттай мықты, өмірлі болсын деген тілекпен қойылған есім.

Тасемен, тасқа шыққан емендей мықты боп, ұзақ жасасын деген тілекпен қойылған есім.

Тасқайрат, қайрат – жігері тастай мықты болсын деген мәндегі есім.

Тасқын, бала өмірі тасқындай боп өтсін деген мәндегі есім.

Тастайбек, бала өмірі тас сияқты мықты, мәңгілік болсын деп қойылған есім.

Тастемір, ата-ана тарапынан баланың өмірлі болуын, тас пен темірдей мықты, берік болуын тілеп қойылған есім.

Тастүлек, мықты ұрпақ, жеткіншек.

Татубай, бақытты, тыныш, бейбіт өмір сүруші (адам).

Тау, шың, асқар, заңғар. Біріккен тұлғалы есімдер – Таубай, Таужан. Қысқартып айту түрі – Тауан.

Тауасат, өмірдің ең қиын асуларынан аса алатын деген мәндегі есім.

Тауман, таудай зор адам.

Тауфих, ар. тавфих – 1) табыс, жетістік, бақыт; әрекет, көмек.

Тахауи, ар. –1) тұқым; 2) ұрпақ.

Тәжі, ир. тәдж. Біріккен тұлғалы есімдер –Тәжібай, Тәжімұрат және т.б.

Тәжібай, ир. Басында тәж белгісі бар, сол белгімен туылған бала. Еркелете айту түрі – Тәкен.

Тәкім, ар. таһим – нығаю, бекіну, бекініс.

Тәліп, ар. таалип – 1) талапкер, талап етуші, білім ізденуші; 2) сұраушы; 3) студент.

Тәңірбай (қараңыз: Көкбай).

Тәттібай, тәтті, ауысп. тойымды, қадірлі.

Тәуекел, тәуек + кәл – батылдық, бел байлағандық.

Тәуір, жақсы, онды.

Телжан, тел – екі ананы немесе енені тел емген бала, тел жан, яғни екі анаға, енеге ортақ бала, төл.

Темір, бала өмірі темірдей берік, мықты болсын деп қойылған есім. Синонимі – Тимур.

Темірболат, бала темірдей мықты, берік болсын деген сеніммен қойылған есім.

Темірбек (қараңыз: Бектемір).

Темрғали/Демрәлі, қаз. темір + ар. ғали; мықты Ғали.

Темірқан, темір сияқты мықты хан. Синонимі – Хантемір.

Темірлан, темір + қосымша лан.

Теміртас, темір мен тастай мықты, берік.

Теміргүлек, темір + түлек, синонимі – Тастүлек, яғни жеткіншек, өспірім.

Теңізбай, байлығы теңіздей шалқыған дәулетті адам.

Тиес, тиісті, тиесілі, қатысты.

Тиянақ, тірек, тұрақ, табандылық.

Тоғыззақ, әртүрлі бақытсыз себептерден сақтау мақсатымен өз балаларын ата-аналардың сатып алу ғұрпы мен төлем ақысына тоғыз түрлі зат беріледі де, ондай балаға әдетте Тоғыззақ немесе Сатыпалды деп ат қояды.

Тоғызбай, бұл есімнің де қойылу сыры сол Тоғыззақпен тығыз байланысты.

Тойбай, той боп жатқан күні туған балаға қойылған есім.

Тоқан, к.т. – сұңқар.

Токсанбай, тоқсан + бай; бұл есім бала тоқсан жасқа келсін деген тілекпен бірге оның әкесі тоқсан жасқа келгенде туғандықтан да қойылған.

Токтар, ұл бала тұрақтамай өле берген отбасында ерте кезде ырым жасап, бала тоқтасын деген мақсатпен қойылған есім. Олар түрлі тұлғада қойылып отырған: Тоқтасын, Тоқтамыс, Тұрсын, Тұрбек, Тұрғамбек, Тұрған, Тұрсынбек, т.б. Біріккен тұлғалы есімдер – Тоқтарғали, Тоқтархан.

Токтыбай, ертеректе тоқты айы деген ай аты болған. Ол қазіргі март айына сәйкес келген. Мұндай есім сол айда туылған балаға беріліп отырған.

Тоқыр, ар. – қайырымды, кішіпейіл, ұяң мінезді.

Толыбек, үй тола бала боп, олар шетінен бек, әкім болсын деген тілекпен қойылған есім.

Толыс, жетіле, өсе түс, ержет.

Томан, монғ. тумэн – 1) он мың; 2) бір нәрсенің шексіз көптігін білдіретін сан. Түрлері – Түмен, Түменбай.

Төбей, үлкен, зор.

Төлбай, үй балалы болсын, балалар көп болсын деген тілекпен қойылған есім. Еркелете айту тұлғасы – Төкен.

Төлебай, бұл есім өлген баладан кейін туған балаға қойылған.

Толғожа, тұңғыш бала, өзінен кейінгі балалардың үлкені болсын деп қойылған есім. Біріккен тұлғалы есім – Телжан.

Төребек, к.т. төре – 1) тәртіп, ереже, заң; 2) әдет, гұрып, салт + бек. Біріккен тұлғалы есімдер – Төреғали, Төребай, Төрегелді, Төремұрат, Төретай, Төрехан.

Туғанбай, туған + бай. Бай болып туған.

Тұрғанбек (қараңыз: Бектұрған).

Тұрдыбек, бала көп жасасын, ұзақ өмір сүрсін деп қойылған есім. Дыбыстық өзгерген түрі – Тұрлыбек.

Тұрманжан, ертеде көшпелі гұрмыста ер-тұрманның маңызы аса зор болған. Сондықтан балаларға шеберлікті меңзеп, осылайша ат қойып отырған.

Тұрсын, баласы тұрақтамаған отбасында туған балаға осындай есім берілген.

Тұрсынбай, яғни көп, ұзақ жасасын.

Тұрсынбек, яғни өмірі берік болсын.

Тұрсынжан, жаны аман болсын, көп жасасын.

Тұрымтай, қыран құс. Бала қырандай өткір болсын деген мақсатпен қойылған есім.

Тұяқбай, тұяқ – 1) уақ мал, қой-ешкі; 2) ұрпақ, мұра. Бұл есім бала уақ малға бай болсын деп және әкесі өлгеннен кейін туған балаға әкеден қалған ұрпақ, мирас болсын деген мағынада қойылған.

Түгелбай, бала шексіз бай, ауқатты, әлді болсын деген мақсатпен қойылған есім.

Түлек, жасөспірім, жеткіншек.

Түлкібай, балаға аң атын қою дәстүрі ертеден бар. Батылдық пен айбаттылықты қаласа Арыстан, Қасқырбай, Бөрібай, ақылдылық пен айлакерлікті қаласа Түлкібай деп ат қойған.

Түмен (қараңыз: Томан). Біріккентұлғалы есім - Түменбай.

Түргенбай, түрген – жылдам, тез + бай.

Түсіп//Түсүп (қараңыз: Жүсіп).

Тыналы, тынышталды, көңіл орнына түсті, ба-
сылды.

Тыныс, дем; үзіліс, дамыл, тыным.

Тыныстан, дем алу, дамылдау.

Тыныштық (қараңыз: Еламан)

Тыныштықбек (қараңыз: Бейбітбек).

Тілеген, тілеп, сұрап алған бала.

Тілек, мақсат, арман, ниет, ой. Бұл есім көбіне ұл баланың болуын армандап жүрген ата-аналар тарапынан қойылады. Біріккен < тұлғалы есімдер –Тілебалды, Тілепберген, Тілепберді, Тілекбай, Тілеубай, Тілекмет.

Тілеміс, тіле – сұрау, қалау + міс – көне жұрнақ, қазіргі кездегі *ған* – *ген* жұрнағына сәйкес. Тілеп алған, сұрап алған деген мағынаны білдіреді.

У

Уайыс, ар – күш, жігер.

Уахап, ар. уаһуп – мырза, жомарт, қайырымды.

Уахаг, ар. уахит – жалғыз, жалқы, бірінші (бала).

Уәли//Уәлі, ар. – әкім, кожайын; үкімет басқарушы; туысқан, бауыр. Біріккен тұлғалы есімдер – Уәлиахмет Уәлиолла, Уәлихан.

Ұ

Ұзақ, бұл есім баланың өмір жасы ұзақ болсын, көп жасасын деген мақсатпен қойылған. Біріккен тұлғалы есімдер – Жасұзақ, Өмірзақ, Байұзақ, Мыңжасар, Көпжасар.

Ұйықбай, бұл есімнің бірінші сыңарындағы ұйық сөзі жер ұйық деген сөзде ғана кездеседі. Мағынасы – жердің жақсысы, ең шұрайлысы + бай.

Ұлан, түркі тілдерінің көбінде бар есім. Бірақ әр түрлі мағынада айтылады. Ұлан – сәби, бала; жауынгер, жігіт, азамат, жасақшы.

Ұлас, жалғас, селбес.

Ұлықбек, ұлы, зор + бек.

Ү

Үдербай, көшіп-қону кезінде туған балаға қойылған есім. Түрлері – Көшербай, Көшімбай, Қосынбай.

Үлгібай, бала өнегелі, тәрбиелі болсын деп қойылған есім.

Үмбет, ар. уммат – халық, көпшілік, қауым. Біріккен тұлғалы есімдер – Үмбетбай, Үмбетәлі.

Үміт, ир. – 1) сенім; 2) тілек, қалау. Біріккен тұлғалы есім – Үмітбек.

Үрімбай, тәж. хуррам – 1) көңілді, шат; 2) гүлденуші, жарқын, шат көңілді, жарқын жүзді. Біріккен тұлғалы есімдер – Үрімжан, Үрімхан.

Үсен, ар. Хасан//Хасен есімдерінің өзгертіліп айтылған түрі. Мағынасы – сұлулық, әдемілік, көркемдік, жақсылық.

Үстем, басым, артық.

Ф

Фазыл (қараңыз: Базыл).

Фаиз, ар. – 1) жеңуші, жеңімпаз; 2) мырзалық, молдық, байлық.

Файзрахман, ар. – рахымдылық, мейірбандылық, мархабаттылық.

Фарид, ар. теңі жоқ, сирек зат, бағалы, құнды.

Фахир, ар. – 1) келбетті, әдемі, асыл; 2) мақтаныш боларлық.

Х

Хабиб, ар. – жан дос, сүйікті, сүйкімді жолдас.

Хадим, ар. – қызметші, жалшы, қызметкер.

Хайдар, ар. – арыстан. Бұл есімнің синонимдері – Өсет, Шер. Айдар.

Хакім, ар. – 1) әкім етуші, әмірші; 2) данышпан, дана, кемеңгер. Біріккен тұлғалы есімдер – Хакімжан, Хакімзада.

Хакназар (қараңыз: Акназар).

Халел//Халил, ар. – сүйікті дос, жақсы жолдас.

Халық, ар. 1. халқ – жұрт, қауым, адамдар; 2. жаратушы.

Хамза, ар. – дәрілік өсімдік.

Хамит, – ар. – 1) мақтаулы, мақтауға лайық; 2) зиянсыз.

Хаммат, ар. – мақтайтын, мақтауға тұратын, лайық.

Хангелді, ер баланың мықты, күшті, атакты болуын тілеп қойылған есім. Қысқартылып еркелете айтылатын түрі – Қаныш.

Хантемір (қараңыз: Темірхан).

Харес, ар. – 1) егінші, дихан, соқашы; 2) сактаушы, күтуші.

Хасан//Хасен, ар. – әдемі, сұлу, көркем, жақсы, тамаша.

Хатип, ар. – 1) уағыздаушы, уағызшы; 2) баға беруші, мактаушы.

Хафиз, ар. һафез – сақтаушы, күзетуші.

Хикмет, ар. – философия, білім, құпия.

Хұсайын, ар. – жақсы, көркем, сұлу. Хасан есімінің араб тіліндегі кішірейтіш мән бере айтқан түрі.

Ш

Шабай, ар. – жас жігіт, бозбала.

Шабдан, тәж. човидна –1) мәңгі, бақи; 2) мәңгілік, ажалсыз.

Шағыр, ар. шагир – шайыр, акын.

Шадыман, ир. шад. – көңілді, шат, қуанышты + ман. Қуанышты адам.

Шажабек, к. қаз. шажа – таудың басы, шың + бек.

Шайбан, Шаһиман есімінің фонетикалық түрі.

Шайхы, ар. – 1) ұстаз, үйретуші, тәрбиеші; 2) ақсақал, дін басшысы; 3) ғалым. Бірікен тұлғалы есімдер: Шайхыслам, Шайхын.

Шакарім//Шәкәрім, ар. – қызметкер, қызметші.

Шамат, ар. – қал, мең.

Шамбыл, ашы дәмді өсімдік. Бұл есімнің синонимі – Тұрап.

Шамел, елдің жарығы, жарқыраған шамы бол деген тілекпен қойылған есім.

Шамжан, шамша жарқыраған, ашық жүзді, ақжарқын адам.

Шамис, ар. шамси – күн, күншуақ, жарық; бірбет, қикар.

Шамшат, ир. шамшод//самшид – Кавказ самырсыны.

Шапағат, ар. шафақат – аяныш, аяу, есіркеу, қайырымдылық, мейірімділік. Түрлері – Шапқат// Шафқат.

Шапақ, таңғы жарық.

Шарықбек, ар. шарк – шығыс, күншығыс+қаз, бек; яғни шығыс елінің бегі, биі.

Шаттық, қуаныш, көңілділік.

Шафих, ар. –1) мейірім, қайырым етуші; 2) рақымды, кішіпейілді.

Шафхат, ар. – рақымдылық, мейірімділік.

Шаһахмет, ир. шах + ар. ахмет. Ахмет патша деген мағынада. Фонетикалық түрі – Шаяхмет. Қысқартып еркелете айту түрі – Шайкен.

Шахан, ир., қаз. бұл есім шаһ және хан сөздерінің бірігуінен жасалған. Хандардың ханы, хандардың шағы деген мағынаны білдіреді.

Шаһар, ар. – қала, кент.

Шаһарбай, ар., қаз. қалада, бай мекенде тұрсын деп қойылған есім.

Шаһмардан, ир. шах + мардан – ержүрек, батыл. Фонетикалық түрі – Шаймерден. Еркелете айтылатын түрі – Шәкен.

Шамұрат (қараңыз: Самұрат).

Шашубай, қаз. қолы ашық жомарт, мырза болсын деген тілекпен қойылған есім.

Шәді, ир. шади – қуаныш. Көңілділік, шагтық.

Шәкір, ар. – игі, асыл, мейірбан, сыйлаушы, құрметтеуші.

Шәмши, ар. шамси – күн.

Шәпи//Шәфи, ар. – емдеуші, емші.

Шәризат, ир. ширази – бақыт, ырыс, қуаныш + зат – бала, перзент, яғни бақытты бала.

Шәріп, ар. Шариф – құрметті, атақты, қымбатты. Біріккен тұлғалы есімдер – Шәріпбай, Шәріпбек, Шәріпхан, Шәріпқали.

Шеге, бала шегедей мықты, берік, тұрақты, өмірлі болсын деген тілекпен қойылған есім.

Шегебай, баланың денсаулығы шегедей берік, мықты болсын деген тілекпен қойылған есім. Еркелете қыскартып айтылу түрі – Шеген.

Шер (қараңыз: Әсет).

Шерәлі//Шерғали, ир. шер – 1) арыстан; 2) батыл, ержүрек + ар. ғали әли – жоғары, биік, ең асқақ. Бұл есімнің жинақ мағынасы – батыр, ержүрек, арыстан Әли.

Шери, к.т. черу – әскер, қол.

Шермұхамбет, ир. шэр – арыстан + Мұхамбет, яғни арыстан Мұхамбет.

Шернияз, ир. шер + тәж. нияз – өтініш, тілек, тілену, үміт, сый, тарту.

Шерубай, к.т. шері, алт. черу – әскер. Бала батыл, ержүрек болсын деген тілекпен қойылған.

Шерхан, ир. каз – арыстандай айбатты, мықты, батыр, ержүрек.

Шоқы, 1) биік төбе, дөң; 2) шың. Бұлайша есім беру баланың атағы жоғары болсын деген ойдан туса керек.

Шокыр, балықтың бір түрі.

Шолпанбай, бала таңғы жарық жұлдыз шолпандай болсын деп қойылған есім.

Шомбал, зор, ірі, жуан.

Шона, монғ. – қасқыр. Бұл Бөрібай, Қасқырбай есімдерімен мәндес.

Шоң, – үлкен, зор, дәу. Біріккен тұлғалы есімдер-Шоңбай, Шоңбек, Шоңкүл

Шора, к.т. – 1) мырза, бек, шонжар; 2) одақ, кеңес. Біріккен тұлғалы есімдер – Шорабай, Шорабек.

Шортанбай, шортан балығы атынан қойылған есім. Бала суда еркін жүзген балықтай өмірде де еркін болсын деп қойылған.

Шығай, к.т. кедей, күйсіз.

Шығанақ, құрлықпен ұштасқан су кеңістігі, айлақ. Бала шығанақта туған себепті осындай есім берілуі мүмкін.

Шымыр, 1) нығыз, берік, денесі мығым; 2) батыл. Біріккен тұлғалы есім – Шымырбай.

Шынтемір, темірдей мықты.

Шыныбай, қаз. шыны – шынымен, нағыз+ бай.

Шырақбек, ир. шырақ – жарық, шам + бек.

Шілдебай, ир. чехел, чел – кырық + да жұрнақ. Қырық күндік, 25 июньнен 5 августқа дейін, яғни 40 күнге созылатын ыстық маусым + бай.

Ы

Ыбырай, к.евр. Абраам – ел атасы. Оның халық арасында Ибрагим, Ыбрайым, Ибраим, Ыбыраш тәрізді түрлері кездеседі.

Ыдырыс, ар. – талаптанушы. Фонетикалық түрі–Едірес.

Ықылас, ар. эхлас – пейіл, ниет білдіру, ашықтық, адалдық.

Ықсан, ар. ихсан –1) жақсылық, қайырымдылық; 2) көркемдік, нұрлылық.

Ырысалды, бақыттың, құттың алғашқысы.

Ырысбек, бақытты бек.

Ысқақ, к. евр. – күледі, күлген. Иссақ деген есімнің арабша айтылу нұсқасы.

Ыстамбақы, ир. ыстам – тұрған, өлмес + бақы, мәңгі, өмірлік. Мәңгі өлмес.

І

Ібни, ар. – ер бала, ұл.

Ізбасар, әкесінің мұрагері, ізбасары болсын деген мақсатпен қойылған есім. Қысқарған түрі – Ізтай.

Ілебай, Іле өзені бойында туған балаға қойылған есім.

Ілияс, евр. Ильяс – күш, құдірет.

Інкәрбек, ар. инкар – құмар, ынтық; ата-ана перзентке зар болып, құмар болып жүргенде туған балаға қойылған есім.

Ісет, ар. – 1) ізгі, рахымшыл, адамгершілігі мол; 2) таза, пәк.

Э

Эдуард, к. герм. ед. – меншік, меншікті + ваден – қорғау, яғни өз меншігін қорғау, қорғайтын.

Эраст, гр. – ғашық, ерекше сүйуші.

Эрик, к. герм. – намыс; бай, күшті, даңқты.

Эрнст, к. герм. байсалды, қатаң.

Эмилжан, Энгельс, Маркс, Ильич Ленин есімдері мен фамилияларының басқы әріптерінен қысқартып алынған есім.

ӘЙЕЛ ЕСІМДЕРІ

Абира, тәж. абера – шөбере, шөбере қыз.

Агнеса, лат. таза, бұзылмаған, пәк.

Агила, ар. ир, агиля – ақылды, парасатты сөзінен жасалған.

Ағлия, гр. – сұлулық, көркемдік, салтанат.

Ада, к. евр. – сән, көрік.

Адлия, тәж. адл – әділдік, ақиқаттық + ия қосымша.

Ажар, 1) көрікті, келбет, нұрлы; 2) түр, өң.

Ажаргүл, гүл сияқты әдемі, сұлу, көрікті.

Ажархан, көрікті, ажарлы, әрлі, нұрлы.

Аза, тәж. аzza – қымбатты, сүйікті, сүйкімді.

Аида, ар. – пайда, сый.

Айбала, Ай сияқты сұлу, көркем болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айбарша, Ай және барша сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы есім. Бұның барша сыңары тіліміздегі “алтын мен күмістен безелген мата” деген сөз.

Айбике, екі сөзден бірігіп жасалған есім, сыңарындағы бике сөзі араб тілінде әйел, ханша деген сөз. Яғни Айдай сұлу әдемі, көркем деген ұғымды білдіреді.

Айбибі, қаз. ай + тәж. биби – әйел, ханша деген мағынаны білдіреді. Бұл есім қыз бала сұлу, көркем болсын деген тілекпен қойылады. Түрлері – Бүбіш, Бүбіхан, Айбүбі, Бүбі.

Айгүл, қаз. Ай – тәж. гүл. Гүл сөзі тәжік тілінде роза деген мағынаны береді. Бұл есім қыз бала айдай сұлу, гүлдей жайнаған көрікті болсын деген тілекпен қойылған.

Айғанша, Ай және ханша сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы есім. Айдай сұлу деген мәнді білдіреді.

Айғыз, Айдай сұлу, көркем қыз бала.

Айдай, Айдай сұлу, көркем.

Айдана, ай + тәж. дана – білгір, данышпан, ғалым.

Айдария, қаз. Ай + ир. дәрия – теңіз, үлкен өзен.

Айжамал, қаз. Ай + ар. жамал – әдемі, сұлу, яғни Айдай сұлу, әдемі болсын деген мәндегі есім.

Айжан, қаз. Ай + ир. жан. Айдай сұлу, әдемі. Түрлері – Айжания.

Айзада, қаз. Ай + ир. зада – перзент. Айдай перзент, бала.

Айзере, қаз. ай + зере ир. зер – алтын. Алтынай есімінің синонимі.

Айзиба, Ай + ир. зиба – сұлу, көркем. Ай сияқты сұлу.

Айзия, қаз. ай + зия ар. зийна – жарық, сәуле, шұғыла, яғни Ай сәулелі сұлу.

Айкүміс, ай + күміс; сұлу, әдемі, көркем. Күміс сияқты жарқыраған, ай мен күмістей.

Айман, қаз. – 1) белгілі, әйгілі, даңқты; 2) ар, ант, серт. Біріккен тұлғалы есімдер – Айманай, Аймангүл.

Аймира, ж. ес. ай – ор. мир – бейбітшілік, тыныштық. Бейбіт, тыныштық болсын деген тілекпен қойылған есім.

Айна, ар. айне – жүз көретін шыны, әйнек.

Айнагүл, айна – пәктіктің, тазалықтың, адалдықтың символы ретінде көбіне қыз балаларға қойылатын есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Айнажан, Айнанұр, Айназия.

Айнаша, айна сияқты жарқыраған, әдемі, сұлу.

Айнұр, қаз. ай + ар. нұр – жарық, шұғыла. Ай сияқты, Ай келбетті.

Айпара, қаз. ай + ир. парэ – пари – періште, сұлу; яғни Ай періштесі, Ай көрікті, айрықша, ерекше, бөтенше.

Айсәуле, екі сөзден құралған қыз есімі. Айдың сәулесі сияқты жарық болсын деген үмітпен қойылған.

Айсұлу, екі сөзден құралған қыз есімі. Ай сияқты сұлу, көркем болсын деген тілекпен қойылған көне тұлғалы, дәстүрлі есім.

Айтолды, бақытым толды, бағым жанды, балам айдай көркем, сұлу болсын деген тілекпен қойылған.

Айша, ар. гайшә – көне евр. айше – ұзақ өмір сүруші, өмірге құмар, құштар. Түрлері – Ғайша, Қайша.

Айшайым, Айша және айым сөздерінен қысқарған есім.

Айшолпан, Ай мен Шолпан сияқты жарқыраған, жайнаған сұлу деген мағынада қойылған есім.

Айым, менің бақытым, ырысым, айдай сұлуым деген мәнде қойылған есім.

Айымгүл, менің ай мен гүлім деген мағынада қойылған есім.

Айымжан, айымдай жаным деген мағынада қойылған есім.

Айымша, ай сияқты жарық, ашық деген мағынада қойылған есім.

Ақайша, аппақ, жарық айдай деп айға балап қойылған есім.

Ақбала, сұлу, әдемі қыз бала.

Ақбәтес, ақ және бәтес сөзінен қойылған қыз есімі, яғни аппақ, әдемі, сұлу.

Ақбота, бала аппақ бота сияқты болған соң ұқсату мақсатымен қойылған есім.

Ақжібек, Жібек есіміне ақ сөзінің үстемелей қосып жасалған қыз есімі. Аппақ, әдемі, жібектей болсын деген мағынада қойылған.

Ақзия, қаз. ақ + ар. зия – жарық, сәуле, арай.

Аққал, қаз. ақ + тәж. хол – бетке шыққан мең. Бетінде яки денесінде қалы бар балаларға осындай ат қойған. Түрлері – Қалбибі, Қалтұрған, т.б.

Аққыз, аппақ, әдемі, сұлу қыз бала.

Ақмарал, бұл есім сұлу аңды қасиет тұтумен байланысты қойылған.

Ақтамақ, бейнелеу түрінде қойылған есім.

Ақтоқты, төл аттарын балаға қою қазақ тұрмысында ертеден бар.

Ақлима, ар. ғәклия – ақыл, сана, ес, ақыл парасаты. Ақылды, зиялы.

Алқа, асыл тастардан, маржаннан тізілген мойынға тағатын моншақ. Оған гүл сөзі қосылып жаңа есім жасалады. Мәселен, Алқагүл.

Алма, қыз балаларға есім ретінде қойылады. Біріккен тұлғалы есімдер – Алмагүл, Алмақан, Алма-жан.

Алтын, көбіне әйел адамдарға қойылатын есім. Бұған ай, гүл, бике, шаш, зер, т.б. сөздер қосылу арқылы біріккен тұлғалы есімдер жасалады – Алтынай, Алтынгүл, Алтыншаш, т.б.

Алуа, ар. халва – тәтті дәм, тағам. Бала балдай болсын деген тілекпен қойған. Дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі – Қалуа.

Аман, сау, есен, саламат. Бұған гүл, ғайша, бала сияқты сөздер қосылып, Амангүл, Аманғайша, Аман-бала сияқты біріккен тұлғалы есімдер жасалады.

Анар, ир. қызыл тұсті дәні бар алма тектес жеміс. Осы сөздің қосылуы арқылы жасалған есімдер – Анаргүл, Анархан, Анаржан, Гүлнәр және т.б.

Аниса, ар. – жолдас, дос, жора.

Анна, к. евр. шапағаттылық, мейірімділік, әдемілік.

Анфиса, – гр. гүлденген, құлпырған өмір.

Арайша, арай + ша. Таңғы шапақ, нұр.

Ардақ, құрмет, қадір.

Арина, гр. Бейбіт өмір құдайының аты. гр. ирина – бейбіт.

Арна, бір адамға бағыштау, арнайы қою.

Ару, сұлу, көркем.

Аршат, ар. адал, таза, батыл, сенімді, қайырымды.

Асия, ир. қайырымды, мейірімді (әйел).

Асли, ар. нағыз. шын. Түрі – Аслия.

Аспазия, гр. қалаулы, әдемі, сүйкімді.

Асыл, ар. әсил – 1) негіз, түбір, түп нұсқасы;
2) шынайы, нағыз; 3) қымбатты, ардақты.

Асылша, асыл және шахзада сөздерінен жасалған.
Патша перзенті, қызы.

Асылтас, қымбат, бағалы тас.

Ә

Әбиба, ар. Хабиба есімінің өзгерген түрі. Мағынасы – дос, мейірімді жолдас, өмірлік серік.

Әдемі, қаз. көркем, әсем.

Әдиба, ар. адиб – ғалым, әдебиетші.

Әдила, ар. Әдил ғаділ әділдік, шыншылдық, турашыл.

Әдина, ир. одина – 1) әдеміленген, безенген; 2) жұма күні, аптаның бесінші күні туған балаға қойылатын есім. Бұл есім бізде қыз балаларға ғана қойылады. Ал Иран тілдерінде көбіне ұл балаларға қойылады. Синонимі – Әтина.

Әдия, ар. хадия – сый, сыйлық, тарту.

Әзиза, ар. – ізгі, құрметті, сүйкімді, сыпайы, қымбатты.

Әзима, ар. ұлы, мәртебелі әйел.

Әйгерім, әй және керім сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы есім. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында осы есімнің қойылу тарихы баяндалады. Абай алғаш Шүкіман деген сұлу қызды көргенде оның нұрлы да сұлу көркіне танданады. Қыздын асқан көркі мен сұлулығына, әдепті жүріс-тұрысына қызығып, әй керім, ай керім деп таңданудан кейін ол Айгерім аталып кеткен.

Әйнек, ар. ир. эйн – 1) көз; 2) қайнар бұлақтың көзі.

Әлемгүл, әлемнің, дүниенің әдемісі, сұлуы.

Әлима, ар. ғалима – оқымысты, ғалым әйел.

Әлипа, ар. алиф – 1) қолға ілінген, дос, жолдас; 2) араб әліппесіндегі бірінші әріп.

Әлия, ар. – 1) құны, бағасы артық, биік, жоғары; 2) қымбатты, сүйікті; 3) мәртебелі, көрікті қыз. Түрлері – Ғалия, Калия, Әлиша.

Әлфия, ар. – мың жыл жасаушы, ұзақ өмір сүруші.

Әмила, ар. қызметші, жұмыскер.

Әмира, ар. әмір – 1) әкім, бастық, билеуші; 2) нұсқау, жарлық, бұйрық.

Әнапия, араб тіліндегі неби – «пайғамбар» сөзінің көпше түрі.

Әниса, ар. дос, жолдас.

Әрипа, ар. ариф – есім. Білгір, түсінгіш, дана, данышпан.

Әсел, ар. эсель – бал.

Әсем, сән, көрік, әдемі.

Әсемгүл, гүл сияқты әдемі, көрікті, сұлу.

Әсемқан, әсем және ханым, ханша сөздерінен жасалған есім, яғни сұлу ханым.

Әсима, ар. асим – қорғаушы, жақтаушы.

Әтина, (қараңыз: Әдина).

Әлиша (қараңыз: Әлия).

Әужа, ар. – ең қымбат, ең асыл.

Б

Бағила, ар. бахи – мәңгілік, өмірлік, берік, тұрақты, мәңгі жасаушы.

Бағымша, ар. бак < бах – бақыт, ырыс, құт, яғни менің бағым, ырысым деген сөз.

Базарайым, ир. базар + қаз. айым, менің қуанышым, базарым, айша жарқыраған аппағым.

Базаргүл, ир. базар + гүл, яғни гүл жайнаған қуанышым, базарым деген мағынада қойылған есім.

Бақтыгүл, ар. бақыт + гүл, яғни гүл жайнаған бақытты бала деген мағына беретін есім.

Балауса, өндірдей жас.

Балбала, – 1) балдай тәтті бала деген мәнді есім; 2) ар. бал – парасат, ақыл, ес, зерде, яғни ақылды, есті бала.

Балгүл, балдай, шырынды гүл; яғни ата-ананың ең сүйікті, балдай тәтті баласы болсын деген мағынада қойылған есім.

Балғаным, сүйкімді, сүйікті, ақылды, ойлы, есті ханым.

Балдай, ата-анасына балдай тәтті, қымбат болсын деп қойылған есім.

Балжан, балдай тәтті әрі ақылды болсын деп қойылған есім.

Балым, менің балым, ақылдым, қымбаттым. Балғаным деген есімнің еркелете қысқартып айту түрі.

Балқадиша, ақылды Қадиша.

Балшекер, бал мен шекердей болсын деген тілекпен қойылған есім.

Батсайы, жолақты жібек мата.

Баян, көне түркі, моңғол тілдеріне ортақ «мықты», «зор», «бай» мағыналы сөз. ар. вайан – айқын, ашық, түсінік, анықтама, хабарлама.

Баянсұлу, ғашықтық жырдағы ақылды да сұлу қыздың есімі.

Бәдер, ар. бәдр – толық ай.

Бәдигүлжамал, ар. – теңдесі жоқ сұлу, әдемі қыз. Еркелете қысқартып айту түрі – Бәдеш.

Бәдиға, ар. бадиға – ғажайып зат, таңғажайып нәрсе, шығармашылық өнер, шеберлік, өте шебер.

Бәдинұр, ар. – теңдесі жоқ сұлу, көркем, нұрлы.

Бәзила (қараңыз: Фазила).

Бәкизат, ир. пак – таза, кіршіксіз, зада – бала, перзент. Қысқарған түрі – Бәкізе.

Бәкібала, ир. пак – таза бала, яғни кіршіксіз, таза бала.

Бәлиға, ар. – есейген, бойжеткен қыз.

Бәлия, ар. валия – оқыған білімді қыз.

Бәтес, ор. батист – жұқа, биязы ақ мата. Осы матадай ақ, таза, адал болсын деген тілекпен қойылған есім.

Бейбітгүл, бала бейбіт өмірдің гүлі, қуанышы болсын деп қойылған есім.

Бекдана, қаз. бек + ир. дана – білгір, яғни нағыз дана, данышпан.

Бексұлу, тым сұлу, аса көрікті.

Белла, лат. – сұлу, көркем, әдемі.

Берта, к. герм. жалтылдаған, жайнаған, тамаша, керемет.

Бибі, ир. – үй иесі, азаматша.

Бибігүл, ир. биби + гүл. Гүл жайнаған ханым.

Бибінұр, ир. – қыз біткеннің, әйелдердің нұрлысы, сұлуы.

Бибіханым, ханым, ханша. Қысқарған түрі – Биғаным.

Бибіжамал, ир. – көркем, сұлу қыз, әйел.

Ботагөз, ботаның көзі сияқты мөлдір қара көз.

Бұлбұл, ир. – сандуғаш.

Бүбі (қараңыз: Айбибі).

Бүбіш (қараңыз: Айбибі).

Бүбіхан (қараңыз: Айбибі).

Бүлдіршін, өте жас, өндірдей жас.

В

Валентина, лат. – дені сау, саламат, жасампаз, өміршең.

Васила, гр. – ханым – ханша.

Венера, лат. – махаббат пен сұлулық құдайы.

Вера, грек. – сенім.

Викторина, лат. – жеңімпаз, жеңіс.

Виктория, лат. – жеңіс.

Вилнұр, ж. есім. Владимир Ильич Ленин нұры деген есім, фамилия мен сөзден қысқартылып алынған.

Г

Галина, гр. галена – желсіз теңіз, тыныштық.

Гауһар, ир. гоуһар – қымбат бағалы тас, маржан, інжу. Түрі – Жаухар.

Гаяна, гр. – жерге тән, жерден шыққан.

Гүлажар, тәж., қаз. – көркі гүлдей жайнаған қыз.

Гүлай, ир. қаз. – гүлдей сұлу, айдай көркем қыз.

Гүлайым, ир. – гүлдей сұлу қыз, менің гүлім, айым.

Гүлбанат, тәж. ар. – қыздардың гүлі, сұлуы, әлемісі.

Гүлбану, тәж. гүл жайнаған қыз, сүйкімді бойжеткен.

Гүлбараш, ир. гүлбара – сұлу, көркем, яғни гүлдей сұлу, әдемі, көркем. Түрі – Гүлбаршын.

Гүлбахрам, ар. көктем гүлі. Еркелету түрі – Гүлпаш. Күлпаш.

Гүлболсын, тәж. гүл + каз. болсын, яғни гүлдей жайнасын, гүл сияқты әдемі, көркем болсын деп қойылған есім.

Гүлғайша, тәж. гүл + ғайша – Айша, яғни гүл жайнаған Айша.

Гүлдана, тәж. – сұлу дана, данышпан, білгір. Түрі–Күлдана.

Гүлжамал, ир. ар. жамал – сұлулық, көркемдік. Яғни, гүлдей сұлу, нұрлы, әдемі. Түрлері – Гүлжан, Гүлжанат, дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Күлжанат.

Гүлжәмила, ир., ар. жәмила – көркем, әдемі. Гүл сияқты көркем, ажары гүлдей.

Гүлжеңіс, жеңістің гүлі. Ұлы Отан соғысының жеңісі күні туған қыз балаға осындай есім қойылған. Синонимі – Жеңісгүл.

Гүлжиһан, ир. жиһан – әлем, дүние. Әлем гүлі деген мағынада.

Гүлзада, ир. гүл + зада < заде < зойдан – бала, сәби, яғни гүлдей әдемі, көркем, сұлу болсын деп қойылған есім. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Күлзада.

Гүлзара, ир. гүл + зара – алтындай әдемі. Түрлері– Гүлзира, Күлзира, Гүлзаре.

Гүлзарифа, ир. зариф – нәзік, жіңішке, яғни гүлдей нәзік, көркем, сұлу.

Гүлзипа, зипа ир. зебо – сұлу, көркем, тамаша, өте керемет, яғни гүлдей көркем, сұлу қыз. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Күлзипа.

Гүлмария, ир. гул + кевр. Мария, яғни сұлу Мария.

Гүлмира, ир. гүл + ор. мир (а) бейбітшілік, тыныштық, яғни бейбітшілік, тыныштық гүлі. Синонимі – Бейбітгүл.

Гүлназ, ир. ноз – еркелік, наздық, яғни гүлдей құлпырған, әдемі, әсем қыз. Түрі – Назгүл. Қысқарған түрі – Назым.

Гүлнар//Гүлнара, ир. гол + нар, анар өсімдігінің гүлі, қызыл, қырмызы гүл.

Гүлнафиса, ир. ар. – гүлдей көркем, ажарлы, нұрлы.

Гүлниса, ир. ар. ниса – әйел қауымы, қыздар, яғни қыз, әйел біткеннің сұлуы, әдемісі.

Гүлнұр, ир. ар. нұр – жарық, сәуле. Гүлдей сұлу, көркем әдемі, гүлдей көркем.

Гүлсанат, ир. ар. санат санам – әдемі, сұлу, яғни гүлдей әдемі, сұлу, көркем.

Гүлсара, ир. ар. – гүлдердің ең тандаулысы, әдемісі яғни таза гүл, асыл гүл. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Күлсара.

Гүлсипат, ир. ар. – гүлдей әдемі, көркем, сұлу.

Гүлшар, ир. шар + ар. шарх – шығыс, яғни Шығыс гүлі деп қойылған есім. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Күлшар.**Гүлшара**, ир. шара – бет, жүз, шырай, өң, түс, кел-бет, яғни сұлу келбетті, шырайлы. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Күлшара.

Гүлшаруан, гүл + шаруан < шахрбану – каланың сұлу бикеші.

Гүлшат, ир. – шаттық, қуаныш гүлі.

Гүлшаш (қараңыз: Сұлушаш).

Ғ

Ғазиза, ар. азиз – 1) күшті, қуатты; 2) сирек, бағалы; 3) сүйкімді, қадірлі. Аса сирек кездесетін, қадірлі, сүйкімді қыз деген мәнде қойылған есім. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Қазиза.

Ғайни//Ғайния, ар. эйнъ – көз, ең маңызды, аса елеулі.

Ғайнижамал, ар. – әдемі, көркем, танакөз.

Ғалима, ар. – білімді, дана, оқымысты қыз, әйел.

Ғалия (қараңыз: Әлия).

Ғарифа, ар. – көмекші, оқушы, аға бастық.

Ғафура, ар. – кешірімшіл.

Д

Дайана, лат. Диана – пәктік пен ай құдайының аты.

Дамира, ж. ес. «да здравствует мир» + әйелдер есімінің қосымшасы «а».

Дана, ир. – білгір, данышпан.

Данагүл, ир. – гүлдей құлпырған дана, данышпан, ақылды деген мәнде қойылған есім.

Дара, қаз. ерекше, өзгеше, яғни басқадан артық. Яғни бала басқадан ерекше, артық, ақылды я сұлу болсын деген тілекпен қойылған есім.

Дариға, ир. – шіркін-ай, ойпыр-ай деген көңіл-күйді, тандануды білдіретін сөз, па керемет, тамаша деген мағыналы есім.

Дария, ир. – теңіз, ұлы өзен.

Дәлила, ар. – белгілі, таныс, жол көрсетуші, жол-басшы, жетекші, яғни жөн айтушы, бағыт беруші, ағартушы.

Дәмелі, үмітті, үміткер.

Дәмина, ар. – жақсарушы, әдемі, көркемдеуші, күшті, мығым. Дыбыстық өзгеріске түскен түрі – Дамина.

Дәнеш, ир. – білім, ғылым.

Дидара, ир. түр, жүз, келбет, қыз бала әдемі, көрікті, келбетті болсын деген тілекпен қойылған есім.

Дила, груз. – жарық таң, қыз бала сұлулығын жарық таңға балаудан қойылған есім.

Динара, ар. – алтын тиын, акша.

Дора, гр. сый, тарту.

Досия, ар. дос есімінің әйел есімі ретіндегі тұлғасы.

Дүния, ар. дунйа – 1) әлем, жер жүзі; 2) өмір, тіршілік.

Дүрия, ир. дүруйе – жібектен тоқылған әдемі мата.

Ділара, ир. – көңіл көтеруші, сүйген жар, аса әдемі, өте сұлу.

Ділбара, ир. – сүйікті, өте сұлу.

Ділдә, ар. – 1) алтын акша; 2) таза алтын.

Е

Елена, гр. – күн нұры, сәуле.

Елизавета, ск. – ант берген. Қысқарған түрі – Лиза.

Еңлік, тамырынан бояу жасайтын дала өсімдігі. Сұлулық, көріктілік пен көркемдік символы.

Ерзада, қаз. ер + ир. зада – 1) бала, перзент; 2) батыр. Қыз бала ер, батыл болсын деп қойылған есім.

Ерзиба, ер + ир. зибо – сұлу, көркем, әдемі.

Ерке, айтқанын істететін шолжаң, еркін.

Еркежан, ерке боп өссін деп қойылған есім.

Ж

Жазира, ар. – ен дала, кең аймақ. Бала қайырымды, мінезі кең, көпшіл болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жайна, гүлдей жайна, жайқал деген мәндегі есім.

Жамал, ар. – сұлулық, көркемділік, сүйкімділік.

Жамали, ар. – сұлу, көркем, сүйікті.

Жамиға, ар. – барлығын қосушы, біріктіруші, жинаушы, баршасы, барлығы.

Жанан, тәж. джонон – жан аямас дос, жан жолдас.

Жанар, – 1) көздің жанары, сәулесі; 2) күннің сәулесі, шапағы. Ауыспалы мағынасы келбет, көрік, ажар, рен.

Жанаргүл, каз., ир. – гүлдей көрікті, әдемі, ажарлы.

Жанат, ең асыл, көркем, керемет, рахат.

Жанипа, ир. тәж. жан – джон яғни жан біткеннің ибалысы, сыпайысы, көріктісі.

Жания, ир. тәж. джон – жаным, жан сәулем.

Жанна, к. евр. – кештер, көгершін. Еркелетіп айту тұлғасы – Жаннета.

Жаннат, ар. – бақ, жұмақ бағы.

Жансая, ир. тәж. джон – жанға сая, тірек болсын деген тілекпен қойылған.

Жансұлу, жан біткеннің сұлуы, әдемісі, көркемі деген мағыналы есім.

Жәлила, ар. жалил – ұлы, даңқты, атақты.

Жәмила, ар. жамил – 1) әдемі, тамаша, көркем, сұлу; 2) сүйкімді, ажарлы.

Женісгүл (қараңыз: Гүлжеңіс).

Жұлдыз, каз. Қыз бала Жұлдыздай сұлу болсын деген тілекпен қойылған есім.

Жұлдызай, жұлдыз бен айдай жарқыраған сұлу болсын деген тілекпен қойылған.

Жұмабике, ар. джумга – жұма, бике – хан қызы, яғни жұма күні туған ханиза. Түрі – Жұмагүл. Еркелетіп айту тұлғасы – Жұмаш.

Жұпар, хош иіс.

Жібек, мінезі жібектей, әрі әдемі, сұлу болсын деген ниетпен қойылған.

3

Загила, ар. зәхирә, зехира – 1) қазына, байлық, қымбат бағалы асыл; 2) сырт пішін, келбет, түр, мүсін.

Зағипа, ар. сахиб – дос, жолдас, серік + “а” қыз, әйел есімдеріне жалғасатын қосымша.

Зағира (қараңыз: Зағила).

Зайда, ир. заиде, заид – өсуші, өркендеуші сөзіне “а” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім.

Зайра, ар. заиыр (Зайер) – айқын, ашық, күдіксіз сөзіне “а” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім.

Зайтуна, бір түп зайтун жемісі, аса қымбатты, құрметті.

Закира, ар. закир – ескеруші, есте сақтаушы сөзіне “а” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім.

Замилия, ар. замил – замандас, істес, әріптес, жолдас сөзіне “я” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім.

Замира, ар. – зами – 1) сыбызғыда ойнаушы қыз; 2) асыл арман, тәтті қиял, ой.

Зара, ир. зар – алтын сезіне “а” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім.

Зарема, ж. ес. За революцию мира сөздерінен қысқартылып жасалған есім.

Зарина, ир. зар – золото – зарина – 1) алтындаған, алтыннан жасалған әшекей; 2) алтын түстес, алтындай.

Зәкия, ар. зәки – 1) өткір, зерек, сезімтал; 2) ақылды, қабілетті сезіне “а” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған есім.

Зәмзегүл, ар. ир. земзем – мол, көп, көл-көсір. Гүлді, гүлі мол деген мағынаны білдіреді.

Зәмзамия, ар. – су тасушы.

Зәрипа, ар. Зариф – 1) еткір, ойлы, ақылды, зейінді; 2) әдемі, сүйкімді, көркем сөзіне “а” қосымшасының жалғануы арқылы жасалған әйел есімі.

Зәуре, ар. – 1) жарқыраған; 2) Шолпан, таң жұл-

дызы. Дыбыстық өзгеріске түскен түрлері Зура, Зухра.

Зейнеп, ар. зайнаб – толық, етжеңді, мықты.

Зейнегүл, ар. зейне – нұр, көрік, көркем, әшекей + гүл. Яғни көркі гүлдей жайнаған сұлу, әдемі.

Земфира, гр. сапфир – асыл тастың бір түрі.

Зере, ир. зар – алтын сөзінің қазақ тілі дыбыстық заңына сай айтылуы.

Зиба, ир. зебо – сұлу, көркем, әдемі, әсем. Дыбыстық өзгерген түрі – Зипа.

Зибагүл, гүл сияқты әдемі, сұлу.

Зила, ар. – таза, ашық, айқын.

Зинаида, гр. – ұрпақ. Қысқартылып айтылатын түрі – Зина.

Зинат, ар. – өрнек, әшекей, көркем.

Зинира, ар. безенген көрікті, көркем.

Зиния, ар. – безенген, әшекейленген, сәнденген.

Зия, ар. зийна – жарық, сәуле.

Зиягүл, гүлдей жайнаған, құлпырған. Еркелете қысқартылған түрі – Зияш.

Зияда, ар. зиада – артықша, ерекше, тамаша.

Зоя, гр. өмір, тіршілік.

Зура (караңыз – Зәуре).

Зұбайда, ар. – таңдаған, таңдаулы, ең жақсы, нағыз іріктелген.

Зұбайра, ар. – күшті, ақылды.

Зұлфия, ар. – бұйра шаш, сүйкімді қыздың әдемі сүмбіл шашы.

Зұмрат, ир. кымбат, бағалы тас.

Зылика, ар. жасы кіші, туыс, қарындас. Дыбыстық өзгеру түрі – Зілиха, Зүлиха.

И

Иба, ар. – ілтифат, әдеп, әдептілік.

Ибагүл, ар. ир. – гүлдей майысқан ибалы, әдепті, әдемі қыз бала.

Ибажан, ар. ир. – әдепті, ибалы, ілтифатты қыз.

Икрама, тәж. – ізет, құрмет, сый қадір.

Инга, сканд. – молшылық, байлық.

Индира, үнді. – ай.

Ирада, ар. – ерік, ықылас.

Ираида, гр. – ұрпақ, тұқым.

Ирина, гр. – бейбітшілік, тыныштық.

К

Кабира, ар. кабир – 1) ұлы, зор, үлкен; 2) маңызды, байыпты, салмақты.

Карина, ж. ес. Карск теңізі атынан қойылған есім.

Кәмалия, ар. камал – толықтық, жетіктік.

Кәрима, ар. карим – жомарт, мырза, ақ көңіл, кеңпейіл, сүйкімді.

Катерина, гр. – тазалық, пәктік, ұнамды, жағымды.

Келбет, көрік, ажар, әр, тұлға.

Кенже, ең кіші, соңғы перзент. Түрлері – Кенжегүл, Кенжеқыз.

Кенескүл, ж. ес. Советтік елдің гүлі. Кеңес слінде туған бақытты бала.

Керімбала, керемет сұлу қыз бала.

Клара, лат.– жарқын, айқын, нұрлы.

Күбара, ар. кубра – үлкендер, ұлылар.

Күлай, гүл және ай сөздерінен жасалған есім. Ай мен гүлдей боп жайнап, құлпырып тұрсын, әдемі болсын деп қойылған есім.

Күлайхан, гүл + ай + хан, яғни гүл мен айдай әдемі, сұлу ханым. Қысқарған түрі – Күлән.

Күлайша, ир. тәж. гүл + қаз. айша. Ай сияқты әдемі, көркем.

Күләнда, тәж. гүландом. – гүлге ұқсас тұлға, нәзік денелі.

Күләсия, ир. гүл + әсия – емші, дәрігер қыз, гүл жайнаған көркем дәрігер қыз.

Күлбағила, ир. гуль + ар. бағила бахи – мәңгі, мәңгілік, мәңгі жасаушы + ла қосымша, яғни бағы гүлдей жайнаған мәңгі өмір сүруші, ұзақ ғұмырлы қыз деген мәнді білдіреді.

Күлбағира, ир. күл + бағира < бәкір – зерттеуші, тергеуші, яғни ғалым, зерттеуші.

Күлбала, күл (гүл) + бала, гүлдей жайнаған сұлу да әдемі қыз бала.

Күлира, ир. гүл + ар. Ира < ирода – ерік, ықтияр.

Күмісай, қыз баланы күміс пен Айға балай, күмістей жарқыраған аппақ сұлу, әдемі, аса көрікті, нұрлы болсын деген тілекпен қойылған есім.

Күнай. күн мен айдай болсын деп қойылған есім.

Күнжамал, күндей сұлу, көркем. Еркелетіп айтылған тұлғасы – Күнке.

Күнсұлу, күндей сұлу, әдемі.

Қ

Қазиза (қараңыз: Ғазиза).

Қазила, ар. қазі – қазы – даулы іске билік айтушы + ла қосымша.

Қазына, ар. хәзинә – 1) байлық, қойма; 2) қазына. Аса қымбатты деген мағына береді.

Қаламқас, жіңішке келген әдемі қара қас. Халық арасында кеңінен тараған есім.

Қалбибі (қараңыз: Аққал).

Қалия (қараңыз: Әлия).

Қалуа (қараңыз: Алуа).

Қалуан (қараңыз: Алуа).

Қалтұрған (қараңыз: Аққал).

Қамария, ар. қамар – ай, осы сөзге “ия” қосымшасы қосылу арқылы жасалған есім. Яғни ай, айдай сұлу.

Қамқа, қытай жібегі, жұқа жібек матаның түрі.

Қапиза, ар. хафез білгір, білімпаз, оқымысты.

Қарагөз, мөлдір, әдемі, нәркес көз.

Қарлығаш, құс атауынан қойылған есім.

Қатира, ар. хатирэ – пікір, сана, идея.

Қорлан, ар. – хор сұлуы, хор қызы.

Құндыз, терісі бағалы аң. Бала құндыздай әдемі, көркем болсын деген тілекпен қойылған.

Құралай, 1) киіктің лағы. 2) уақыт мезгілі (15–20 май арасы). Әдемі, қара көзді құралай көз деген теңеу де бар.

Қызғалдақ, қырмызы қызыл гүл атынан қойылған есім.

Қымбат, аса бағалы, құнды, нарқы артық.

Қырмызы, –1) шымқай қызыл; 2) алқызыл, қызыл жібек; 3) нұрлы, әрлі.

Л

Лазым, қажет, міндетті, керекті.

Лала, ар. – көктем гүлі, қырмызы гүл.

Синонимі– Лола.

Лариса, гр. – тамаша, көркем, сұлу.

Лашын, – алғыр, қыран құс, сұңқар.

Ләбиба, ар. – ақылды, парасатты, өткір.

Ләззат, ар. – 1) тәттілік, шырындылық; 2) сүйкімділік, жағымды; 3) ұнамды, жаратымды.

Ләзиза, ар. лазиз – 1) тәтті, шырынды, дәмді; 2) ең жақсы, өте тамаша.

Ләйла, ар. әлләйлун – түн, кеш, көне еврей тілінде Лилия. Түрі – Лейла.

Ләтипа, ар. латиф – қайырымды, рақымды, жайдары, сүйкімді.

Лора, ж. ес. Ленин аты мен Октябрь революциясы сөздерінің бірінші әрпінен қысқартып алынған.

М

Мағрипа, ар. магрифет – білім, таным, өнер, сауаттылық яки солардың иесі.

Майна, ир. – индия қараторғайы.

Майнұр, май айында туған, көркем, сұлу қыз.

Майса, тәж. – 1) ерте көктем; 2) көк майса, шалғын.

Мақпал, ир. бахмал – барқыт.

Манат, көбіне қызыл түсті келетін, фланель тектес мата, барқыт.

Манзура, ар. – бағышталған, арналған.

Маргарита, гр. – інжу.

Маржан. – 1) теңіз астынан алынатын қызыл, яки акшыл түсті тастар; 2) інжу. Біріккен тұлғалы түрі – Маржанкүл.

Марзия, ар. мәрзия – 1) разы қылушы, яки жағымды, келіскен; 2) көпшілік ұнатқан, мақұлдаған.

Марина, лат. – теңіздік.

Мария, к. евр. – 1) өте жақсы, тамаша; 2) биік мәртебелі ханша. Дыбыстық өзгерген түрі – Мәрия, Мәриям.

Марфуға, ар. марфуа – биік мәртебелі, үлкен дәрежелі.

Мархаба, ар. мархабан – хош келдіңіз, қайырымдылық.

Мастура, ар. – 1) жамандықтың алдын алушы, жақсылық тілеуші; 2) адал, таза, құрметті әйел.

Матлуба, ар. – арманы орындалған.

Маусымжан, ар. маусым – 1) уақыт, шақ, жиындарын; 2) ескі күнтізбе бойынша төртінші ай аты;

Махбара, тәж. мах – ай + бара – сулу, махпора – сұлу, көркем.

Махбүбі, ир. тәж. мах + ар. бүбі < бибі, яғни айдай сұлу, сүйікті, сүйкімді.

Махинұр, ир. – айлы, жарық, айға ұқсас сұлу.

Мәдина, ар. Мәдинә Сауд Арабиясындағы қала.

Мәлике, ар. – 1) король әйел, патша әйел, ханша, ханым; 2) билеуші әйел, патшаның әйелі.

Мәнзила, ар. – 1) дәреже, атак; 2) әлеуметтік жай. Еркелетіп айту тұлғасы – Мәншүк.

Мәнсура, ар. мансур – жеңімпаз, жеңуші.

Мәрмара, ар. – асыл ақ тас.

Мәуе, ар. – жеміс.

Мейрамгүл, қуаныш гүлі. Еркелетіп айту тұлғасы – Мейраш.

Мейіз, ир. – жүзім, кептірген жүзім. Біріккен тұлғалы түрі – Мейізгүл.

Мейіржан, ир. мейр. – ынта, ықылас, ынталы, ықыласты, ақ пейіл.

Мереке, той, тамаша күні туған балаға берілген есім.

Меруерт, ир. грек. – асыл моншак.

Мира, ж. ес. – бейбіт, тыныштық өмір.

Мұхтарима, ар. – қадірлі, құрметті, сыйлы.

Мукаррама, ар. – құрметке бөленген, қадірлі, сыйлы.

Мүлипа, ар. – кітап шығарушы ақын.

Мунира, ар. – нұрлы, жарық, жарқын, айқын. Түрі– Мінира.

Мүштәри, ар. – 1) сатып алушы; 2) Юпитер жұлдызы.

И

Нагиза, ир. әдемі, сұлу, көркем.

Нағима, ар. нағимә – 1) мейірімді, жарқын, инабатты; 2) биязы, нәзік, жұмсақ.

Назгүл (қараңыз: Гүлназ).

Найра, ар. нәирә – нұрлы, көркем, айқын, жарқын.

Нарша, нардай мықты, қайратты, жігерлі.

Науат, ар. набит – 1) өсімдік, шөп; 2) мұз түстес мөлдір, жылтыр, тәтті қант.

Науша, ир. ноуче – 1) жаңа келген; 2) балаң, жас.

Нәбира, ар. нәбирә – немере ұл, немере қыз.

Нәдира, ар. надыр – сирек, тандаулы.

Нәзипа, ар. назифь – таза, мұнтаздай, пәк.

Нәйла, ар. нәйль – жетістік, тілекке, арманға, табысқа жету; 2) сый, сыйлық.

Нәрима, ар. найри – батыл, ержүрек, қызба жан.

Нәсима, ар. нәсимә – 1) самал; 2) лебіз, леп.

Нәфиса, ар. нафиса – 1) сұлу, көркем, әдемі; 2) нәзік, биязы.

Несіпжан, ар. насиб – 1) үлес, сыбаға; 2) бақыт, тағдыр.

Нұрай, көркі, нұры айдай, сұлу, көркем.

Нұрайша, ар. нұр + айша, нұры, көркі айша жарқыраған сұлу. Түрі – Нұрғайша.

Нұрбағила, көркі әрі сұлулығы мәңгілік, өмірлік, мәңгі сұлу.

Нұрбибі, ар. тәж. бибі – нұрлы, көрікті, ажарлы қыз бала.

Нұржамал, ар. – сұлулық, көркемдік сәулесі.

Нұржәмила, ар. – 1) аса сұлу, әдемі, көрікті; 2) өте сүйкімді, ажарлы.

Нұрзила, ар. – ашық жарқын жүзді.

Нұрзия, ар. нұр + зия – жарық, сәуле, шұғыла. Нұры, ажары жайнаған сұлу.

Нұрикамал, ар. – кемеліне келген, толысқан сұлу.

Нұрилла, ар. – жарық жүзді, ажарлы, көрікті.

Нұрипа, ар. – нұрлы, ажарлы, көркем.

Нұрия, ар. – жарқын, ашық, нұрлы, көркем, әдемі қыз.

Нұрлықұл, ар. – ажары, көркі, реңі гүлдей сұлу қыз.

Нұрсұлу, ар. нұр – қаз, сұлу. Қыз бала өте әдемі, нұрлы, көркем әрлі болсын деген тілекпен қойылған есім.

Нұрхан, ар. – ажарлы, әрлі, көрікті, сұлу ханым.

Нұрша, ар. – нұр тәрізді жайнаған ажарлы, нұрлы, көрікті.

Нұршайым, ар. – нұр тәрізді жайнаған, ажарлы, нұрлы, көрікті.

Нұршара, нұрлы, әрлі, сұлу Шара.

О

Озария, ир. озор – от + ия қосымша. Оттай жанған, өжет.

Оксана, укр. грек тіліндегі Ксения – қонақжай деген мағына беретін есімнің дыбыстық өзгеріске түскен түрі.

Октябрина, ж. ес. Ұлы Октябрь социалистік революциясы құрметіне қойылған есім.

Ольга, сканд. – қасиетті.

Опажан, ар. вафа + ир. жан, адал, таза, пәк жан, досына шын пейілімен берілген адам.

Оразгүл, к.т. орыз – ырыс, құт, бақыт. Есімнің екінші сыңары ир. тіліндегі гүл.

Орал, Орал өзені атынан қойылған есім.

Ө

Өміргүл, өмірдің қуанышы, жайнаған гүл.

Өмірше, ар. – өмір бақи, мәңгілік.

Өнеге, үлгі, тәрбие.

Өрбике, өр. Ауыспалы мағынасы паң, ерекше, ерен, бикс//бикеш – ханзада, ханша, яғни ерекше, асыл туған бикеш.

Өрзия, асқан сұлу, әдемі қыз.

П

Пана, ир. панаһ – 1) сая; 2) қорғаныш, сая, таса.

Парасат, ар. – ақыл, сана.

Парзан, ир. фарзана – 1) данышпан, ғұлама;
2) ақылды.

Перизат, ир. – пани = пері + зат әдемі, сұлу, асқан сұлу, көркем қыз.

Р

Рабия, ар. – тәрбиелеуші, тәрбие беруші.

Райгүл, ар. – райхан гүлі.

Райса, гр. биязы, жұмсақ, жөн білгіш. Қысқарған түрі – Рая.

Райхан, ар. – хош иісті гүл.

Расима, ар. – рәсім, әдетті берік ұстаушы.

Рауза, ар. – 1) бақша, гүл бақшасы, көгал; 2) көрікті.

Раушан, ир. рәушан – 1) жарық, нұрлы, сәулетті;
2) айқын, таза.

Рафиха, ар. рафих – 1) қайырымды, жомарт, мәрт;
2) серік, жолдас, дос; 3) көңілдес, яғни қайырымды, жомарт, дос қыз.

Рахила, ар. тәж. – пысық, елгезек қыз.

Рахима, ар. – мейірімді, қайырымды, рақымды.

Рахия, ар. – көңіл аударушы, сүйкімді, әсем.

Рашида, ар. рашид – бастаушы, бағыт беруші.

Рәбиға, ар. – 1) төртінші, төртінші қыз; 2) көктем, көктем кезі; 3) жолдас, серік. Еркелете айту түрі – Рәш ар. сіркіреп жауған жауын.

Рәзия, ар. – 1) жағымды, ұнамды, сүйкімді, сүйікті.

Рената, ж. ес. “революция, наука, труд” сөздерінің басқы буындары мен әріптерінен алынған есім. Қысқарған түрі – Рена.

Роза, ж. ес. Роза гүлі атынан қойылған.

Руслана, к.т. руслан есімінен қойылған қыз есімі.

Руфия ир. – алтын немесе күміс тиын.

Рухия, ир. – көңіл-күй, рух, моральдық жағдай.

С

Сағида, ар. – бақытты, табысты болу, рахат өмір сүруші, ауқатты.

Сағира, ар. – тіл алғыш, құрметті, кіші, кішкене.

Сағия, ар. – сагийе – қыз бала.

Садида, ар. – 1) нағыз, дұрыс, пайдалы; 2) лайықты.

Саида, ар. сейид < саид – 1) мырза, бастық, әкім; 2) құрметті.

Сайлаугүл, сайлау күні туған қыз бала.

Сайра, ар. сайера – жұлдыздар, яки жұлдызы жарқырап туған қыз.

Сақып, ар. сахиб – 1) серік, жолдас, дос; 2) таныс.

Сақыпжамал, ар. – сұлу, көркем, әдемі. Сұлулық серігі деген мағынада. Еркелетіп айту тұлғасы – Сақыш.

Салтанат, ар. – 1) сұлтандық, патшалық; 2) мақтаныш, абырой, тәкаппарлық, байлық; 3) әсемдік, асқан әдемілік, сән-салтанат.

Сандуғаш, к.т. сандувач – бұлбұл.

Сара, ир. – 1) ең тандаулы, ең асыл, аса жақсы; 2) ар. – ханым, әйел; 3) к. евр. Сарра – атақты, даңқты, ақсүйек.

Сария, ар. сари – атақты, асыл, мейірімді.

Сафура, ар. – шыдамды, төзімді, мықты.

Сәбиға, ар. сәбәхат – көркем, сұлу қыз.

Сәбила, ар. – жол, сапар.

Сәбира, ар. сабир – төзімді, шыдамды, бекем, сабырлы.

Сәжида, ар. – ибадат қылушы.

Сәлима, ар. салим – 1) сау, бүтін, толық, аман–есен; 2) нағыз, тыныш; 3) қарапайым, шынайы, әділ.

Сәния, ар., тәж. екінші бала (сан жағынан үйдегі екінші туған бала).

Сәнімай, қыз бала көркем, әдемі, әсем де сұлу болсын деп қойылған есім.

Сәпина, ар. – үлкен қойма, қазына.

Сәруар, ир. – басшы, бастық, жетекші.

Сәуле, таңғыжарық, шапақ.

Сәулет, ар. – келбет, ажар, айбын, мақтаныш.

Светлана, ор. жарық, сәуле. Қысқартып айтылған түрі – Света.

Софья, грекше данышпандық, даналық. Қысқарған түрі – Соня.

Сұлу, өте әдемі, аса көркем.

Сұлуке, сұлу-ақ, әдемі-ақ, көркем.

Сұлухан, аса көркем, өте әдемі ханым.

Сұлушаш, әдемі қолаң қара шаш. Түрі – Гүлшаш.

Сүйімхан, сүйкімді, жақсы, әдемі.

Сүйінбала, көңіл тойып, сүйсінерлік қыз бала.

Сымбат, көрік, кескін, келбет.

Сындыбала, көрікті, кескінді, келбетті қыз бала.

Т

Талшыбық, қыз бала талшыбықтай көркем, әдемі болсын деп қойылған есім.

Тамара, көне еврей тіліндегі құрма ағашы.

Тана, ақықтан жасалған үлкен жалтырауық түйме.

Тансық, 1) құмар, әуес; 2) сирек зат.

Таншолпан, танжұлдызы, жарық жұлдыз.

Тәбиба, ар. – емші, дәрігер.

Тәбила, ар. – ұзақ, ұзағынан берген (өмір).

Тәбия, ар. – қорған, қамал, бекініс.

Тәжігүл, ир. тәдж – тәж + гүл; тәждегі гүлдей әдемі сұлу.

Тәлипа, ар. таалип – 1) талапкерлік, талаптанушы, білім іздеуші; 2) сұраушы; 3) студент.

Тәмила, ар. – тау кептері, көгершін.

Тәнзила, ар. – әмір, бұйрық.

Тәнзия, ар. – тазалық, пәктік.

Тәрбие, ар. –1) тәртіп, 2) ауысп. үлгі-өнеге.

Тәттібала, сүйікті, сүйкімді қыз бала.

Теңдік, бостандық, еркіндік, тең құқықтық, теңдік.

Тоғжан, әлді, күйлі, көңілге тоқ, толымды болсын деген мағынада.

Тойбала, той күні туған қыз бала.

Толғанай, толған айдай аппақ сұлу болсын деген тілекпен қойылған есім.

Толқын, теңіз, көл бетіндегі шайқалыс, әдемі көрініспен байланысты берілген есім.

Торғын, үлбіреген жұқа жібектің бір түрі.

Тоты, тоты құс, сандуғаш. Бұл есім шешендік пен сұлулықтың, ұзақ өмірдің бейнесі ретінде беріледі.

Тұрған, берік тұрып қалған, тоқтаған.

Тұрсынай, ай сияқты мәңгі өмір сүрсін, өмір жасы ұзақ болсын деп қойылған есім.

У

Уәзипа, ар. – 1) пәк; 2) сұлу, көркем.

Уәсила, ар. вәсилә – 1) көмек, жәрдем, қолғабыс; 2) шыдамды, төзімді, күтуші.

Уәсима, ар. еәсимә – әдемі, сұлу, сүйкімді, жылы шырайлы.

Ұ

Ұлбала, қыздан кейінгілері ер бала болсын деп қойылған есім.

Ұлжан, ұл баласы аз немесе жоқ ата-ана қызына осылай ат беріп отырған. Синонимдері – Ұлбике, Ұл-бибі, Ұлғанай, Ұлтай, Ұлдай, Ұлдыш, т.б.

Ұлпа, қаз. жапырақтап майда жауған жұмсақ, аппақ ақ қар. Пәктіктің, ақтықтың, тазалықтың символы.

Ұлфат, ар. – достық, махаббат.

Ұрқия, ар. руқя – асқан сүйкімді, әдемі, шырайлы.

Ү

Үмігүлсім, ар. – 1) Гүлсімнің анасы, туысы; 2) монтиған, томпиған бүйрек бет.

Үміт, ир. – омид – сенім, тілек, қалау.

Үрия, ар. хория – хор қызы, сұлу, көркем.

Ф

Фазила, ар. – аса қадірлі, құрметті қыз (әйел); 2) сый, құрметке лайық, тамаша кісі. Дыбыстық өзгерген түрі – Бәзила.

Фарида, ар. – 1) інжу, маржан; 2) тендесі жоқ, сирек зат. Фариза, ар. – міндет, борыш.

Фатима, ар. – бойжетіп, өскен қыз. Мұхаммед «пайғамбардың қызы» Дыбыстық өзгерген түрі – Батима.

Фаузия, ар. – 1) жеңуші жеңімпаз; 2) салтанат.

Фируза, ир., тәж. – 1) бақытты, ырысты; 2) нұр шашушы.

Флора, лат. – гүлденуші, гүл атушы.

Х

Хабиба, ар. жандос, сүйікті, сүйкімді қыз, әйел. Түрі – Қабиба.

Хадиша, ар. – шала туған қыз. Түрі – Қадиша.

Хадия, ар. – сый, тарту. Түрі – Қадия.

Халида, ар. – мәңгі бақи өлмес, ұзақ жасаушы.

Халила, ар. – сүйікті дос, адал жолдас қыз.

Түрі– Қалила.

Халима, ар. – рақымды, жуас. Түрі – Қалима.

Халиса, ар. – таза, қоспасыз, адал.

Ханифа, ар. – адал, таза, ақ.**Хатима**, ар. – жомарт, қайырымды.

Хатипа, ар. – 1) уағыздаушы; 2) бата беруші, мақтаушы. Түрі – Қатипа.

Хафиза, ар. – қорғаушы, сақтаушы.

Ш

Шабал, ар. шавваль – арабша жыл санауындағы оныншы ай аты.

Шара, каз. – 1) көздің ұясы, ойдымы, көздің аумақ көлемі; 2) амал, әдіс, айла.

Шарапат, ар. шарафат. – 1) ізгілік, адамгершілік, жақсылық; 2) абырой, құрмет, даңқ, ізет.

Шарбану, ир. шахр – бану – ханым, қала бастығы, әкімі, комендант; 2) қаланың сұлу бикештері.

Шарфиға, ар. – шарапат, мейірім, жасаушы, рақымы мол қыз.

Шахзада, ир. ар. – шах баласы, қызы.

Шахия, ир. – 1) шахқа байланысты, шахқа тән; 2) ең жақсы, ең таңдаулы, аса зор.

Шәкира, ар. – 1) алғыс айтушы, құрметтеуші; 2) мейірбанды, асыл.

Шәмсия, ар. – күн. Түрі – Шәмшия.

Шәрбат, ар. – жеміс шырыны, суы.

Шәрипа, ар. шариф – мейірбан, игі, қасиетті, күдіретті.

Шекер, ир. шакар – 1) қанттың уақ, майда ұнтағы;

2) ауысп. тәтті құмшекер. Түрі – Секер. Біріккен тұлғалы есімдер – Шекерқан, Секерқан.

Шолпан, қаз. таңғы жарық жұлдыз.

Шұға, биязы, жұмсақ мата.

Шынар, қаз. – 1) биік, тау терегі, шынар ағашы; 2) жапырақты зәулім биік ағаш; 3) ауысп. қол жетпес биік, асқақ.

Шынаргүл, шынар ағаш гүлі сияқты әдемі, сұлу.

Шырайгүл, гүлдей көрікті, әдемі сұлу қыз.

Шырын, ир. – жеміс нәрі.

Шырынгүл, тәтті, нәрлі гүл, яғни гүлдей нәзік, әдемі, сұлу.

Ы

Ырысалды, ырыстың, бақыттың алды. Қазақ тұңғыш балаға ырыстың бастауы болсын деп осындай есім берген.

Ырысбала, бақытты, ырысты қыз бала. Синонимдері – Ырысжан, Ырысқан, Ырысқаным. Ырысты, бақытты, құтты .

І

Інжу, ар. – маржан.

Іңкәр, ар. – құмар көңіл, ынтық, аса жақсы көретін ынтызар.

Іңкәрбала, ар. + қаз. шын көңіл, ынта ниетпен күткен қыз бала.

Э

Эла, лат. Элла, Стелла – жұлдыз, болгарша Ела-Елена есімінен қысқарған.

Эльвира, исп. – қорғалып қалған.

Эмма, к. герм. – қымбат бағалы, ерке, тату.

Эра, ж. есім. дәуір.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ.....	3
КІРІСПЕ.....	7
КІРІСПЕ БОЙЫНША ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕ- БИЕТТЕР.....	16
МЫСАЛҒА АЛҒЫНҒАН ТІЛДЕРДІҢ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРІ.....	17
ЖИНАҚТАР, ЖУРНАЛДАР МЕН СӨЗДІКТЕРДІҢ ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҚЫСҚАРТЫП БЕРІЛГЕН ТІЗІМІ.....	19
ЖЕР-СУ АТТАРЫ БОЙЫНША СІЛТЕМЕ ЖА- САЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	20
АДАМ АТТАРЫ МЕН ФАМИЛИЯЛАРДЫҢ ТЕК- ТӨРКІНІ БОЙЫНША СІЛТЕМЕ ЖАСАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	26
ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ СЫРЫ.....	28
ЕСІМ-ТЕКТЕРІМІЗДІҢ ТӨРКІНІ.....	158
ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЕСІМДЕР ТӨРКІНІ.....	211
ЕСІМДЕР СЫРЫ.....	222
ӘЙЕЛ ЕСІМДЕРІ	325

Телғожа ЖАНҰЗАҚ

**Тарихи жер-су аттарының
түптөркіні**

Редакторы Қуаныш РАЗАҚ
Компьютерде беттеген Балжан КӘУЕШҚЫЗЫ

Теруге 12.12.2010 берілді. Басуға 15.12.2010 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсетті қағаз. Офсеттік басылыс.
Баспа табағы 22,5.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 5019.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 9965-822-61-1



9 789965 822612

